

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

ӘОЖ 82-1/29

Қолжазба құқығында

СҰЛТАНҒАЛИЕВА ОЛЬГА ҚАШЫМҚЫЗЫ

Тәуелсіздіктен кейінгі кезеңдегі қазақ поэзиясындағы ұлттық мінез

6D020500 – Филология

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесші
филология ғылымдарының докторы,
профессор
Б.А. Ердембеков

Шетелдік ғылыми кеңесші
доктор PhD,
профессор
Сойлемез О.
(Кастамону:
Кастамону университеті)

Қазақстан Республикасы
Ақтөбе, 2023

МАЗМҰНЫ

АНЫҚТАМАЛАР	3
КІРІСПЕ	5
1 ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ДАМУ БАҒЫТЫ	13
1.1 XX ғасырдың соңы мен – XXI ғасыр басындағы қазақ поэзиясының тақырыптық ерекшеліктері.....	13
1.2 Қазіргі қазақ поэзиясындағы ұлттық және жалпыадамдық құндылықтар.....	26
1.3 Қазақ поэзиясындағы этномәдени дүниетаным сипаты.....	36
1-бөлім бойынша қорытынды.....	47
2 ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ БОЛМЫС	48
2.1 Тәуелсіздік кезеңі жырларының идеялық-эстетикалық нысанасы...	48
2.2 Поэзиядағы ұлттық психологиялық мінез.....	58
2.3 Өлеңдегі образдар жүйесінің этномәдени аспектілері.....	69
2-бөлім бойынша қорытынды.....	84
3 ТӘУЕЛСІЗДІКТЕН KEЙІНГІ ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ МІНЕЗ ДАРАЛЫҒЫ	85
3.1 Тәуелсіздіктен кейінгі қазақ поэзиясындағы ұлттық-мәдени код.....	85
3.2 Дәуіраралық кезеңдердегі ұлттық мінез концептісі.....	98
3.3 Тәуелсіздіктен кейінгі кезеңдегі қазақ поэзиясындағы ұлттық мінез көріністері.....	112
3-бөлім бойынша қорытынды.....	121
ҚОРЫТЫНДЫ	123
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	128

АНЫҚТАМАЛАР

Диссертациялық жұмыста төмендегідей анықтамаларға сәйкес терминдер қолданылды:

Авторлық көзқарас – белгілі бір мәселеге автордың өзіндік көзқарасы, қалыптасқан оқиғаға жеке беретін бағасы.

Этникалық жад – ұлттық идентификацияның негізгі ұғымы, этномәдени құндылықтың бейсаналы түрде этнос санасында бейнеленуі.

Этникалық сана – ұлттық идентификациясы негізінде заман сипаты мен дәуір өзгерістердің этнос санасындағы көрінісі.

Ұлттық мінез – халықтың болмысында ұзақ жылдар бойы тарихи-мәдени факторлар негізінде қалыптасқан әрі түрлі оқиғаларға деген эмоциясы, сезімі. Сонымен бірге мыңдаған жылдар бойы қалыптасқан салт пен дәстүр, бір қалыпқа түскен материалдық идеялары; өнерде, фольклорда, салт пен дәстүр, әдепте көрінетін ұлт жетістіктері; этнос мүшелерінің мәдени тұтастығы; ұлттың қоғамдық-психологиялық қыры.

Ұлттық мінез концептісі – халық болмысындағы мәдени тұтастықтың, халықтың салт пен дәстүр негізінде қалыптасқан ұжымдық көзқарастарының интерпретациясы.

Мәдени стереотип – ұлттық тілдік ерекшеліктері мен ұлттық дүниетанымының негізінде анықталатын стереотип түрі.

Қоғамдық архетип – халықтың бейсаналы санасында қалыптасқан идея, сезім, әрекет үштігі. Идеологияның негізі ретінде сананың терең қатпарындағы қалыптасқан құндылықтар.

Пропаганда – баспасөздің дамуымен отаршылдық саясаттың нұсқауы мен идеялары.

Цензура – отаршылдық саясаттың баспасөз, өнер, әдебиет салаларына қысымы.

Көркемдік әлем – автор, тыңдарман, көркем мәтін үштігінің сөз, ұғым, мағына, ой, идея қабаттарынан құралған әдеби әлем.

Көркем сұхбаттастық – автор мен тыңдарман (оқырман) байланысы. Көркем мәтіннің қалыптасуынан бастап, шығарманың ішкі механизмдерінен, оқырманның туындыны қабылдауы, көркем мәдениеттің оқырман жүрегінен орын алуы.

Көркемдік сана – тарихи уақиғалардың негізінде анықталатын оқиғалар мазмұны әрі мифтік, нормативті, тарихи сана құрылымдарының жиынтығы.

Көркем концепт – автордың белгілі бір концепт жайындағы танымы мен ұстанымынан құралған ақпараттар.

Герменевтикалық әдіс – шығарма мәтінін жан-жақты талдап, негізгі мәнін интерпретациялау арқылы анықтау.

Нарративті әдіс – көркем туындыда баяндалған оқиғаның, кейіпкерлер әлемінің логикалық тізбектер арқылы танылып, оқырман санасында бейнеленуі.

Ассоциациялық әдіс – жеке тұлғаның тілдік санасындағы ақпараттарды ассоциативті қабат құру арқылы концепт мазмұнын анықтау.

Этномәдени дүниетаным – этностың бүтін болмысы, әлем жайындағы қалыптасқан көзқарастары; халық танымынан құралған ұғымдар мен атаулар жиынтығы.

Рухани элементтер – тұрмыс-тіршілік, дүние, ұлттық даму идеяларының бірлігінде анықталатын құндылықтар.

Менталитет – қоғамдық-психологиялық аспектілер негізінде қалыптасқан этнос жайындағы әлеуметтік және мәдени көзқарастар.

Ұлттық сезім – этнос жайындағы жағымды-жағымсыз субъективті қарым-қатынасы, психикалық тұрпаты.

Реминисценция – автордың саналы түрде, белгілі бір мақсатпен өзге автордың туындысын өз шығармасында қолдануы.

Интермәтін – қаламгер шығармасында мәтіннің өзге автор туындысының мәтінімен байланысы.

Симулякр – ақиқатқа жуық; шындықты қабылдаудағы фантастикалық елестер, автордың қиялы негізінде қалыптасқан ақпараттар жиынтығы.

Мәңгүрттену – адамның рухани кемістігі; тілінен, ұлттық болмысынан айырылған тұлғалардың мінез сипаты ретінде анықталады.

КІРІСПЕ

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Ұсынылып отырған зерттеу жұмысы тәуелсіздіктен кейінгі кезеңдегі қазақ поэзиясының идеялық-көркемдік ерекшелігі мен «ұлттық мінез» концептісін, қазақ әдебиетіндегі жырау-ақын позициясын талқылап, қазақ тарихында, мәдениетінде, әдебиетінде тәуелсіздік идеясының маңыздылығын көрсетеді. Отаршылдықтың құрсауынан жаңа босанып шыққан халықтың алдында тұрған ең өзекті мәселе – ұлттың өзін-өзі тануы. Өзіндік болмысы, психологиялық ерекшелігі бар кейіпкердің ұлттық болмысы ұлттық мінездің сипаттамасы ретінде анықталады.

Ұлттық мінездің заман сипатымен тығыз байланыста екенін, тарихи диалектикалық үдеріс негізінде бір ұлттық мінездің өзге ұлтта да кездесетінін анықтай отырып, ұлттық мінездің ерекшеліктеріне тоқталамыз:

1. Қаламгердің көркем ойлауы негізінде қалыптасқан көркем концепт пен «ұлттық мінез» концептісінің байланысы.

2. Ұлттық психикалық сипатпен, ұлттық сезіммен байланысты екені.

3. Ұлттық мінездің жағымды-жағымсыз сипаты.

4. Тұрақты ұлттық мінездің негізінде ұлттық типті қалыптастыратынын, көркем туындыда кейіпкердің ұлттық мінезі бейнелеу шеберлігі арқылы көрінеді.

Көркемдік ізденістің негізінде ұлттық мінездің тәуелсіздік идеясымен тығыз байланыста екенін көреміз. Әдебиетші ғалым С. Қирабаев тәуелсіздік идеясының сонау түркі дәуірінен басталатынын, қазақ жерінде еркіндік идеясының өзектілігін көрсетеді [1].

Қазақ жерінде орын алған тарихи оқиғаларға байланысты Қ. Жұбановтың пікірін негізге ала отырып [2], отаршылдық дәуірге баға беріліп, қазақ қоғамындағы жырау функциясының дәуірлерге сай өзгеруі қарастырылды. Ертедегі түркі қоғамындағы ұзан ұғымы ақын атауын қалай берсе, жырау да қазіргі ақын функциясын атқарған. Қазақ хандығы дәуірінде жырау функциясы үлкен маңызға ие болды. Уақыт өте келе, зар заман әдебиетінің өкілдері ақын атауын иемдене бастады. Бұрынғы кезеңде жыраулар ханның қателігін бетіне басып, халықтың әлеуметтік жағдайын билеушіге жеткізсе, зар заман ақындары халық арасындағы өзгерісті айтып, қазақ жерінің отаршылдық саясаттың құрбаны болғанын жеткізді. Ағартушылық әдебиетте оқу-ағарту идеялары көтеріліп, халықтың сауатты әрі мәдениетті болуына ерекше назар аударылды. Бұл идея Алаш әдебиетінде де күшейе түсті. Кеңес дәуірі әдебиетінде кеңес билігі мадақталып, цензураға сай шығармалар жарық көрді. Тәуелсіздіктен кейінгі кезеңдегі ақындар халықтың өткен оқиғаларын еркіндік идеясымен бағалап, жаңа сипаттағы туындыларын жаза бастады. Түркі көсемдерінен бастап Алаш зиялылары, кеңес дәуіріндегі ұлтын сүйген тұлғалар болмысы бейнеленіп, елеулі еңбектері бағаланды.

Осы бағытта А. Ісімақова қазақ әдебиеті дәуірлерін зерттей келе, Алаш әдебиетінің ұлттық идентификацияны анықтаудағы маңыздылығын көрсетеді [3]. Қазақ жерінде қалыптасқан тарихи жағдайлар көркем шығармаларда

көрініс тауып отырды. Әр заман әдебиетінде сол кезеңге сай идеялар көтеріліп, қажеттіліктер қарастырылды.

Ұлттық идентификациясының негізінде этникалық жад, этникалық сана ұғымдары анықталып, ұлттық мінез концептісін анықтау барысында ұлт түсінігі, тәуелсіздік идеясы, ұлт идентификациясы жеке дара қарастырылды. Осы негізден тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ поэзиясын қарастырудың, ақындар шығармаларындағы ұлттық мінезді зерттеп-зерделеудің маңыздылығы көрінеді.

Зерттеудің өзектілігі. Тіл мен әдебиет ғылымы халық даналығының айқын көрсеткіші болып табылатын тіл табиғатын, сөз байлығын зерттеумен қатар, сөздің ғасырдан ғасырға аманат болып жеткен сиқырлы, сырлы ішкі мәнін, көркемдік иірімдерін зерделейді. Атадан балаға мұра болып жеткен тілдің аса бай, құнарлы сөздік қоры арқылы ұлтымыздың әдет-ғұрпы, салт-санасы, елдік қасиеттері, халықтық мінез-құлқы сақталып қана қоймай, әрі жаңғырып, әрі жаңарып, толығып отырады. Әдеби үдерістің маңызды белгілеріне жемісті әсер етіп және көптеген жеке стильдердің бейнесін көріктеген стильдік тенденция уақыттың алдыңғы қатарлы қоғамдық қайшылықтарын, әлеуметтік қозғалыс үдерісіндегі характерлер мен типтерді талдауға ұмтылу ақындардың пафосына айналып, көрнекті ақындар сол кездегі қоғам дамуының күрделі жағдайларын дамытуға бағытталды. Сөйтіп көркем ойлаудың аналитикалық типіне ұмтылу нәтижесінде бірте-бірте әрқилы тақырыптағы және жанрлық формадағы шығармалар дүниеге келді.

Зерттеу тақырыбымыздың өзектілігі ХХ ғасырдың соңы мен ХХІ ғасыр басындағы қазақ поэзиясындағы ерекшеліктер ретінде Қазақ хандығы, патшалық Ресейдің отаршылдығы мен Кеңес Одағының саясатын көрген халқымыздың ұлттық ерекшелігін, идентификациясын, ұлттық мінезін, болмысын анықтап, поэзиядағы өзгерістерді анықтау болып отыр. Осы негізден қазақ әдебиетінің тарихына шолу жасап, халқымыздың мінезін, болмыс-бітімін анықтап қарастырамыз.

Қазақ жерінде орын алған түрлі оқиғалар көркем шығармада бейнеленбей қоймайды. Қазақ хандығы дәуірінде жыраулық дәстүр күшейсе, отаршылдық дәуірде зар заман ақындары қалыптасып, заман болмысының өзгергенін жеткізді. Осы негізден ақын өз қоғамынан алшақтамай, қоғам болмысын, халық мінезін суреттеуде шеберлік танытады. Этномәдени дүниетаным негізі даламен байланысты халық отырықшылық дәстүрге икемделіп, қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі үлкен өзгеріске ұшырады.

Ұлт мінезін ақындар шығармашылығы негізінде қарастыру арқылы тәуелсіздіктен кейінгі кезеңдегі халық болмысы, тарихи оқиғаларға баға беру, ұлт өзегін тану, діл мен дін біртұтастығы қарастырылды. Кеңес дәуірінде тыйым салынған шектеулерден босанып, халық өз тарихи тұлғаларын бағалап, тарихи оқиғаларға деген өз көзқарасын қалыптастырды.

Диссертациялық жұмыста тәуелсіздіктен кейінгі кезең әдебиетіндегі ұлттық мінездің идеялық-эстетикалық нысаны, этномәдени дүниетаным аспектілері, тарихи образдар жүйесі қарастырылуы – қазақ поэзиясының

тәуелсіздіктен кейінгі кезеңіндегі ұлттық мінезді зерттеудің өзектілігін көрсетеді.

Зерттеудің мақсаты. XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басындағы қазақ әдебиетінің өкілдері шығармаларының идеялық-көркемдік, танымдық аспектілерінде қарастыру арқылы «ұлттық мінез» концептісін талдау.

Зерттеу барысында аталған мақсатқа жету үшін төмендегідей **міндеттерді** шешу көзделді:

1. XX ғасырдың соңы мен XXI ғасыр басындағы оқиғаларды бағалап, қазақ тарихындағы ақындар шығармашылығына талдаулар жасау.

2. Тәуелсіздік идеяларының түп бастауын анықтап, бүгінгі күнмен байланысын қарастыру.

3. Ұлттық мінездің негізі – ұлттық идея, ұлттың негізгі мінездемесін анықтау.

4. Қазақ поэзиясындағы ұлттық, жалпыадамдық құндылықтарды анықтап, халыққа тән ұлттық мінез сипаттамаларын айқындау.

5. Этникалық жад, этникалық сана ұғымдары негізінде қазақ халқының дала ұғымымен байланысты этномәдени дүниетаным сипаты қарастырылып, поэзияда бейнеленуін талдау.

6. Тәуелсіздіктен кейінгі кезеңдегі қазақ поэзиясының идеялық-эстетикалық ерекшеліктерін қарастыру.

7. Этнопсихологиялық мінез ұғымын қарастырып, халықтың ұлттық мінезін саралай келе, поэзияда бейнеленуін сипаттау.

8. Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ поэзиясындағы этномәдени сипаттағы «батыр», «қазақ қызы», «ер жігіт» образдар жүйесін талдау.

9. Дәуіраралық кезеңдегі «ұлттық мінез» концептісінің идентификациясы мен трансформациясын көк түркілік таным мен мәңгүрттену идеясы негізінде салыстыру.

10. Тәуелсіздіктен кейінгі кезең ақындарының поэзиясындағы постмодерндік сарындарды айқындау.

Диссертацияның **зерттеу нысаны** – тәуелсіздіктен кейінгі кезеңіндегі (XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басындағы) қазақ поэзиясының идеялық-танымдық, этномәдени ерекшеліктері мен «ұлттық мінез» концептісі.

Зерттеу пәні. XX ғасырдың соңы мен XXI ғасыр басындағы қазақ поэзиясы өкілдерінің шығармалары мен «ұлттық мінез» концептісі.

Зерттеу жұмысының теориялық және әдістемелік негізі. Ғылыми зерттеу жұмыстың негізінде Х. Досмұхамедов, М. Шоқай, М. Әуезов, Қ. Жұбанов, С. Қирабаев, З. Ахметов, З. Қабдолов, Т. Кәкішев, Н. Келімбетов, М. Мырзахметұлы, Қ. Мәдібай, А. Ісімақова, Н. Кенжеғараев, Б. Омар, Ғ. Есім, Ә. Қодар, Г. Піралиева, Б. Ыбырайым, У. Қалижанов, С. Мәмет, А. Кәріпжан, Ж. Аймұханбет, М. Көпбаева, М. Балтымова сынды әдебиетші ғалымдардың пікірлері әдеби үдерісті бағамдап, тәуелсіздік идеясы мен ұлттық мінез сипаты қарастырылды. Қазақ халқының этномәдени болмысы, мінезі А. Айталы, О. Абишева, Г. Даирова, Л. Хасанаева, Б. Әмірова, Қ. Жарықбаев, А. Лиясова, Ф. Өскенбай, Р. Алибаева, Ә. Көкебаева, Ж. Молдабеков, Д. Кішібеков зерттеу

еңбектерінде анықталды. Ұлттық және жалпыадамдық құндылықтар, тәуелсіздік философиясы төмендегідей зерттеушілер еңбектерінде қарастырылды: Ә. Нысанбаев, К. Туленова, Ә. Бәкір, Б. Төлепберген, А. Қалиева, С. Ертай, Г. Билялова, Н. Балтабаева, Б. Панзабек, Б. Қожекеева, В. Крысько, В. Кочетков, К. Касьянова, Т. Мантаева, Х. Әбжанов, Д. Раев. Тәуелсіздік кезеңіндегі әдебиет жайлы зерттеулер мен ұлттық мінез ұғымы Т. Кәкішев, М. Базарбаев, Ш. Елеукенов, Т. Еңсегенұлы, А. Шәріп, Р. Тұрысбек, С. Ержанова, Ж. Аймұханбет, Б. Ердембеков, Д. Неталиева, Л. Қоныс зерттеулерінде құнды мағлұматтар береді; В. Зусман, Н. Сейбель, Ю. Тильман, Л. Миллер, З. Астратян зерттеулері негізінде ұлттық мінез концептісі қарастырылды.

Зерттеу дереккөздері. Диссертациялық жұмыста ХХ ғасырдың соңы мен ХХІ ғасырдың басындағы қазақ әдебиетінде шығармалары орын алған бірнеше ақынның шығармашылығы қарастырылды.

Ғылыми зерттеу жұмысты орындау барысында төмендегідей **әдістер** қолданылды: жалпы ғылыми әдістер – дедуктивті, бақылау, талдау; әдебиеттану әдістері: мәдени-тарихи әдісі, салыстырмалы-тарихи әдісі, тарихи-типологиялық әдісі, нарративті әдіс, герменевтикалық әдіс; көркем концептіні анықтау әдістері: салыстырмалы әдіс, ассоциативтік талдау әдісі.

Зерттеу жұмысының **ғылыми жаңалығы** тәуелсіздіктен кейінгі кезеңдегі қазақ поэзиясындағы «ұлттық мінез» концептісі алғаш рет талданды;

– 1991 жылдан осы уақытқа дейінгі қазақ поэзиясының тақырыптық, мазмұндық жаңашылдығы сараланып, поэзиядағы жаңа бағыттар мен ағымдарға талдау жасалды;

– тәуелсіздіктен кейінгі кезеңдегі қазақ поэзиясындағы ұлттық мінездің көрініс табуына әсер еткен саяси-идеологиялық, тарихи, қоғамдық-әлеуметтік алғышарттар айқындалды;

– қазіргі қазақ поэзиясындағы ұлттық-мәдени концептілер анықталды;

– қазақ поэзиясының көрнекті өкілдері Қ. Бекхожин, Х. Ерғалиев, Ж. Молдағалиев, Қ. Шаңғытбаев, С. Жиенбаев, Ж. Нәжімеденовтер мен К. Салықов, Қ. Мырза Әлі, М. Айтхожа, М. Шаханов, И. Сапарбай, А. Бақтыгереева, Т. Медетбек, Ж. Әбдіраш, Н. Айтұлы, С. Ақсұңқарұлы, Т. Әбдікәкімов, Е. Раушанов, Б. Райсова, С. Адай, Ә. Балқыбек, М. Райымбекұлы, Ж. Сәрсек, Н. Қуантайұлы, Б. Беделханұлы, Т. Толқынқызы, Н. Бердалы, Е. Жүніс және өңірімізден шыққан ақындар Е. Дүйсенбайұлы, С. Баймолдин, М. Ақдәулетұлы, Е. Ашықбаев, Б. Бабажанұлы, Ж. Елеусіз, С. Дәрібай, Г. Әбішқызы, Ж. Нұрғалидың тәуелсіздік кезеңінде жарық көрген туындыларындағы ұлттық мінез көріністері талданды;

– ХХ ғасырдың соңы мен ХХІ ғасыр басындағы қазақ ақындары шығармашылығындағы түркілік сарын мен мәңгүрттену идеясы салыстыра сипатталды.

Диссертациялық жұмыстың теориялық мәні: ЖОО-лардағы филология факультеті, «Қазақ филологиясы», «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім

бағдарламаларында оқылатын «Қазақ әдебиеті», «Қазақ әдебиетінің теориясы» пәндеріне, сонымен бірге аймақтану мәселесіне қатысты диссертация мазмұнында қарастырылған жекелеген авторлардың шығармашылығына байланысты теориялық материалдар ретінде қолдануға болады.

Диссертациялық жұмыстың практикалық мәні: әдебиеттану, ұлттық әдебиеттану, концепт, XX ғасыр әдебиеті, тәуелсіздіктен кейінгі кезеңдегі әдебиет бойынша курстар, әдеби талдау курстарын өткізуде пайдалану мүмкіндіктерімен айқындалады.

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар. Зерттеу нәтижесі бойынша мынадай тұжырымдар ұсынылды:

1. XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басында қазақ тарихында, мәдениетінде, руханиятында орын алған үлкен бетбұрыстар қазақ поэзиясына ықпалын тигізді. Қазақ әдебиетінде бұрын-соңды көтерілмеген, лайықты бағасы берілмеген тарихи оқиғалар мен тарихи тұлғалар болмысы қарастырылды. Қазақ әдебиетіндегі жырау, ақын байланыстары қоғам сипатымен бірлікте қарастырылып, көркем мәтіннің автор мен тыңдарманның коммуникациясы қалыптасатыны анықталып, автор-қоғам-тыңдарман үштігі айқындалды. Отаршылдық саясатта қалыптасқан баспасөз саясатының пропагандалық, цензуралық сипаттары қарастырылып, кеңес әдебиетінің басты кейіпкерлері кеңес идеологиясына негізделген, 1917-1991 жылдар аралығындағы тарихи оқиғалар ғана көркем әдебиеттің негізгі тақырыбы болды. Тәуелсіздік алған сәттен бастап, ұлт сипаты еркіндік, бостандық сипатынан, ұлттық қырынан қарастырылды.

2. Қазақ халқының ұлттық идентификациялық мінезі ретінде қонақжайлылық, тектілік, ынтымақ, адалдық, ғылымға құмарлық, еркіндік деп анықталады. Уақыт өте келе мансапқорлық, жағымпаздық сынды қасиеттер тарихи оқиғалар негізінде қалыптасқан. Еркіндік категориясы үш негізден құралады: ой еркіндігі, пікір еркіндігі және жеке бас бостандығы. Бұл халқымыздың еркіндік философиясының негізінде қалыптасқан үштік категориясы. Тәуелсіздіктен кейінгі кезеңдегі қазақ әдебиетінде орын алған өзгерістер публицистикалық сипаттың жалғасуымен, жыраулық дәстүрдің жаңғыруы, түркілік дүниетаным, ұлттық таныммен байланыста жүзеге асты. Тәуелсіздікпен тығыз байланысты ұлттық бірегейлік факторлары негізінде ұлт болмысы айқындалып, этностың маңызды сипаттамасы ұлт рухы екені анықталды.

3. Дала ориентациясымен тығыз байланысты дала дүниетанымы әлем бейнесінің символдық құрылымы тіл, өнер, діл сынды аспектілер негізінде анықталды. Этникалық жад пен этникалық сана негізінде мәдениет, дәстүр, дүниетаным маңыздылығы айқындалды. Қазақ халқының этномәдени дүниетанымында «дала», «жол», «шаңырақ», «Жер-ана», «Құт» архетиптерінің өзектілігі сараланып, Сарыарқаның аутентикалық дефинициясы қарастырылды. Әлемнің ұлттық бейнесінің негізі мінез-құлық стереотипі, салт-дәстүр, тәрбие, діни көзқарас арқылы нақтыланып, ұлттық сана, ұлттық сезіммен байланысы

анықталды. Қазақ поэзиясындағы этномәдени дүниетаным сипаты тарихи, қоғамдық, тұлғалық факторлар арқылы беріледі.

4. Ұлттық сананың, тарихи сананың оянуы тәуелсіздік кезеңімен тығыз байланысты. Тәуелсіздіктен кейінгі кезеңдегі ең елеулі мәселелер кеңестік жүйеге қарсылық, ұлттық тарихқа деген жағымды көзқарас, алыс-жақын елдердегі қандастардың оралуы, арғы-бергі тарихымызға қатысты деректердің табылуы, әдеби-мәдени мұралардың жариялануы, руханият әлеміне өріс ашылуы болды. Қ. Мырза Әлі шығармашылығындағы ұлттық мінездің жағымды-жағымсыз сипаттары анықталып, герменевтикалық код негізінде қазақ халқының болмысы қарастырылды. Сонымен бірге, Ж. Нәжімеденов, Х. Ерғалиев, Ф. Оңғарсынова поэзиясымен салыстыра отырып, ұлттық мінез халықтың салт-дәстүрі мен тұрмыс-тіршілігі негізінде анықталды.

5. Ұлт психологиясының бес түрлі компоненттері арқылы ұлттық сипаттың, мінездің анықталуына, стереотиптердің қалыптасуына әсерін тигізетінін көреміз. Ұлттық дүниетаныммен байланысты мәдени стереотиптер адам санасының интерпретациялаушы қызметін атқаратыны, халықтың рухани келбетінің көрінісі екені анықталды. Ұлттық мінез жалпы бір халыққа тән сезім, күй деп те қарастырылды. Поэзиядағы этнопсихологиялық мінез көрнекті ақындарымыз Ө. Нұрғали, И. Сапарбай, Н. Айтұлы шығармашылықтары арқылы қарастырылып, кең даланы мекен еткен халықтың рухтылығы, мықтылығы, қонақжайлылығы, дархандығы сынды мінездері анықталды.

6. Тәуелсіздіктен кейінгі кезеңдегі тарихи оқиғалар, тұлғалар бейнесі цензурадан алыстап, егжей-тегжейлі тарихи уақиғалар айтыла бастады. Мәселен, диссертациялық жұмыста 18 ақынның шығармаларындағы «Махамбет» образы талданып, қазақ әдебиетіндегі Махамбеттің рөлі анықталды. Сонымен бірге, ақындардың Махамбет образын берудегі постмодерндік ізденістері: реминисценция, интермәтіндік тәсілдері қарастырылды. М. Ақдәулетұлы, Н. Айтұлы, К. Салықов, Н. Ораз, С. Адай шығармаларында тарихи тұлғалар болмысы, бұрын-соңды тарихқа белгісіз болып келген тұлғалардың ел үшін атқарған қызметтері көркем шығарманың көркемдігімен біртұтас қарастырылды. «Қазақ қызы» образдар жүйесі М. Айтхожа, К. Ахметова, Б. Раисова, Г. Салықбай, М. Ершу шығармалары негізінде анықталды. «Ер жігіт» образдар жүйесі Ж. Әбдіраш, Е. Жақыпбек шығармашылығы негізінде талданып, ер жігіттің болмысы, мінездері топтастырылды.

7. Тәуелсіздіктен кейінгі кезеңдегі жаңа қалыптасқан буын шығармаларында ұлттық-мәдени кодты жеткізіп, қазақ әдебиетін жаңа арнаға көтерді. Дәуіраралық кезеңде «ұлттық мінез» концептісі түркілік таным идеясын көтерген Т. Медетбек, Ә. Балқыбек, М. Райымбекұлы, Б. Беделхан шығармашылығы мен М. Шахановтың «мәңгірттену» идеясымен қарама-қарсы талданып, дәуір болмысы қатар қарастырылды. Ғылыми зерттеу жұмысында өңірлік ақындар Г. Әбішқызы, Ж. Нұрғали, С. Дәрібай шығармашылығы қарастырылып, ақын өлеңдеріндегі ұлттық сипат пен ұлттық мінез тақырыбы

талданды. Сонымен бірге С. Ақсұңқарұлы мен Т. Әбдікәкімовтің поэзиясындағы ұлттық мінез жайлы тұрақты таным үлгілерінен бөлек, авторлық көзқарас анықталады.

Зерттеу апробациясы. Диссертация жұмысының нәтижелері отандық және шетелдік ғылыми-зерттеу мекемелерінде, жоғары оқу орындарында талқыланды:

1. «Ғылым мен технологияның, қоғам мен білімнің өзекті мәселелері: жағдайы мен даму болашағы» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция (2019).

2. Ресей ғылым академиясы, Уфа федеральдық зерттеу орталығы, Тарих, тіл және әдебиет институты (2020).

3. Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, филология факультетінің қазақ филологиясы кафедрасы (докторанттарға арналған) «Ғылыми-танымдық жұма» (2018-2021).

4. IV Түркі әлемінің халықаралық ғылыми конференциясы (2022).

5. «Жастар, ғылым және инновация» халықаралық ғылыми конференция (2023).

Зерттеудің жариялануы мен мақұлданыуы. Диссертациялық зерттеу жұмысы Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің Қазақ әдебиеті кафедрасында орындалды. Зерттеу жұмысының негізгі нәтижелері мен қорытындылары Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдарда (5), Қазақстанда (2) және шетелде (2) өткен халықаралық ғылыми конференция жинақтарында, ғылыми басылымда (1) жарияланды.

ҚР ҒжЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің нәтижелерін жариялау үшін ұсынылатын басылымдарда жарияланған еңбектер:

1. Поэзияда этнопсихологиялық характердің бейнелену сипаты (Ертай Ашықбаев шығармалары негізінде) // Қазақстанның ғылымы мен өмірі. – 2019. – №8(2). – Б. 179-183.

2. Мейірхан Ақдәулетұлы поэзиясындағы идеялық-көркемдік ізденістер // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. Филология сериясы. – 2020. – №2(131). – Б. 30-36.

3. Бауыржан Бабажанұлы поэзиясындағы этномәдени дүниетаным сипаты // М. Өтемісұлы атындағы Батыс Қазақстан университетінің хабаршысы. – 2020. – №1. – Б. 35-42.

4. Қазіргі қазақ поэзиясындағы ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар // Керуен. – 2023. – №1(78). – Б. 134-141.

5. Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ поэзиясының ұлттық-этнографиялық ерекшеліктері // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. Филология сериясы. – 2023. – №1(142). – Б. 154-162.

Халықаралық конференциялардың жинақтарында жарияланған еңбектер:

1. Қазіргі қазақ поэзиясындағы ұлттық болмыс // «Ғылым мен технологияның, қоғам мен білімнің өзекті мәселелері: жағдайы мен даму болашағы» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция мақалаларының жинағы (Ақтөбе, 2019. – Б. 119-124).

2. Этнокультурные тенденции в казахской поэзии периода независимости // Современные проблемы преподавания башкирского языка в Республике Башкортостан и других регионах Российской Федерации (Уфа, 2020. – С. 423-428).

3. Тәуелсіздік кезеңі поэзиясындағы ұлттық-мәдени концептілер // IV Түркі әлемінің халықаралық ғылыми конференция жинағы (Анталия, 2022. – Б. 108-116).

4. Тәуелсіздіктен кейінгі кезеңдегі қазақ поэзиясындағы ұлттық мінез көрінісі // Жастар, ғылым және инновация: халықаралық ғылыми конференция жинағы (Ақтөбе, 2023. – Б. 122-124).

Қ. Жұбанов атындағы АӨУ Хабаршысында жарияланған еңбектер:

1. Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ поэзиясының тақырыптық арналары // Ақтөбе университетінің хабаршысы. – 2020. – №1(59). – Б. 4-10.

Зерттеудің құрылымы мен көлемі. Диссертациялық жұмыс кіріспеден, үш бөлімнен, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен, анықтамалардан тұрады. Диссертациялық жұмыстың жалпы көлемі 135 бетті құрайды.

1 ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ДАМУ БАҒЫТЫ

1.1 XX ғасырдың соңы мен – XXI ғасыр басындағы қазақ поэзиясының тақырыптық ерекшеліктері

XX ғасырдың басынан қазақ халқының тарихында, әдебиетінде, руханиятында, мәдениетінде үлкен өзгерістер орын алды. XVIII ғасырдан басталған Ресей империясының отаршылдық саясатына қарсы қозғалыстар басталды. Қазақтың жеке авторитарлы ел болу мүддесі жолында күрескен Алаш зиялылары ел мен жер мәселесін, халық ішіндегі әлеуметтік мәселелерді көтерді. Уақыт өте келе кеңестік биліктің күш алуымен, қазақ жерінде қозғала бастаған тәуелсіздік, еркіндік идеялары ыдырай бастады. Дегенмен, халықтың тәуелсіздікке деген ұмтылысы XX ғасырдың соңында ата-бабалар аңсаған мұратына жеткізді.

Зерттеуші С. Қирабаевтың пікірінше, қазақ әдебиетінде бұрынғы өткен заманнан желісін үзбей келе жатқан ұлттық идея – тәуелсіздік, өзгеге бодан болмау, еркіндікті сақтау екенін айтады [1, б. 276]. Арғы тереңінде түркі мұраларынан бастау алатын тәуелсіздік идеясы хандық дәуірде жалғасын тауып, көшпелі халықтың негізгі өмір сүру философиясы болғанын көреміз. Ресей патшалығының отаршылдығы тұсында империализм саясатына қарсы наразылық ақындардың шығармаларының негізгі арқауына айналып, «зар заман» әдебиеті қалыптасты. Уақыт өте келе, халықтың басына түскен қиындықтар Абай, Ыбырай, Шоқан сынды зиялы қауымды қалыптастырды. Осы орайда Қ. Жұбановтың «Төңкеріс және қазақтың ұлт тілі» зерттеу мақаласында отаршылдық жайын тереңінен қорытындылай келе, империализм дәуірінде ешбір елдің саясаттан аулақ қалмайтынын, қандай да бір империя жаулап алудың, индустриализациялаудың жолын табатынын айтады [2, б. 324]. Мақалаға өзек болған үнді жұртының ағылшын империясымен отарлануы негізінде үнді халқының бір тілім жерге байланып, әлемде болып жатқан жаңалықтардан оқшауланып, одан қала берді мемлекеттегі өзгерістерге мән бермеуі үнді халқының аса бір тән сипаты болғанына қарамастан, ағылшын империализмінің ойрандауды көздеген құбылысы осы екенін зерттеуші дәлелді жеткізеді [2, б. 326]. Осы негізден қазақ жерінде орныққан Ресей империализмінің үш ғасырдан бергі зерттеулері аясында қазақ халқының болмыс-бітімін анықтап, ірілікті ұсақтатуға кіріскенін тарихи жағдайлардан анық көреміз. Одан қала берді кеңес дәуірінде де бұл саясат жалғасын тапқаны тарихи уақиғалардан анық көрінеді. Халқымыздың басын біріктірген жайттардың қатарына зерттеуші Қ. Жұбанов мынадай факторларды қарастырады:

1. Халықтың ел мен жерді қорғауы, әлеумет пен жеке адамның пайдасының ұштасуы, сол негізден әр адамның азаматтық санасы, көзқарасының қалыптасуы және саяси белсенділігінің жоғары екенін көрсетеді.

2. Халықтың емін-еркін әрі өзара байланысуына мал шаруашылығының әсері мол екенін атап өтеді.

3. Бір қонысқа таласудың нәтижесінде халықтың бір-бірімен жақындасып, үздіксіз араласып, қарым-қатынастарын үзбеуі.

4. Бірде тату, бірде араз болған жеке-жеке рудың қарым-қатынасы [2, б. 328], - сынды факторлар арқылы қазақ халқының біртұтас қалпының, мәдениетінің өркендегенін көреміз.

Сонымен бірге жоғары таптың халықты бірлікте ұстап, тұрақты армиясының болмағына қарамастан соғыс пен бітімге шақырып, мәселенің түп-төркінін шешуге көмектескен мықты құрал – тіл екенін зерттеуші Қ. Жұбанов атап өтеді [2, б. 328]. Халық арасынан шыққан ақын, тілі тас жаратын шешен, ескі дала заңына шебер ақсақал елді бірлікке шақырып, даулы мәселені шешіп, ұйымшылдықта ұстап отырды. Дегенмен қоғамдық өзгерістердің негізінде әрі Қ. Жұбановтың көрсетуінше, жерді, шекараны қорғау, қалың көпшілікті бірлікте ұстау үкіметтің міндетіне ауысқандықтан халықтың басым бөлігі тек қана жеке басын күйттеп, шаруашылығымен ғана айналысқанын айтады. Солай, халық патшалық Ресейдің отарлығына өткеннен бастап, өз қарақан басы мен өз малының шаруасын ойлаудан ары аспады. Сондай-ақ, үстем таптың басты ермегі – болыстық, ауылнайлық қызмет екенін Қ. Жұбанов та атап өтеді [2, б. 329]. Қ. Жұбановтың пікірі арқылы XIX-XX ғасырлардағы қазақ халқының болмысы арқылы ұлттық мінезі көрінеді.

Қазақ әдебиетінің кезеңдерін зерделеу негізінде С. Қирабаевтың «Тәуелсіздік идеясы және «ұлтшылдық» әдебиет» зерттеуінде тәуелсіздік идеясының тереңде екенін айтады. Зерттеуші ғалымның анықтауынша, тәуелсіздік идеясы «Күлтегін» жырынан бастау алады. Халық жанын қиған батырдың үлгісі негізінде елдің тұтастығын, бірлігін сақтаудың маңыздылығын көрсетеді. Осы негізден қазақ әдебиетінің тарихы мынадай кезеңдерден тұратынын көреміз:

Қазақ әдебиетінің тарихи кезеңдері:

- түрік әдебиеті;
- хандық дәуір;
- зар заман дәуірі;
- ағартушылық дәуір;
- кеңес әдебиеті дәуірі [1, б. 276].

Аталған бес тарихи кезеңді анықтауда өзге де зерттеушілердің пікірлерін қарастыруды жөн көрдік. Мәселен, А. Ісімақованың «Алаш әдебиеттануы» еңбегінің айрықшалануы – Алаш интеллегенциясына жаңа баға берудегі үлкен ізденістің бірі. Осы орайда, А. Ісімақова қазақ әдебиетінің кезеңдерін жүйелеуде А. Байтұрсынұлының еңбегі зор екенін атап өтеді [3, б. 12]. З. Қабдолов А. Байтұрсынұлының еңбегін, қазақ әдебиетінің дамуына қосқан үлесін Аристотельдің «Поэтика» еңбегінің маңыздылығымен салыстыра қарастырады [4, 5]. Солай, алғашқы зерттеу еңбектердің әдебиеттануда, әдеби кезеңдерді жүйелеуде өзектілігін танытады. Сондай-ақ қазақ әдебиетінде отаршылдық дәуір әдебиеті, зар заман кезеңі әдебиеті, кеңес дәуірі кезіндегі әдебиет деп қалыптасты.

3. Қабдолов пікірінше, әр дәуірдің өзінің шындығы бар және ол бір-бірін қайталамайды. Ғ. Мүсіреповтің трагедиясы Шекспирдің немесе Бальзактың трагедиясынан терең екенін айтады [5, б. 62]. Ғалымның сөзінің жаны бар. Әр кезеңнің басты мәселесін тап басып айқындаған шығармалар уақыт өте өзектілігін көрсетті. Осы негізден әдеби кезеңдерді қарастыру арқылы әр дәуірге тән қиындықтар мен мәселелер тіл өнері арқылы көркем бейнеленіп отырды.

«Қай халықтың әдебиетінде болса да, бөгде мәдениет пен діннің әсері әдебиеттің дәуірлік сипатын айқындайтын белгілердің бірі» [6], – деген пікірі арқылы зерттеуші И. Нұрмұхаметұлы қазақ жеріндегі орын алған өзгерістер мен халықтың болмыс-бітімінің қалыптасуына да әсер ететінін жеткізеді. Сонымен бірге Х. Досмұхамедұлы қазақ ауыз әдебиетінің халық тұрмысында кеңінен қолданылатынын әрі оған терең ықпал ететінін атап өтеді [7].

Мифологиялық синкретизм аясында қалыптасқан қазақ эпосының дамуы түрлі трансформациялардан тұрады. Мифтік күштермен күресетін батырлар болмысы күрделеніп, патриархалдық, феодалдық қоғамға қарсы шыққан эпос деңгейіне өсті. Қазақ эпосы қаһармандық жанрымен ерекшеленеді. Қаһармандық эпоста Отанды, туған жерді өзге жаудан қорғау мәселелері көтеріледі. Скифтер мен ғұндар өмір салтында жауынгерлік рух жоғары дәріптелген. Осы негізден скифтер мен ғұндардың қоғамының басты қозғаушы күші – жауынгерлер. Ежелгі дәуірден басталған мифтік таным дала философиясымен тығыз байланысты. Көшпеліліктің негізгі түсінігі мынадай: жол таңдау арқылы тұрақтылықты сақтау [8]. Көшпенділік философиясын С. Ақатай, Қ. Нұрланова, Н. Масанов, М. Мұқанов, Д. Кішібеков, Ә. Қодар сынды зерттеушілер қарастырды. Түрік дүниетанымын мифтік саралау арқылы «өзім», «бөтен» универсумына тоқталамыз. Ежелгі түркі әлемінің кеңістік, уақыт атрибуциясы әлемнің ортасында түркілердің жері барын, оның шет жағында дұшпандары бары айтылады. Түркі дүниетанымында «өзім» универсумы арқылы өз жерін, Отанын қорғау үлкен маңыздылыққа ие. Осы негізден жауынгерлік рух, батырлық мінез алдыға шықты. Ұлы даланы мекендеген тайпалар, хандықтар дүниетанымы көшпенділік тұрмыспен тікелей байланысты. Еуразия субконтинентінде жауынгерлік даңқтың иесі атанған түркілер – халқымыздың рухани болмысының бастауы.

Қазақ әдебиетінде ежелгі дәуірді терең зерттеген Н. Келімбетовтің зерттеулерінде түркі әдебиеті тәңірлік дәуір әдебиеті, ислам дәуірі әдебиеті, Алтын Орда дәуірі әдебиеті негізінде зерттелді [9]. Аталған дәуірге тән басты белгі – ерлікті, батылдықты жырлау. Ел мен халық үшін күрескен тұлғаларды дәріптеу, олардың батырлық сипатын суреттей келе, болашақ ұрпаққа үлгі көрсетуді көздеді.

Ежелгі дәуір әдебиетінен кейін орта ғасырдағы негізгі идея – «қайырымды мемлекет» болу. Халықты, мемлекетті біртұтастықта ұстап, дұрыс саясат жүргізу, сыртқы жауға қарсылық сынды тақырыптар көтерілді. Орта ғасырда дүниеге келген «Құтты білік», «Даналық кітабы» сынды шығармалар мемлекет болу, дұрыс билеуші болуды, өмірдің, әлемнің сырын түсінуге


шақырды. Абайтанушы М. Мырзахметов Абайдың «толық адам» ілімінен бұрын қазақ жерінде төрт түрлі таным болғанын айтады. Төрт түрлі таным ежелгі түрік танымының, Ж. Баласағұнның, Қ.А. Яссауидің, Әл-Фарабидің зерттеулері арқылы көрінетінін атап өтеді [10]. Осы негізден, қазақ жеріндегі терең философиялық ойлардың қалыптасуы да сол заманның қажеттілігі деп ұғынамыз. Мәселен, Ж. Баласағұнның «Құтты білік» шығармасы өзі өмір сүрген кезеңдегі қарахандар арасындағы, сырт жаудың әрекетіне тоқтауыл салу мақсатында жазылған. Солай, әрбір тарихи шығарма тарихи қажеттіліктің негізінде жазылғанына көз жеткізе түсеміз.

Қазақ хандығы Қозыбасыға өз туын тігіп, ел болғанында қазақ әдебиетінде хандық дәуір әдебиеті қалыптасты. Бұл ретте жыраулар алдыңғы сапыға шығып, халық пен билікті байланыстырушы көпірге айналды. Ал сол кезеңдерде ұлы географиялық ашылулар жүргізіліп жатты. Теңізге тікелей шыға алмайтын хандығымыз кейінгі жылдары алпауыт империялардың қысымы болатынын аңғармады. Дегенмен, Асан қайғының суда жатқан шортанның қарағайдың басын шалар деген бір ауыз сөзін кейбір зерттеушілер патшалық Ресейдің отаршылдығын алдын-ала болжаған деген пікірлері кездеседі. Осы орайда, Х. Досмұхамедұлының болжал әдебиет деген терминін қарастырамыз. Бұл – ақын-жыраулардың болашаққа көз тастап, алдағы уақытты болжауынан қалыптасқан атау. Келешекте халықтың болмыс-бітімінің, мінезінің өзгеретінін, жаман әдеттер көбейетінін, бұл әдеттерден арылмаса болашақта құлдық қауіпі барын болжағанын аңғарамыз. Хандық дәуірі әдебиеті негізінде жыраулар поэзиясы қалыптасып, ел ішіндегі түрлі жайттарға назар аударып, болашаққа көз тастады. Осылайша, халық арасында жыраулардың беделі артты. Жырау елге үгіт-насихат жүргізуші емес. Жыраудың негізгі функциялары:

- елге басалқа айтушы;
- биік, батагөйі;
- елдің кеменгері, заманының сыншысы;
- заманның қиын кезінде жол табатын кеменгер көсем;
- көптің мұңын, назын тыңдап, әлеуметшілдік сарында жеткізуші.

Жыраудың басты функциялары негізінде жыраулық поэзия жоғары деңгейде дамыды. Зерттеуші Қ. Мәдібай қаһармандық эпосты тудырып, батырлардың бейнесін сомдап қана қоймай, ұлт-азаттық, жауынгерлік рухты, бостандық арманы шығармаларының басты сарыны екенін айтады [11]. Осы негізден, жыраулар поэзиясы дәстүрлі сарынның күйін, заманының қалпын, бар мақсат-мұратын, тұрмыс-тіршілігін тұтасымен суреттеген қазақ әдебиетінің әдеби арнасы екенін көреміз.

Хандық дәуір әдебиетін жаңа арнада зерттеген Н. Кенжеғараев автор мен тыңдаушы категориясын бірге қарастырады. Осы негізден көркемдік әлемнің қалыптасуына әсер ететін үш негізгі факторды 1-суреттен көреміз.



Сурет 1 – Көркемдік әлемнің негізгі субъектілері

Автор категориясы сияқты тыңдаушы категориясы эстетикалық, философиялық, қоғамдық-саяси мәнге ие. Философиялық негізде тыңдаушы категориясы автордың ақиқатқа, шындыққа деген көзқарасын, танымын, туындысын тыңдап, көріп, қабылдап, дүниенің диалектикалық заңдылықтары турасында ойланушы ретінде көрінеді. Эстетикалық негізде тыңдаушы автордың пікірін саралай отырып, ақынның ішкі «менін» түсінуші, ел мәселесінен бастап, жалпыадамзаттық, адамгершілік мәселелерін сезінуші ретінде анықталады. Қоғамдық-саяси аспектіде тыңдаушы қарастырылған дәуірде орын алған экономикалық, саяси, діни, тарихи, әлеуметтік құндылықтарын жасаушы әрі туындаған мәселенің шешуші, күресуші, әлеуметтік және физиологиялық жіктен құралғанын көреміз [12]. Көркем мәтіннің мынадай қабаттардан тұратынын айтады:

– сөз;

– ұғым;

– мағына;

– ой;

– идея [12, б. 10], – деп ажыратылады. Автор мен тыңдаушы арасындағы коммуникация аталған процестердің жүзеге асуымен қалыптасады.

Автор қалыптастырған дыбыс тыңдаушымен қабылданып, санасында сол дыбысқа сәйкес дыбыстарды еске түсіріп, еске түсіруі негізінде санада сол жөнінде ой тудырады, егер де сөйлеушінің дыбысы санадағы естелікті еске түсірмегенде ұғыну мүмкін болмайтынын зерттеуші Н. Кенжеғараев атап өтеді [12, б. 10]. Аталған сөйлеуші мен тыңдаушы коммуникациясы табиғи түрде жүзеге асатын болса, автор мен тыңдаушы байланысы көркем шығарма арқылы жүзеге асады. Осы орайда, зерттеуші Н. Кенжеғараев автор мен тыңдаушы категориясының байланысын С. Азбелевтің кестесін негізге алатынын атап өтеді.

Фольклорда шығарманың тууы және оның қабылдануы.

$$\begin{array}{c} N \\ \updownarrow \\ A) \rightarrow B \rightarrow C \rightarrow M) \end{array} \quad (1)$$

мұнда А – Сыртқы факторлар. Шығарманың тууына, қалыптасуына қоршаған ортаның әсері, өмірлік тағылымдар, әдеби дәстүрлерді білу;

Н – Сыртқы дүниеден әсерленуші, творчестволық процестегі субъектінің санасы;

В – Санада орын алған творчестволық акт;

С – Әдеби процестің жүзеге асуы, шығарма мәтінінің айтылуы, орындалуы;

М – Айтылған мәтінді қабылдаушылардың санасы.

Келесі кезекте, Н. Кенжеғараев С. Азбелевтің әдебиетте шығарманың тууы мен қалыптасуы жөніндегі кестесін негізге алады:

Әдебиетте шығарманың тууы мен оның қабылдануы:

$$\begin{array}{c} N \\ \updownarrow \\ A) \rightarrow B \rightarrow C \leftrightarrow M) \end{array} \quad (2)$$

мұнда N – Автор санасы;

С – Жазба мәтін;

М – Оқушы санасы [12, б. 11].


Берілген екі формулада басты айырмашылық С компоненті негізінде көрінеді. Яғни $C \rightarrow M$ байланысы ауызша мәтін негізінде шығарма айтылған сәтте өмір сүреді, бұл жердегі байланыс авторы ауызша әдебиеттің жасалуының моделі ретінде көрінеді [12, б. 11]. Осы негізден әдеби шығарманың тууы мен қалыптасуы адамның мынадай психофизиологиялық қасиеттерімен тікелей байланысты екенін көреміз: *сөйлеу, ойлау, түсіну*. Зерттеуші Н. Кенжеғараев көркем шығарманы қабылдауда тыңдаушының сезім мүшелері қандай қызмет атқаратынын М. Гаспаровтың зерттеулерін негізге ала отырып қарастырады. Көркем шығарманы түсіну процесі былай жүреді:

– идеялық-бейнелік: идея мен эмоциядан құралады;

– стилистикалық: лексика мен синтаксис;

– фоникалық, дыбыстық: өлеңнің метрикасы, рифма, аллитерация, ассонанс [12, б. 11].

Аталған шығарманы түсіну деңгейі шығарманы тек қана дыбыс, теория деңгейінде қабылдауды ғана емес, шығарманың өн бойындағы терең қатпарлы құрылымдарды түсінуге бағыттайды. Кейбір оқырмандар шығарманың төменгі деңгейін анық аңғарса, енді бірі лексика, синтаксис құрылымдарын анық түсінеді. Енді бірі өлеңдегі терең идея мен эмоцияны анық аңғарады. 2-сурет көркем шығарманы түсінудің деңгейлері анық көрсетілген.



Сурет 2 – Көркем шығарманы түсіну деңгейлері

Осы орайда, зерттеуші Н.Кенжеғараев былай дейді: «Автор мен тыңдаушы категориялары «сөйлеуші мен тыңдаушы» психолингвистикалық категорияларының жетіліп, дамып, толыққан түрі, қарапайым сөйлеушіден даралық, шығармашылық қабілеті асып, қалыптасып, кемелденген тұсы, творчестволық ойдың, білім мен ғылымның, ізденудің, қабілеттің жемісі. Сөз өнеріндегі автор мен тыңдаушы категориялары мен көркем өнердің түрлі салаларындағы автор мен қабылдаушы категориялары тиісті нысандарына, пәндеріне келгенде өзгешеленгенмен, психофизиологиялық, материалдық, шығарманың тууы, пайда болуы жағынан ұқсас. Өнер туындысын тудырушы және қабылдаушы адам болғаннан кейін, адам бойындағы психофизиологиялық қасиеттер, қабілеттер баршаға ортақ» [12, б. 13], - деген пікірін білдіреді.

Сондай-ақ зерттеуші автор – қабылдаушы процестерін көркем сұхбаттастық деп атап, оның мынадай зерттеулерден құралатынын атап көрсетеді:

1. Көркем сұхбаттастық көркем мәтінді тудыратын әдеби процестен бастау алады. Сондықтан шығарманың ішкі механизмдері, тууы, ойша жоспарлануына байланысты ішкі механизмдеріне көңіл бөлінуі керек.

2. Көркем сұхбаттастықты аяқтаушы бөлік – көркем туындыны жан дүниемізбен қабылдау.

3. Шығармашылық процесс белгілі бір өнер түрінің тілі арқылы көркем мағына жүктелген көркем мәтіннің тууымен аяқталады. Мәтінді қабылдаушының қабылдауы кезінде таңбалық жүйелер жұмбақтары шешіліп, ақпарат қабылданады.

4. Көркем сұхбаттастық – тамыры терең мәдени дәстүрге енетін көркем мәдениетті жасаушы және жеткізуші құрал.

5. Көркем сұхбаттастықтың маңызды бөлігі, көркем мәтіннің онтологиялық дәрежесін көркем шығарма дәрежесіне дейін көтеріп, өнердің әлеуметтік болмысын жеке адам мен қоғамның өміріне байланысты енетін – көркем қабылдау. Мәтін мен онда орын алған автордың өмірлік тәжірибесі қабылданушының қайталанбас тарихи, топтық, жеке тұлғалық тәжірибелерімен өзара әрекеттестікке түседі.

6. Көркем сұхбаттастық көркем шығарманың мәнін тарихи, әлеуметтік болмыс шындығында, көркем мәдениет, қоғамдық пікір контексінде түсінуден туындайды.

7. Көркем сұхбаттастық қабылданушының қабылдануына тек көркем шығарманың мәнін ғана бермейді, көркем шығарманың құндылықтарын да береді. Көркем шығарманың құндылықтары автордың өнер туындысын жасаудың, тудырудың шарттарын, техникалық құралдарын шебер меңгеруінен туындап, шығарманың адамзат үшін маңызын айғақтайды.

8. Көркем сұхбаттастық процесі – көркем информацияның адресаттан адресатқа берілуі, жеткізілуі [12, б. 13], – деп зерттеуші автор мен тыңдаушы арасын көркем сұхбаттастық деп қарастырып, автордың тыңдаушыға деген әсерін саралайды. Осылайша, зерттеуші жыраулық поэзияны былайша қорытындылайды: «XV-XVIII ғасырлардағы қазақ сөз өнері қазақ халқының осы кезеңдегі әдебиеті әлемнің басқа да халықтары әдебиетінен ерекшеленген, өзіндік қасиетке, табиғатқа ие екендігін көрсетеді. Ауызша әдебиет жазба әдебиеттің қызметін атқарып және сол деңгейден абыройымен, мықтылығымен танылып, міндеттелген жүкті қайыспай көтеруі, сөз өнеріне байланысты қажеттілікті қанағаттандыруы, өнерді тұтынушы тыңдаушылардың межесінен шығуы, тілдік көркемдікпен бейне жасауда кең қадамдар жасауы, қиын-қыстау заманда ел рухын көтеріп, адаспас жол іздеуі, сол мұратқа бел шешіп кірісіп, мақсаттарына жетуі – феномендік құбылыс», [12, б. 17], – деп бағалап, жыраулық поэзияның құндылығын арттыра түседі.

Елдің болашағына алаңдаған жыраулық поэзия өкілдері заман өзгерісін анық сезінді. Алдағы күннің қауіпінен сескенді. Олар қауіптенген отаршылдық, құлдық тақырыптары шындыққа айналды. Отаршылдық саясаты бірден екінші елді жаулап, басып алудан басталмайды. Ең алдымен, жаулап алатын елдің алдын-ала психологиясын, мінезін, болмысын, құндылығын анықтап алып, кейін келе жаулаудың небір тәсілдерін қолданады. Осы орайда, мынадай мысалды келтіргіміз келеді. Осман империясы алғашында ру-тайпа деңгейінде қалыптасып, кейіннен алпауыт империяға айналды. Империяға айналуы киелі Константинопольді жаулап алуымен басталды. Халық арасында Фатих атанған Мехмед сұлтан қаланы жауламас бұрын қаланы бақылап отыру мақсатымен камал салдыртады. Қала әкімшілігінің қарсылығына қарамастан, бекінісін алдыртпай, қаланы өзінің бақылауына алады. Солай, біртіндеп жүзеге асқан әрекеттері арқылы, бақылау негізінде діттеген мақсаттарына жетті. Сол секілді патшалық Ресей жетіп келіп, бірден қазақ жерін жаулаған жоқ. Алғашында

патшалық Ресейде түрік билеушісінің тәсілін қолданды. Қазақ жерінде қамалдар сала бастады. Әсіресе, шығыс аумақта бірнеше қамал салынып, қазақ жерін бақылауға алды. Қамал салынған жылдар XVIII-ші ғасырдың бас кезінде еді. Содан соңғысы Әбілқайыр ханмен келісімі тарихта үлкен әріптермен жазулы қалды. Ә. Кекілбаев бастаған зерттеуші-жазушылар ханның бұл әрекетінің сол заманға сай екенін, сол кезеңдегі дұрыс шешім екенін айтқан болатын.

Қазақ әдебиетінде жыраулық поэзияның жалғасы ретінде «зар заман әдебиеті» қалыптасты. Бұл әдебиет турасында М. Әуезовтің өзі арнайы тоқталып, қарастырған болатын: «Бұл дәуірдің әдебиеті сол кездегі жұмбақ күнге жеткен елдің алдында тұрған қайғылы күнінен қорқып, қобалжып тұрып, ыңыранып, күрсінген күйін білдіреді» [13], – деп бағалайды. Зар заман әдебиеті туралы Б. Омар зерттеуінде неше заман өтсе де, маңыздылығын жоймайтын, аумалы-төкпелі кезеңде қалыптасқанына қарамастан, қадірі кемімейтінін айтады. Заман шындығын ашып айтып, ащы шерді тарқатқан әдебиеттің қайшылыққа толы оқиғалармен тұспа-тұс келіп, үлкен өзгерістердің бастауы болған әдебиетті қарастыру арқылы халықтың болмыс-бітімінің өзгерісіне тоқтала аламыз. Солай, зерттеуші Б. Омар зар заман әдебиетінің жырлары патшалық Ресейдің талауына түскен халықтың ұлт ретінде тағдырының тығырыққа тірелгенінің белгісі болғанын айтады. Зерттеуші зар заман ақындарының шығармаларына не себептен тиым салынғанының үш себепін көрсетеді:

1. «Зар заман», «ку заман», «тар заман» деп атап, сол заманның тіршілігіне ризалық танытпай, болашақтан үміт үзіп, дәстүрлі тұрмыс-тіршілікті аңсау.

2. Отаршылдық саясатқа қарсы бағытталған әдеби ағым болғандықтан, «орыс», «кәуір» сөздерін қолданып, оларды халықтың тағдырын ойрандауына кінәлі деп танып, қазақ халқының қиын жағдайы, кетеуі кеткен тіршілігін суреттейді.

3. Эсхатологиялық сарында жазылған өлеңдері айналада болып жатқан өзгерістерді қабылдай алмаудан, бұл өзгерістердің ақырзаманның келуімен теңестіруі діни мистикаға негізделді [14].

Аталған өзгерістер зар заман әдебиетінің тұтастай болмысын көрсетіп, патшалық Ресей саясатының қазақ жеріне әсерін көрсетеді. Зар заман пессимизмінің генозисін қарастыру барысында Б. Омар Асан қайғы жырларындағы шортанның қарағай басын шалуы жайындағы өлеңіне тоқталып, шортанның ұшпайтынын, көкпен таласқан қарағайдың басына ұмтылуы жақсылықтың нышаны емес екенін анықтайды. Сондай-ақ бұл халықтың басынан болашақта өтетін құқайлардың символдық белгісі екенін де айтып өтеді [14, б. 88]. Шортанбай, Мұрат, Әбубәкір өлеңдерінде заманның азып, байлар мен төрелердің байлыққа, дүниеге құнығып, қайырымсыз болғанын, малдың, айырбас сауда орнына ақша шыққанын қарғыстай көреді [14, б. 89]. Көшпелі өмір сүрген халқымыз сауда-саттық айырбас арқылы жүргізілгендіктен, ақшаның шығуын, жаңа индустриалды қоғамның келуін

қабылдай алмады. Жоғарыда атап өткен Ұлы географиялық ашылулар Ұлы Жібек жолын жауып, оның маңыздылығын төмендетіп, су жолы арқылы саудасаттық қарым-қатынасты дамытты. Осыдан монета, ақша арқылы сауда айырбасы жүргізіле бастады. Бұл уақытта қазақ арасында жоңғармен соғыстан қажыған халықтың жаңа өзгеріске икемсіз болғаны, әлемдегі жаңа қозғалыстар мен техникалық жетістіктерден хабарсыз болғаны үлкен рөл ойнады. Солай, зар заман жырлары қазақ жерінде отаршылдықтың әкелген жаңа өзгерістерін, халықты қазақ арасынан шыққан билердің, төрелердің өздері қанап, қиын жағдайға қалдыруын баяндады. Отаршылдықтың әсерінен қазақ арасында «бай» түсінігі жағымсыз, жаман сипатта танылды. Бұл тұрасында Ж. Қошанова XIX ғасырдағы орыс капитализмінің енуімен халық арасында байлық, бай туралы пікірдің өзгергенін, бай мен кедейді қарсы қойып, арадағы контраст күшейгенін айтады [15]. Зерттеуші қазақ арасындағы байлық концептісінің өрісін былайша көрсетеді: *төре, би, бек, ақсүйек, хан, тархан, алпауыт, әмір, ұлық, әкім, ояз, жасауыл, қожса, старшын, шабарман, атқамінер* деген түсініктер арқылы анықталатынын айтады [15, б. 15]. Алайда, бай деген атау қалыптасқанмен, аталған қызметтерді бай ретінде елестету қалыптасқан оларға деген негативті көзқарас пен бағалау әлеуметтік, қоғамдық-саяси факторлардың әсерінен орын алды. Қазақ жерінде отаршылдық саясат XIX ғасырдың 60-жылдары толықтай аяқталып, қазақ жері тұтастай патшалықтың мекеніне айналды. Сол жылдары қазақ баспасөзі басталды. Бұл орайда ағылшын зерттеушісі Б. Льюис «Таяу Шығыс» зерттеу еңбегінде отаршылдық империяның баспасөзді екі түрлі қызметте қолданатынын атап өтеді.

Баспасөздің отаршылдық саясаттағы басты функциялары екіге ажыратылады:

- цензура;
- пропаганда [16].

Аталған екі функцияның ішінде XIX ғасырдың соңынан бастап қазақ жеріне патшалық Ресейдің пропагандасы енді. Патшалық билік дінге рұқсат берді, діннің ықпалымен патшалықтың билігін нығайта түсу көзделді. XIX ғасырдың екінші жартысы қазақ әдебиетінде ағартушылық әдебиет деп аталды. Бұл кез – Шоқан, Ыбырай, Абайдың ағартушылық идеяларының танылу кезеңі. Абайдың болыстық жайындағы өлеңдері «Зар заман әдебиетінде» көтерілген тақырыптардың тереңдей түскенін көрсетеді. Абай өз заманында халықты төрт аяқты малдан да жамансың, мал төрт аяқты болса, қазақ сегізаяқты деп қатты сынаған болатын. Абай өзі таныған, білген шындығын, заманның жетістіктерін игеруді орыс оқуынан анық білгендіктен, орысша оқу керектігін айтады. Өз балаларынан бастап, ауылының балаларын орыс мектебінде сауат ашу керектігін жеткізеді.

Абай халықтың іс-әрекетін, бар ісі болыстыққа таласу екенін, қызмет, шен алу бар мақсаты болғанын сынап қана қоймай, халықтың мінезін сынай түседі. Абайдың «бес асыл іс» пен «бес жаман іс» деп жіктеген мінездері сол заман қалыптасқан халықтың болмысы еді. 1-кестеде Абайдың бес асыл ісі, қашық болу керек бес нәрсені тең комбинацияда қарастырдық.

Кесте 1 – XIX ғасырдың екінші жартысындағы халық мінезі

Жағымсыз мінез	Жағымды мінез
Өсек	Рақым
Өтірік	Терең ой
Мақтаншақ	Талап
Еріншек	Еңбек
Бекер мал шашу	Қанағат

Абайдың бұл идеясында өсек айтып, өзгені жамандағанша, өзге адамға рақымшылықпен қарап, өсектегенше жағдайын түсініп, рақыммен көмектесу керектігін жеткізеді. Өтірік айтып, жұртты алдағанша, терең ой ойлап, халықтың қамын жеуді, айналаға қалай көмек көрсету керек екенін ойлану керектігін айтады. Мақтанып, жұрттан өз артықшылығыңды айтып, көрсетіп уақытыңды зая кетіргенше, талаптанып, айналаның қажетіне жарауды ойлау керек деген ойы танылады. Еріншектеніп, ешбір істің басын қайырмай, тіленіп жата бермей, еңбектенудің маңыздылығын жеткізеді. Бекер мал шашып, шашыла бергенше, қанағатшыл болу керектігін, диалектикалық құндылықтар арасында балансты сақтау маңыздылығын жеткізеді. Абай қарасөздерінде қазақтың мінезі өзгергенін бірнеше рет атап өтеді. Дегенмен ағартушы қазақтың сөзге тоқтайтын мінезін жоғары бағалайды.

Осындай ағартушылық идеяларға толы Абай өлеңдері зар заман әдебиетіндегі өзгерістерді эсхатологиялық сипатта танымайды, керісінше шығатын жолды көрсетуге тырысады. Заманның сипатын, жастардың да шен құмар болып бара жатқанын сынаса да, өлеңдері арқылы жастарға ағартушылық насихатын жеткізуге барын салады. Абайтанушы Ғ. Есім Абайдың қазақ жерінде дүниеге келуін «тарихи қажеттілік» деп атаған болатын [17].

Зар заман әдебиеті мен ағартушылық әдебиеттің ізін ала қазақ әдебиетінде «Алаш әдебиеті» қалыптасады. Бұл кезең үлкен тарихи өзгерістерге толы XX ғасырдың басында болды. Алаш әдебиетін қарастыра отырып, XX ғасыр әдебиетінде жаңалық болған «Бақытсыз Жамал», «Қамар сұлу» шығармаларының орыс әдебиеті үлгісінде жазылғанын көреміз. XIX ғасырда орыс әдебиетінде революциялық әдебиет дамыды. Бұл қозғалыстардың басында Н. Чернышевский, И. Тургенев сынды революционерлер патшалық Ресейге қарсылықтарын жеткізген болатын. Аталған революционерлер шығармаларында басты кейіпкердің мұңын жеткізумен бірге, қоғамдағы өзгерістер мен қиындықтарды, қарама-қайшылықтарды жеткізуді өздерінің басты міндеті деп есептеді. Біздің алаш зиялыларымыз осы үлгі негізінде шығармаларын жазған болатын. Н. Карамзин «Бедная Лиза» шығармасы арқылы қоғамдағы болып жатқан оқиғаларды, өзгерістерді диалектикалық қайшылықта суреттеді. Б. Майлин, М. Дулатұлы сынды жазушылар халықтың болмысына жақын етіп әрі халық арасындағы әйел тақырыбын көтеріп, шығармаларын терең идеялық сипатта жазды.

Елдің бүгіншіл екенін, өзінің ертеңін ойлап әрекет еткен А. Байтұрсынұлы шығармаларында да өз ауылының иті өзін қапқанын айтып, халықтың көрсеқызарлығын, қызғаншақ мінезін атап өткен болатын. Алаш зиялылары поэзиясында оқу, білім, ғылым мәселелері көтеріліп, тыңдарманын оқуға шақырған болатын. Автор болса, тыңдаушысына әсер етуде символдық образдарды қолданып, қалың ұйқыда жатқан халықты «маса» сияқты ызындап оятуды көздеген болатын. Алаш зиялыларының тыңдаушымен көркем сұхбаттастығын көруімізге болады:

$$\begin{array}{c} N \\ \updownarrow \\ A) \leftrightarrow B \rightarrow C \rightarrow M) \end{array} \quad (3)$$

мұнда А – Сыртқы факторлар: тарихи, қоғамдық-саяси оқиғалар;

N – Автор санасы;

B – Санада орын алған творчестволық акт;

C – Жазба мәтін;

M – Оқушы санасы.

Бұл (3) формуладан сыртқы факторлардың автор санасына деген әсерін, сонымен бірге санада орын алған шығармашылық актінің көрінісі ретінде көреміз. Алаш зиялыларының маса, азамат идеялары шығармашылық актінің көрінісі ретінде анықталады. Көркем сұхбаттастықта алаш әдебиеті ақындары тыңдаушымен символдық байланыс орната отырып, басты құндылықтарын жеткізуді көздейді.

Кейіннен қазақ жерінде толықтай кеңес билігі орнағаннан кейін қазақ әдебиетінде кеңес билігін жақтаған, кедейлердің жаршысына айналған ақындар кеңес әдебиеті поэзиясын қалыптастырды. Т. Кәкішевтің пікірінше, қазақ совет поэзиясының жаңаша бағытта дамығанын, шығармашылық кадрдың алғашында аз болғанын, халық өмірін реалды түрде суреттегенін, революциялық романтика қалыптасқанын айтады. Сондай-ақ зерттеуші былай дейді: «Жаңа шындықты жаңаша жырлау процесі барлық жанрдың творчестволық мүмкіндіктерін пайдалануды, жетіспей жатқан саланы жетілдіруді, жоқты тыңнан жасауды, тудыруды талап етті. Жаңа мазмұн ескі форманың ауқымына әрдайым сия бермеді, көп жағдайда жаңа тың ізденістерге бастады» [18], – деген болатын. Кеңес поэзиясының басты мақсаты халық өмірін реализммен суреттеу екенін, жаңа заманның шындығын лайықты түрде бейнелеп, бұқараның болмысын танытуға тырысты. Бұл кезеңде Б. Льюис атап көрсеткен цензура қатты қадағаланды. Кеңес өкіметі орнағанмен, зиялылар қатарында өткен заманды аңсаушылар, діни бағытта жазатын авторлар әлі де болса өлеңдерінде жаңа заманның шындығын емес, өткен заманның шындығын жеткізуге тырысқан болатын. Бұл ол уақыттың цензурасына сай емес. Кеңес әдебиетін мақтап, жаңа өзгерісті жырламаған адам ақын емес, оның өлеңі баспа бетінде жарық көрмеді. Жарық көрсе де, кеңес билігін даттаған тұсы басылмай қалатын. Прозада «Көшпенділердің» жарық көруі біраз зиялыларды қорқытқан

болатын. Өйткені ол заманда қазақ халқы өзінің өткен тарихын қозғамауы керек болатын. Осылайша, қысыммен өткен жетпіс жылда аяқталып, Кеңес Одағы ыдырап, қазақ халқы өзі аңсаған тәуелсіздікке қол жеткізді.

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында да қазақ әдебиетіндегі тақырыптар тәуелсіздікпен қатысты болды. Бұл кезеңдегі де шығармалар барша қазақтың рухын көтеріп, тәуелсіздік ұранына айналды.

Л. Қоныс тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ балалар әдебиетін қарастыра отырып, кеңес заманының ықпалымен жазылған, суреттелген лирикалық кейіпкердің аталған кезеңде жазылған туындыларда кездеспейтінін, осы негізден жана арнада жандана түскенін айтады [19]. Сонымен бірге зерттеуші Л. Қоныс былай дейді: «Кеңес одағы әдебиеттануындағы әдістер мен тәсілдер негізінен сол кездегі биліктің ықпалына орайластырылғаны мәлім. Коммунистік идеологияның қысымы салдарынан ұлтымыздың әдеби дамуындағы ұлттық көзқарас пен ұлттық ой, сипат қалтарыста қалып, тиісті деңгейде сөз етілмей келді» [19, б. 5], - деп әдебиеттің идеология құралына айналғанын атап өткен болатын. Зерттеушінің еңбегінде мынадай слоганды көреміз: «*Ұлттық сипаттағы кейіпкер кіл жақсы мінезден құралмайды*» [19, б. 9], - деп ұлттық негізден айырыла бастаған кейіпкерлерді, оның ішінде әкесінің баласына тәлім-тәрбие бере алмайтынын Қ. Әбілдақызының «Әкеге қарап...» өлеңін талдау арқылы жеткізеді. Әкесінің тар шектеудегі адам екенін баласына берген тәрбиесінен танитынымызды, өз тегін тани алмай жатқан тұтас бір ұрпақтың әшкере тірлігін көреміз. Зерттеуші бүгінгі балалар мен кешегі балаларды танымдық тұрғыдан салыстырудың мүмкін еместігін айтады. Ленин, Сталин жайлы ертегілерге қанып өскен кешегі балалар көп еңбек етіп, бір парақ мақтау қағазын алғанға қуанатын болса, бүгінгі балада ондай мінез жоқ. Кешегі буын зерттеушісінің өз сөзімен келтірсек: «Кешегі бала көп еңбек етіп, Отаннан бір парақ марапат қағаз алғанына қуанатын кейіпкер болса, бүгінгі кейіпкер көп еңбек етіп, көп ақша алуды жөн көретін заманаға бейімделген тип» [19, б. 9], - деп атап көрсетеді. Сонымен бірге кеңес билігі тұсында жазылған өлеңдердің көпшілігі идеологиялық тапсырыстың нәтижесі болғандықтан, «күн көсем», «партия», «Мәскеу» сынды тіркестер көп кездеседі. Бұл кезеңде «Мен» деген түсінік мүлде кездеспейді, керісінше «біз» деген тобырлық түсінік алға шықты. Сондықтан қазақ балалар поэзиясында көп кездескен кейіпкерлер:

- кеңес идеологиясына негізделген;
- халық басынан кешкен Қазан революциясы, Азамат соғысы, Ұлы Отан соғысы, Кеңес өкіметінің құрылуы, Тың игеру сынды өзге де тарихи оқиғалар кейіпкерлері болды [19, б. 11].

Осы негізден 90-жылдардың соңында тәуелсіздік алған кезеңдегі ақындарымыз туралы Б. Ердембеков ұжымдық монографиясында [20] атап өткеніндей тарихи оқиғалар қайта сараланып, «ұлт мінезі» қайта қарастырыла бастады. Осы негізден қазақ ақындарының шығармаларындағы тарихи оқиғалар ұлттық сипат тұрғысынан суреттелді. XX ғасырдың соңы мен XXI ғасыр басындағы тәуелсіздік кезеңінде «әдебиет мінберінен», «поэзия әлемінен» шынайы жырлар қалыптасқанын Е. Абдимомынов пен Ш. Куттыбаев

зерттеуінде айтылады [21]. Д. Неталиева зерттеуінде ұлттық мінез Д. Исабеков шығармашылығы арқылы қарастырылып, кейіпкерлер әлемі ұлттық дүниетаным тұрғысынан сипаттала қарастырылды [22]. Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ поэзиясының тақырыптары тарихи оқиғаларды қайта қарастырумен бірге, ұлттық құндылықтар, ұлттық болмыстар, ұлттық мінез сынды тақырып арналары арқылы дамыды [23]. Осы негізден қазақ әдебиетінде тәуелсіздік тақырыбы қозғалып, тарихи оқиғалар қайта бағаланды. Атап айтар болсақ, Қ. Бекхожин, Х. Ерғалиев, Ж. Молдағалиев, Қ. Шаңғытбаев, С. Жиенбаев, Ж. Нәжімеденовтер мен К. Салықов, Қ. Мырза Әлі, М. Айтхожа, М. Шаханов, И. Сапарбай, А. Бақтыгереева, Т. Медетбек, Ж. Әбдіраш, Н. Айтұлы, С. Ақсұңқарұлы, Т. Әбдікәкімов, Е. Раушанов, Б. Райсова, С. Адай, Ә. Балқыбек, М. Райымбекұлы, Ж. Сәрсек, Н. Қуантайұлы, Б. Беделханұлы, Т. Толқынқызы, Н. Бердалы, Е. Жүніс және өңірімізден шыққан ақындар Е. Дүйсенбайұлы, С. Баймолдин, М. Ақдәулетұлы, Е. Ашықбаев, Б. Бабажанұлы, Ж. Елеусіз, С. Дәрібай, Г. Әбішқызы, Ж. Нұрғалидың тәуелсіздік жылдарындағы шығармаларында ұлттық тақырыптар кеңінен қозғалды. Әдебиетте дәстүр жалғастығы өте маңызды. Тәуелсіздік кезеңіндегі ақындардың ерекшелігі – қазақ халқының басынан өткен оқиғаларды саралап, тарихи тұлғалардың болмысын сомдап, бағалау. Қазақ поэзиясының көрнекті өкілдері Қ. Бекхожин, Ж. Молдағалиев, Ж. Нәжімеденов, Қ. Мырза Әлі шығармаларында тарихи оқиғаларға баға берілсе, Х. Ерғалиев, Қ. Шаңғытбаев, М. Шаханов, И. Сапарбай, А. Бақытгереева, Н. Айтұлы, С. Адай поэзиясында тарихи тұлғалардың, батырлардың бейнесі сомдалды. ХХІ ғасыр басында Т. Медетбек, С. Ақсұңқарұлы, Ә. Балқыбек, М. Райымбекұлы, Б. Беделханұлы, Т. Толқынқызы, Н. Бердалы, Е. Жүніс және өңірден шыққан ақындар Б. Райсова, Ж. Елеусіз, С. Дәрібай, Г. Әбішқызы өлеңдерінде «ұлттық мінез» суреттеліп, халқымыздың дүниетанымы, ұлттық психологиясы бейнеленді.

Келесі кезекте қазақ поэзиясындағы ұлттық, жалпыадамдық құндылықтарды қарастырамыз.

1.2 Қазіргі қазақ поэзиясындағы ұлттық және жалпыадамдық құндылықтар

Құндылықтар туралы зерттеулерінде Ә. Нысанбаев тәуелсіздіктің маңыздылығына тоқталып өтеді: «Адамдар қоғамдағы қарапайым тобыр, бұқаралық мәдениет өкіліне айналмайды, олар бұл тіршілікте өзінде лайықты өмір жолы бар еркін ойлайтын азаматтар қауымдастығына айналады. Республика азаматтары өздерінің мәдени және ұлттық бірегейлігін егемен еліміздің болашағымен байланыстыру арқылы ғана жасампаздық жолына түсе алады» [24], – дейді. Зерттеуші еліміздің тәуелсіздік алуы мемлекеттік, экономикалық жағдайына әсер етіп қоймай, рухани әлемінде де көрініс бергенін атап өтеді. Қазақстан ғана емес, өзге де тәуелсіздік алған елдердің барлығы дерлік өтпелі кезеңде өз дәстүрін, тарихын, мәдениетін қайта зерделеп, заманауи контексте қайта қарастырғанын айтады. Қазақ халқының мәдениеті, дәстүрі бұрынғы бастауымызға қайта оралуымызға, дүниетаным мен

тарихпен терең байланысты көреміз. Зерттеуші және былай дейді: «Великие духовные традиции казахского народа, раздвигая границы своего времени, являются значимыми и ценными для современного казахстанского общества в условиях поиска людьми мировоззренческих ориентиров и обретения приемлемых перспектив своего развития» [24, б. 221], – деп халқымыздың ұлттық құндылықтарының заманауи әлемдегі маңыздылығына тоқталып өтеді. Зерттеуші Ә. Нысанбаев жаһандану заманында қазақ халқының ұлттық мінезін былай деп анықтайды:

- қонақжайлылық;
- адалдық;
- ізеттілік;
- ғылымға, оқуға құмарлық;
- ынтымақ;

– еркіндік [24, б. 112], – деген мінездер танылады. Аталған қасиеттер қазақ халқының ұлттық болмысын, ұлттық идентификасын анық көрсетеді. Зерттеуші аталған қасиеттерге жеке-жеке тоқталып қарастырады.

Ең бірінші болып қонақжайлылықтың көрініс табуы халқымыздың тұрмыс-тіршілігімен тікелей байланысты. Ұлттық философиямыздың өзі этикалық, аксиологиялық құндылықтарға толы болғандықтан, халқымыз жаны қиналған адамды қолдауға, қолынан келген көмегін аямауға тырысқанын атап өтеді. Гуманист халық болғандықтан қонақжай, кеңпейіл, жомарт, шығайбай сараңдыққа емес, кеңдікке, қол ұшын созуға аянбайтынын анық көреміз. Екіншіден, халқымыз үлкенді сыйлап, кішінің көңілін қалдырмауға тырысқан халық екенін аңғарамыз. Ізеттілік қасиеті атадан балаға келе жатқан асыл қасиеттердің бірі. Ренжісе де, ренішін үлкен ізеттілікпен жеткізе біледі. Зерттеуші Ә. Нысанбаев ізеттіліктің қулық емес, шын көңілден, шынайы ниеттен туындаған имандылықтың, ибалылықтың көрінісі екенін айтады. Үшіншіден, отбасында ынтымақтың берік екеніне тоқталады. Аға ұрпақ пен жас ұрпақ арасындағы келісім қазақ қоғамындағы бірліктің көрінісі ретінде танылды. Ата-ананы құрметтеу, анасының, әжесінің, қарындасының, апасының ар-намысын қорғап, адамгершіліктің, имандылықтың биік деңгейін көрсете алды. Төртіншіден, досқа адалдық қасиеті – ата-бабалардың ғасырлардан бері келе жатқан терең қасиеттерінің бірі. Бұл туралы зерттеуші былай деп анықтайды: «Олардың бәріндегі негізгі трагедиялық желі жауын жапыра жеңіп келген батырдың ту сыртынан жасалған опасыздықтан туындап жатады. Бейне опасыздық пен сатқындыққа айтылған лағнеттің үні құлағына келгендей болады» [24, б. 112], – деп адалдықтың халық үшін үлкен маңызға ие екенін көреміз. Шыныменде, тарихымызда болған аяусыз қақтығыстар сатқындықтың кесірінен туындаған. Бесіншіден, халқымыз балаларын білімге, ғылымға тәрбиелеген. Бұл сонау ата-баба заманынан келе жатқан қасиет. Өз заманының озық білімін, ғылымын игерген ата-бабаларымыз қасиетті жерді, отанды қорғай білді. Алтыншыдан, халқымыздың еркіндікті, ой еркіндігін, пікір дербестігін, жеке бас бостандығын ерекше бағалаған. Зерттеуші Ә. Нысанбаев мансапқорлық, жағымпаздық сияқты қасиеттердің уақыт өте келе жұққанын

айтады [24, б. 113]. Осы негізден халқымыздың жағымды қасиеттерімен бірге, жағымсыз сипаттары да анықтала түседі.

Халқымыздың ұлттық мінезі ретінде еркіндік танылады. Еркіндік философиясы үш негізден тұрады:

- жеке бас бостандығы;
- пікір дербестігі;
- ой еркіндігі.

Аталған еркіндіктің үш категориясы қазақ халқының еркіндік жайындағы философиясының көрінісі болды. Әдетте, ой еркіндігінен айырылғаннан соң пікір дербестігі де, жеке бас бостандығы да тұсауға түседі. Сондықтан халқымыз қай уақытта да ой еркіндігі маңызына ие.

К.Туленова зерттеулерінде ұлттық және жалпыадамдық құндылықтардың жеке адамға деген әсерін қарастыра келіп, ұлттық идеяның маңыздылығын және оның қоғамдағы ағартушылық қызметін, әлеуметтік идеал мен құндылықтар, ұрпақтар сабақтастығын айта келіп, жаңа қоғамдық сананың қалыптасуына назар аударады [25].

Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ поэзиясы жайындағы зерттеуінде С. Ержанова ақындарымыздың кеңестік кезеңді жырлағанын, тарихи өзгерістердің тез орын алғанымен, санадағы өзгерістердің жай жүретінін алға тартады. Аға буынның кеңестік мектептің сарынымен өткен күнді мақтауы, өткен заманды қимай, алдағы өзгеріске деген қорқыныш екенін зар заман әдебиетінен анық түсіндік. Сөйтсек, уақыт өте келе кеңестік идеология да өткеннің еншісінде қалады екен. Солай, зерттеуші С. Ержанова сананың болмысты тануы сыртқы әрекетті тану ғана емес, ішкі мазмұнның да алмасуы екенін айтады [26]. Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ ақындарының шығармашылығында орын алған өзгерістер былайша көрінеді:

- кеңестік дәуірдің соңғы жылдарындағы публицистикалық сипат жалғасты;
- нәзік лирикамен сусындаған жыраулық дәстүр жаңғырды;
- көне түркілік таныммен сіңірілген түркішілдік дүниетаным қалыптасты;
- ұлттық таным еуропалық үлгіде танылған авторлар шығармалары дүниеге келді [25, р. 1613], – деп бағалайды.

Қазақ әдебиетінде тәуелсіздік идеясы түркі заманынан бастау алып отырды. Осы орайда, тәуелсіздіктің философияда анықталуын қарастырып өтсек. Ғ. Есім «Тәуелсіздік философиясы» зерттеу мақаласында мемлекет тәуелсіздіктің басты ұғымы екенін атап өтеді. Сонда, тәуелсіздік деп отырғанымыз халықтың мемлекет құру турасындағы қиялынан, арман-мақсатынан туындайтын дүниетаным деп анықталады. Осы негізден тәуелсіздіктің саяси жетістігі - тәуелсіздік екенін анық білеміз. Саяси билікке қолы жетпеген халық тәуелсіздік жайлы армандап, қиялдап, терең утопияға бататынын да атап өтеді зерттеуші Ғ. Есім [27]. Тарихи оқиғаларды саралай келе, мемлекеттік идеяның тәуелсіздік идеясынан бұрын келгенін көреміз. Қазақ халқының консолидациясы Қазақ хандығының құрылуымен басталды.

Алғашқы қазақ мемлекетінің типі – Орда деп аталды, сол себептен «Қазақ Ордасы» деп аталды. Осы орайда зерттеуші Ғ. Есім Асан қайғының «Жерұйық» ілімінің Т. Морр, Кампанелланың утопиялық көзқарастарымен салыстырудың артық екенін, оның негізінде геополитикалық саясат жатқанын, қазақ жерінің шекарасын нақтылауда екені деп аталған ілімнің политикалық қырын кеңейте түсті. Орда деп аталған басқару формасының аясында Жерұйық – барша қазақтың мекені болу керек деген түсінікті қалыптастыра кетеді зерттеуші Ғ. Есім. 1882 жылы Сібір қырғыздары жайында қабылданған уставтың негізінде қазақ жерінде, оның жерұйығында хандық билік толықтай жойылды. Халқымыз хандық биліктен, тәуелсіздігінен айырылды. Десе де халқымыздың тәуелсіз болуға деген ұмтылысының нәтижесінде 1991 жылдың 16 желтоқсанында Асанқайғы айтып кеткен «Жерұйыққа» толық ие болғанымызды зерттеуші Ғ.Есім атап өтеді. Сонымен бірге зерттеуші «социалистік жалған» тұрмыс-тіршіліктің тәуелсіздікті жаңа алған халық үшін қаншалықты қауіпті екенін, оның ішінде санасының құрсауға түскенін жеткізеді. «Тәуелсіздік – сана. Тәуелсіз елдің адамының санасы да тәуелсіз болуы шарт» [27, с. 129], – деген пікірі зерттеушінің «айтқанға көндік» деген көнбістік философиясынан алыстауға шақырады. Еркін, тәуелсіз адам саяси еркіндік, саяси тәуелсіз болу керектігін де ұғынамыз. Осы орайда философ-ғалымның «Бостандықтың бағасы» зерттеуіне назар аударатын болсақ, зерттеушінің аса құнды ойын көреміз: «Бостандықтың бағасы оның растығында, идеяның іске асқандығында. Тәуелсіз халықтың саяси еркіндікке жеткендігінде» [28], – дейді. Бостандықтың саясаттан биік ұғым екенін, ал саясатты еркіндік деп анықтау идеологияға, жалған санаға апаратынын тәжірибеден белгілі екенін де атап өтеді зерттеуші Ғ. Есім [28, б. 164]. Бостандық жайындағы ойларын саралай келе, бостандықты бағалау арқылы өз-өзіміздің кім екенімізді анықтап көреміз.

Зерттеуші Ә. Бәкір тәуелсіздікті мемлекеттің басты атрибуты деп, бостандық, азаттық, еркіндік сол мемлекеттің мүшесінің арманы, өмір сүру тәсілі екенін айтады [29]. Социализмнің пролетариат саясаты қазақ арасын бай, қожа-молда және кедей деп екіге ажыратқан болатын. Ол кезеңде биліктің бастаушы көзі – пролетариат болды. Дегенмен зерттеуші Ә. Бәкір Ш. Уәлихановтың атап өткен өздігінен даму, өздігінен қорғану, өзін-өзі басқару деген халықтың дамуы үшін қажет атаулар тәуелсіздіктің негізгі ұғымдары екенін атап өтеді [29, б. 278].

Зерттеуші Б. Төлепберген тәуелсіздік негізі, темірқазығы ұлттық идея деп санайды. «Этнос – тарихи қалыптасқан адамдардың тұрақты қауымдастығы, ол тілдің, территорияның, шаруашылық және мәдени өмірдің, психикалық-гомогендік жүйенің бірлігімен ерекшеленеді. Этностың қалыптасуына географиялық, әлеуметтік-мәдени және экономикалық факторлар әсер етіп, соның нәтижесінде ортақ тіл, мінез-құлық, әдет-ғұрып, салт-дәстүр, тұрмыстық және психикалық сипаттамалар құралады» [30], – деп этностың сипаттамаларын анықтай түсеміз. Ежелгі грек тілінен аударғанда этнос – қауым деп анықталса да, жоғарыда аталған анықтамаға ие болуы кейінірек қалыптасқан. Кейбір ғалымдар ұлт ұғымын этнос емес, мемлекеттік категория

ретінде анықтайды. Осы негізден зерттеуші Б. Төлепберген философияда ұлт туралы Э. Ренаның «ұлт - жан» деген принципі үлкен маңызға ие екенін айтады [30, б. 20]. «Ұлт - жан» ұстанымының негізінде ұлттық бірегейлік жатқанын анық аңғарамыз. Ұлттық бірегейлік мынадай факторлардан құралады:

- тіл;
- территория;
- шаруашылық-мәдени өмірдің ортақтығы;
- этникалық өзіндік сана;
- ұлттық рух;
- мінез-құлық;
- этнопсихология;
- менталитет [30, б. 20], – деген құндылықтарды көреміз.

Солай, зерттеуші ұлт рухы этностың маңызды сипаттамасы ретінде танылатын менталитет пен ұлттық мінез-құлықтан анықталатынын айтады. «Соңғы уақытта кең қолданысқа түскен менталитет ұғымы жеке адамның ғана емес, әлеуметтік бірліктің өзіндік ойлау жүйесі, эмоционалдық және құндылықтық бағдары деген мәнде түсіндіріледі» [30, б. 21], – деп менталитет жайында жаңаша баға береді. Зерттеуші ұлттық мінез-құлықты менталитетпен жақын мағынада қарастыра отырып, мынадай анықтама береді: «Ол әрбір халықтың күнделікті тұрмыс-тіршілігіне, дауысы мен сөйлеу мәнерінде, жүріс-тұрысы мен іс-әрекетінде, талғамы мен таңдауында байқалатын өзгеше қасиеттері мен ерекшеліктерін білдіреді» [30, б. 21], – деп анықтайды. Зерттеушінің пікірлерін қорытындылай отырып, мынадай тұжырымға келеміз: ұлттың бірегейлігі оның мінез-құлықтан және менталитетінен анық көрінетінін ұғынамыз. Осы негізден, ұлттық мінезді қарастырудың маңыздылығы артады. Ұлттық құндылық ретінде мінез-құлықтың қажеттілігін анық көреміз.

Ұлттық мінез жайын қарастырмай тұрып, ұлт жайындағы зерттеушілердің пікірлерін қарастырып өтсек, ұлт жайлы зерттеулерінде ағылшын зерттеушісі К. Калхун ұлтты біртұтастықта қарастырудың мынадай он белгісін ажыратады:

Бірінші белгі – территория, тұрғындар және т.б. Территория ұлттың негізгі белгісі ретінде анықталуы дербестіктің, еркіндіктің сипаты болуымен қарастырылады. Бұл – халықтың кеңістіктік білімінің нәтижесі.

Екінші белгі – ұлт туралы тұтастай түсінік, бұл ажырамас белгі ретінде көрінеді. Ұлттың дүниетанымы, мәдениеті – этностың анықтала түсуінің негізі.

Үшінші белгі – суверенитет, яғни бұл ұлттың өзге ұлттармен тең дәрежеде қатынаса алуы, анығырақ тәуелсіз мемлекетке айналуы.

Төртінші белгі – суверенитет туралы жоғары түсінік, яғни халық билігіне сүйенген, ұлт қызығушылығына қызмет ету идеясы.

Бесінші белгі – халықтың ұжымдық істерге араласуы.

Алтыншы белгі – жеке тұлға өзін ұлттың ажырамас бір бөлшегі ретінде тануы.

Жетінші белгі – мәдениет, тіл, жалпы сенім, құндылықтар.

Сегізінші белгі – ұлт туралы түсініктің тереңдігі, көне заманнан басталған тарихтың болуы.

Тоғызыншы белгі – жалпы ортақ белгілер.

Оныншы белгі – территориясымен ұлттың тарихи және сакральды байланысы [31].

Аталған ұлттың суверенитетін белгілер ішінен алты белгі негізінде қазақ ұлт ретінде танылатынын көреміз. Ең алдымен, ұлт ретінде өзінің аумағы, территориясы бар. Сонымен бірге халқымыздың кеңістік жайлы білімі анықталады. Алтай мен Атыраудың арасында мекендік, бағыттық кеңістік жайлы ұғымдары «өзім», «бөтен» универсумы арқылы анықтала түседі. Екіншіден, ұлт туралы тұтастай түсінік бар. Қазақ халқының сақ, ғұн тайпалардың ұрпағы, көк Түріктің жалғасы деген түсініктер ұлт туралы, халық жайындағы танымдарды тереңдете түседі. Үшіншіден, өзге ұлттармен тең араласа алудың ең алғашқы белгісі – тәуелсіздік. Төртіншіден, «әр қазақ – менің жалғызым» дегендей, әр адам өзін ұлттың бір бөлшегі ретінде сезінеді. Бесіншіден, ұлт туралы терең түсінік сонау сақ пен ғұнның дәуірінен бастау алады. Алғашқы атқа міну мәдениетінің қазақ жерінде басталуы да ұлт туралы түсінікті тереңдете түседі. Алтыншыдан, қазақ жері, оның территориясы өзара тарихи және сакральды байланысты. Қазақ жеріндегі «Қалмаққырылған» атауы халқымыз үшін тарихи маңызы жоғары болса, оңтүстік, батыс өңіріндегі сакральды мекендермен арада рухани байланыстың барын білдіреді. Осы негізден, қазақ халқының ұлт ретінде танылуының терең тамыры барын көреміз.

Национализм теориясын қарастырған К. Калхун ұлттың танылуын он фактор негізінде анықтайды. Осы ретте А. Амангелді «интернационализм» мен «национализмді» бірге қарастырып, ұлттық құндылықтар деп национализмді анықтайды. Сондай-ақ, ғалым А. Айталы «этникалық парадокс» терминін қазақ халқының бір сипаты ретінде таниды. Олай дейтініміз, бұл термин күтпеген жерден, ақылға сыймайтын этникалық құбылыстар ретінде анықталады. Асылында, күтпеген жерден кеңестік билік ыдыраған соң, оның құрамында болған халықтар өз тәуелсіздігін жариялағанымен де, өзге мемлекеттер сол елдің болашағына күдікпен қарады. «Шындығында, тарихтың қозғаушы күші таптық күрес қана деп келсек, бүгін өзінің жігеріне, күшіне, болашағына сенген ұлттар екендігін көрсетті» [32], - деп тәуелсіздік алған жаңа мемлекеттердің өзіне, өзінің болашағына сенетінін кеңес билігінен құрылған мемлекеттердің үлгісінде көрдік. Зерттеуші А. Айталы М. Шоқайдың еңбектерін зерттеп-зерделей келе, кеңес отарлау саясатының мынадай әрекеттерін көрсетеді:

1. Отарланған елдерге шикізат көзі ретінде қарау.
2. Ауылшаруашылық өндірісіне ұлттық республикаларды мамандандыру.
3. Орталықты азық-түлікпен қамтамасыз ету.
4. Ауылдық жерлерге жергілікті халықты шоғырландыру.
5. Үстем тап өкілдерінен кәсіби жұмысшы, инженер-технологтарды даярлап шығару.

6. Жершілдік, рушылдық, жүзшілдік психологиясын қолдап, ұлтішілік қақтығыстарды тудыру.

7. Тіл, дін, мәдениет пен дәстүрді құрсауда ұстау, ұлттардың рухани әлемін суалту.

8. Отарлаушы республикаларға орыс халқын қоныстандыру, байырғы халықты өзгерту, орыстандыру.

9. Репрессия, қуғын-сүргін саясаты, мемлекеттік органдар тарапынан халықты қудалау, меншігін тәркілеу, көзқарасының өзгеше болуына байланысты жер аудару, ату жазасы, халықты басқа жерге қоныс аударту.

10. Экологиялық отарлау [32, б. 10].

Аталған факторлардың барлығы қазақ жеріне орнаған кеңес билігі кезінде толықтай жүзеге асты. Кеңес одағының басты стратегиялық мақсаты қазақ жерінің тегін шикізат көзіне айналуы еді. Осы орайда, қазақ халқының қатты қарсылығын да атап өткеніміз жөн. Қазақ жеріндегі отаршылдыққа қарсы көтерілістер сонау он сегізінші ғасырда басталды. Е. Пугаев көтерілісінен кейін қазақ жерінде Көктемір, С. Датұлы, Махамбет пен Исатай, К. Қасымұлы, Ж. Тіленшіұлы, Е. Көтібарұлы, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістерді атап өтуімізге болады. Кеңес билігі жылдары 1979 жылы неміс автономиясының құрылуына қарсы, 1986 жылғы желтоқсан көтерілісі, 1990-1991 жылдары Маңғыстауда, Оралда болған көтерілістер де халықтың билікке өз қалауын жеткізген үлкен қозғалыстар болды.

Осы орайда, ұлт ретінде анықталудың негізгі үш факторы болатынына көз жеткіземіз:

- территория;
- ұлттық құндылықтар;
- жалпыадамдық құндылықтар.

Сонымен, мемлекеттің ұлт ретінде анықталуының ең басты факторы – территория. Территория нақтыланбаса, халықаралық деңгейдегі таластың басты себепкері ретінде алдыңғы орынға шығады. Бұл жайында З. Бжезинский «Великая шахматная доска» еңбегінде атап өтеді [33]. Зерттеушінің пікірінше, өз жерінің географиясын анық білу ішкі политиканы анық білу екенін атап өтеді. Бұл дегеніміз территорияның маңыздылығын анықтай түседі. Халықаралық қатынаста туындаған үлкен қақтығыстар мен соғыстардың басты себебі «жоғалған» немесе «қасиетті» жер аталатын шекара нақты белгіленбеген аумақта орын алады. Нақты белгіленбеген территория сөзсіз екінші елге «жоғалту» сезімін тудырады [33, с. 68]. Әр мемлекет үшін территория маңыздылығы анықталады.

Екінші ұлт ретінде анықталудың факторы ұлттық құндылықтардан көрінеді. Ұлттық құндылықтар ретінде ұлттық мінез, ұлттық мәдениет, таным, менталитет алдыңғы орынға шығады. Үшіншіден, жалпыадамдық құндылықтар қатарында еркіндік, тәуелсіздік, бостандық сынды ұғымдар, сондай-ақ диалектикалық құндылықтар да анықталады.

Ұлттық мінездің қалыптасуы тарихи, қоғамдық-саяси факторлар негізінде қалыптасады. Осы орайда, қазақ халқының қандай жағдайлардан өткенін

саралап, ұлттық мінезінің өзгеріске ұшырағанын отаршылықпен байланыстыра қарастырдық. Осы негізден поэзиядағы ұлттық және жалпыадамдық құндылықтарды анықтаймыз.

Ұлттық құндылықтардың негізі ретінде «ұлттық мінезді» қарастыра отырып, поэзиядағы көрінісін анықтауды мақсат еттік. Орыс зерттеушісі Э. Гелястанованың пікірінше, әдебиетте «ұлттық мінез» ұғымының ХХ ғасырда зерттеле бастағанын айтады. Зерттеушінің пікірінше, ұлттық мінез дегеніміз көпқұрылымды, динамикалық құбылыс. Ұлттық мінездің екі негізі бар:

- этностың тарихи дамуы;
- ұлттық психология.

Осы негізден ұлттық мінездің танылуы көркемдік образ арқылы танылатынын, яғни ұлттың психикалық болмысы, ойлау образы арқылы көрінеді. Әр халықтың әдебиеті халықтық болуға тырысады әрі солай танылады, әр халықтың әдебиеті идеялық мазмұнымен емес, жалпыадамдық құндылық арқылы ажыратылады [34].

Ұлттық мінез туралы С. Тер-Минасова зерттеу мақаласында стереотип негізінде анықтайды. Ұлттық кейіпкер терминімен қатар, зерттеуші С. Тер-Минасова Н. Ерофеевтің «этникалық идея» деген атауын атап өтеді. «Этникалық идея» әр түрлі халықтың вербалды портреті немесе суреті екенін айтады [35]. Сондай-ақ зерттеуші ұлттық мінездің біртұтас халық жайындағы мінез жиынтығы ғана емес, жеке адамның бойындағы адами қасиеті екенін де атап көрсетеді.

Тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңде күрделі байланыстарды, оқиғаларды сәтті еңсеріп, жаңа әлеуметтік, экономикалық және саяси жолға түскен Қазақстанның әлемдік қауымдастықта үлкен рөлі бар. Бүгінгі күні ұлттық идеяның маңыздылығы жоғары [36]. Осы негізден ұлттық құндылықтарды зерделеудің маңыздылығы көрінеді.

А. Қалиева, С. Ертай зерттеулерінде қазақ әдебиетінде жаңа тенденция барын айтады. Әрбір автор өзінің жеке байқауындағы пікіріне әр түрлі тәсілмен келетінін, қаламгерлердің көнені қайталаудан аулақ екенін, керісінше, ақиқат іздеудегі жаңа ізденісін жоғары атап өтеді [37]. Жаһандық өзгерістерге толы дәуірде әр қаламгердің ХХІ ғасырдың адамы қандай болу керектігін барынша қарастырады. Оның ішінде Қазақстан сынды тәуелсіздігін жаңа алған мемлекет үшін, оның халқы үшін ең маңыздысы – ұлттық құндылықты тану болып табылады. Сондай-ақ, зерттеушілер А. Жақсылықовтың шығармашылығын зерттей келе, мынадай пікірлерін білдіреді: «Адамзат өркениеті өзінің даму барысында терең дағдарысты бастан кешіруде. Рухани-адамгершілік құндылықтарын жоғалтқан қоғам өзін-өзі жоюға ұмтылуда, бұл құндылықтар парадигмаларының өзгеруімен, саяси агрессиямен және ядролық қарумен расталып отыр. Сөйтіп, «болашақ соғыста жеңімпаз болмайды» деген ой талданып отырған екі романның лейтмотивіне айналады» [37, с. 539], – деген пікірді келтіреді. Осы негізден жалпыадамдық құндылықтардың ұлттық құндылықтардан құралатынын, солай бола тұрса да әр халықтың негізгі құндылықтары әр адамның құндылығына айналатынын көреміз. Ұлттық

құндылықтар ұлтшылдықтың негізгі қозғаушы күшіне емес, жалпыадамдық құндылықтың қозғаушы күшіне айналуы керек екенін ұғынамыз.

А. Сен зерттеуінде демократияны жалпыадамдық құндылық ретінде таниды, бұлай анықтауының мынадай себептерін көрсетеді:

– саяси еркіндік адамның жеке еркіндігін сипаттайды, сонымен бірге қоғамдық және саяси құқық жеке адам саясаттың бір бөлігі ретінде көрінеді;

– саяси оқиғалардың өзге адамдарға естілуі, саяси оқиғалар назар аударудың маңызды құралы ретінде анықталады;

– құндылық ретінде адамдардың қажеттілігінің өтелуі [38], – деп анықтайды. Әрине, демократия саяси дауыс беру кезіндегі еркіндік қана емес, әр адамның ой бостандығы екені де анық. Осы негізден жалпыадамдық құндылық ретінде еркіндіктің маңызды екенін ұғынамыз.

Осы орайда, демократия – еркіндік деп таныған елдердің бірі ретінде Аргентинаны қарастыратын болсақ, бұл елдің әлі де демократия жолында екенін көреміз. Сол себепті жалпыадамдық құндылық ұлттық құндылықпен ұштасуы керек. Біз осы орайда мынадай (4) мформулананы анықтаймыз:

Ұлттық құндылық + жалпыадамдық құндылық + ұлттық құндылық =
Мәңгілік ел (4)

Қазіргі қазақ поэзиясында ұлттық және жалпыадамдық құндылықтардың көрініс табуы зерттеуші С. Ержанова анықтағандай [26, с. 20], түркілік идея негізінде көрініс тапты. Көне түркілік танымда елдің еркін болуы еркіндікпен, өзге елдермен терезесі тең қарым-қатынасқа негізделді. Түркінің ұрпағы ешкімге құл мен күң болмай, еркін өмір сүру, мәңгі ел болу көзделді. Кейін келе, қазақ жеріндегі барлық игіліктің қазақтың өңіріне түйме боп қадалуы керектігі, Алаш туы астында күн сөнгенше сөнбеу идеясы жарық көрді. Алаш зиялыларының шығармаларында (М. Жұмабаев, С. Торайғыров, А. Байтұрсынов және т.б.) оқу-білім тақырыбы қатты көтерілді. Кейін келе, қазақ тарихы социализммен байланысты қарастырылып келсе, тәуелсіздік кезеңінде қайта түркішілдік идеясы, бұрынғы ата-баба тарихы қайта жаңғырды. Уақыт өтіп, заман өзгерсе де халқымызда бір идея өзгеріссіз қалды. Ол – ұлттық идея. Ол – «Мәңгілік ел» болу идеясы.

Бұл идея бір жылдары Түрік қағанатының, енді бірде Қарахан мемлекетінің, енді бірде Қазақ хандығының, ал енді бір дәуірде Алашорданың, кейін келе Қазақстан Республикасының негізгі тірек идеясына айналды.

«Бабам - түрік» деп жырлаған ақындарымыз бұрынғы дәуірлеп тұрған кезеңді еске ала отырып, қазақтың да өзге елдермен терезесі тең араласатын күн туарын, ата-бабаның арманы орындалатынына шүбәсіз сенді. Осы идеяның негізінде ұлттық және жалпыадамдық құндылықтың негізі саналатын тәуелсіздік, еркіндік идеясы алдыңғы қатарға шықты. Мәселен Е. Жүністің «Менің атым - Тәуелсіздік» өлеңінде «алып» сөзін мынадай сөздермен байланыстырады: алып қорған, алып тұлғалар, алып таулар, алып сөздер, алып кітаптар, алып ойлар, алып сағаттар, алып жүректер, алып құрлықтар, алып

заңдар, алып мұхиттар, алып тәждер, алып мүсіндер, алып саналар деп кеңестік жүйедегі ұғым-түсініктерді жеткізеді. Кейінгі ұрпақтың ерлікті біліп, мыңжылдардан өткен елдің тарихы ұлылықпен байланысқанын айтады. Және ақын былай дейді:

...Тәуелсіздік ше?

Ол – менің тегім,

Ұлдарыма оны дарыттым.

Тәуелсіздік – мен,

Ол – мен асқақ аңызым,

Болмысы ол ұлдың өзіңнен туған,

Жарық күн!!! [39] – деп еркіндікті жырлайды. Тәуелсіздіктің құндылық ретінде ерліктің символы екенін жеткізеді. Түркілік таным жайындағы Ұ. Есдәулеттің «Біз – түркілерміз» өлеңінде:

Кеудемізді билеген асқақ арман,

Тарихымыз дастан боп таста қалған,

Тірсегіміз тілінген кездерде де

Жан жүректі жерім жоқ жасқа малған [40], - деп түркілік танымды алдыға шығарады. Ақын шығармашылығында қазақтың басты қасиеті ретінде «намыс» көрінеді.

Найзағай Намыс – қазаққа біткен шамшырақ!

Алашқа біткен тамшы бақ! –

Намысың тірі тұрғанда

Бұйым болып па,

Басыңа түскен сан сынақ! [41] – деген жолдар арқылы халқымыздың басынан небір оқиғалар өтсе де, еркіндікке ұмтылудың негізінде «намыс» қасиеті жатқанын көрсетеді.

К. Ахметова «Теңдік үшін мұхитқа қайық салдық» өлеңінде тәуелсіздік, азаттық, бостандық сынды құндылықтарды қарастыра отырып, байтақ елдің басынан өткен оқиғаларды саралап, ұлы енші екенін жеткізеді. Ұлы үлес, ұлы күш, ұлы енші деп еркіндіктің халық үшін маңыздылығын айтады [42]. «Қазақтың тұтастығы – қасиетті іс» өлеңінде:

Сын сабақ – уақыттың ұстыны ұлы.

Топталса, күйқылжиды құстың үні.

Қазақтың тұтастығы – қасиетті іс!

Береке – Ар, Сана, Рух күштілігі! [42, б. 38] – деп ұлттық құндылықтардың ар, сана, рух үштігінде анықталатынын, татулық пен берекенің негізі де осы үшеуі екенін жеткізеді. «Қазағым менің» өлеңінде:

Жауына қатты қасарған,

Қасарған сайын жасарған.

Найзамен

Нағыз қазақтың

Намысын кімдер баса алған?! [42, б. 80] – деп халқымыздың қай уақытта еркіндік үшін күрескенін жеткізеді. Осылайша, қазақ поэзиясында ұлттық

құндылықтар халқымыздың асыл қасиеттерімен байланысты екенін көреміз. Ендігі кезекте, қазақ поэзиясындағы этномәдени дүниетанымын қарастырамыз.

1.3 Қазақ поэзиясындағы этномәдени дүниетаным сипаты

О. Абишева зерттеулерінде қазақ дүниетанымының дала ориентациясымен байланысты екені айтылады. Америка зерттеушісі Р. Редфильдтің әлем бейнесі жайындағы пікірін негізге ала отырып, адамның ерекше символдық құрылымдар арқылы негізі қалыптасатынын анықтайды. Символдық құрылымдар ретінде тіл, дін, өнер, ғылым, мифология анықталады. Шығармашылық кезеңі 1970-1980 жылдармен сәйкес келетін Б. Канапьянов, Ә. Қодар, Б. Каирбеков шығармашылығын қарастыра отырып, зерттеуші О. Абишева мынадай пікірге келеді: «Аталған қаламгерлер орыс тілінде жазады, дегенмен қазақ тілінен орыс тіліне аударады. Ақындар кеңестік заман өкілі болғандықтан, поэзиясы жай ғана орыс поэзиясы төңірегінде анықталып қоймайды. Керісінше, орыс тілі арқылы әлемдік кеңістікке талпынып, поэтикалық тұрғыда ұлт рухымен сусындалған. Өлеңдерінде халқының ұлттық өміріне деген қатысы анық көрінеді. Қоғамдық, философиялық, метафизикалық аспектіде халықтың болмысын танып, ұлттық космос пен әлем бейнесін қаламгер ретінде тануға талпыныс жасады» [43], – деп ұлттық құндылықтар мен салт-дәстүр негізінде ұлттық болмысты сипаттағанын атап өтеді.

Г. Даирова, Л. Хасанаева зерттеулерінде этномәдени дүниетанымға кеңес билігінің әсері қарастырылған. Зерттеушілер: «Кеңес заманында қазақтардың этномәдени даму бағыты өзгеріссіз қалып, мәдени өзгерістер қарқыны өспеген болатын. Бірнеше жыл ішінде қазақтар отырықшылыққа көшіріліп, олардың дәстүрлі көшпелі және жартылай көшпелі өмір салты іс жүзінде жоғалды десек те болады. Бірнеше онжылдықта Қазақстанның этникалық құрамы түбегейлі өзгеріп, бүгінде қазақтардың едәуір бөлігі аралас ұлттық ортада тұрады. Урбанизациялық үдерістерді қазақ қоғамы да қамтылып, қазақ этносы өмір сүретін осы жаңа жағдайлар оның мәдениетіне біршама жоғары деңгейде әсер етті» [44], – деп этникалық үдерістердің орын алғанын, қазақ тарихындағы маңызы жоғары болғанына тоқталып өтеді. «Адам рухы шектілікті заңдарға, қажеттілікке бағынбайтын өзіндік мәні бар болмыстың маңызды бөлігі және өзіндік ерекшелігі. Адамның қоршаған ортамен байланысы арқылы туындаған руханилық тіршіліктегі, мәдениеттегі, білімдегі ұдайылықты, тұрақтылықты қамтамасыз етіп отырады. Осы рухани тектіліктер арқылы қоғамдағы мағыналы құндылықтар мен қазыналар ұдайы өмір сүреді, олар салт-сана, әдеби, ғылыми, өнер шығармашылығы арқылы ұрпақтан - ұрпаққа жетіп отырады. Сондықтан да адамның руханилығы шексіз. Адам бірегей және әмбебап, қабілетті, ешкімге тең келмес табиғат жаратылысы. Адам – ішкі және сыртқы арақатынаста болады. Адамның рухани әлемі – оның ішкі өмірі, бірақ ол іс-әрекеттің түрлі формаларында, еңбекте, ойында, көркем шығармашылықта көрінеді. Дүниетаным шексіз, шекарасы жоқ рухани әлем. Адам бар жерде дүниені тану, қабылдау, сезіну бар. Ал, ұлт бар жерде дүниені тану мен қатар игеру, яғни дүниетанымдық құндылықтардың өмір сүрері анық. Қазақ ұлты жердің қадірін

оның құнарымен бағалаған, жердің құнарының адамға берер қуатын философиялық деңгейде пайымдаған. Адам баласының рухани қалыптасуының, әлеуметтенілуінің қозғаушы күші – бұл қажеттілік. Сол қажеттіліктерді жүзеге асыру бағытында адам өзінің тәжірибесін қалыптастырады» [44, с. 687], – деп дүниетанымның жеке адамның қажеттілігі мен тәжірибесіне негізделетінін айтады.

Г. Билялова зерттеуінде Қазақстанның рухани дамуында этнос санасы ұғымы қарастырылған. Этникалық көп құрылым халықтың тарихи ерекшелігі ретінде анықталып, қоғамдық, политикалық, экономикалық фактор ретінде қоғамдағы және халықаралық дамудағы тұрақтылықтың негізгі себебі ретінде анықталады. Этникалық сана мен этникалық жад адамдар қауымының мәдениетін, дәуірін сипаттайтын негізгі дүниетаным ретінде көрінеді. Оның ішінде мынадай адамдар қауымы айрықшаланады:

- ру;
- тайпа;
- этнос;
- ұлт;

– мемлекет [45], – деп анықталады. Аталған қауым адамзаттың мемлекетке дейінгі қалыптасуының формасы ретінде сипатталады. Адамның алғашында ру, тайпа деңгейінен республикалық басқаруға дейін өсуіне дүниетанымы, санасы әсер еткенін көреміз.

Сонымен бірге зерттеуші этникалық жад терминін қолданады. Аталған термин жасау, жинау, сақтау, жалғастыру сынды әрекеттердің жиынтығы негізінде ұлттық-мәдени, экзистенциалды құндылықтарды сақталуынан көрінеді. Жад арқылы ментальды, идентификациялық негізі сақталды:

- архетип;
- этникалық сана құндылығы;
- этникалық тарих;
- ауызша және жазбаша халық өнері;
- дәстүр, ритуал [45, с. 111], – арқылы этникалық жадта халық туралы ақпараттар сақталды.

Зерттеуші «дала», «жол», «Жер-ана», «Құт», «Шаңырақ» архетиптерінің қазақ халқының этномәдени дүниетанымының негізі ретінде анықтайды. Сондай-ақ, Сарыарқаның дала эквиваленті ретінде көрінетінін әрі аутентикалық дефинициясы екенін айтады [45, с. 112]. Осы негізден қазақ дүниетанымының дала философиясына негізделгенін көреміз.

Ә. Қодар зерттеуінде этникалық сипаттама үш түрлі негізде анықталады:

– топ мүшелерінің территориялық және тарихи қалыптасуы туралы пікірлерінің болуы, тіл бірегейлігі, материалды және рухани мәдениеттің сипаты арқылы анықталады;

– отан туралы, халық жайындағы қалыптасқан саяси түсінік;

– артықшылық сезімі, топ мүшелерінің сол этностың мүшесі ретіндегі саналылығы, бірдей әрекеттері [46], – деп анықтайды. Сонымен бірге: «Этничность как компонент индивидуального самосознания и как

общеразделяемая коллективная вера определяет себя через фундаментальные связи с другими культурными, социальными и политическими общностями, в том числе государственными» [46, с. 15]. Зерттеуші кеңес билігінің қазақ халқының барлық түсінігіне кері әсер еткенін айтады. Көшпелі әрі еркін халықтың отар әрі бюрократиялық мемлекетке айналғанын айтады. Ғылым мен техникадағы үлкен әрі атаулы жетістіктер ұлттық құндылығына нигилистік көзқараспен қарауға әкелгенін айтады. Зерттеуші бұл процестің қалайша жүргенін былай көрсетеді:

1. Т. Рысқұлов, С. Қожанов, М. Жұмабаев және т.б. Біртұтас Түркістан идеясы.

2. Репрессия.

3. Ұлы Отан соғысы [46, с. 102], – деген процестер ұлттың дүниетанымына, ұлттың өзі жайлы түсініктеріне кері әсерін қалыптастырғанын айтады.

Осы негізден этникалық дүниетаным қазақ халқына түсінікті әрі бірдей және «дала» түсінігінің қазақ ақындарында қалай көрініс тапқанына тоқталып өтсек.

С. Сейфуллиннің «Далада» өлеңінде ХХ ғасырдағы өзгерістердің кедейдің тендік алуы, тұрмыстың зынданынан босап, еркіндік, кеңдік іздеген қазақ кедейлерінің бейнелері суреттеледі. Бұл өлеңнің заман сипаты негізінде жазылып, қазақ танымындағы «дала» - «еркіндік» деп танылса да, бұл жердегі еркіндік жай ғана еркіндік емес, саяси еркіндік екенін көреміз. «Қазан төңкерісі» арқылы байлар кедейлермен бірдей болу керек деген түсінік қалыптасып, кейіннен қазақ жерінде де «Кіші Қазан төңкерісі» орындалған болатын. Солай, дала заңдылығы бұзылып, отаршылық салты еніп, символикалық тұрғыда «дала» еркіндік деп сипатталды.

М. Мақатаев шығармашылығында «дала» Жерұйық ретінде танылады. Бұл қазақ жеріндегі, танымындағы, мәдениетіндегі ұлттық идеяның бірі. Жерұйықты іздеу жердегі құтты мекенді табу. Жай ғана утопиялық идея емес, ұлт ретінде нығаюдың, ұлттық бірегейліктің идеясы болды.

Ж.Саин шығармашылығында «дала» түсінігі қазақ жеріндегі кеңестік биліктің нығаюының көрінісі ретінде көрінеді. Игі іс пен екпінді еңбектің далада жүріп жатқанын, ауыл шаруашылық, ғылым, техникадағы жаңалықтардың көп екенін айтады.

Ж. Нәжімеденов шығармасында «дала» тақырыбы көтеріліп, өзінің еркіндік жайлы пікірлерінің енді қалыптасып жатқанын аңғартады.

Мен дайынмын

Тауық болып теруге

өз тағдырым тары болса шашылып

Алдым – алаң, қалжыраған жоқ денем,

Жұмсақ ауа леп еседі өкпеден [47], – деп қазақ жеріндегі өзгерістерді аңғарып, алдыға үлкен үмітпен қарап, болашаққа деген сенімі көрінеді.

Ақын Қ. Сарин танымында дала жай ғана кең даланың көрінісі емес, көсілген кең даланы мекендеген ата-баба, батыр баба, данышпан, жусаны

аңқыған даланы мекендеген халықтың тоғыз пернелі домбырасы, қоңыр қобыз, далиған даланы мекен еткенін айтып, соры бес елі бабаның батпандай бағы бар ұрпағымыз деп «дала» түсінігін тіптен тереңдетіп жібереді. Осынау кең даланы мекен еткен ата-бабамыздың шетінен батыр, данышпан екенін айтып, мұра етіп қалдырғанын, домбыра мен қобызын мирас еткенін де атап өтеді. Жоғарыдағы ақындар сияқты толғау айтып, не болмаса болашаққа деген үміт жоқ, керісінше, үлкен сенім жатыр. Әрі-беріден соң жай сенім емес, кең даланың иесі – БІЗ деген айбар жатыр.

Халқымыздың «дала» этномәдени дүниетанымы «Жерұйық», «Жиделі Байсын», «Сарыарқа» түсініктерімен байланысты. Бұл халқымыздың арасында «ғажайып мекенді іздеу» мифтік түсінігімен астарласады. Әрі көшпенділік философиясының негізінде «кең дала» дұрыс жолды табудың негізі ретінде анықталады. Осы негізден «дала» кең даланы мекендеген халықтың танымында түрлі түсінікпен анықталатынын, символикалық тұрғыда еркіндіктің, кеңдіктің, дархандықтың көрінісі екенін анық көреміз. Қорыта келе, «дала» түсінігі дүниетанымда былайша анықталады:

1. Дала – тіршілік жүйесі.
2. Дала – еркіндік.
3. Дала – ұлттық бірегейлік.
4. Дала – биліктің нығаюы.
5. Дала – ата-баба мұрасы.

«Қай этнос болмасын, өзінің белгілі бір өмір жолын басынан кешіргендіктен, оның өз халқына, ұлтына, еліне, жеріне тән іс-әрекет жүйелері де болады. Бұл жүйелер ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келген жаңсақ нанымдар негізінде пайда болады. Оны ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу сол этнос өкілдері арқылы орындалады. Ендеше, оның өзіндік тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, танымдық ерекшелігі танымдық іс-әрекет негізінде танылып, өзінің өмірін жалғастырады. Тұлға сол арқылы өзінің халқының құндылықтарын ақтаушы субъектісі болып есептеледі. Әр этностың тілін, дінін, мәдениетін, әдебиетін білу, тану белгілі танымдық іс-әрекеттер арқылы орындалып, біріккен танымдық іс-әрекет жүйесін құрайды» [48], – деп этностың сана-сезімі тілмен байланысты екенін атап көрсетеді зерттеуші Б. Әмірова. Осы негізден зерттеуші Б. Әмірова ұлтқа тән мынадай рухани элементтерді атап көрсетеді:

- тіршілік жүйесі;
- дүниені қабылдау;
- ұлттық дамудағы идеялары;
- құндылықтары құрала келіп, этностық қауымдастыққа біріккенін көреміз [48, б. 10].

Сондай-ақ зерттеуші Б. Әмірова И. Гердердің пікірлерін негізге ала отырып, ұлттық мінез-құлықтың қалыптасуының екі факторын көрсетеді. Бірінші фактор – ішкі факторлар, ұлттық мәдениет пен қоғам дамуының көрінісі ретінде анықталады. Екінші фактор – сыртқы, табиғи жағдай негізінде анықталады [48, б. 12].

Психология саласының этнопсихология, этнопедагогика саласында өнімді еңбек еткен Қ. Жарықбаев қазақ халқының психологиялық қалыптасуын үш кезеңде қарастырады:

– бірінші кезең – психологиялық пікірлердің ілкі бастауы болған түркілік таным;

– екінші кезең – Қазақ хандығы дәуірінен басталып, ХХ ғасырдың басына дейінгі уақыт.

– үшінші кезең кеңес билігінің орнауымен қалыптасты [49].

«Дала ойшылдарының ішінде адамгершілік-психологиялық толғаныстарымен көзге түскен жыраулар Асанқайғы, Қазтуған, Дулат т.б. болды. Олар өз жырларында бейбітшілікті аңсап, халықты отансүйгіштікке, ауызбіршілікке, ізгі ниеттілікке, қарапайымдылыққа, имандылыққа шақырып, қырсық-қыңырлықтан, арызқойлықтан аулақ болуға шақырды» [48, б. 25], - деп Б. Әмірова қазақ жеріндегі данышпандылықтың үлгісі болған тұлғалардың ой-пікірлерін атап өтеді.

Дегенмен, халқымыздың дүниетанымында этномәдени сипаты ретінде трайболизм бір түрі ретінде рушылдық көрінеді. Бұл жөнінде А. Лиясова, Ф. Өскенбай, Р. Алибаева, Т. Жаканова зерттеу мақаласында қозғалған. Халқымыздың басты этникалық қасиеті ретінде рушылдық Қазақ хандығының консолидациясы кезінде басталған, уақыт өте келе негативті сипаты анық айқындалған. Зерттеушілер мынадай пікірді айтады: «1917 жылғы Қазан төңкерісіне дейінгі кезеңде де рушылдық, жүзшілдік жіктелу қазақ қауымында да орын алып келеді. Қазақ халқы, алдымен, үш жүзге, сонан соң ру, тайпаларға бөлініп алып, бір-бірімен қырғи қабақ ақи көз болып, өзара қырқысты толық тоқтата алмады. Алайда бұл құбылыстың алғашқы қауымдық құрылыс адамдарына тән психологияның ғарыш ғасырының табалдырығына дейін өмір сүріп келу құбылысының өзіндік саралы себептері бар болатын» [50], - деп қазақ трайболизмінің өз басына дерт болғанын аңғартады. Сондай-ақ зерттеушілер қазақ халқы трайболизмінің тоқтайтын тұсы бір орталыққа бағынған, орталықтандырылған мемлекеттің құрылып, абсолютті биліктің нығаюы екенін айтады. Сонда рушылдық психологиясы бір орталыққа бағынған мемлекеттің ең осал тұсына айналмайтынын көреміз. Халық танымында сексеуіл ағашын жинауда, оларды бір-біріне соғып қана ажыратып алатыны жайлы мысал бар. Сол секілді қазақ халқында солай бір-бірімен жауластыру арқылы ғана отарлау саясатының жүзеге асқанын көреміз.

Десе де, қазақ жерінде бір орталыққа бағынған мемлекет құру тіптен мүмкін болмауының мынадай тарихи себептері бар:

– моңғол, татар, жоңғар шапқыншылығы;

– қоқан, Хиуа хандықтарының қысымы әсер етті.

Аталған себептер негізінде зерттеушілер атап көрсеткендей «Ресейге «өз еркімен» қосылар тұсында өмір сүретін адамдар қауымдастықтарына тән психологияның қалдықтары сақталып қалған болатын» [50, б. 38], - деп халық психологиясында шапқыншылықтардың әсерін жеткізеді. Осылайша

зерттеушілер патшалық Ресейдің өзге халықтарды отарлауда мынадай әрекеттерін атап көрсетеді:

- өзге халықтарды ұстап тұруды ғылыми саралай білді;
- аз санды халықтарды үйіріп алу үшін большевиктік ұрандарды, коммунистік идеологияның түпкі мақсатын түсінбеген бұқараның еріп кетуі арқылы көрінеді.

Патшалық Ресей қазақты бағындыруда атқа мінерлерді тиімді қолдана білді. «Қазақтың жерін тілгілеп, келімсек мұжықтарға аударып бере бастады, тілін бұзуға, дінін бұзуға ауылнай, өкілдер, миссионерлер таратты, әдет-ғұрпын, салт-санасын өзгертіп, орысқа бас игізуге жаңа закон, мировой судья, крестьянский начальниктер шығарды. Қазақты ішінен тоздыруға, сайлау штат деген шырға тастап, өзді-өзін жұлыстырып, қырқыстырды» [50, б. 38], - деген Ж. Аймауытовтың пікірін келтіреді. Бұқараның арасында болыстыққа, тілмаштық қызмет үшін ғана оқытуы Абай өлеңдерінде де сыналған болатын.

Солай, ұлт психологиясына қарсы әрекет ететін рушылдық халық санасында негативті сипатта емес, бірігудің, алдыға жылжудың, бірліктің символына айналуы керек екенін ұғынамыз.

Ұлттық мінездің қалыптасуы жайында зерттеуші Ә. Көкебаева мынадай деңгейлерді анықтап көрсетеді:

Квазипсихологиялық деңгей – көпшілік санасындағы осы ұлт өкіліне тән көрініс беретін қабылдау эталондары, жеке адам сипаттары, мінез-құлық нормалары туралы түсініктер зерделенеді;

Интерпсихологиялық деңгейде көпшілік санада пайда болған этникалық стереотиптердің этникалық операциялық қондырғылары мен бірлескен іс-әрекеттегі мінез-құлықтың айқындаушы тәсілдері ескеріледі;

Интропсихологиялық деңгей – жеке тұлғаның жеке адам ретіндегі қылықтарын айқындайтын этникалық мәнді құндылықтарды зерделеу деңгейі [51]. Аталған деңгейлер – этномәдени дүниетаным қалыптасуының негізі.

Зерттеуші Ә. Көкебаева «ұлттық мінездің» «менталитет» сөзімен байланыстылығына назар аударып, менталитеттің рухани дүниесін, ойлауын білдіретінін анықтайды [51, б. 62]. Солай менталитеттің қоршаған орта негізінде қалыптасқан әлем бейнесінің ерекшелігі екенін ұғынамыз. Осы негізден менталитеттік тұлғаның, болмаса әлеуметтік топтың ойлау, сезіну, әрекет ету бейімділігінің жеке және ұжымдық санада көрініс табуы екенін көреміз.

Осы негізден, әлемнің ұлттық бейнесі мынадай элементтерден құралады:

- мінез-құлық стереотиптері;
- салт-дәстүр;
- тәрбие жүйесі;
- діни көзқарас [51, б. 63], – деп анықталады.

Зерттеуші Ә. Көкебаева ұлттық сезім ұғымына арнайы тоқталады. Бұл жайында: «Ұлттық сезім ұлттың өзіндік санамен тығыз байланысты. Сонымен ұлттық сезім ұлттың өзіндік сананың эмоциялық жағы болып есептеледі және эмоциялық жағдай ретінде көрініс табумен қатар өзі ұлтына және басқаларға

деген қажеттілік пен қызығушылықты көрсетеді. Ұлттық сезім – шын мәнінде ұлттың психикалық ерекше тұрпатын танытады. Сезімде өмірдің нақтылығы емес, оған деген субъективті қарым-қатынас білінеді. Басқа халықтарға ұлт өкілдері өз мүдделері тұрғысынан қарайды. Сол себепті ол ұлттық өзіндік сананың құрамына жатады. Мүддеге жағымды және жағымсыз сенімсіздік сезімдер кіреді. Сондықтан ұлттық сезімнің мазмұнын белгілі этносқа, қоршаған ортаға деген қарым-қатынасты байқауға болады. Басқа сөзбен айтқанда, ұлттық сезімде қоғамдық жағдайына және қоғамдық тәртіпте болып жатқан оқиғаларға эмоциялық баға беріледі. Мұнда сана-сезімнің ерекшелігін ескерген жөн. Қоғамдағы қарым-қатынастарға және әлемдегі түрлі құбылыстарға баға бергенде де адамдар ұлттық сезім аясынан шыға алмайды» [51, б. 64], – деп пікірін білдіреді.

Осы негізден қазақ халқы этномәдени дүниетанымының негізгі элементтері ретінде дүниетанымды, ұлттық мінез-құлықты, менталитетті қарастырып өттік. Аталған аспектілер қазақ халқының дүниетанымының қалыптасуының негізі ретінде үлкен рөл атқарып, тарихи-қоғамдық, әлеуметтік сипаттарын ашық көрсетеді. Қазақ поэзиясында дүниетанымның этномәдени сипаты мынадай факторлармен байланысты екенін анық көреміз:

Тарихи факторлар. Қазақ жерінде орын алған оқиғалар, қаламгердің оған өзінің жеке көзқарасы.

Қоғамдық факторлар. Қоғам өзгеріп, оны бағалаудың да өлшемі өзгереді. Кеңес заманында оң бағаға ие болған оқиғалар, уақыт өте келе негативті сипаты айқын көрінді.

Тұлғалық факторлар. Автордың оқиғаға өзінің тікелей араласуы, жеке өзіндік баға беруі, жан-дүниесімен сезінуі, түркілік негізге табынуы сынды құбылыстар арқылы көрінеді.

Б. Нұриманов зерттеулерінде мәдени құндылықтардың маңыздылығын, қоғам талабына сай өзгерістерге ұшырайтынын айтқан болатын [52]. Осылайша мәдени құндылықтар тәуелсіздік кезеңінде ұлттық ерекшеліктердің айқын көрінісі болғанын анықтай түсеміз.

Зерттеуші С. Ержанова ХХ ғасыр аясындағы поэзияда түркішілдік сарынның маңыздылығын атап өткен болатын [26, с. 22]. Кеңестік дәуір тұсында орын алған оқиғаларды, жеке тұлғаны айрықша дәріптеу саясаты негізінен поэзияда этномәдени дүниетаным айтарлықтай көрінді дей алмаймыз. Дегенмен, кей ақын шығармаларында көрініс тапты. Мәселен, Ф. Оңғарсынованың «Ою» өлеңінде ұлттық құндылық, этномәдени дүниетаным айқын көрінеді. Халқымыздың ертеден келе жатқан кәсібі – текемет ою, киіз басу ұмытыла бастағанын, халқымыздың ежелгі ісінің ою арқылы еске түскенін жеткізеді. О. Сүлейменовтың «Қыз қуу» өлеңінде халқымыздың ертеден келе жатқан ұлттық ойынының маңыздылығын жеткізіп, ұлттық танымдағы алар орнын көрсетеді.

Этномәдени дүниетаным жай ғана ұлттық болмысты сипаттап қана қоймай, ұлттық танымда үлкен орын алатын ұлттық руханилығымен тікелей байланысты бағамдауы ретінде көрінеді.

Мәселен, алтынкөпірлік атанған Б. Бабажанұлының «Жанайқай» өлеңінде «аманат», «обал», «сауап» ұғымдары үлкен маңызға ие. Ата-бабадан қалған аманатты қорғау керектігін, обал мен сауапты ажырата білген халқымыздың адамгершілік философиясы тереңдігін көрсетеді. «Қазақ» өлеңінде ұлттық рух мәселесі қарастырылған.

...Жанды көрсем, борға айналған шыдамы

Қиындықтан болып әбден үргедек.

Шапалақпен тартқым келіп тұрады

Жи есінді, қазақ емессің бе?! – деп [53], - деген ақын өлеңі қазақтың еркіндігін, батылдығын үлгі етіп, бор мінез болмауға шақырады. Ақын танымындағы ұлттық мінез негативті сипатта анықталып, ұлттық мінезді диалектикалық сипатта қарастырады. Ақын танымындағы ұлттық мінездің сипаты қазақ халқының қандай қиындық көрсе де, жігері еш жасымағанын көрсетуден байқалады.

Зерттеулерімізде түркілік бастау, түркілік сарынды атап өттік. Аталған мәселе жөнінде Т. Еңсегенұлы ұлттық дүниетанымның бастауы, ұлттық мемлекет құрудың негізі, мықты, мәңгі ел болудың қазығы екенін айтады [54]. Түркілік идея тәуелсіздік кезеңінің түпкі негізі ретінде танылады.

Ақын Б. Бабажанұлы ауыл тақырыбын жаңа сипатта қарастырады. «Ауылға хат» өлеңінде апасына, ауылына деген сағынышы қозы-лақ пен бұзаудың ойынын еске алған ақынның сипатынан көрінеді. Сондай-ақ «Түс. Әму» өлеңінде де балалығының айнасы болған Әмудария түсіне кіретінін туған жерге деген сағынышы арқылы жеткізеді [55]. Туған жерге сағыныш «Отан», «атамекен» ұғымдарымен байланысты. Ақын туындыларындағы этномәдени тенденцияның [56] тәуелсіздік кезеңінен бастау алғанын аңғарамыз.

Г. Пірәлиева түстің психологиядағы маңыздылығын айқындап, қазақ прозасындағы модерндік әдістің бірі ретінде айқындаған болатын [57]. Осы негізден қазақ поэзиясында да түстің қолдануы ұлт танымның бір көрінісі ретінде танылады. Халқымыздың дүниетанымында түстің алар орны ерекше. Түсті болжау қарапайым адамның қолынан келер дүние емес. Оны үлкен данышпан, ақылгөй адам жақсылыққа жорымаса, қарапайым адамның жоруы шындыққа сай келуі әбден мүмкін. Сол себепті дискурс тұрғысынан түстің салмағы басым екенін анық аңғарамыз. Ақын Б. Бабажанұлы да ұлттық психологизмнің бір қыры ретінде түсті туған жерге деген сағынышы арқылы анық әрі дәлелді жеткізе білген.

Осы негізден этномәдени дүниетаным халықтың бүтін болмысын, әлемге деген көзқарасының көрінісі екенін көреміз. Бұл арқылы ұлттық, мәдени концептілер қалыптасып, поэзияда халықтың ұлттық таным бейнеленеді [58]. Қазақ халқының ұлт ретінде ұйысуы, қалыптасуы сонау он төртінші ғасырда басталса да, басталу тарихы өте тереңде. Ғұн, сақ, сармат тайпаларының өркениетін, Түркі қағанатының жетістіктерін меңгерген, Шыңғыс ханның империясын басынан кешірген халқымыз ұлт ретінде тарихи сахнаға «еркін, тәуелсіз» сипаты арқылы танылды. Дүниетанымның негізі осы еркіндікке негізделді.

«Қазақ халқы бағзы заманнан салт-дәстүрге бекем, адами құндылықтарды биік ұстанатын, ұлттық коды ғасырлар бойы қалыптасқан, адалдық, шыншылдығымен ерекшеленетін. Сонымен бірге ұлттық код, ұлттық рух, ұлттық мүдде ұлтымыздың өзіндік қасиеттерін жаңғыртуда маңызды мәселелер болып табылады. Кез-келген өзгерістер тоғысында адам жанының рухани-элеуметтік жаңғыруы ұлттық мәдени кодта жасырылып жатқандығы этномәдени ақпарат арқылы ашылады» [59], - деп зерттеуші әдеби-көркем мұраның этникалық мәдениетті қайта жаңғырта алатынын М. Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясы арқылы дәлелдейді. Шығарманың өн бойында ұлттық құндылықтардың молынан кездесетінін, көркем шығарманың этномәдени дүниетанымды танытудағы қызметінің маңыздылығын көреміз. Ұлттық идея әр кезеңде көркем шығармаға өзек болып отырды. Күлтегін, Тоныкөктің тасқа басылған жазулары, орта ғасырдағы ислами, діни идеялар, кейінгі Қазақ хандығы тұсындағы жыраулық поэзия, зар заман поэзиясы, ағартушылық идея да көркем шығарма арқылы халыққа тарайды. Тіптен халық фольклорының қалыптасуы, дамуы, таралуы да көркем шығармамен, оның ішінде поэзия арқылы жүзеге асты. Халықтық идеяның негізі поэзия екенін аңғарамыз. Қазақ жерінде ұлттық идея, ұлттық рухтың көрінісі ретінде алдыңғы орынға көркем шығарма шықты. Осы негізден көркем шығарма этномәдени дүниетанымды танытудың басты құралы болуының себептері мынадай:

- көркем шығармаға өзек болған себеп, қажеттілік;
- ұлттық мінез, ұлттық дүниетаным арқылы анықталуы;
- автордың бағасы, өзіндік көзқарасы ұлттық құндылық арқылы көрініс табуы.

Осы негізден көркем шығарманың маңыздылығын этномәдени дүниетанымды сипаттауда, анықтауда арта түсетінін көреміз. Халқымыздың ұлттық идеялары, ұлттық болмысы қашанда көркем шығарманың өн бойынан табылып отырды.

М. Айтхожинаның шығармаларында жол тақырыбы ерекше қарастырылған. Жол ұғымы кең даланың, ғажайып сағыныштың белгісі ретінде суреттеледі. «Жолдар сыры» өлеңінде еркін қырандай қанат қаққан өр ақынның болмысы қарастырылады. Н. Айтұлы «Жол» өлеңінде ер жігіттің сапарға аттанатын күні туатынын, тоғыз жол торабында жақсы, жаман адамдарды кезіктіретінін айтады. Ж. Нәжімеденов шығармашылығында «жол» ұғымы ескінің жаңамен жалғасуы ретінде танылады. «Жол» ұғымы көшпелілер танымында өмір символы ретінде анықталады. «Тал бесіктен жер бесікке» дейін түсінік қалыптасқан халқымызда жол ұғымының мәні терең. А. Насырова мен Ж. Ермекованың зерттеулерінде «жол» бағыт, жақсылық пен жамандық алтернативасы, негізгі мақсат, қозғалыс, рухтың өрлеуі екенін айтады [60]. Осы негізден тәуелсіздік кезеңіндегі ақындар туындыларында жол қазақ халқы рухы оянып, өткен жақсы, жаман оқиғаларды артқа тастап, алдыға ұмтылу екенін анықтаймыз.

«Шаңырақ» ұғымы – әр қазақ үшін киелі. Әр адамның биік нысанасы, отбасының татулығы, ұлттың қайғысыз өмір сүруі – шаңырақпен байланысты.

«Шаңырақ» концепті ретінде отбасы, құт, татулық, бірлік сынды ассоциациялармен анықталады. Халық дүниетанымында «шаңырақ» – уақыт пен кеңістіктің тұтастығы. Күннің шуағы күлдіреуіштер арқылы тарап, өмірдің, тіршіліктің символдық бейнесі ретінде шаңырақтың маңыздылығы жоғары. «Шаңырақтың биік әрі берік болуы» – халықтың амандықта, татулықта өмір сүруінің символы. Киіз үйдің ең киелі бөлігі саналатын шаңырақты құлатпауға тырысқан. Десе де, шаңырақпен байланысты «қара шаңырақ» ұғымы кенже баласына мұрагерлікпен берілетін әке үйі, үлкен шаңырақ мағынасын береді. Ф. Оңғарсынова «Шаңырақ» өлеңінде шаңырақтың шатынап тұрғанын мынадай себептермен анықтайды: пәтуасыз қарт, жуас келін, ойсыз қыз, қиын бала. Бауырмалдық, бірлік болмаса бақтың келте болатынын, үлкендер үлкенше, жастары жасша тірлік болмағанынан бақ қонбайтынын айтады. Ж. Нәжімеденов шығармашылығында «Шаңырақ» есті адамдардың орны екенін жеткізеді. Қарияның шаңырағында сау ердің болмауы басты кемшілік ретінде көрінсе де, авторлық позиция тарапынан нағыз кемшілік, мүгедектік адам бойындағы күншілдік, өсек, жарамсақ, жымысқы сияқты қасиеттер деп анықталады. Е. Жүніс шығармашылығында «қара шаңырақ» былай көрінеді:

Ұлыма қараймын сезіммен аталы,

Періштем шалықтап жатады.

...Аманат – шаңырақ, шаңырақ – аманат!

Әр қара шаңырақ – қазақтың отаны! [39, б. 14] – дейді. Ақын шығармасында қара шаңырақ ұғымын терең мағынада қарастырады. Қара шаңырақтың «Отан» ұғымымен байланысты анықтап, әр қазақ үшін аманат екенін айтады.

«Жер-ана» ұғымы туған жер, Отанмен, ұлы дала ұғымымен байланысты анықталады. Барлық ақын кіндік қаны тамған туған жеріне жыр арнамай қоймайды. Қ. Мырза Әлі «Туған жердің ауасын» өлеңінде туған жеріне деген сағынышын жеткізеді. Қ. Бекхожин «Тым асығып келемін» өлеңінде де туған жеріне, еліне деген сағынышын, көк түсті өзендері мен сағымды кең даланың бояулы суреттерін бейнелейді. Ж. Нәжімеденов болса, «Туған жер» өлеңінде өзінің ыстық мекенінің баласы екенін, қынабынан суыруға дайын қылышы екенін, тот баспаған, қайралмаған балтасы екенін эпитеттер арқылы жеткізеді. Ақынның туған жер тақырыбында «Менің елім», «О, туған жер, өз демінді бір алған» өлеңдерінде туған жердің қасиетті екенін айтады. С. Жиенбаев «О, туған жер» өлеңінде барлық жақсылықтың туған жерден бастау алатынын баяндайды. Жырдың, санадағы күйдің, тұла бойдағы бұлан күштің, қияға ұшқан ойдың бастауы – туған жердің әсемдігі екенін жеткізеді. Қ. Мырза Әлі «Ел және мен» өлеңінде қазақ деген елдің перзенті екенін, елдің бағынан да, сорынан да айырылмайтынын, кең даладан, боз жусаннан бөліне алмайтынын, бұл ел өз арманынан бас тартпайтынын, ұлы даланың боз жусаны қадірлі екенін жеткізеді.

Бөле алмайсың арманынан бұл елдің,

Бөле алмайсың қасіреті,

Дертінен!

Қуат алып шуағынан,
Суынан,

Туған жердің теңізіне жуынам [61], - дейді.

М. Шаханов «Отан» өлеңінде туған жердің намысы, қорғанысы, шапағаты екенін жеткізеді. Б. Беделхан «Ұғындырған ұлылықтың не екенін» өлеңінде туған Отан, туған жер еркіндіктің негізі екенін баяндайды. Осылайша, «Жер ананың» Отан, туған жер, атамекен мағынасында бейнеленуі арқылы негізгі мәні еркіндікпен, елдікпен байланысты екенін көреміз.

Көне түркі дәуірінде қалыптасқан «құт» сөзі билеушілермен байланысты қолданылған. «Құтты қаған» деп Тәңірінен құт қонған адамдар екенін жеткізетін болған. Ата-бабаға қонған құт ұрпақтарына да тарайды деп сенгендіктен, аруақты құрметтеу, өсиетін орындау үлкен маңызға ие. К. Ахметованың тәуелсіздікке арналған жинағының «Құт» аталуы да осы мағынадан шығады. «Рухтың бостандығы» өлеңінде:

Кеш білдік біздер өзінің

Ғасыр-ғұмырына сыймайтын

Ұлы жырларды туғызған ұлы жыраулар болғанын...

Қақ жарып өтіп заманды, қақ жарып өтіп қоғамды,

Толғағы жеткен мезгілде тозаң қып бұзып тоғанды,

Толағай желге ілесіп, толайым жылдар түбінен

Аспаннан келген медеттей асқақ рухым оянды! [42, б. 40] – деп асқақ рухтың оралуын, тәуелсіздік орнауын «құт қонды» деп жеткізеді. Осылайша, ақын танымында «құт – тәуелсіздік» мәнінде анықталады. Атырау мен Алтайдың арасын дүр сілкіндірген тарихи оқиға шын мәнінде ата-бабалардың құтты болуымен, ұрпақтарына қайтадан қонғаны суреттеледі. Ұлттық құндылықтардың, этномәдени дүниетанымның оралуы да – құтпен байланысты. «Ата жұрт» өлеңінде ешкімге меншіктеуге келмейтін құт пен киенің оралуы тарихи заңдылық екенін түсіндіреді. «Көз» өлеңінде:

Көтеріп шаңырақты уықтар тік,

Халықты даралайды ғұрып, тәртіп,

О, тәңірім! Отты, нұрлы қаракөздер

Кетпегей бірте-бірте суық тартып! [42, б. 54] – деп заман ағымының көз, көзқарастар арқылы анықталатынын айтып, құттың жылулық, татулық, бауырмалдық сынды қасиеттермен анықталатынын жеткізеді. Ақынның негізгі ұстанымы мына жолдардан көрінеді:

Жаныма жат – жарты ниет, жарты ұғым.

Толыққанды өнер – нәрім, Ар – пірім.

Күн – кітабым,

Ашылады ақ парақ,

Ақ парақтар – менің жүйем, тәртібім [42, б. 67], - деп жырлайды. Осылайша, ақын шығармашылығы елдік тақырыбында көсіле жырлап, тәуелсіздіктің ұлы сый екенін жеткізеді.

1-бөлім бойынша қорытынды

1-бөлім қазақ жерінде орын алған тарихи оқиғалар сараланып, қазақ әдебиетінің кезеңдері негізінде қазақ әдебиетінің ерекшеліктері, қазақ жерінде орын алған тарихи оқиғалардың себептері әлемдік себептер негізінде анықталды. Көркем шығармадағы тарихи себептердің, автордың көзқарасының бірлігі негізінде көркем сұхбаттастық термині қарастырылды және формула арқылы белгіленді. Ұлттың қалыптасуы, суверенитет, ұлттық мінез, этномәдени дүниетаным терминдері сараланып, қазақ, орыс, ағылшын зерттеушілерінің пікірлері негізінде анықталды.

2 ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ БОЛМЫС

2.1 Тәуелсіздік кезеңі жырларының идеялық-эстетикалық нысанасы

Б. Ердембеков, Ж. Аймұханбет зерттеулерінде тәуелсіздік кезеңіндегі поэзиялық шығармаларда кеңестік айтуға тыйым салынған шындық шығарманың өзегі болғанын, сонымен бірге тарихи тұлғалар бейнесі бейнеленіп, тарихи оқиғалар жаңа қырынан бағаланғанын айтады [20, б. 68].

«Ұлттық сананың, тарихи санының оянуы өткен жолымызға қайта үңіліп, қаншама жылдар бойы айтылмай, жазылмай келген ақиқаттың ақ таңдақтары мен қара таңдақтарын анықтауға, жүріп өткен асуларымыз бен алдық деген асуларымыздың қаншалықты тарихи маңызы болғанын бағалауға, мәдени, әдеби әлеміміздегі жарық жұлдыздарымыздың тарихи әділетті орнын тануға мүмкіндік ашты» [62], – деп қазақ поэзиясындағы тәуелсіздік идеясының маңыздылығын көреміз. Қай кезеңде де поэзия бейнелі сурет ретінде адам көңіл-күйінің шарықтаған, босаңсыған, қайраттанған, қаймыққан, өмірлік мақсаттардың ұмытылған сәттерінің жиынтығы ретінде анықталады. Қоғамдық ой-сана поэзияның дамуымен бірге жүреді. Поэзиялық туындыларды тану, қабылдау, түйсіну де идеологияның ықпалымен қалыптасады. Осы негізден тәуелсіздік кезеңіндегі поэзияның идеялық-эстетикалық нысанын бағдарлаудың маңыздылығы көрінеді.

Тәуелсіздік кезеңінде аса маңызды мәселелер мынадай:

- кеңестік жүйе мен маркстік-лениндік әдіснама тамырына мықтап балта шабылды;
- парасат пен саясаттың ара-жігі айқындалып, ұлттық тарихқа көзқарас өзгерді;
- алыс-жақын елдердегі қандастарымыздың бір бөлігі туған топыраққа табан тіреді;
- арғы-бергі тарихымызға қатысты дерек көздері алуан арна, түрлі ізденістер негізінде толыса түсті;
- тұғырлы тұлғалардың есімі, еңбектерін қалпына келтіру ісі дұрыс жолға қойылды;
- әдеби-мәдени мұраларды жинап-жариялау, зерттеу жұмыстары жүйелі өріс алып келеді;
- қоғамдық-әлеуметтік мәселелерге, азаматтық тарихқа, өмір-тұрмысқа, руханият ісіне – ұлттық, тәуелсіздік, тұтастық тұрғысынан қарап, бағалауға батыл бет бұрылды;
- голощекин геноциді мен сталиндік репрессия ақиқаты айтылып, саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу дәстүрге енді;
- елдікке, егемендікке еңбек еткен Арыстар өмірі мен қызметін, шығармашылық ғұмырбаяндарын зерттеу ісі жүйелі ізге түсті;
- ақыл-парасатқа азаттық берілді;
- ұлттық тарихқа әділеттілік өлшем етілді;
- білім жүйесі әлемдік талаптарға ден қойды;

– руханият әлеміне кең өріс ашылды [63], - деген негізгі мәселелер Р. Тұрысбек зерттеулерінен көрінеді.

Зерттеуші М. Базарбаев зерттеулерінде ұлттың психикалық құрылысы екі негізгі фактордан тұратыны Н. Сәрсенбаев пікірлері негізінде анықталған. Бірінші фактор – ішкі фактор, олар ұлттық сезімдер, ұлттық мінез-құлық ұлттың рухани ерекшеліктерін көрсетеді. Екінші фактор – сыртқы фактор, ұлттық салт пен дәстүрлер, ұлт өкілдерінің белгілі бір тәртіппен бір қалыпқа түскен әрі материалданған идеялары екенін айтады [64, 80]. Зерттеуші М. Базарбаев адамның көңіл-күйін суреттеуде, ой-арманын бейнелеуде поэзияның маңыздылығы жоғары деп бағалайды: «Өлеңде, поэзияда бейнелі өрнекке ие болған мекен мен мезгіл белгілері, өзгешеліктері өнерлі сурет ретінде екінші өмірге ие болады. Яғни халық, адам туған жеріне, үйренген табиғатына тәуелді болса, ақын сол халықтың, қауымның өкілі ретінде жалпыға тән түсінікті, ұғымды білдіреді. Өлеңде санадағы осы түсінік ақын үшін бейнелеудің, айнала өмір тіршілікті суреттеудің құралы, амалы болмақ. Өйткені халық түсінігіне, нанымына сай жазбаған ақын немесе соған лайық тумаған шығарма өзіндік беті жоқ, сыр-сипаты жоқ, мезгілсіз, мекенсіз туған баладай ешкім танымайтын дүние болып шығар еді» [64], - деп анықтайды.

Әлемдік әдебиетте Р. Барттың герменевтика, нарратив теориясының негізі саналатын «Бес нарратив коды» теориясы арқылы әдеби шығарманың негізінде жатқан ақпараттарды анықтауға болады. Автор көрсеткен бес код мыналар:

- герменевтикалық код;
- проайретикалық код, басқаша айтқанда әрекеттің жүру процесі;
- мәдени код;
- семантикалық код;

– символикалық код [65], – деп анықтайды. Автордың теориясы негізінде әдеби шығармадағы интерпретация анықталып, автордың өзіндік көзқарасы бағаланады.

Үнді жазушысы А. Адиганың шығармашылығын қарастыруда зерттеушілер Э. Тармила, Э. Ситра Сари Р. Барттың теориясын негізге ала отырып, шығармадағы бес түрлі кодтың негізінде шығарманы интерпретациялап, мәдени және символдық кодтың маңыздылығын көрсетеді. Зерттеу мақаладан герменевтикалық код арқылы шығарманың атауы, автордың жеткізгісі келген ақпараттары анықталады. Проайретикалық код негізінде шығармадағы оқиғаның жүріп өтуі, қозғалысы, шығарманың басталуы, дамуы, шарықтау шегі, қорытынды элементтері қарастырылады. Мәдени код негізінде стереотип ұғымы қатар қарастырылып, үнді қоғамында шеберлік жайында қалыптасқан пікірлердің позитивті екенін көрсетеді. Коннотативті код негізінде кейіпкер мен орын, мекен сипатталады. Тақырыптық жағынан коннотативті код арқылы шығарманың тақырыбы, басты кейіпкерлері анықталады. Символдық код коннотативті кодтың жиынтығынан құрылады. А. Адиганың шығармасындағы касталық жүйе жоғары және төмен құрылымда берілуі үнді

халқының танымының көрінісі ретінде әрі символдық код мағынасын береді [66]. Осылайша, шығарма өзегінде ұлттық таным көрінетінін анықтаймыз.

Осы орайда, қазақ поэзиясының дамуына әсер еткен Қ. Мырза Әлінің шығармашылығын қарастыру, туындыларындағы «қазақ» тақырыбының жан-жақты бейнеленуін бес нарратив коды арқылы қарастырамыз. Ақынның «қазақ» тақырыбын көтерген «Қазақ осы» өлеңінде халықтың болмыс-бітімі бейнеленген. Талдау 2-кестеде берілген.

Кесте 2 – «Қазақ осы» өлеңінің нарративті талдауы

Бес нарратив коды	Талдау
Герменевтикалық код	«Қазақ осы» деп аталатын өлеңнің тақырыбына сай халықтың болмыс-бітімі, тіршілігі, тұрмысы бейнеленген. Ақын «нағыз қазақ» бейнесін сипаттайды.
Проайретикалық код	Ақын жайлауында досы келді деп той жасап жатқан жігіттің болмысы арқылы қазақтың дархан мінезін бейнелейді. Көкпар, қыз қуу, күй, ән сынды халық тұрмысының ажырамас бір бөлігін көрсетеді. «Өнер алды – қызыл тіл» деп, атқа мінгізу, шапан жабу сынды құрмет көрсететінін, дегенмен бір атым насыбайға да ренжіп қалуы мүмкін екенін айтады. Проайретикалық тұрғыдан өлеңде диалектикалық қарама-қарсылық болса да, барлығы халықтың болмысын ашуға қолданылған.
Мәдени код	Той жасау, ән-күй, көкпар, қыз қуу, ат мінгізу, шапан жабу сынды халқымыздың кеңдігі, дархан, қонақжайлылық қасиеттері ашылады.
Семантикалық код	Өлеңде ең бірінші көрінетін код – той жасау. Халқымыздың той-думанға толы тіршілігі бейнеленеді. Көкпар да, қыз қуу да, ән мен күй де тойда өткізіледі. Халық танымындағы той жайында қалыптасқан элементтердің жиынтығы.
Символдық код	Ақын басты элемент ретінде жайлау, тойды алуы арқылы «нағыз қазақтың» дархандығын, кеңдігін, батыр, ақын қалпын танытады.

М. Райан зерттеулерінде герменевтика терминін интерпретацияның бір атауы, көне мәтін тілінің қазіргі тілде түсіндірілуі деп анықтайды. Нарративті зерттеуде әңгімеге өзек болған оқиғаның талдануы, теориялық тұрғыдан зерттелуі екенін анықтайды [67]. Осылайша, көркем шығарманы талдау, туындының негізгі өзегін айқындау нарративті, герменевтикалық әдістердің қолданылуы арқылы анықталатынын көреміз.

Ақынның шығармаларында халықтың тұтас тұрмыс-тіршілігі бейнеленген. Қ. Мырза Әли «Іргетас» өлеңінде [61, б. 8] шежіренің қию-қию шырғалаң екенін айтып, сол кемтікті бүгінгі ұрпақтың түсінбей жүргенін аңғартады. Ақын «Қырымның қырық батыры» эпосын өлеңге өзек етіп, бұндай жырды тудырған халықтың мықты екенін жеткізеді. Тылсым даланың сырын анық ұққан халықтың тарихы бұрмаланып жатқанына назар аударып, тарихты теріс оқымау керектігін айтады. Әр халықтың тарихы қаншалықты жаман болса да, халықтың іргетасы ретінде тарихтың маңызды екені өлеңнің негізгі идеясы ретінде көрінеді. Ақын ендігі бір өлеңінде [59, б. 183-187] халықтың бойындағы

жақсысы мен жаманын ажыратады. Солай, 3-кестеден жақсы мен жаманның айырмасын көреміз.

Кесте 3 – Ақынның жақсы-жаман түсінігі

Жақсы түсінік	Жаман түсінік
Кең даланы қорғаған	Тынымсыз көшу
Тілге ерік берген	Жел сөзге ерген
Найзагер, мерген	Кетпенге шолақ
Көбік шашқан күйлері бар	Әліппе кешігіп ашылған
Сүйгенін алып қашқан	Қыздарын малға сатқан
Қу	Шаруасын жүргізбеген
Жесірін қаңғытпаған	Жеңгесіне үйленген
Абақты тұрғызбаған	Үй салмаған

Осы негізден ақын қазақ халқының ұлттық мінезін сипаттағанын аңғарамыз. Халқымыздың көшпелі тұрмыс-тіршілігі тынымсыз көшуге әкелсе де, кең даланы ат үстінде жүріп қорғады. Жел сөзге ерік берсе де, тілдің майын тамызып, жілігін шаға сөйледі әрі сол шешендікке тоқтай білді. Батыр, мерген болып, ел мен жерді ақ найзаның ұшымен қорғаса да, отырықшылық салтты ұстанбады. Күйлері көбік шашып, халықтың рухын көтерсе де, сауаттылық деңгейі төмен болды. Сүйгенін алып қашса да, қыздарын малға сату көптеп кездесті. Қулығы бір басынан асса да, үй-жайының шаруасын толыққанды жүргізбеді. Жеңгесіне үйленуін ақын жаман деп қараса да, жесірін жылатпағанын, қаңғыртпағанын жақсы деп бағалайды. Ендігі бір жаманы киіз үймен өмір сүргенін, тұрақты үй салмағаны десе, жақсы тұсы абақты салмағаны деп, кінәлінің дала заңдылығымен аяусыз жазалағанын жеткізеді.

«Домбыра» өлеңінде [61, б. 10] ақын халықтың тереңдігі мен биіктігі бір аспаптан төгілген туындыда екенін көреміз. Арғы тарихы сонау тереңнен басталатын домбыраны нағыз қазақ деп атауы ақын аспаптың қазақ тарихындағы түрлі оқиғаларды шертетінімен байланыстырамыз. Ақынның «Бұл жерде» деген өлеңінде [61, б. 11] қазақ жерінде талай лаңның болғанын, талай оқиғалар өткенін, бұл жерде ғұндар, хазарлар, ноғай сынды халықтардың мекен еткенін атап айтады. Және ақын былай дейді:

Азабың қалған бұл жерде,

Өз әнің қалған бұл жерде.

Азабын қосып өз әнге

Қазағың қалған бұл жерде... [61, б. 12], – деп ақын өлеңі өткенді сараптауға бағытталған. Бұл жер – қазақтың байырғы тарихын еске түсіріп, шынайы бағалаудан туындаған. Жай ғана ғұндар мен хазарлар өмір сүрді деп қоймай, қазақтың жері екенін, «Елім-ай» деп зарлаған халықтың басынан кешпеген оқиғасы жоқ екені өлеңнің өн бойынан көрінеді. Ақынның «Қазына» өлеңінде қазақ жеріндегі табылып жатқан мыс, мырыш, уран да басты қазына еместігі, ең маңыздысы – «тарих» деген қазына екенін көреміз. Өткен күннің өнеге екенін айтып, тарихтың ураннан қауіпті ме деп риторикалық сұрау тастауы ақынның лирикалық мені-нің өз сауалының өзектілігін көрсетіп отыр.

Ақын өз қоғамының жемісі ретінде танылатындықтан, кеңес дәуірі тұсында өз тарихының маңыздылығын ұғынып, өткенді қопаруы өз бастауын тануы деп білеміз. Тәуелсіздік бас жағында ақындардың өз бастауына қайтып оралуы болған оқиғаларға берген бағаларынан көрінеді. «Тағы да қазақтар хақында» өлеңінің басты идеясы – халықтың басынан қаншама оқиғалар өтсе де, бір тойғанына мәз болып, кешегі көрген құқайын ұмыта салатынын сынау. Ақын Абайша халықты сынап, халықтың бір қайнауы ішінде екенін, бір хандық болып бірігуді емес, жеке-жеке хан болуға ұмтылатынын ұнатпайды. Тап Абайдың халықты бас-басына би болған деп сынауына ұқсас.

Әлемнің диалектикалық қарым-қатынастан құралатыны белгілі. Осы орайда, бинарлық оппозицияны да қарастырып өткеніміз жөн. Бинарлық жұптардың классификациясы халықтың рухани білімі негізінде қалыптасатынын ескеретін болсақ, дүниеге деген көзқарасы, бағалауы көрінеді. Зерттеуші А. Нұржанованың көрсетуінше, бинарлық оппозициялар былайша ажыратылады:

- кеңістіктің құрылысы;
- уақыттың құрылысы;
- қоғамдық категорияға байланысты;
- табиғат және мәдениет оппозициясы;
- түске байланысты;
- дүние бейнесінің модусына байланысты [68], – деп бөлінеді.

Бұлайша ажыратылудың себебі – әлем – объекті, ал объектіні сипаттайтын жалғыз субъект – адам.

Осы негізден, Қ. Мырза Әлі халықты кеңпейіл, дархан, қонақжай деп анықтаса да, шашпалығын, ағыл-тегіл мінезі барын айтады. Батыр, ақын халық болса да, отырықшылық салттан хабары болмағанын жеткізеді. Дүние бейнесіне байланысты халықтың сипаты бинарлық оппозициядан құралатынын көреміз.

Әдебиеттің көне саласы саналатын поэзияның адам өмірінде, тұрмыс-тіршілігінде маңыздылығы қандай деп толғануымыз мүмкін. Бұл сауалға М. Базарбаев поэзия адамның рухани болмысының сәулесі екенін айтады. Сонымен бірге ұрпақтан-ұрпаққа көшіп, қаншама заман мен адамды таң қалдырып келе жатқандықтан, поэзия – парасат биігі. Өлең әдебиеттің ежелгі саласы болғанымен, жыл сайын, заман өзгерген сайын жаңарып тұрады деп бағалайды зерттеуші М. Базарбаев. XX ғасырдағы орын алған қоғамдық-саяси оқиғалар рухани түсініктің бәрін өзгертті. «Адамның өзін-өзі тануының жаңа дәуірі басталды» [69], - деп XX ғасыр поэзиясын бағалаған болатын. Осылайша, XX ғасыр соңы мен XXI ғасыр поэзиясының орны ерекше. Өйткені, бұл қазақтың өзін-өзі тануының басталған кезеңі еді.

Әдебиет зерттеушісі Ш. Елеуқенов XX ғасырдағы қазақ әдебиетін үш топқа ажыратады.

Бірінші кезең – Алаш зиялылары классикалық деңгейге көтерген ширек ғасырды құрайды.

Екінші кезең – Қазақ Кеңес әдебиеті аталды, жазушы бұл кезеңнің мерзімін 1917-1991 жж. аралығы деп көрсетеді.

Үшінші кезең – «қазақ халқының тарихындағы ең бақытты дәуірден, маңдайы жарқырап, тәуелсіздік туын желбіретіп, мерейі үстем болған және елімізді демократиялық жолға түсірген 1991 жылдың 16-желтоқсанынан басталады» [70], - деп үш кезеңнің ішінен айрықша көрсетеді.

Тарихи оқиғалар, дәуірдегі орын алған уақиғалардың мазмұны көркемдік сана арқылы анықталады. Зерттеуші А. Шәріп зерттеулерінде үш түрлі көркемдік сананы ажыратады:

– мифтік-поэтикалық сана;

– нормативті сана;

– дара шығармашылық немесе тарихи сана [71]. Автор анықтағандай, көркемдік сананың негізінде автордың дүние тануы ғана емес, тарихи оқиғалар, олардың әсерінің поэтикада көрініс табатынын анықтаймыз.

Қазақ әдебиетінде «Мен қазақпын!» деп ұрандатқан алғашқы және жалғыз ақын – Жұбан Молдағалиев. Б. Ыбырайымов ақындық шалқу мен тебіреністен шыққан азаматтық пафостың көркемдік мазмұнына, ерекшелігіне айналған. Сыншы-зерттеуші ақынның көптің көкейінде жүрген ойын тап басып, толғағаны үшін қазақ әдебиетінде айрықшаланғанын айтады. Әрі ақын шығармашылығы ел өміріндегі түрлі құбылыстарға бейжай қарамауының, парасаттылық пен азаматтығының белгісі екенін айтады [72].

Ақынның «Өзі және көзі туралы» өлеңінде ақын символикалық кодты пайдалана отырып, өзінің халқын шөлге де, сусызға да шыдамды түйемен байланыстырады. Өткен замандарда «Қара нар керек» деп ұран салған Махамбеттің ізін жалғағандай, ақын Жұбан халықтың болмысын, тұрмысын, бейнесін, мінезін түйемен байланыстырып отыр. Ол былай көрінеді:

– шөлге төзімділік. Асылында, шөл мен түйе біртұтас ұғымдар. Ақын осы арқылы халықтың тағдырындағы жайттарға төзімділік танытатынын;

– адал, көмпіс. Түйе жануары адал болса да, бар жағдайға көнеді. Кірге де, күлге де, тұзға да, көлге де түсе береді;

– сандалу. Түйе сынды ойды-қырды кезіп, көшіп-қонып жүруі сипатталады.

Десе де, ақын мәдени кодты да атап көрсетеді. Жігіттің азаматын, жайсаңын «нар» деп атайтынын, баласын «ботам» деп еркелетінін, жарын «бота көз сұлу» деп атайтынын, ананы құрметтеп «аруана» дейтінін жеткізеді.

Әрине, ірілік, биіктік

Нармен де өлшенбес бүгінде.

Жүрміз біз қанатты, жүйіткіп,

Жоққа тән түйенің жүгін де [73], – деп түйенің халық дүниетанымындағы болмысын көрсетеді.

«Ат дүбірі» өлеңін оқып отырып, барымта, бүркіт, жылқы сынды мәдени танымдар көрінеді. Дегенмен ақын өзінің ұлы даланың баласы екенін мойындап, малмен бірге тіршілік кешкен ата-бабасының үлгісін құрмет тұтатындығын көрсетеді. «Тек қана туған жерден айырмасын» өлеңінде

елдіктің, еркіндіктің қымбат екенін жеткізеді. Әлемде қанша мемлекет болса да, өзінің туған Отанына, жеріне ештеңе жетпейтіні – өлеңнің басты идеясы. Жер дүниеде барлық елдің кемшілігі болар, дегенмен бір елдің кемшілігі көрінбейді. Ол - өзіміздің, бәріміздің Отанымыз, туған жеріміз. «Шопан» өлеңінде ақын ерекше пікірін білдіреді:

«Қазақтың қазақтығын, адамдығын,
Жайлауын, жомарттығын, амандығын
Сан ғасыр сақтап келген найза емес тек, -

Таяғым, менің момын мамандығым» [73, б. 27], - деп айдалада қазақтың шаруасын бағып, бүкіл тіршілігі болған малын сақтап отырған шопан жайын сөз етуі социалистік биліктің еңбек адамдарын жоғары бағалау ықпалымен бірге, еңбекті қадірлеу, тұрмыс-тіршіліктің негізін қадірлеуден шығып отыр. Ақынның «Ордада туған өлеңдер» шығармасында Жәңгір хан мен Махамбеттің қақтығысын айтып, ханның қылығын, әрекетін сынайды. Махамбеттің абыройы шарықтағанын, халықтың құрметіне бөленгенін ақын ерекше ілтипатпен білдіреді.

У. Қалижанов әдебиеттің үлкен әлем екенін, қаламгердің оған барлық тақырыпты сыйғыза алатынын айтады [74]. Сыншы-зерттеуші Ж. Молдағалиевтің шығармашылығын талдай келе, ақынның кеңес жүйесінің амбразурасын кеудесімен жапқанын жеткізеді [74, б. 187]. Ақын шығармашылығының ерекшелігі айқындалып, ұлттық болмыс жан-жақты анықталған.

Шайыр атанған Қуандық Шаңғытбаев «Ар» өлеңінде ар мінезін дәріптеп, ажалдың қаупі ар күшінен артылмайтынын айтады. «Мен – қазақ» өлеңінде қазақ халқының мінезі, болмыс-бітімі суреттеліп, майданда жүрген әскерилерге рухани медеу болды.

Бұл кездің дәстүр-даңқын ғасыр жаттар,
Жә, хайыр, жазық жалау, жасыл бақтар.

От барда өзегімде өтем сен деп,

Туған ел, мен қазақпын атыңды ақтар [75], - деп туған жерді дәріптейді.

Ақынның «Отанға», «Туған жер» өлеңдерінде қазақ жерінің қымбат қазына екенін, әр адамның жалғыз тірегі Отаны деген идея көрінеді.

Ж. Нәжімеденов шығармашылығы ұлттық рухпен, рухани құндылықтардан қалыптасқан деп айтуға толық негіз бар. «Кітапханада» өлеңінде Абай, Махамбет, Блок, Есенин, Вергилий, Фирдоуси, Маяковский, Уитмен сынды шайырларды атап өтіп, аталған авторларды өзіне ұстаз көріп, үлгі тұтатынын көреміз. «Әкелер мен ағалар» өлеңінде ақын соғыс, қару жайындағы өзінің ұстанымын, көзқарасын жеткізеді:

Ең қауіпті оқ – ой мен пиғыл, Айға анық,
ой мен пиғыл кетер екен қайда алып?!

Айта алмаған сөзі жаудың Біз жайлы

кетгі бүгін бомбаларға айналып [76], - деген жолдар арқылы ақынның заман өзгерісі жайындағы құнды пікірлері көрінеді. Солай, ақын біздің қару деп мынадай қасиеттерді анықтайды:

- күш;
- қанағат;
- сезім;
- сана артығы [76, б. 58], – деп көрсетеді.

Ақынның «Біз өзіміз» деген өлеңінде халқымыздың басынан өткерген жайттарын әсірелеу, кішірейту арқылы жеткізеді:

Төбелердің көңілі үшін, ғасырлық
 Кейде шыңның асқақтығын жасырдық.
 Жапалақтың шыққаны үшін тасқа ырғып,
 таққа сүйеніп отырғыздық «тақсыр» ғып.
 Ал, кей күні қыран құстың қанатын

қиып алып бір байғызға тапсырдық [76, б. 64], - деп тақсыр символдық кодын ұтымды қолдана білген.

Ақынның «Қорқыт-баба», «Бәйтеректер», «Топырақ», «Қазық пен ағаш» шығармаларында терең философиялық көзқарастары мен қоғамдағы өзгерістер мен оқиғаларға бей-жай қарай алмайтынын көрсетеді.

А. Ахметбекұлы ақынның «түн» сипатының бодандық заманының символы екенін айтады. Солай, зерттеуші ақын өлеңдеріндегі ең бір биік шың – бодандық дәуір сипатының көрінісі екенін айтып, ақын Жүмекеннің символизмді кеңінен қолданғанын жеткізеді [77]. Сондай-ақ, зерттеуші А. Ахметбекұлы әдебиеттің саясат үшін екенін айтады. Сонда мынадай тізбекті көреміз:

Әдебиет – саясат – ұлт – мемлекет.

Ұлт болса, халықтың, адамның тағдыры. Ал ұлттың әдебиеті халықтың, адамның тағдырын поэзия көркемдігі негізінде бейнелей алу арқылы анықталады.

Ақынның «Өлім жайлы өлең» туындысы өлім мен ерліктің, өлім мен өлеңнің, адалдық пен арамдықтың шарпысқан бейнесіндей көрінеді деп зерттеуші А. Ахметбекұлы шығарманы жоғары бағалайды. Ақын елге, ерге қайсарлық керек деп авторлық көзқарасын жеткізсе, зерттеуші бұның Африкаға емес, қазақ еліне арналғанын айтады [77, б. 140]. Ақынның Африкадағы ұлт тәуелсіздігін қозғағанымен, астарында нәубет тарихты бастан кешкен ұлт батырларын бейнелегенін көреміз.

Қ. Юсупов Ж. Нәжімеденов шығармашылығын зерттей келе, ақынның заман перзенті екенін, тереңдей түссек, заман дүбірімен үндес, заман ағымымен бірдей болу керектігін, десе де заманның қояр сауалына жауап берудің жауапкершілігін сезінудің қаламгердің азаматтық борышы екенін айтады. «Қоғамның жазылмаған заңы қалам қайраткерінен үнемі сергектікті талап етіп отырады. Сондықтан уақыттың қатал талабы үдесінен шығып отыру шарт» [78], - деп ақын, қоғам, заман үштігінің байланысын айқындап көрсетеді. Зерттеуші Қ. Юсупов ақын шығармашылығындағы рухани тебіреністі жоғары бағалайды. Жүмекен лирикасында рухани тебіреніс ақынның қоғам өзгерісіне бейжай қарамауынан қалыптасқан. Сонымен бірге, ақынның «Өз көзіммен» өлеңін талдап, лирикалық кейіпкердің асығуының жай асығу еместігін, бақыт

үшін еңбек етуге деген асығу деп анықтайды. Еңбек деп қара терге малынып, алдағы уақыттың не болатынына алаңдамай, мақсатсыз еңбектену еместігін, бағыты бар еңбектің нағыз еңбек екенін, қай заман, қоғамда өмір сүрсең де, өмір тірегі қашанда бағыты бар еңбек екенін түсінуге болатынын айтады [78, б. 14]. Зерттеуші ақынның «География» өлеңін талдай келе, Жүмекен Нәжімеденовтің тұлға ретінде өскенін, «елім – ғаламшарым» тіркесінде анықтайтынын, ғаламдық мәселелерге назар аударып, жер ғаламшарының болашағына алаңдайтынын айтады [76, б. 70]. Осы негізден, ақынның жалпыадамдық құндылықтарды көздейтінін, адамдар арасында шекара болмағанын, оның ішінде рухани шекара болмауын қалайтынын көреміз. Және зерттеуші былай дейді: «Жүмекен монологтарының бас кейіпкері – адам, оның жырлауында Адам – небір ғажайыптарды тудырушы, сұлулықтың, ақыл-ой даналығының дінгегі, жаңа дүниені жасаушы, ескіні өзгертуші, төңкерісшіл идеяны қолдаушы. Сондықтан жер бетіндегі күллі жалғандық қаскөйлік, екіжүзділік, опасыздық, сатқындық сияқтылар әділеттілікті бойына сіңірген барлық шынайы адам үшін жат. Жүмекен кейіпкерлері адамгершілік идеяларымен қаруланған адам. Лирикалық кейіпкер жат құбылыстар туралы толғанады, оған өзінің қарым-қатынасын, ой-қиялын, кредосын білдіреді» [78, б. 71], - деп анықтайды. Әрине, ақын Қ. Яссауи, Ж. Баласағұн, Абай идеяларын жалғастыра түседі. Яссауидің «Хал ілімі», «Қал ілімі» адамның өмірдегі өз орнын табуы, өмірдің мәнін анықтап, соған сай тіршілігін түзеуі аталған идеялардың түпкі маңызы ретінде көрінеді. Соның ішінде, аталған үш ғалымның еңбектерін зерделей келе, өмірде, тіршілікте еңбектің маңызын О. Жәлел дәлелді анықтап, еңбектің адам өміріндегі маңыздылығын көрсетеді [79]. Ал ақын Ж. Нәжімеденов болса «Салмақ туралы монолог» шығармасында ғарыштағы салмақсыздық теориясын негізге ала отырып, салмақсыздық пен салмақтылық жайында өз көзқарасын жеткізеді. Ақын ойынша тіршілікте шегіртке сынды шырылдап, оны бос өткізу – салмақсыздық. Өмірден өз орнын тауып, тіршіліктің мәнін анықтағанда ғана салмақтылық болатынын айтады. Солай, ақын Қ. Яссауи, Ж. Баласағұн, Абай танымындағы өмірдің мәні неде екенін поэтикалық шешіммен жеткізеді.

Қ. Юсупов «Темірқазық» монологында «ар» тақырыбын көтеретінін, ақын үшін адамгершіліктің, азаматтық қасиеттердің жүйесі ар екенін де атап айтады. Зерттеуші аталған монологтағы ерекше әдісін анықтайды: «Ақынның бір әдісі: ол – айтпағын алыстан тартып, суыртпақтай суырып орағыта жырлауы. Айсыз қараңғы түнді суреттеу арқылы сол кездегі жолсызбен келе жатқан жолаушының неше түрлі психологиялық жай-күйін көрсетеді. Кең далада адасуды ақын идеясына фон қылып алады» [78, б. 72], - деп көрсетеді. Қазақтың дүниетанымы дала арқылы анықталатынын атап айттық, сонда қазақ үшін кең далада жүріп адасу – рухани адасудың көрінісі. Прозада Т. Жармағамбетов «Отамалы» шығармасында көтерген негізгі мәселесі де осында жатыр еді. Әлем прозасында Э. Хемингуэй «Шал мен теңіз» шығармасының өзегі де осында жатыр. Адам баласы өзі жақсы білетін, жақсы

танитын нәрсе бойынша қателесуі мүмкін емес. Сондықтан да, шығармадағы адасу – жай ғана фон емес, негізгі фон.

Ақынның «Қыз құйған шай» шығармасын Е. Ашықбаев ұлттық мінезбен нәрленген этнографиялық шығарма деп бағалайды. «Этнография, әлбетте, тұрмыстық көрініс немесе әдеп этикасы әйтпесе қалыңдықтың «алпыншақты-салпыншақты» қызыл-жасыл киімі ғана емес, сонымен қатар, өлең, соның ішінде – осы өлең, «Қыз құйған шай» [80], - деп анықтайды. Ақын Е. Ашықбаев жаңа көркемдік әдісті іздеу жолында ұлттық әдебиет иірімдерін негізге ала отырып, халықтың ұлттық мінезін салт пен дәстүр арқылы жеткізуді мақсат тұтты [81]. Осылайша ақын туындылары ұлттық құндылықтарды дәріптеуге негізделді.

Осы негізден Ж. Нәжімеденов шығармашылығының ұлттық құндылықтармен суарылғанын, авторлық көзқарастың ұлттық таныммен жүйеленгенін, ұлттық, жалпыадамдық құндылықтардың көтерілгенін анықтаймыз.

Қазақ әдебиетінде өрт жырларымен танылған Х. Ерғалиев «Замана жырлары» өлеңінде:

Қайран ердің басы кеткен қанжыға,

Басқыншының алды өрт те, арты – күл... [82], – деп ақындық болмыспен заман жырын жеткізеді. Сонымен қатар, автор кек қайнаған ақынның орны абақты екенін де айтып өтеді. Солай, ақын бақыт үшін жасалған құрбандықтың ақталғанын, дарқан даланың кең тыныстағаны деп еліміздің еркіндікке басқан қадамының XX ғасыр соңындағы алғашқы әрі дұрыс қадам екенін көрсетеді. «Байтақ Қазақстаным» өлеңінде өткен мен бүгінгі тарихтың байланысын, әр ұрпақтың байланысы мен жеңісін, құны жоғары байлықтың байтақ Қазақстан екенін айтады.

Ақын лирикасы жайында Қ. Жүсіп жағымды пікірлер айтып, Х. Ерғалиевтің поэзиясының тереңдігін, жаңашыл екенін, адам өмірінің сан түрлі мәселелерін көтеріп, қоғам өмірінен алыс қалмағанын айтып, қазақ поэзиясының ақиығы деп жоғары бағалайды [83]. А. Шамкенов ақын Х. Ерғалиев шығармашылығын қарастыра отырып, ақынның өз елінің бекем елшісі ретінде әлем сахнасында асқақ үнмен «мәңгі өшпейтін үнің болам мен сенің» деп ант еткендей болатынын, бұл ақынның азаматтық борышының көрінісі екенін айтады [84]. Ақын шығармашылығына берілген әділ баға ақынның негізгі ұстанымын, көзқарасын анық көрсетеді.

XX ғасырдың ортасында қазақ әдебиетіне, оның ішінде лирикасына құбылыс болып келген ақын Фариза Оңғарсынова қазақ поэзиясының феноменіне айналған болатын. Әдебиет зерттеушісі Ө. Оралбайұлы Фариза ақынның өмірлік кредосы өлеңмен байланысты екенін, құбылмалы дүниенің сан түрлі бояуын санаға салмақ салған ойларымен, позициялық ұстанымдарымен танылған ақын шығармашылығының сан түрлі екенін айтады [85, 5]. Христиан дінінде ең алғашқы болып сөз қалыптасқанын айтады. Осы негізден сөз өнерінің құдіреті де, қасиеті де анықтала, ашыла түседі. Ө. Оралбайұлы сөз жаратушының жанды лебізі екенін айтады. Сонымен қатар,

зерттеуші Қадыр ақынның «өтірік қостым азырақ, өткізу үшін шындықты» деген пікірін негізге алып, кеңестік заманның шаблонына сыю үшін барша ақын атаулының тірлігі осындай болғанын айтады. Десе де, аталған шаблонға сыймаған ақынның бірі – Фариза еді. Шаршаңқы шаблон, тұйыққа тірелген трафаретті бір өзі бұзып шығып, бірде ақынның өзі, бірде лирикалық кейіпкері атойлап алдыға шығады, дауыл жырларымен қазақ әдебиетінің дамуына өлшеусіз үлес қосты [85]. Зерттеуші Б. Керімбаева ақынның поэмаларындағы көркемдік ізденістерді зерттей келе, ақынның қазақ әдебиетіне қосқан үлесі зор екенін, лирика мен поэманың жаңа сипат алуына септігін тигізгенін айтады.

Қорытындылай келе, тәуелсіздік кезеңінде жазылған шығармалардың идеялық-эстетикалық нысанасы халықтың өткені, заман шындығы екенін, сонымен бірге ақын өлеңдерінде ұлттық, жалпыадамдық құндылықтар көтеріліп, тарихи оқиғаларға жаңа баға берілді. Бостандық, тәуелсіздік жайындағы өлеңдері қазақтың үлкен жеңісі екені айтылды.

2.2 Поэзиядағы ұлттық психологиялық мінез

Ұлт психологиясының негізгі компоненттерінің қатарына:

- ұлттық мінез;
- ұлттық темперамент;
- ұлттық менталитет;
- ұлттық сезім мен көңіл-күй;
- ұлттық салт-дәстүр мен әдеттерді жатқызады.

Ұлттық мінез әлеуметтанушылардың пікірінше, белгілі бір ұлт өкілдерінің үйреншікті мінез-құлқы мен типтік іс-әрекет тәсілін анықтайтын және олардың әлеуметтік ортаға, қоршаған ортаға қатынасынан көрінетін тұрақты психологиялық қасиеттердің тарихи қалыптасқан жиынтығы. Ұлттық сипаттағы әлеуметтік ортаға қатысты идеология мен әлеуметтік психологияның, оның ішінде ұлттық және таптық психологияның элементтері ерекше тығыз байланысты. Қоршаған ортаға деген көзқарас адамдардың ұлттық дүниетанымын анықтайды. Ұлттық мінез-құлық қасиеттерінің бұл тобына консерватизм, діндарлық, оптимизм, пессимизм, т.б. жатады [86]. Ұлттық мінездің анықталуы ұлттық стереотиппен байланысты. Дегенмен мінез-құлықтың қалыптасуы қажеттілік пен түрлі ситуациялардың орын алуына байланысты қалыптасады. Зерттеуші А. Бактиярова стереотиптердің ішінде мәдени стереотипінің ұлттық дүниетаныммен байланысын анықтап көрсетеді:

- әлемнің тілдік бейнесі;
- ұлттың тілдік ерекшеліктері;
- ұлттық дүниетаным;
- мәдени стереотиптер [87], – деп анықтайды.

Зерттеуші А. Бактиярова ғаламның тілдік бейнесі мен стереотиптердің байланысын былайша түсіндіреді: «Сондықтан да әрбір тілдің ғалам бейнесі ерекше, бірегей сипатқа ие болып келеді. Тіл ұжымдық стереотиптер мен эталонды көзқарастарды тіркеп, адам санасының интерпретациялаушы қызметін объективтендіреді. Сол себепті де этностың ғалам бейнесі олардың

мәдени стереотиптерінің іргетасы қызметін атқарып, ал олардың зерттелуі халық ұлттық мәдениетінің өзгешеліктерін айқындауға мүмкіндік береді» [87, б. 70]. Осы негізден стереотиптердің ұлттық мінезді сипаттаудағы қызметінің жоғары екенін көреміз. Зерттеуші стереотиптердің екі түрі барын ажыратады:

– үстірт – халық тарихы, халықаралық саяси жағдай және уақытша факторларға байланысты қалыптасатын стереотиптер;

– түбегейлі – халық өміріне, тұрмысы себебінен қалыптасқан стереотиптер.

Осылайша, стереотиптердің ұлттық дүниетанымды қалыптастырушы негізгі фактор екенін, ұлттық мінездің негізі екенін көреміз.

Орыс зерттеушісі Ж. Четвертакова ұлттық мінездің зерттелуін қарастыра келіп, үш түрлі бағытта анықталатынын айтады [88]. Ұлттық мінездің үш түрлі бағытта анықталғанын 4-кестеден көреміз.

Кесте 4 – Ұлттық мінездің зерттелу бағыттары

Ұлттық-этникалық сана феномені ретінде философияда	Ұлттық мінез филологияда	Ұлттық мінездің қоғамдық-психологиялық тұрғыдан анықталуы
С. Булгаков, П. Чаадаева, П. Миллюкова, С. Франк, Н. Бердяева, В. Розанова	А. Потебня, Ф. Буслаева, Н. Косымова, И. Мюллер, С. Широкогоров	И. Бодуэн-де-Куртене, Н. Кареев, В. Бахтерев, Н. Данилевский

В. Кочетков ұлттық мінездің көрінісі ұлттық көлемдегі жетістіктер мен құндылықтар арқылы: өнер, фольклор, дәстүр, салт, әдеттерден көрінетінін айтады [89]. Ю. Бромлей этнос мүшелерінің мәдени тұтастығы барлығына ортақ психикалық ерекшеліктері арқылы немесе ұлттық мінезбен байланысты екенін айтады. Зерттеуші мінездің жеке адамның психикалық ерекшелігі екеніне тоқтала отырып, ұлттық мінез этностың қоғамдық-психологиялық қыры ретінде анықтайды [90]. Осы негізден ұлттық мінездің этноспен де, жеке адаммен де байланысты анықталатынын түсінеміз.

Э. Багромов ұлттық мінез ұлт өкілдерінің психикасында өмір сүруінің өзіндік тарихи жағдайларының көрінісі, халықтың рухани келбетінің кейбір белгілерінің жиынтығы, олар оған тән дәстүрлі мінез-құлық формаларында көрінеді, сонымен бірге ұлт өкілдерінің қоршаған ортаны қабылдау және олар мәдениеттің, қоғамдық өмірдің басқа да салаларындағы ұлттық сипаттамалары арқылы бейнеленген. Ұлттық мінез – этностың ғана емес, оны құрайтын жеке адамдардың қасиеті. Адам – белгілі бір ұлттық сипаттағы қасиеттердің тасымалдаушысы. Халық өз мәдениетінен үзілсе де, ұзақ жылдар бойына өз ұлтының тарихынан, мәдениетінен ажырамайтынын айтады [91]. Осылайша, ұлттық мінездің мәдениетпен, тарихпен байланысты екенін ұғынамыз.

К. Касьянов ұлттық мінезді сол мәдениет адамдарына тән бірдей әрі белгілі жағдайларға байланысты ортақ сезім, күй деп анықтайды. Солай, зерттеуші ұлттық мінездің қоғамдық архетиппен байланысты екенін айтады.

Халыққа идеологияның әсер етпеуі халықтың қоғамдық архетипімен, бейсаналы жатқан құндылықтармен сәйкес келмеуінде деп анықтайды [92]. Автор атап көрсеткен қоғамдық архетипті тізбегі идея, сезім, әрекеттен тұрады. Алғашында идея, соған сай сезім пайда болып, әрекет немесе импульс қалыптасады.

Ұлттық мінездің қалыптасуы жеке адамның мінезінің қалыптасуы аясында жүреді. Жеке адамды, тұлғаны қарастырып өтсек.

Философияда адам мәселесі күрделі әрі көп қырлы құбылыс ретінде анықталады. Антикалық дәуірде микрокосм ретінде, өзіне жазылған тағдырға бағынушы ретінде анықталды. Сонымен бірге Аристотель адамды әлеуметтенген жануар деп те атаған болатын. Христиандық сенімде жан мен тәннің бірлігі ретінде анықталады. Сондай-ақ, адам періште мен жануар арасындағы жануар деп те қарастырылды. Солай, адамның өмірінің мәні Құдайға құлшылық ету деген пікірлер үстемдік етті. Уақыт өте келе, ренессанс дәуірінде адамды жоғары көтеріп, асқақтатып, өз тағдырын өзі жасай алатын, білім, ғылым, ақыл-ойы көмегімен жасампаздыққа жетуге болатыны дәлелді. Осы дәуірдегі ғылыми жетістіктер адам танымының жоғары екенін, алынбайтын қамал жоқтығын дәлелдеді. Зерттеуші Т.Мантаева адам жайлы ілімнің тереңдеп, тұтастай философияға айналуы Макс Шелер, Хельмут Плеснер деген философтар екенін, антропологиялық философияның негізін қалағанын айтады [93]. Зерттеуші тұлғаны сан түрі ғылым саласы тұрғысынан қарастыруы 5-кестеден көреміз.

Кесте 5 – Тұлға гуманитарлық ғылым салаларының объектісі

Сала	Анықтама
Философия	Мәдени, ділдік, рухани, адамгершілік сипаты, адамды «адам» ретінде тану
Психология	Тұлғаның күш-жігері, мінез-құлқы, психо-физиологиялық ерекшеліктері
Социология	Қоғам мүшесі ретінде, саналы әрекеттерінің әлеуметтік қырлары қарастырылады

Тұлға – бұл өмірге не үшін келгенін жақсы түсінетін, өмірлік мақсаттарын нақты анықтап, соны жүзеге асыруға әрекеттенетін, талмай еңбек ететін саналы тіршілік иесі. Абайдың «мені» мен «менікінің» айырылғаны деген философиялық ойларындағы айтылатындай, өз менін, менікісін ажыратып, өзгенің де өз мені мен менікісін айыра біледі. Әрине, әр адамның өмірлік мақсаттары, болашаққа деген сенімі, мұраты дүниетаныммен тікелей байланысты. Дегенмен, тұлға қай кезде қалыптасады деген сұрақ бәрімізге қызық. Еркін, тәуелсіз елде тұлға қалыптасуы мүмкін. Ал отаршыл елде? Әрине, бұл тіптен мүмкін емес. Қысым, цензура, пропаганда болған жерде бостандық, еркіндік, тәуелсіздік жайлы айта алмаймыз. Зерттеуші Ж. Молдабеков аталған тақырыпта құнды пікірін жеткізеді. «Тәуелсіздікті адамның тұлғалық қабілет-қасиетінен, қимыл-әрекетінен тыс қарауға, тұлғалықтың гуманитарлық түп негізінен бөле-жара талдауға реті келмейді.

Тәуелсіздік – тұлғалық істің және іргелі ұрпақтардың бір-бірімен үндестігі мен үйлесімділігі, тұлғалықтағы бітім кеңдігі мен тұрақтылықтың кепілдігі» [94, 8], - деген пікірін білдіреді. Сондай-ақ, зерттеуші тұлғалықтың ерекшеліктері мынада екенін жеткізеді:

– кең дала тұлғалардың тынымсыздығын арттырып, үнемі қимыл-қозғалыста жүруге, күресте қайратын көрсетуге үйретті;

– сыртқы ағым, қарым-қатынасты тәуелділіктен ажыратуға, тұлғаның әлеуметтік-экономикалық, экологиялық, мәдени-рухани қарым-қатынасты іріктеп таңдауда адамгершілік таныта білді;

– ішкі және сыртқы бітім тәуелділігі бекем болып, қоғамдық негізде адамдық ресурсты дұрыс қолдана білді;

– туралық, кісілік қасиеттеріне мұқият қаралды. Аталған ерекшеліктер әр қазақтың бойында кездесті [94]. Тәуелсіздік алу аталған қасиеттердің қайта қалыптасуына әсер еткенін атап өтуіміз керек.

Мәселен, М. Шоқай «Тұманды Альбион елінде» мақаласында тәуелсіздік жайындағы, тәуелсіз ел болғандағы өзінің сараптамасын келтіреді. Олар:

– тәуелсіздік алғаннан кейін барлық елмен тең дәрежеде, оның ішінде ресеймен де тең құқылы қарым-қатынас орнатуымыз керек;

– достық біржақты болмауы керек, қауіпті;

– тәуелсіз мемлекеттің басты мүддесі – мемлекеттік мүдде, «мәңгілік достық» немесе «мәңгілік жау» емес;

– ұлттық мемлекетте ұлттық мәдениет өседі, өнеді;

– тәуелсіздіктің баламасы жоқтығы, жастар тәуелсіздікті көздің қарашығындай сақтау керектігін айтады [95]. М. Шоқай – тәуелсіздік үшін күрескен тұлғалардың бірі. Осы негізден саяси қайраткердің тәуелсіздік жайындағы пікірі қашанда құнды.

Халқымызда «кісілік» таныту ұғымы бар. Бұл – адамгершілік, адамдық философиясының өзегі. Бұл турасында Ж. Молдабеков былай дейді, яғни адамның тұлғалануы, кісілік қасиетінің қалыптасуының төрт негізі барын айтады:

– аллаға табыну;

– рухани аштық;

– ішкі кіріптарлықтан арылу;

– басқа адамдарды жақсы көру [96], – деп анықтайды.

Абайдың ілімінде де кісіліктің қалыптасуының үш негізі бар:

– алланы сүй;

– адамзатты сүй;

– әділетті сүй [97], – деп анықталады.

Қазақ халқының өзіндік рухани мәдениеті, терең тарихы бола тұра қалай отарланған мемлекетке айналуы өте қызық. Бұл туралы тарихшы-ғалым Х. Әбжанов былай дейді, яғни қазақ хандығы саяси элитасы қазақ жерінің нығаюына, қауіпсіздігі үшін күрес жүргізсе, отарланған қазақ хандығы империяның құрығына түскен ел мен жер үшін күрес жүргізгенін айтады [98]. Ұлт ретінде қалыптасу қазақ хандығының құрылғанынан басталып, сол

уақыттан бастап бүгінгі күнге дейін өркениетті қоғам құруда қаншама тұлғалар еңбек сіңірді. Дегенмен, қазақ хандығы тұсындағы элита мен кейінгі уақыттағы элита арасында біраз тарихи кезеңдер өткенімен, айырмашылық болғанымен, ұқсастықта бар. Мәселен, екі элита ел мен жерді сақтау үшін күресті, ұлттың тұтастығын, бірлігін сақтау үшін қолдарынан келгендерін жасады. Қазақтың тәуелсіздігін сақтау үшін сыртқы күштермен келісімге де келді. Қазақты дамыған, озық елдердің қатарына қосу үшін бәрін жасады. Біздің кейінгі элита деп отырғанымыз – Алаш зиялылары. Екі элита арасындағы ұқсастық – ұлт тәуелсіздігі үшін күрес. Бірі – қарудың күшімен, енді бірі – білімнің, көркем шығарманың күшімен жүзеге асты. Осы негізден тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ поэзиясын қарастырудың маңыздылығы арта түседі.

Қазақ әдебиетіне өткір жырларымен келген Ө. Нұрғалидің шығармашылығы тәуелсіздік кезеңіндегі үлкен ізденісті көрсетеді. Ақынның «Афина мектебі» жинағы терең пәлсапаға толы ойларын, авторлық көзқарастарын көрсетеді. «Төрт анық туралы. Будда мен Шәкәрім» өлеңінде ақын төрт анықты анықтайды.

Бірінші анық – Өмір деген қасіреті мол жылау.

Екінші анық – ай жарықта үрей қуған қояндай

Өмір өтер қу құлқынды қуып жүріп оянбай!

Үшінші анық – шөлді құрту, нәпсі қанбас құмарды

Мәңгі-бақи харам қылып, тағып тастап тұмарды.

Төртінші анық – жанды аялау... мың азаптан босану,

Жанды қамап тұрған удан тазарумен өш алу [99], - деп көрсетеді. Ақын Шәкәрімнің анық ілімін жалғастыра түсіп, өмірдің мәнін терең түсінуге талпынады. Ежелгі Қытай, грек, үнді философтарын атап көрсетіп, төрт анық ілімінің тереңдігін түсіндіреді. Дінді дұшпан деп анықтағанмен, көр соқыр адамдардың көзінде әлі де надандықтың оты сөнбей келе жатқанын да айтып өтеді. «Дүниенің үш бағытын ажырату» өлеңінде Махамбеттің бейнесін ой жебесі деп таниды.

Мен Махамбет болмасам да, ой жебесі – Махамбет...

Тәуекелдің жолында тұр Тұңғыққа батам деп! [99, б. 23] – дейді ақын. Тәуелсіздік кезеңіндегі бір топ ақын Махамбеттің образын сомдап қана қоймай, өлеңдерінің негізгі өзегі ретінде таниды. Махамбетті қайсарлықтың, батырлықтың бейнесі ретінде алады. Дегенмен, өлеңде ақын Махамбетті батырлықтың символы ретінде қарастырып қоймай, барлық іс-әрекетін нар тәуекел, ой жебесі деген тіркестерге сыйдырып жіберген. Ақын өлеңіндегі үш дүние бағы бар, олар:

– жастық;

– дүниені тану;

– ақыл-ой бағы [99, б. 21], – деп анықталады.

«Кір дүниеге кілт мынау: ой кедейлігі – ең жаман кедейлік» деген өлеңінде:

Ең жаманы – дүние емес, ой кедейлік, мұқтаждық,

Сол дүкенде терең ойлар құрсын дедім ұстаздық [99, б. 26], – деп ақын өлеңнің негізгі ойын ашып көрсетеді. Өлеңнің өн бойында өзінді таны, өзіңнің артықшылықтарың мен кемшіліктеріңді біл деген ойлары кездеседі. Бұл дегеніміз тәуелсіздігін енді алған ұлт үшін маңызды қадам. Ұлттың өзін-өзі анықтап алуы алдағы тап болатын қиындықтарды жеңіп шығуға үлкен көмек әрі алдағы анық шешімдер қабылдауға, жетістікке жетуге көмектеседі.

Талайларға қайрат берген Ел Мүддесі дем берсін!

Кең дүниеге кірген адам кең дүниені меңгерсін [99, б. 33], – деп ақын өзінің ұстанымын көрсетеді. Ақынның өзіне де елдің мүддесі дем беріп, шығармасын жарыққа шығарып отырғанын, өзіне дейінгі ғұламалардың барлығынан үлгі алу керектігін жеткізеді. Бұл туралы автордың өзі былай дейді: «Мен Грецияда болған да емеспін, оның тілін оқыған емеспін, өнеріне де етене қанық емеспін. Мүмкін, сондықтан ба екен, мұсылман пәлсапасының өзегіндей Зұлқарнайынға тәрбиеші болған Аристотель, оның ізгілік, ар, иман туралы қалдырған мұрасы мені қатты тебіrentті. Сократтың тағдыры, оның Абай үлгі тұтқан хакімдігі өз алдына бір төбе тақырып болды. Ал Платонның бүкіл философиялық ойлау жүйесі, оның өз тағдыры, надандықтың қара түнегін сәулелендірген ойлары, диалогтары менің жан дүниеме өлең боп енді» [99, б. 5], – деп қазаққа философиядан жұлдыз теріп, өлең арқылы жазып беретін күн туғанын жеткізеді. Солай, философ ақын әлемнің барлық терең ойларын жинақтап, өлеңге айналдырды. Бұл – тәуелсіздік тұсындағы еркін ойдың қалыптасуының көрінісі.

Әдебиетке махаббат лирикасымен танылған И. Сапарбай рух жайлы топтама өлеңінде былай дейді:

Замананың заруайым толғағы ем,
Тоты құстай торықпасын торда Өлең...
Турабиден тұяқ қалса – ол да Мен!

Ұлы жұрттан ұят қалса – ол да Мен! [100] – деп тура анықтама беруге келмейтін рух жайын қозғауы – ақынның шығармашылығындағы этнопсихологиялық мінездің көрінісі. Халықтың мінезін терең түсініп, шығармасының өзегі ету де тәуелсіздіктен соңғы құбылыс десек болады. Рух дегенде бірден халық арасынан шыққан батырлар ойымызға келеді. Зерттеуші-ғалым Д. Раев қазақ қоғамындағы батырлар институтының пайда болуын ежелгі заманмен байланыстырады. Сонау ерте дәуірлерден бастап халықтың жауынгерлік рухы, болмысы қалыптасқанын, тіптен шетелдік зерттеушілер көшпелі халықтың жауынгерлік рухы, әскери өнерінің мықты екенін атап көрсетеді. Өзге халықтарда «самурай», «кшатрий», «рыцарь» деп аталған кәсіби әскерилерге қарағанда батыр, баһадүр атанған көшпелі жауынгерлік атақтың айтарлықтай ерекшеліктері болды. Аталған үш әскери атақ отырықшы мемлекеттердегі берілген кәсіби атақ болса, батыр болу әр қазақтың тандауына, түптеп келгенде ол уақытта батыр болам деп те таңдамаған еді. Жаугершілік заманда әр қазақ – батыр болатын [101]. Осыдан келіп, батырдың табиғаттан азаттық алғанын, жігері, күші табиғи күштерден жоғары болғанын аңғарамыз.

Ақын «Сөз құны» өлеңінде сөздің бағасы нар жүгінен де ауыр екенін, халқымыздың сөз өткірлігі алдаспан мен кездіктен де асып түсетінін жеткізеді. Абайда өз қара сөзінде қазақ халқының ең асыл қасиеті ретінде сөзге тоқтай білу қасиетін жоғары бағалаған. Түсіне білген адамға сөз – оқ болса, түсінбеген адамға сөз – жай ғана айтылған, мағынасыз тіркестер. Солай, халқымыздың алдаспаны, кездігі – қаруы, сондай-ақ сөз қаруы болғанын аңғарамыз. Ақын ендігі бір өлеңінде Абылай, Ақан серінің болмысын суреттеп, өткен заманды аңсайтынын жеткізеді. Ендігі бір өлеңінде ақын өзінің қазіргі замандағы Жиренше екенін жеткізеді. Ақын өлеңін оқып отырған әр қазақ үшін тарихи тұлғалардың атауы жақсы таныс. Тарихи тұлғалардың өлеңде көрініс беруі ақын өлеңіндегі рухтың күшейтіліп көрсетілуінде емес, этнопсихологиялық мінездің көрінісі ретінде көрінеді. Оқып отырған оқырман тарихи тұлғаны жақсы біледі, оның басынан кешкен тарихын да жақсы біледі, осыдан барып оның мінезін де таниды. Осы негізден ақын өлеңіндегі этнопсихологиялық мінез тарихи тұлғалардың болмысы арқылы таныла түседі. «Қазақ деген қауымға» өлеңінде халықтың ділмәрлығын, шешендігі сынды мықты жақтарын көрсете отырып, енді бірде дос пен қасты айыра алмайтынын сынап өтеді. Ақын былай дейді:

Сөйлесең, мен – ділмәрмін, сен – данасың,

Сөз емес, іс бермей ме ел бағасын?!

Қашанғы өзді-өзіңе өктемсініп,

Қашанғы жау мен жатқа жем боласың [100, б. 15], - деп сынап өтеді. Абайдан басталған халықты сынау барлық ақында кездеседі. Себебі ақын өз халқынан бір саты жоғары тұрып, алдағы келер қауіп-қатерді, түбегейлі өзгерістерді сезеді, халықты сақтандыруға тырысады.

Ақын рух жайлы түсінігін тереңдете түседі. Рух батырдың және ақынның бойына біткенін, бірі – ел мен жердің қорғаны, келесісі – елдің ардағы деп анықтайды. Рухтың үш сүйеніші бар: ар, ождан, намыс. Ендігі бір рухтың үш сүйеніші бар: арлы қыз, ожданды оғылан, намысты ұл деп көрсетеді [100, б. 19]. Ақын «Арзу» өлеңінде халықты тағы бір сынап өтеді, халықтың құлқыны құдықтай, есебі түгел епшіл екенін ақындық намыспен аяусыз атап өтеді. «Махамбетше» өлеңінде Махамбетпен ұқсастығын көрсетеді:

Ақынды қашанда қайғы жеңгенін;

Асып туған ақынды ажал табатынын;

Ақын қай заманда да бал дәмін татпайтынын;

Көңілі байбатша ақынға ешкім патша тағын ұсынбайтынын;

Надандардың ит қосып, шайырға зиянын тигізгенін [100, б. 30], – айтады.

Осылай, ақын қай кезде де ақынның жүгі ауыр екенін, қашанда ақынның қайғы жеп, надандықтан зардап шегетінін айтады. Десе де, ақын рухтың көрінісі болғандықтан надандықпен қарсы келіп, халықтың көзін ашуға тырысады. Ақынның «Ұлтарактай жер үшін» өлеңінде жердің халық үшін қаншалықты маңызды екенін, жүректі езетін халық зарынан ханша мен аттың қадірі жоқтығын, қашанда ұлтарактай жердің маңызды екенін айтады. Географиялық территорияның халық үшін құнды екенін жеткізеді.

Ақтөбе өңірінің тумасы С. Баймолдин – қазақ әдебиетінде өзіндік бояуын, нақышын қалдырған ақын. «Маусым» поэмасында ақын мен батырдың сұхбаттастығын көркем бейнелейді. Қан майдандағы батырдың кешкен сұрапыл жылдарын суреттей келе, батыр болу ешқашан мақсат еместігін, қажеттілік пен өмірдегі түрлі жағдайлардың себебінен екенін түсіндіреді. Және ақын батыр сөзімен былай дейді:

Дауыл мінез жас албыртым,
Өмір – күрес; тынбас, бірақ,
Дұрыс жырла, дұрыс түсін
Әрбір міндет – бір жарқабақ [102], – деп ой түйеді.

Ақынның «Өз жүрегімнің өзіме айтқан сөзі» өлеңінде өткен тарихтың сырын ақтарып, халықтың ой талқысына салу керектігін айтады.

Неге мені кеудеге жасырасың,
Айтар сөздің ажарын қашырасың?
Көкірегіңе тұтқындай қамағанша,

Шығар мені, шуағың шашырасын [102, б. 148], – деп ақынның заман көшінен қалмай, сол кезеңнің шындығын жеткізуі негізгі міндеті екенін айтады.

Ө. Оралбайұлы ақын С. Жиенбаевтың жырларының хас шебердің қолынан шыққан жауһар өнер екенін айтады. Ақын поэтикасы адами құндылықтарға толы екенін, сыршыл психологизм мен сұлу романтизмнің шебері екенін де атап өтеді [103]. Ақынның «Таба нан» өлеңінен жылулық, мейірімділіктің белгісіндей таба нан көрінеді [104]. 1932-1933 жылдары орын алған «Кіші қазан» оқиғасынан кейін, қазақ жерінде орын алған аштық салдарынан халық өз жерінен безініп, нанның қиқымына да зар болып қалды. Тіптен өз баласын құрбандыққа шалғандығы туралы тарихи фактілер бар. В. Франкл деген психолог немістердің концлагерінде болып, еврейлерге жасалған қастандықтарды өз көзімен көреді. Адамның мықтылығы болып жатқан оқиғаларға берілмеуі, қанша қиындық көрсе де ертеңгі күнге сенімі арқылы шыдаммен қарауға үйренуі [105]. Әрине, орын алған ашаршылық оқиғасы халықтың рухын сындырып, ертеңгі күнге деген сенімнен айырды. Солай бола тұрса да, халық ертеңгі күннен үмітін үзбеді.

Ақынның «Қазақстаным» өлеңінде қалың ну, қарлы аймақ, көкорай жазық, кең дала еліне арқа сүйейтінін жеткізеді.

Елестеп сол шақ көзіме
Қырларым,
Қала,
Қыстағым,
Арқамды сүйеп өзіңе
Тұрамын,

Қазақстаным! [104, б. 44] – дейді. Ақын «Ауылға барғанда» өлеңінде өзінің туған жеріне деген сағынышы бейнеленген. Ауылына деген сағынышы жүрек дүрсілінен, ақынның бейнелі суреттеуінен айқындалады. Ауыл тіршілігін, табиғатын суреттеп келіп, ауыл халқына тән қасиетті бейнелейді. Ол – қонақжайлылық.

Қызық қой менің ауылым,

Қонақсыз болмайды әр күні [104, б. 55], - деп халыққа тән мінезді, болмысты суреттейді. Ақын шығармашылығының бір ерекшелігі әйелдер жайын қозғайды. Көбіне-көп ақындар әйелдер жайында ғашықтық, махаббат лирикасын қозғаса, ақын С. Жиенбаев әйелдер мәселесін көтереді. XX ғасырда М. Әуезов адамдықтың негізі – әйел деп анықтап, әйелді оқыту мәселесін көтерген болатын. Бұл жерде ақын Сағи әйелдердің XX ғасырдағы жағдайын, жай-күйін сөз етеді. Радикалды феминисттік бағытта емес, қарапайым ғана әйел жайын бейнелейді. Ақын былай дейді:

Бірзамыз барлық ісіне,

Қазақтың қара көздері.

От пенен судың ішінен

Бізді алып шыққан өздерің [104, б. 69], - деп қазақ қыздарының батырлығын, батылдығын, ақылдылығын көтере суреттейді. Қазақ тарихында болған тарихи оқиғалардың барлығын саралайтын болсақ, қазақ әйеліне көп жауапкершілік артылғанын көреміз. XX ғасырда кеңестік биліктің орнауымен әйелдерде еңбек ісіне араласты. Еңбектің барлық саласына араласып, ерлермен бірдей жұмыс жасады. Ұлы отан соғысы жылдарында соғысқа, жұмысқа жарамды ерлер аттанып, еңбек күші болып әйелдер, балалар алмастырылып қалды. Нақтылы осы кезден бастап, әйелдер белсенді жұмыс күші болып саналды. Тәуелсіздіктің келуімен қазақ қыздарына, әйелдеріне де еркіндік келе бастады. Поэзияда әйел тақырыбы жаңа қырынан көтерілді.

«Менің далам» өлеңінде ақын қазақ жерінің ырысқа, құтқа толы екенін айтады.

Қара бұлт төкпей жаңбырын,

Қуартты дейді қыр гүлін.

Қызғанды дейді ай нұрын,

Қимады дейді күн нұрын [104, б. 130], - деп қазақ даласында өткен неше түрлі оқиғалар орын алғанына қарамастан, қазақ даласы байлыққа толы екенін айтады. Қазақ жері неше түрлі уақиғаларды өзіне бүгіп, жасырып тұр. Ата-бабаларымыз дархан дала үшін жаумен соғысқанда ата-бабасы жерленген дала үшін, сүйіктісі мекен еткен жерді қорғау үшін найзасына үкі тағып, қылышын қайраған еді.

«Домбыра» өлеңінде ақын аспапты ерекше қастерлеп, құрметтеп, домбырасыз әлемге сырын қалай жария ететінін айтады.

Қалғандай қазір елсізде,

Сүземін саған көзімді.

Дүниеге мынау

сенсіз мен

Жеткізем қалай сөзімді?! [104, б. 137] – деп домбыраның әр қазақ үшін маңыздылығын жеткізеді.

Қазақ әдебиетіне үлкен құбылыс боп келген, жыр майданының сардары атанған Н. Айтұлы шығармалары ұлт, елдік, батырлық тақырыптарын көтереді.

«Ұлы қайғы» өлеңінде қайғысының Ертістен де ұзын екенін, қайғысының Әлішер мен Абайдан қалғанын, оның болашаққа жалғасатынын айтады.

Ұлы қайғы жанымды жеп жегідей,

Жеті түнде ұлиды кеп бөрідей.

Тірлігіме сонда қатты налимын,

Иттің тісі жырымдаған терідей [106], - деп ұлы қайғысының қатты екенін аңғартады. Ақын өз заманының қайғысын, уайымын терең түсінетіндіктен, қайғыруы, уайым шегуі көп қолданылады. «Бір белгімін» өлеңінде өз ғасырының белгісі екенін, ескі үлгімен өлең соққан ұста екенін айтады. Және ақын былай дейді:

Соға ма сөз-семсерін осал адам,

Күнім жоқ жоқтан барды жасамаған.

Дос түгіл, қарыздармын дұшпаныма

Оқ атқан Бекежандай Қособадан [106, б. 7], - деп ақын өз жайын аңғартады. «Азаттығым» өлеңінде азаттықтың қымбат екенін, еркіндігіне қандай да бір қатер төнер болса, қылшылдаған намысы қынабынан суырылатынын, соққан желдің өтіне жүрегін қалқан ететін поэтикалық тәсілмен жеткізеді. «Өз қолыңмен өрт салма» өлеңінде ақын мынадай өсиеттерін айтады:

Қысым түссе жаныңа,

Жарты құртты бөліп же.

Алай қойдың жүніндей,

Бірақ өзің бөлінбе!

Бая аяғың бірікпей,

Бүтіндік жоқ еліңде [106, б. 40], – деп ақын бірлікке шақырады. Халық арасындағы бөлінгенді бөрі жейді дегендей, ауызбіршіліктің, татулықтың маңызды екенін айтады. Ақын Абай да қазақты бас-басына би болып, ауызбіршіліктен, татулықтан ажырағанын айтады. Халқымыздың бірлігі ажырай бастаған уақытта Ресей империясы, қытайлар, Хиуа, Қоқан хандықтары, қалмақтар, башқұрттар тарапынан қиян-кесті шайқастар болып, іргесі ажырап тұрған халыққа үлкен салмақ салды. Әр жерде тарыдай шашылған қазақ халқы бірігуді емес, бөлініп жан сақтауды дұрыс көрді. Бұл біздің тарихымыздағы ата-бабаларымыздан алатын ең үлкен сабағымыз. Одан қала берді патшалық Ресейдің алдарқатқан саясаты да халықтың бөлінуіне әсер етті. Ақын және былай дейді:

Күңіренбесін десеңіз

Ата-бабаң көрінде,

Отбасыңа ие бол,

Отырғанда төрінде! [106, б. 41] – деп отбасы құндылығын жеткізеді. Сонымен қатар былай дейді:

Өз қағыңнан жерінбе,

Өз қаныңа тебінбе! [106, б. 41] – деп бұл жалғанда өз туысыңнан жақыны жоқтығын айтады. Ақын өлеңінен ел бірлігі мен отбасы құндылығы анық

көрінеді. Бостандық жырының бозторғайы атанған ақын тәуелсіздіктің қадірін білуге, ұлттық құндылықтарды сақтауға шақыратынын көреміз.

Ж. Әскербекқызы Н. Айтұлын рух азаттығының жыршысы деп бағалайды. Зерттеуші-әдебиетшінің пікірінше, ақын халықтың көкейінде жүрген сөзін, арманын арқалайтынын, ел мен жер тағдыры ақынды мазаламай қоймайтынын айтады. Әлемдік кеңістікке әр халықтың тәуелсіздігі үшін күрескен тұлғалардың ақын-жыршы болғанын айтады. Әлемнен бұрын ұлт дүниетанымында Абай, Махамбет, Дулат, Мағжанның да ұлт жыршысы ретінде танылғанын жеткізеді. Қазақтың ең қасиетті тілегі – рух азаттығы мен ел тәуелсіздігі. Ақынның «Көкала үйрек» поэмасын талдай келе, тәуелсіздік тақырыбын жеріне жеткізіп көтеріп, көкала үйректің ұлттық рухтың бейнесіне айналғанын көрсетеді. «Ақынның айтпағы, поэтикалық емеуріні рухты қастерлеуге, өткенді құрмет тұтып, оған тағзым етуге саяды. Кемпірбай толғап айтқан Алланың аманаты кеудедегі шыбын жан ғана емес, жаратушы сыйлаған ақындық, рух әлемінің бір жаратылысы өлең, яғни Көкала үйрек. Ол түбі қонар айдынын іздеп, тағы бір мекені – көк төсінде мәңгі қалықтай бермек» [107], - деп бағалайды. Көкүйректің қанатында ғаламат күш барын, адамнан ешқашан қайыр күтпейтінін, бір жаратушыға ғана аманат екенін ақын бейнелі жеткізеді.

Ақын «Ту» поэмасында ел парызы мойнында тұрғанда ер жігіттің тыным таппайтынын айтады. Поэмасының негізіне қызылдардың оғынан қаза тапқан Таңатардың, Кәрібайдың қаза тапқанын жеткізеді.

Атқандар Шәкәрімді оны да атты,

Жаласып шайтан ауыз ібіліспен [106, б. 111], - деп Шәкәрімнің қазасын да атап өтеді. Шәкәрімді атқан қызыл – қазақтың өзі еді. Есті ақын бұл оқиғаны ұмытпай, шығармасына қосып отыруы да ер жігіттің есімі ұмытылмайтынын аңғартады.

Жігіттің сұлтаны еді сол Кәрібай,
Байғұсты жаратыпты сорға Құдай.
Көмуге мұрша бермей қанішерлер,

Кебінсіз бір шұңқырда қалғаны-ай [106, б. 111], - деп Кәрібайдың қазасы арқылы бір шұңқырда денесі қалған талай қазақтың боздағы қалғанын тура емес, поэтикалық тұрғыдан жеткізеді. Поэманың келесі бөліктерінде Абылай, Төле би, Ақтанберді, Дәулетбай, Барақ, Боранбай, Жәнібек, Баймұрат, Бұқар жырау, Наурызбай, Бердіқожа Бөгенбай, Қабанбай, қарсы жау Күршім бейнесі көрінеді.

Тағдырдың кім құтылар кесімінен?
Бәрі де пенденің өз кесірінен.
Ит ұлып, бота боздап, қозы шулап,
Шырылдап сәби қалды бесігімен.
Ілбіген ілесе алмай кәрі-құртаң,

Ажалдың сығалады есігінен [106, б. 127], - деп қазақ жеріндегі қазақ-қалмақ қатынасын суреттейді. Ақын бостандық туының Кенесары ханмен бірге құлағанын айтады. Ту үшін қанша мәрте күрескенін, адам баласы естімеген сұмдықтарды бастан кешкенін бейнелі жеткізеді.

Кеудесін атқан оққа төсеп өлген,
Алаштың туы қайда кеше көрген?
Жарқырап Тәуелсіздік таңы атпаса,

Өктемдік бізге қашан есе берген? [106, б. 130] – деп тәуелсіздіктің маңыздылығын түсіндіреді. Ақын өлеңдегі ту символдық код, ту – тәуелсіздік мәнінде қолданылған. Тудың биікке ілінгені еркіндіктің, тәуелсіздіктің символы ретінде көрінеді. Қазақтың туының биікте ілінуі үшін ата-бабаларымыз кескілескен соғыс жүргізгенін, бірде ұтып, енді бірде есе жібергенін, кең даланың, дархан даланың, еркіндіктің, бостандықтың, тәуелсіздіктің, ерліктің символы – ту екенін ақын Н. Айтұлы поэмасында жеткізеді.

Осы негізден, қазақ поэзиясындағы этнопсихологиялық мінез кең даланы мекен еткен батырдың рухтылығын, ерлігін, қалыпқа сыймас болмысымен анықталатынына көз жеткіземіз. Әлбетте, кемшіліктеріне, ұлттық мінездің тарихи себептерге байланысты өзгеруіне қарамастан, этнопсихологиялық мінез батырлықпен, қайсарлықпен, қонақжайлылықпен, дархандықпен байланысты екенін көреміз.

2.3 Өлеңдегі образдар жүйесінің этномәдени аспектілері

«Кеңестік жүйе тұсындағы өкіметтің ұстанған саясаты қазақ халқының мүддесін көздей бермегені белгілі. Яғни, көптің құлағы, көзі болып табылатын, баспасөздің тыныс-тіршілігі, көтерер мәселесі қырағы цензураның үнемі тексеруінде болатын» [108], - деген пікірден кеңестік дәуірде өткен тарихты, тарихта болған тұлғаларды шығарманың бас кейіпкеріне айналдыру мүлде мүмкін болмағанын көреміз. Дегенмен, қаламгерлер басқа тәсілді тапты. Мәселен, Ғ. Мүсірепов «Ұлпан» романында Есенейдің патшалық билікті жақтағанын, оқу-ағарту ұстанымын көрсетіп, орыс билігін мойындайтынын көрсетеді де, сол заманда, бір уақытта өмір сүрген Кенесарының хандықты, өткенді аңсаған мақсатын пайдасыз көреді. Әр адамның заманына сай өмір сүру керектігін айтады. Бұл – кеңестік цензураның оңынан шыққан идеясы. М. Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясында Абайдың орыстың оқуын құп көргені, қазақ балаларының орыс мектептерінде оқығанын тәуір көргені кеңес цензурасына сай келеді. Дегенмен, Құнанбай образы цензура кесірінен қысымға тап болады. Баласы Абайға әкесі ретінде үш сынын көрсеткенінде, орыс оқуын тәуір көресің деп сынауы да әке мен бала арасындағы қайшылықты күшейтіп жіберген. Осы негізден, жазушы Құнанбайдан Абайдың образын күшейтіп, Абайды патшалық Ресейдің оқу-ағарту саясатын құптағанын жеткізеді. Орыс әдебиетінде де әке мен бала қарым-қатынасы И. Тургеневтің «Отцы и дети» туындысынан көрінеді. Әке мен бала қатынасы да кешегі мен бүгінгі, өткен тарих пен бүгінгінің тартысы негізінде көрінеді. Осылайша, жазушы Абай мен Құнанбай образы арқылы өткен мен бүгінгіні бейнелі жеткізеді. Бүгінгі деп отырғанымыз Абай өмір сүрген дәуір, ал кешегі Құнанбай өмір сүрген заман. Екі заман арасындағы тартыс болуы да заңдылық. Кеше дұрыс болған нәрсе, бүгін маңызын жоғалтады. Бұндай қарама-қайшылық шығармада Қодар мен

Қамқаның оқиғасына деген көзқарасынан көрінеді. Құнанбай қазақ даласында бұндай сұмдық оқиға қайталанбауы керек деген мақсатпен екі адамның қанын төгеді. Абай болса, орыстың оқуын оқыған, тоқыған, гуманистік ойы алдыңғы қатарға шығады. Солай, Құнанбай үшін дұрыс нәрсе Абай үшін сұмдық көрінеді. Осылайша, екі жазушы әдебиеттегі образды шығармаларында бірде орнымен, бірде қысыммен жасап, цензураға лайықтайды.

Тәуелсіздік алған жылдарда көркем әдебиеттегі образ цензурадан алыстап, тарихи тұлғалар шығармалардың басты қаһарманына айналды. Осы ретте көркем әдебиеттегі образ мәселесін қарастырып өтсек.

3. Қабдолов «Сөз өнері» зерттеуінде әдеби шығарманың негізінде адам тағдыры жатқанын айтады [109]. Зерттеуші адам тағдырының жазушы үшін шығарманың негізгі арқауы ғана емес, өмірді танудың өзгеше бір құралы екенін жеткізеді. Әдебиеттің негізі адамның өзі, әдеби қаһарман ғана емес, сол кейіпкерін жасаудағы шығармашылық әрекеті, ойы болуы керектігін айтады. Соның ішінде зерттеуші типтік образдың типтендіру арқылы, адам образын жасап шығу үшін қажет өмірлік материалдарды жинақтау типтендіру тәсілі арқылы жүзеге асады деген пікірін білдіреді. Шынайы құбылыстарды типтік негізде жинақтау қаламгердің образдың немесе типтің жалпы бітімін, тұлғасын қалыптастырып, ішкі ерекшелігі мен мінезін дараландырады. «Көркем әдебиеттегі типтік образдарға қарап отырып белгілі бір уақыт пен кеңістіктегі қоғамдық дамудың негізгі және шешуші тенденциясын байқауға болады» [109, б. 108], - деп типтік образдың ерекшелігін көрсетеді. Осы негізден типтендірілген тарихи образдарға назар аударсақ.

Қазақ тарихында Махамбеттің алатын орны ерекше. Махамбет – қазақ поэзиясында да, прозасында да, драмасында да көп кездесетін типтік образ. Қазақ поэзиясындағы Махамбеттің образы б-кестеден көреміз.

Кесте 6 – Қазақ поэзиясындағы Махамбет бейнесі

Шығарма авторы	Тақырыбы	Жанры	Махамбет бейнесі
1	2	3	4
Қ. Бекхожин	«Махамбет қабірі басындағы тебіреніс»	Өлең	Өр дауысты, тұңғыық, терең, қара баласын хан ұлына теңгеруді көздеген
Х. Ерғалиев	«Махамбетпен мұңдасу»	Өлең	Бітімі хан, патшаға бергісіз. Еншісі мен сыбағасы – жалғыздық
Т. Молдағалиев	«Махамбет басын дағы тебіреніс»	Өлең	Махамбет – күдірет. Дүниеде күдірет аз.
Қ. Мырза Әлі	«Махамбет», «Еменге біткен иір бұтақ»	Өлең	Сұр жебе, Нарында әлі де шоқ-қайғы сөнбегені айтыла ды. Екінші өлеңде Исатай мен Махамбет достығы, жауынгер елдің байрағы
Ж. Молдағалиев	«Махамбет қабірі басында»	Өлең	Күдірет ақын, ұлы ерлік, өмірлі өлең

6-кестенің жалғасы

1	2	3	4
	«Кек»	Поэма	Махамбет – көзей. «Соңы жоқ Махамбеттің қазақ барда».
О. Сүлейменов	«Махамбеттің өлер алдындағы ойы»	Өлең	Жомарт, батыр, ер, сарбаз, «Махамбет тірі – ел тірі».
С. Жиенбаев	«Махамбет жүрген жерлерде»	Өлең	Ақ қылыш, от-қамшы, астан да кестен дүниеде ақын үні мен жалынды бұлттар – ақынның шайқастағы болмысы.
Ж. Нәжімеденов	«Махамбетке»	Өлең	Жаралы ер, «найзағайды қамшы ғып, айдады ақын дұшпанын».
	«Жаңғырық»	Поэма	Тарлан, айбар – Махамбет
Ф. Оңғарсынова	«Түс немесе Махамбетпен қалай кездестім»	Өлең	Зұлымдыққа бас имеген, халықтың асыл ұлы
Ж. Әбдіраш	«Махамбет»	Өлең	«Аңыз аты – Қазақ та, Нағыз аты - Махамбет». Ел намысын бермеген ер
Н. Ораз	«Қылыш сөз – намыс оты»	Өлең	Халықтың дем берер символы
Н. Оразалин	«Жыр-бата»	Өлең	Махамбеттей болу қолдан келмейді. «Сен Махамбет емессің, Мен Махамбет емеспін»
М. Ақдәулетұлы	«Қарауыл - Қараой»	Өлең	Абай мен Махамбет бейнесін салыстыру, қайғы мұра
Т. Медетбек	«О, Махамбет, пірім-ай!»	Өлең	Әулие, пір, ақын, жан, рух, туыс-жақын, батыр ретінде танылады
М. Шаханұлы	«Нарынқұм зауалы»	Поэма	Ақын – киелі аққу, ұлы ақын.
Ә. Кекілбаев	«Махамбет»	Поэма	Арыстан жүрек, арлан ойдың иесі
С. Адай	«Сергтесу»	Поэма	От ауызды, орақ тілді, аламанның ары үшін өз басын кесіп берген, жаралы киік, азапты күйік.
А. Бақтыгереева	«Махамбет»	Өлең	Күрес жолы – тағдырың. Бір айыбы – батылдығы, бір айыбы - өлеңі

Ақынның болмысы қазақ ақындарының басты кейіпкері ретінде сомдалады. Осы негізден қазақ поэзиясында Махамбет образының көрінуі мынадай ой-пікірлерді қалыптастырады:

1. Ұлттық дүниетанымның түп негізінде жатқан азаттық пен ерліктің, тәуелсіздіктің символы.

2. Ерліктің, батырлықтың халық игілігіне жұмсалып, қылышы мен жырын қару етіп қолданған ақынға табыну жеке басқа табыну емес, батырлықты дәріптеу.

3. Махамбет пен Исатайдың достығы кейінгі ақын өлеңдерінде жолдастық үлгісі ретінде көрінеді.

4. Махамбет образы халық тілегіндегі ерліктің, қайсарлық үлгісі ретінде танылып, әр ақынның шығармашылық биік белесі ретінде саналады.

Ақын образы әр ақын шығармасында әр түрлі көрінеді. Десе де, көбіне көп ақынның кейінгі ұрпаққа мұрасы – мұң-қайғы екені, ақынның жалғыздығы қозғалған. Десе де, ақынның батырлығы, қайсарлығы, ерлігі тәуелсіздік кезеңіндегі ақындарды тамсандырмай қоймайды. Ж. Молдағалиев, Ф. Оңғарсынова, С. Адай шығармаларында Махамбет образын сомдау мақсатында интертекстуалдық, оның ішінде реминисценция әдісі арқылы жүзеге асқан. Интертекст бір мәтіннің басқа бір мәтінмен байланысы деп анықталады. Көркем мәтінді құраудың негізгі тәсілдерінің бірі ретінде анықталады. 1967 жылы енгізген интертекстуалдылық ұғымы автордың жасаған көркем мәтінінің айқын әрі жасырын дереккөз ретінде қолданылуы, сондай-ақ, реминисценция, цитата түріндегі әдеби байланыстары ретінде анықталады. «Интертекст призмасынан қарағанда, әлем өзіне дейін айтылып қойған, тек оларды басқаша қиыстырып, араластыруға ғана болатын үлкен мәтін ретінде қарастырылады» [110], – деп анықтайды әдебиет зерттеуші Г. Сәулембек. Осы негізден интертекст құбылысының мынадай ерекшеліктерін көреміз:

– қаламгердің саналы түрде басқа мәтіндерге сілтеме беруі, дәйексөз ретінде қолдануы;

– пародия, тұспал, реминисценция әдістерін қолдану.

Зерттеуші Г. Сәулембек интертекстуалдық байланысты анықтаудың үш жолын көрсетеді:

– көркем шығармадағы «бөгде» мәтінді анықтау;

– мәтінде сілтемелердің қандай тәсілдер арқылы жүзеге асқанын айқындау;

– интертексттің қызметі мен интерпретациясына талдау жасау [110, б. 28], – деп көрсетеді.

Осы негізден Ж. Молдағалиевтің «Махамбет қабірі басында» туындысына талдау жасап көрсек.

1. Көркем шығармадағы бөгде мәтін «Мұнар күн» өлеңінен алынған.

2. Көркем шығармада бөгде мәтін реминисценция әдісі арқылы жүзеге асқан.

3. Интертексттің қызметі Махамбеттің романтикалық образын күшейте түсуге әрі Махамбеттің қабірі басында барша қазақтың ұлы ерлік үшін жанын пида қылған ақынның үлгісін алуды, құрметтеуге, өр ерлік қандай сипатта болатынын аңғартуды көздейді. Махамбеттей батырдың ерлігі ұмытылмауы керектігін, құдіретті ақынның тағдыры жайында әркім өз көзқарасын қалыптастыруы керектігін жеткізеді.

С. Адайдың «Серттесу» поэмасында интертекстуалдық құбылысы қолданылған.

1. Ақын шығармасындағы бөгде мәтін Махамбеттің «Әрайна» өлеңінен дәйексөз ретінде алынған. Сонымен бірге «Мен Нарыннан кеткенмін», «Әрайна», «Қара нар керек біздің бұл іске» өлеңдерінен үзінді алынған.

2. Бөгде мәтіндер автордың саналы түрде шығармасына дәйексөз, реминисценция әдістері арқылы алынған.

3. Интертекстуалдық ақынның Махамбет бейнесін, іс-әрекетін нақтылау мақсатында әрі ел тағдыры үшін қабылдаған шешімдерінің дұрыс-бұрыстығын саралау мақсатында қолданыс тапқан. С. Адай ақынның баба аманатын арқалағанын, қараша халықты ақ сүйекпен, төренің дәрежесіне дейін көтеру мақсатын орындаудағы іс-әрекетін ақынның өз сөзінен реминисценция әдісі арқылы күшейте әрі нақтылай түскен.

Осы орайда, қазақ әдебиетіндегі тарихи туындыларды зерттеген Р. Бердібайдың пікірінде ескеруді жөн көреміз. Көркемдік құдіретімен солайымен бір дәуірді туғызған шығармалар болатынын, олардың халықтың жан азығына айналғанын айтады. Шығарманың әлбетте, эстетикалық, танытқыштық әсері болатынын айта келіп, қандай да бір туындының ұзақ жасауы халықтың өміріне қажетті мәселелерді анықтай біліп, суреттелінуінде. Сылдыраған сұлу сөздің емес, әдебиет қашанда көркем образдар арқылы өмір шындығын тану боп табылады. Белгілі бір халықтың басынан кешкендері тарих ғылымы арқылы дәлелденетінін, әрі оның тереңдігі мен дәлдігіне байланысты бағаланатынын айтады. Ал әдеби шығармалар ең алдымен, көркемдігі мен шыншылдығына байланысты орын алады. «Қаламгер қазақтың ұшан-теңіз ауыз әдебиеті байлығын, көркемдік қазынасын меңгеріп қана қоймай, оның үстіне тағы да екі үлкен көркемдік дәстүрдің – шығыс пен батыс (орыс) әдебиеті дәстүрінің әлеміне құлаш ұрған. Осы үш білім, парасат, шеберлік мектебінен нәр алу, сусындау оның бүкіл поэтикасына өшпес із қалдырған» [111]. Осы негізден халық мұрасына айналатын шығармалардың поэтикалық мәні күшейе түсетінін көреміз.

Махамбет образы арқылы төрелердің және биліктің өктемдігінің күшеюі негізінде көрініс тапты әрі таптық жауыздыққа деген күресі халық есінде. Ендігі кезекте, батырлардың, билердің, жалпы тарихи тұлғалардың образдарын қарастырсақ.

С. Адайдың «Ер Жалау» поэмасында Тоныкөк пен Білге қағаннан бастап қазақ тарихында аты аталатын барлық тарихи тұлғалардың есімі кездеседі. Осы арқылы ақын қазақ тарихының терең екенін, шытырман оқиғаларға толы екенін жеткізеді. Десе де, ақын туындыда Мұстафа Шоқайдың образын айрықша көрсетеді:

Мұстафа Шоқай еді ұлттың ұлы,
Білмеуі мүмкін бе екен жұрттың мұны.
Қадірін кеш білген соң ер жігіттің,
Болмайды берекет пен құттың құны.
Қоқанда бұл Мұстафа қол бастады,

Мынау іс Мұстафасыз болмас тағы.

Ең алғаш, дін-мұсылман жамиғатпен,

Түркіні түбі бірге сол бастады [112], - деп ақын қазақ тарихындағы М. Шоқайдың алар бағасын, халықтың ұлы екенін айтады. Халық арасында М. Шоқайды жағымсыз сипатта танытушылар бар. Десе де, ең алғашқы «Түркістан» идеясын көтерген де – Мұстафа Шоқай.

Ақын:

Алаштың зиялысы қандай еді,

Өңкей бір жарқыраған маңдай еді.

Ой айтқан озық сөйлеп заманынан,

Әрқайсы бұлбұл көмей, таңдай еді [112, б. 103], - деп барша Алаш зиялыларын да суреттейді.

Кеңес үкіметінің саясаты мына жолдардан көрінеді:

Бәлшебек дінге қарсы, ділге қарсы,

Салт-дәстүр, әдет-ғұрып, тілге қарсы.

Мысалы, иманы жоқ, Алласы жоқ,

Бұл сонда кімдерге дос, кімге қарсы [112, б. 109], - делінеді.

Ақын шығарманың өн бойында Алаш қайраткері, Маңғыстау өңірінен шыққан Ж. Мыңбайұлы образын жасап шығарады.

Ер Жалау – жанартау боп жарқылдады,

Халқына қамқор болып артындағы.

Ел үшін қызметтің түрін ойлап,

Қазаққа керек істен тартынбады [112, б. 125], - деп Ер Жалаудың да ерлігі кем еместігін айтады. Кеңес билігінің солақайлығын айтқан С. Садуақасов, Н. Нұрмақұлымен бірге балама жол ұсынды. М. Шоқаймен танысып, ұлттық идея жолындағы күрескерлердің бірі болды. Ақын С. Адай көпке танымал емес Алаш зиялысының күрескерлік рухының қалыптасуын, ел мен жер үшін күресін, саяси қайраткердің қалыптасу жолын көрсетті. Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ әдебиетінің дамуының бір сатысы – Алаш қайраткерлерінің тарихи образын жасау. Бұл ретте С. Адай Ж. Мыңбайұлының болмысын қазақ поэзиясында жоғары деңгейде суреттеді.

М. Ақдәулетұлы «Жоламанға» өлеңінде Жоламан Тіленшіұлының тарихи образын поэзияда көркем бейнеленеді. Ақын:

Жерде – бесік,

аспан тозбасын Күн,

Тал шаңырақ, қара ошақ қолдасын мың –

Қас дұшпаннан көл қылып қайтарамын

қарымын көз жасыңның [113], - деп Жоламан батырдың отаршылдыққа қарсы қозғалысының түпкі мәнін ашады. Батырдың болмысын былайша көрсетеді:

Даласына, сертіне адал, берік,

Намысына жаны құл адамға еріп,

өткел кешсең,

өлмейтін рухым менің

жылынар саған келіп [113, б. 141], - дейді. Қазақ тарихында шиеленіске толы XIX ғасыр халықтың тәуелсіздік үшін бас көтеріп, қасық қаны қалғанша күрескен дәуірі ретінде анықталады. XIX ғасырда Махамбет пен Исатай, Кенесары, Есет сынды халық қаһармандары бастаған көтеріліс ел мұратына жетуді көздегенімен, империяға тұтастай қарсылық көрсете алмады. Десе де, рухтың сынбауына, елдің аманатының ұмытылмауына батырлардың қосқан үлесі зор болды.

Қазақ әдебиетінде тарихилықты, тарихи проза тақырыбын зерттеген М. Балтымова пікірінше, типтік образдың қалыптасуы үлкен шығармашылық процесс екенін жеткізеді [113, б. 65]. Осыдан, типтік кейіпкерлердің бір күнде қалыптаса алмайтынын аңғарамыз. Типтік бейненің қалыптасуы үшін екі нәрсе керек:

– уақыт;

– типтенген жағдайларда қаһарманның көрінуі [113, б. 65], - деп анықталады.

Зерттеуші М. Балтымова шығармада көркем образдың берілуінің ерекше мәні болатынын, жинақтала келе, қайталанбас образға айналып, суреттелуі негізгі принциптердің бірі ретінде анықтайды [114]. Туындыда образдың ішкі, сыртқы күйлері, түрлі ситуациялар, сюжеттік дамуда кейіпкер қырлары ашыла түсуі керектігі көрінеді.

Н. Айтұлының «Ақмола шайқасы» поэмасында Қоңырқұлжа Құдаймендіұлы, Кенесары хан образдары көрінеді. Кенесары хан қазақ тарихында Ақмоланың, қазіргі Астананың салынуына қарсылық білдіргені айтылады, әрі І. Есенберлиннің «Қаһар» романында Ақмола бекінісін басып алғаны тарихи деталдармен жазылған болатын. Ақын Н. Айтұлы оқиғаны поэма тілінде жазып, авторлық көзқарасын жеткізеді.

Батырлар Хан Кенені қалқалаған,

Қарақшы, ұры да емес ел тонаған.

Шетінен еңіреген ерлер еді,

Қайғысын атажұрттың арқалаған [115], - деп Кенесары ханның бұрынғы қазақ хандығының дәуренін қайта қалпына келтіруді көздегенін, өткен еркіндік дәуірді аңсағанын көреміз. Ақынның авторлық көзқарасы мынадай:

Кінәлап не табамын ол ғасырды,

Сеземін сырқыраған жамбасымды.

Сүйрелеп өрге тартса – өгіз өлді,

Төменге қоя берсе – арба сынды [115, б. 72], - деп қазақ жерінде орын алған шиеленісті бейнелі жеткізеді. Туындыда Ы. Алтынсариннің атасы Балқожа бидің Кенесары ханның ықпалына көнбегені де айтылған. Қазақ жеріндегі қарама-қайшылықтар, бір уақытта өмір сүрген тұлғалардың мүдделері әр түрлі болды. Балқожа, Есеней, Құнанбай сынды ықпалды билер заман дегенімен орыс билігін жөн көрсе, Кенесары бұрынғы хандық билікті қалпына келтіруге тырысты. Бұндай шиеленістер орыс билігінің қазақ жеріне орнауына, арада жауыздық отын жағуға үлкен мүмкіндік берді. Қазақтың менмен деген азулыларының бәрі байлық пен биліктен мүдделі болғаны белгілі.

Солай, ақын Кенесары мен Қоңырқұлжа арасында қайшылықты тарихи оқиғалар мен фактілер арқылы дәлелді жеткізеді.

К. Салықов «Тарихтың өшпес таңбасы» өлеңінде «Абай жолы», «Ботакөз», «Көшпенділер», «Тар жол, тайғақ кешу», «Қан мен тер» сынды шығармаларды атап кеңестік биліктің ұлттық ұғымды, танымды иемденгенін айтады. Ақын І. Есенберлиннің болмысы жайында былай дейді:

Ақылдың салып тезіне,
Қаратқан елді сөзіне.
Есенберлин – ғұлама,
Ұлттық айқын шежіре.
Кешкен жоқ ол жеңілді,
Намысқа ұлттық берілді.

«Көшпенділер» қорғап тұр,

Атадан қалған жерімді [116], - деп ақын К. Салықов І. Есенберлиннің батылдығын жырға қосады. Ілиястың Махамбет пен Мағжанның жалғасы екенін, ақтангер ақын, тарихта өшпейтін бағасы барын айтады. Солай қазақ поэзиясында бұрынғы өткен ата-бабалар образы ғана емес, кейінгі жылдардағы қазақ әдебиетіне, мәдениетіне өлшеусіз үлес қосқан тұлғалар да бейнелене бастады. І. Есенберлин қазақ дүниетанымына қосқан үлесі зор. Қылышынан қан тамған кеңестік билік заманында «Көшпенділер» трилогиясын басып шығару мүмкін емес болатын. Қ. Жұмалиевтің бір сұхбатында туындыны теріп шығарудың қиын болғанын айтады. Осындай ерлігі арқылы танылған І. Есенберлиннің поэзиядағы бейнесі де биіктей түсетінін көреміз.

Н. Ораз «Тәуелсіздік таңы атты» поэмасында тәуелсіздіктің қымбат екенін, сонау түріктерден келе жатқан бағалы қазына екенін жеткізеді.

Әлі талай Тәуелсіздік іздеген
«Қазақ шығып» көрерміз-ау біз деген.

Бірақ түрік түрік болып тұрғанда,

Жеңіс, жеңіс!... Бәрін хатқа тізбеген [117], - деп түркілік танымды алға шығарады. Тәуелсіздік жайында ақын мынадай көзқарасын білдіреді:

Тәуелсіз ел – сүйген құлы Тәңірдің,

Көлеңкесі жолай алмас қайғының [117, б. 366], - деп тәуелсіз, еркін тұлғаның болмысы биік болатынын айтады.

Орыстарға бәрі татар көрінген,

Қорыққандай «моңғол» десе өлімнен,

Түркілердің бәрін татар атаған,

Қай тұста да болса мейлі бөлінген [117, б. 371], - деп орыстардың моңғолдарға деген көзқарасының негативті сипатта танылатынын көреміз. Поэмада Күлтегін, Білге қаған, Тоныкөк, Зарина, Томирис, Тоқтамыс, Едіге, Шыңғыс хан, Жошы, Әбілқайыр хан тарихи образдарын сомдап, қазақтың тәуелсіздікке дейінгі ұмтылысын бейнелі көрсетеді. Керей, Жәнібек, Қасым, Хақназар, Тәуекел, Тәуке, Салқам Жәңгір, Абылай біртұтас ел болудағы ерліктерін айтып, халықтың тәуелсіздігін сақтауға тырысқанын айтады.

Тәуелсіздік таудан биік – көңілде

Гүл егіліп тастағандай өңірге.

Содан асыл, содан өткен арман жоқ,

Одан озған не асыл бар өмірде [117, б. 377], - деп еркіндіктің қымбат екенін жеткізеді. Дегенмен уақыттың бір орында тұрмайтынын, жайран өмірдің салтанаты мәңгілік еместігін айтып, патшалық Ресейдің құрық салғанын айтады.

Саналы ердің жүрегіне у құйып,

Тартып жатқан түбі терең тұңғиық.

Өрмекшінің ауы бейне құрылған

Төбемізден төніп тұрды тым биік.

Сол бодандық – сор бодандық салмағы

Басып-жаншып, жан сақтар жер қалмады.

Жанартаудың дүмпуіндей сонда да

Үш рет тулады елдің ардағы [117, б. 377], - деп халықтың тәуелсіздік үшін тоқтаусыз үш жүз мәрте көтеріліс жасап, еркіндікке ұмтылғанын көреміз. Сонымен бірге шығармада Кейкі мерген де аталып, ел мен жер үшін күрескен тарихи тұлға екенін айтады.

Тәуелсіздік түп-тамырын ежелден

Шолып өттік кәрі тарих кезеңнен.

Тәуелділік болған емес мәңгілік,

Қаншама жау келсе дағы кезенген [117, б. 386], - деп тәуелсіздіктің бағасын, ата-бабаның неше жылғы күресінің нәтижесі екені айтылады. Поэмада қазақ тарихында орын алған тарихи тұлғалардың барлығы аталса да, басты кейіпкер – халық. Халық образы шығарманың халықтық принципімен сәйкес келеді. Осы негізден поэмадан мынадай жайттарды аңғарамыз:

– қазақ тарихында орын алған оқиғалардың барлығын халықтың өзі басынан кешіп, өз ұлыларын ұмытпады;

– беделді қоғам қайраткерлерінің тәуелсіздік үшін қозғалысынан карапайым халық қалыс қалып көрмеген, сол қозғалыстардың ішінде жүрді;

– тәуелділік жағдайы орын алса да, халық ертеңгі күннен үміт үзбеді.

Ақсақ Темір образын поэзияда бейнелеген Қ. Бекхожин баллада жанрында билеуші Темірдің сұсты да айбарлы бейнесін жасады. Жарға соғылған Жейхун – ашуға бұрқ еткен Темір болмысы салыстырыла сомдалған. Әмір Темір болмысы былай көрінеді:

– айдаһар жүрегін жұтқан;

– әзірейілдің қылышын қайрап алған;

– арасаттың алауындай ашулы;

– азу тісі ай білеген деген сипаттары арқылы билеушінің айбынды бейнесі көрінеді. Поэманың негізінде әр билеушінің жасаған әрекеттеріне ақыретте жауап беретіні айтылған.

Ақын «Ақсақ құлан» поэмасында Жошы ханның образын, «Сұңқар туралы аңыз» поэмасында Сәкен Сейфуллиннің бейнесін сомдап, халық тарихында алатын орнын белгілейді [118]. Халық өз ұлдарын, бағландарының ел мен жер үшін ерліктің ұмытылмайтынын көреміз.

Қазақ әдебиетінде М. Айтхожа, А. Бақтыгереева, К. Ахметова, Б. Райсова, М. Ершу сынды ақындар «қазақ қызының» образын жасады. К. Ахметова қазақ қызының ерлікке толы болмысын жалынды жырларында бейнелеп, ерлікпен қазақ қызы ұғымының егіз екенін айтады. К. Ахметова «Балқадиша» образын түлетіп, сұлулардың бағасын көтеретін жігіттердің аздығын кемдік санайды. Қазақ қызының ерлігі, батылдығы, ғылымы, көркі, ақылы сипаттары арқылы мықты екені, ұлылықтың негізінде қоғамды қозғаушы, ізгілікке бастайтынын айтады. А. Бақтыгерееваның «Сүмбіле», «Болашақ бойжеткендермен сырласу», «Сіңліге сыр» өлеңдерінде қазақ қыздарының болмысын бейнелеп, нәзіктігіне карамастан батыл қазақ қызының образын суреттеді. Десе де, ақынның «Сіңліге сыр» өлеңі – барша қазақ қыздарының жыр-паспорты. Бұл өлеңінде ақын қыздарды ақылға шақырып, өмірдің түрлі қалтарыстарында адал болу керек екенін жеткізеді. Ақынның «Толғантса дала...» өлеңінде:

Тарихы қанша
Басынан кешкен азапты Ел.
Қызыққан әлем
Даласың қандай
ғажап кең!
Қасқая қарап,
Тауларға сүйеіп арқаны,
Кезесің жайлау

Қой жайған момын қазақпен [119], - деп қазақ жеріндегі болып өткен оқиғаларды авторлық көзқарасымен саралап, қазақ елінің асау тұлпарлары қазақ тарихын жасағанын жеткізеді. Ақынның «Махамбетке», «Сырымға арнау», «Сахнада Құрманғазы», «Ерлікті көзбен көрген күн» - Ж. Молдағалиев туралы, «Мұқағалимен танысу», «Көк дөненнің кісінеуі» - Қ. Мырза Әлі туралы, «Арнау» - Ә. Кекілбаев туралы, «Сөйлейді өктемдерді ығыстырып» - Ш. Мұртаза туралы, «Абылай алаңы» - Ш. Уәлихановқа арнау, «Желаяқ» - Ә. Тұяқов туралы өлеңдерінде қазақ мәдениетіне, тарихына өлшеусіз үлес қосқан асау тұлпарлардың болмысын суреттеді. «Мәншүк» өлеңінде қазақ жерінен шыққан пулеметші қыздың даңқын асқақтатып, қазақтың батыр қызының үлгісі екенін жырлады:

Әлемге тарап атағың,
Құрбаны болдың ақ таңның.
Мен бүгін «Мәншүк апаның
Еліненмін» деп мақтандым [119, б. 342], - дейді.
«Көш басы» өлеңінде ақын М. Хакімжанованың болмысын бейнелейді.
Білмеймін жалқымысың, дарамысың,
Білмеймін біз көрмеген Сарамысың?!
Әйтеуір көз ашқалы шыңда тұрған

Қазақтың қыздарының жалауысың [119, б. 344], - деп ақын болмысын биіктете түседі. Қазақ қыздарының батылдығы, батырлығы, сөзге жүйрік, зергерлігі тәрізді қасиеттері атап айтылады. Ақынның өнердегі батылдығы өзі

сынды қазақ қыздарының ақын ретінде танылуына үлкен көмек болғанын айтады. «Тау гүлі» өлеңінде Ф. Алиеваға арналған.

Сен – тау гүлі, мен – елік даладағы,

Екеумізге жол да алыс арадағы.

Екеуміздің тіліміз екі бөлек,

Бірақ бірдей соғады жүректің жаралары [119, б. 346], - деп тау халқының қызы мен қазақ қызының болмыстарын салыстырып, ақындардың мұны ортақ екенін жеткізеді.

Ақынның «Азамат» өлеңінде қазақ батыл, қайсар, сенімді жігіттерге «азамат» деп ат қоятынын айтады:

Азамат!

Көңілдің риза шешімі,

Жігіттің шындалып, биіктеп өсуі.

Азамат – халықтың үмітін ақтаған

Ұлына қоятын екінші есімі [119, б. 365], - деп қазақ халқының азамат жігітті ерекше құрметтейтінін жеткізеді. Ақ жайықтың ақ желкен қызы атанған Ақұштап ақын қазақ қыздарының ғана емес, қазақтың азамат жігіттерінің бейнесін поэзияда көркем бейнелейді.

Б. Райсова «Ізгілікке тағзым» поэмасында әдіскер-ғалым Қ. Бітібаеваның болмысын сомдайды. Қазақ қыздарының ақылдылығын, ізденімпаздығын, ғалым екенін, ғылым жолында батылдық танытқанын айтады.

Бұл қазақта Қанипадай бар ма адам,

Туа бітті тура жолды таңдаған;

Орыстанған зиялылар алдында

Тұңғыш рет

Қазақ тілін айдаһардың көмейінен суырған

Ана тілін қорғаған [120], - деп Қанипаның қазақ руханиятында алатын орнын көрсетеді. Сондай-ақ:

Петропавл қаласы ғой, басқа емес...

Баяндама жасауға

Келіп еді босқа емес.

«Ұлы Мұхтар тілінде сөйлеймін!» - деп саңқ етті,

Аруақтанып кеткені

Шығар ма естен еш?! [120, б. 9], - деп қазақ тілінің мәртебесін көтергенін, қазақ шығармаларын оқыту жөніндегі зерттеулерінің маңызды екенін көрсетеді. Қанипа Бітібаеваның ерлігі ХХ ғасыр басында Алаш зиялыларының ісін көркейтуші, қазақ қыздары арасынан шыққан алғашқы журналист Н. Құлжанованың ерлігімен бірдей деуге болады. Қазақ қыздары жаугершілік заманда ерлермен бірге жауды қорғаса, кейін келе азаматтармен бірге ұлт ісіне араласып, нәтижелі жұмыстар атқарған. Ұстаз болып, халқына пайдасын тигізіп, дала қоңырауы атанған Ы. Алтынсариннің, Абайдың, Шоқанның ізін жалғастырған Қ. Бітібаеваның қазақ руханияты мен әдебиетінде орны жоғары. Қазақ қызы – отбасының ұйтқысы ғана емес, қазақ руханиятының тірегі екенін көреміз.

М. Айтхожа «Мен – теңізбін!» өлеңінде ақын жанының тереңдігін, қазақ қыздарының ақын болмысы жайлы тебіренеді.

Мен – теңізбін!

Дауыл жатқан сапырып,

Жаны сүймес, тымық түнді қапырық.

Бәлкім, содан кейде алапат толқындар,

Жатады көкке атылып [121], - деп ақын қыздардың тұнық, тентек тұлғасы барын көркем бейнелейді. «Теңіз - ақын» сипатында танылып, қазақ қыздарының теңізден терең тұлғасы барын көрсетеді. Ақынның «Күллі түрік рухын көтерген» өлеңінде М. Өзтүріктің бейнесін сомдайды.

Өмір кешкен өрелі ерлікпенен,

Жеңістердің жемісін көрдік сенен.

Ататүрік елінде даңқы асты,

Бағалаған пір тұтып,

Ерлікті ерен! [121, б. 132] – деп түрік рухын көтерген алып тұлғаның бейнесін жасайды.

«Бұлбұл» өлеңінде қазақтың бұлбұлы – Күләш бейнесі сомдалған.

Домбыраның пернесінде Гәккуің,

Ақша бұлтта қалықтайды Гәккуің,

Толқындарда сыңғырлайды Гәккуің,

Қайда тастап кетті айдынын аққуым?... [121, б. 163] – деп нәзік те батыл бейнесін суреттейді. Қазақ қыздары арасынан шыққан ең алғашқы бұлбұл әнші – Күләш Байсейітова. Әнші қыздың тағдыры кім-кімді де елең еткізбей қоймайды. Өз халқының нәзік те батыл қызы ретінде ел тарихында сақталады.

«Саңлақ Сара» өлеңінде Жетісуда өмір сүрген, Біржан салмен айтысқа түскен батыл, ақын Сараның болмысын суреттейді. Саңлақ үні бүгінгі ақын қыздарға демеу бергенін де атап айтады. Заманының қойған шартына қарамастан, сол шарттылықты бұзып өткен ақынның болмысы теңізден терең, таудан биік. Марфуға ақын былай дейді:

Баяғы сол қоңыр тау,

Қарасаң жай,

Шипалы су баурында –

Арасандай.

Кім біледі өзіңе ұқсас біз де,

Биік болып қала алсақ,

Аласармай! [121, б. 77] – дейді.

Марфуға ақын қыздарының образын үлбіреген жүзі, тектілік, батылдық, батырлық, еркіндік, кербез деп суреттейді.

Тілерсекке түседі бұрымдарың,

Бұрымыңдай өрілген сырың қалың.

Қанша жігіт қызыға, қиылғанмен,

Біреуіне,

Ей, ару!

Бұрылмадың [122], - деп қазақ қызының образын сомдайды. «Қыздар-ай» өлеңінде:

Қыздар-ай!
Жалтылдаған жақұтпысың,
Жеңетін нәзіктікпен уақыт күшін.
Жігіттің жүрегіне жігер беріп,

Қондырған өзіңсің бе, бақыт құсын [122, б. 316], - деп жібектей ширатылған, жүрегі жырға, сырға толған, қырмызыдай тербелген сикырлы болмысын суреттейді.

XX ғасырдың соңында қазақ әдебиетіне келген Г. Салықбай туралы Б. Ыбырайым былай дейді: «Г. Салықбайдың жырларындағы ең айқын көрінетін, ақын ретінде басқалардан айрықшалайтын қуат – айырмашылық – психологиялық драмалардың молдығы мен шынайылығы. Мұндай деңгей шын мәніндегі толысқан, кемеліне келген дарынға тән. Ендеше Г. Салықбай жырларының қазақ лирикасындағы ай дидарлы, айрықша үлесі – қазақ өлеңіне қосылған қымбат қазына» [72, б. 330], - деп бағалайды. Г.Салықбай поэзиясында қазақ қызы гүл, жаңбыр, қар сынды табиғат құбылыстары арқылы танылған. Әр гүлдің көктемі барын нәзік поэзиямен жеткізіп, қыз жанының нәзіктігін, көркемдігін жеткізеді. Қазақ қызының болмысын нәзіктікпен астастыра суреттейді.

Қазақ әдебиетінде «Бопай ханым» Ә. Кекілбаев, М. Байғұт шығармаларынан көрінеді. XVIII ғасырда түрлі қарама-қарсы пікірге толы Әбілқайыр ханның жары, бас кеңесшісі атанған Бопай ханымның бейнесін сомдау кез келген қаламгердің қолынан келмейді. Поэзияда ақын М. Ершу Бопай ханымның образын жасады.

Бір қыз бар Орынборда аты мәшһүр,
Тыңдасын құлақ түріп кәрі-жас бір.
Кең Жылыойдың көркем бір перзенті екен

Әбілқайырдың ханшасы Бопай-қасқыр [123], - деп Маңғыстау мекені болған адай Сүйіндік батырдың қызы – Бопайдың болмысы қасқыр деп танылған. Кең далада Томирис, Зарина, Домалақ ана, Ақбота батыр сынды ерлігімен, даналығымен танылған қазақ қыздары өмір сүрген. Бір бойында даналық, ерлігі бар Бопай ханым қиын-қыстау заманда ақылдығымен танылды.

Кең даланың қастерлеп қасиетін,
Бопай ханым тұлғаң ғой бас иетін.
Әлпештеп балдырғанның жас үмітін
Тасқа жаздық бабалардың өсиетін [123, б. 12], - дейді ақын.

«Бейбіт өмір халықтың жыры емес пе?!
Келісіммен ірге берік тұр емес пе?
Халқының қамын ойлар хан тілегі

Сіздердегі тілекпен бір емес пе?!» [123, б. 24] – деп Бопай хан Әбілқайыр ханның жиылысында өзінің пікірін білдіреді. Елдің амандығы үшін үш ұлды Ресейге аманаттап жіберуді, уақыттың қаталдығын, қазақтың замана төрінде

жалғыз екенін айтып, шашылса жоқ екенін, біріксе бар екенін үлкен даналықпен жеткізеді.

Кесірлік келе алмайды келісімге,
Алауыздық дау туғызар ел ішінде.
Ақыл менен мінезің қайрат болса,
Оқу-білім көтерер өрісің де [123, б. 25], - деп ел үшін не маңызды екенін жеткізеді.

Бұл ғасырдың қазақ үшін қиын ғасыр болғанын, ел мен жер үшін анталаған жаумен қайратпен, күшпен, айламен соғысу керектігі айтылады. Дегенмен, Башқұрт, казак, қалмақ, жоңғармен соғысатын айла да күш те қазақ та ол жоқ еді. Үш жүзге бөлініп кеткен қазақтың басы Ордабасыда жиылып, бір болу керектігі, жаудан кекті қайтару мәселесі қаралады.

Даласы үшін Бопай ханым мұңға батты,
Қара түнде ойымен шырақ жақты.
Ел тағдыры түскенде талапайға

Қызыл тілмен сөндірді жанған отты [123, б. 38], - деп Бопай ханымның халық үшін, елдің ертеңі үшін қолынан келгенін жасағанын, аянып қалмағанын көрсетеді. Ақын Бопай ханым образы арқылы қазақ қыздарының елдің қамын жеп, болашағына уайымдайтынын, даналық пен ерліктің тал бойынан табылатынын жеткізеді.

Осылайша, «қазақ қызы» образы арқылы ақыл, даналықтың ерлікпен анықталатынын, ұлт ісінен қалыс қалмағанын, қазақ руханиятына өзіндік үлес қосқанын аңғарамыз:

Қазақ қызы – отбасының ұйытқысы, шаңырағының берекесін келтіруші.
Қазақ қызы – ұлт ісінің негізі.
Қазақ қызы – ел мен жердің нәзік гүлі.
Қазақ қызы – ақыл, даналық, ерлік символы.
Қазақ қызы – азаматтың намысы мен ерлігінің себепшісі.
Қазақ қызы – еркіндік пен махаббат белгісі.

Е. Жақыпбек «Жамбыл, Жамбыл» өлеңінде таудан биік Жамбыл образын бейнелеп, қазақ жігіттерінің батылдығын, қайсарлығын, биіктігін бейнелейді. «Біздің елдің жігіттері» өлеңінде қазақ жігіттерінің жігіттердің төресі, ұлы мұхит кемесі, ақиқат сөздің жебесі деп нар тұлғалы қазақ жігіттерінің болмысын бейнелейді.

Олар жайлы білгің келсе, ортасына кіріп көр,
Солар жүрген жолдарменен дәтің болса, жүріп көр.
Ерте туып, еш заманның маңдайына сыймаған,
Қайран біздің қара нардай қасиетті жігіттер [124], - деп қазақ жігіттерінің сырттан екенін, кешегі өткен ақын, батырлардың ұрпағы екенін айтады. Ақын достық жайлы былай дейді:

Кей-кейде өздеріңе қайран қалам,
Достықтан басқа ештеме ойламаған.
Ойламас достан басқа ештемені,

Бір кезде менде де осы дос көп еді [124, б. 104], - деп қазақ жігіттерінің достыққа адал екенін жеткізеді.

Ж. Әбдіраш «Туған дала» өлеңінде кең даланың ер жігітке тұғыр, абырой екенін айтады.

Туған дала,
талайлардың от қанын
лапылдатты тентек күйің,
текті әнің. Сөз сөйлесем –
Сенсің биік Тұғырым!
Сенсің менің абыройым,

мақтаным! [125] – деп жырлайды. Ер жігіт үшін туған даланың аспаны – шаңырағы, көкжиегі – керегесі екенін айтады. Және ақын былай дейді:

Туған дала,
енді бір сыр толғайын:
Бір аруың болды күнім,
болды айым!
Ол үшін де –
сен үшін де –
қиналмай

қыршынымнан қиылуға мен дайын [125, б. 65], - деп нағыз жігіттің сөзін жеткізеді. Ер жігіт анасы, сүйген жары, апасы, қарындасы үшін жанын қиюға әзір. Бұл – дала философиясының негізі. Ақын өз замандастары жайында былай ой толғайды:

Өйткені, біз өрт ішінде өнгенбіз,
өмір үшін – өлімге де көнгенбіз!
Соғыс көрген әкелерден – Жаралып,
соғыс көрген аналардан – Емгенбіз [125, б. 106], - дейді.

Ақын ер жігітке дос бола білудің парыз екенін, жігіт үшін мәрт іс деп ой түйеді. Ақын «Қайрау» өлеңінде ер жігітті ерлік жасауға қайрайды:

Жабы бөлек,
жұлқынған асау бөлек!
Түседі деп қаймықпа тұсау кенет!
Ертеңіне келсе егер еркелегің –

бүгініңе батырлық жасау керек! [125, б. 113] – деп ер жігіттің болмысы ерліктен, батырлықтан тұратынын жеткізеді. Ақынның М. Әуезовке арнаған «Тарих заңы» өлеңінде қазақтың ұлы арманын жырлау үшін Абай туылғанын айтады. Мың ақынның тілегін жеткізген Абайдың ұлы арманын жырлау үшін Мұхтардың керек болғанын жеткізеді.

Келер ұрпақ,
бізден кейін келер ұл,
өз кезінде өз бағанды бере біл.
Әуезовті жырлау үшін – қазаққа

Абай сынды ақын керек және бір [125, б. 114], - деп қазақ жігітінің еркін болмысына ел аманатын жеткізеді. Ұлттың жүгін арқалаған М. Әуезовті

жырлау – сонау Алаш аманаты мен ұлттық руханияттың жүгін арқалағанмен бірдей.

Ақынның «Азамат тұғыры» өлеңінде өзінің аты бай да емес, кедейде емес, нағыз аты – қазақтың азаматы екенін айтады. Бұл атаудың батыр атауымен бірдей екенін, ерліктің белгісінен кем еместігін айтады.

Кезек келіп,

өжеттеніп,

сөз аппын...

Танысалық, ғажап Уақыт,

азат Күн!

Менің тегім – батырақ та,

бай да емес,

Менің тегім – Азаматы қазақтың [125, б. 145], - дейді.

Осылайша қазақ жігіті образы жайлы мынадай көзқарас қалыптастырамыз:

Ер жігіт – уәдесі мен сертіне тұра білетін жан, достыққа адал, елдің қорғаны, арудың серігі, намыстың, батырлықтың, ерліктің символы, дархан даланың иесі.

2-бөлім бойынша қорытынды

Екінші тарауда тәуелсіздік кезеңіндегі идея-эстетикалық нысан, этнопсихологиялық мінез, образдар жүйесінің этномәдени аспектілері қарастырылды. Х. Ерғалиев, Ж. Молдағалиев, Қ. Шаңғытбаев, С. Жиенбаев, Ж. Нәжімеденовтер мен К. Салықов, Қ. Мырза Әлі, М. Айтхожа, Ө. Нұрғали, И. Сапарбай, Ф. Оңғарсынова, А. Бақтыгереева, Ж. Әбдіраш, Б. Раисова, Н. Айтұлы, С. Баймолдин, К. Ахметова, Е. Жақыпбек, М. Ершу өлеңдері қарастырылды. Қ. Мырза Әлі өлеңдері Р. Барт теориясы негізінде нарративтік 5 код негізінде талданды. Махамбет образы он сегіз ақынның шығармалары аясында айқындалып, Махамбет образын жасауда реминисценция құбылысы қарастырылды. Қазақ қызы, ер жігіт образдары этномәдени аспектіде анықталды.

3 ТӘУЕЛСІЗДІКТЕН KEЙІНГІ ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ МІНЕЗ ДАРАЛЫҒЫ

3.1 Тәуелсіздіктен кейінгі қазақ поэзиясындағы ұлттық-мәдени код

Тәуелсіздік алған жылдардан бастап халқымыздың этномәдени бейнесі толықтырыла түсті. Поэзияда халқымыздың сан ғасырлық дәстүрі, танымы, ұлттық бейнесі, дүниетанымы негізгі тақырыпқа айналды.

Әдебиетші ғалым С. Қирабаев ұлт тарихында тәуелсіздік мәселесінің ХХ ғасырдан бастап әдебиеттегі өзекті мәселе екенін айтады. Сонау Алаш зиялыларынан басталған үрдістің уақыт өте келе жалғасын тапқанын атап өтеді [1, б. 360].

ХХ ғасырда басталған үдерістің соңы «сатқын», «халық жауы» атануымен аяқталғаны бәрімізге мәлім. Дегенмен, ол кезеңдегі ақындар тәуелсіздікті аңсап, соның жолында күрессе, кейінгі жылдары, тәуелсіздік алған жылдары ақындар халықтың этномәдени дүниетанымының бейнесін, халықтың ұлттық сипатын жырлады. Осы орайда Ж. Сәрсек шығармашылығын қарастырсақ.

«Мен немесе біз» өлеңінде ақын халық жайын қозғап, келісті ұл тақырыбын атап өтеді:

Келісті ұл деуге кейпімде кескін кем менің,

Бесіктен босап, есікке жетпей көнергем [126], - деп өз жайын сөз етеді.

Сонымен бірге:

Ермін деп елге семсерді сүйіп серт еткем,

Жолында серттің жер қылдым қанша арманды? [126, б. 24] – деп қара орман ойдан қашып, көр соқыр болғанын, өткен тарихтың маңыздылығын жеткізеді. Ақын «Ескі сарын» өлеңінде:

Тапа-тал түсте дәстүрдің көзін,

ойып та жатыр ұлдар мың,

Сақалына орап сабап алатын,

Шалдары қайда бұл маңның?... [126, б. 27] – деген жолдардан ақын халықтың сипатының өзгергенін жеткізеді. Кезінде Б. Момышұлы «ертегі айта алмайтын әжелерден қорқамын» десе, ақын Ж. Сәрсек те дәстүр сақталмаған уақытта оны түзететін ақсақалдардың азаюынан қорқады. Дала заңын, баба заңын ұстануды жөн көрген ақынның өлеңдегі басты идеясы ескі өмірді, ескі ғұмырды аңсайды. Ескі сарында халықтың тұтастығы, болмысы өзгермеген уақыттың құндылығын осы өлеңімен жеткізеді. Өлеңін ақын былай аяқтайды:

Ауылда қалған ақсақалдарға

айта бар, сәлем айта бар,

Адасып қалған ақымақ ұлын

алып қайтсыншы еліне... [126, б. 28] – деп атасының баласы болғысы келетінін айтқан ақын арман қуып қалаға келсе де, ауылдың тұрмыс-тіршілігін, ақсақалдардың түбі терең сөздерін, бұрыс жолға түскендерді қадағалап, дұрыстыққа бағыттайтынын, қаланың өмірінде тек шалдардың қалғанын көрсетеді. Солай, ақын қазақ дүниетанымындағы ақсақалдардың маңыздылығын жеткізіп қана қоймай, қазақ дүниетанымының өзгерісін,

ақсақалдардың аздығын шалдардың көптігімен жеткізеді. Асылында, ақсақал бір ауылды басқарған, әрбіріне сөзі өтімді, ақ жарқын деп танылса, шал дегеніміз ешкімі жоқ, ауыл ісімен ісі жоқ адам ретінде танылады.

Ақын ендігі өлеңінде кішкене оқырмандарына болашаққа ата-бабаның «өр бол» деген өсиетін айтады.

Ара сынды жинайтұғын гүлден нәр,
Тарихты ақтар, өткенге үңіл – кімдер бар?
Күн астында, жұмыр жердің үстінде,

Сен патшалық құратын да күндер бар [126, б. 29], - деп болашаққа өз тарихыңды білу арқылы қадам жасай алатынын жеткізеді. Тарихты білу өткеннің қателігін саралау, жақсы-жаман үлгісін алу. Солай, ақын былай дейді:

Сен сол күнге қазақ боп бар, жас ұлан,
Сен сол күнге азат боп бар, жас ұлан!
Он жасында оң-солыңды танып бақ,

Өз даңқыңды десең жұрттан асырам [126, б. 29], - деп балаларға тәуелсіздік ұғымын түсінікті етіп жеткізеді. Өзге елдермен тең байланысу үшін жас өскіндердің оң-солын тануы, өткен-кеткен тарихын білуі аса маңызды.

Ақынның «Он саусақ» өлеңінде халқымыздың арасынан суырылып шыққан данагөй Асанқайғыны, ғұлама ғалым Қ. Сәтбаевты атап өтеді. Және былай дейді:

Ғұмыр кешсін дегендей бір сәтті елің,
Ғұмыр кешсін дегендей бір сәтті ерің.
Қаршыға ұлға ғашық болған қара жер,

Ұсынған ба дейсің жұмбақ дәптерін [126, б. 30], - деп ел мен жер үшін, халық үшін еңбектенген, қаршыға ұлдардың көптігін, он саусақпен санап тауыса алмайтынын жеткізеді. Қаршыға ұлдарды тәрбиелеп шығарған халықтың да мықтылығын, тектілігін зор құрметпен атап өтеді.

Ақын «Балбал тастар басында» өлеңінде мынадай жолдар арқылы:

Көкжиекті көлегейлеп көп елес,
Тұрған сәтте ойға осылай батқанмын.
Менің халқым сөйтсем арам шөп емес,
Арасына біткен аппақ мақтаның.
«Қазақ, қазақ...», одан өткен таза ат жоқ,
Таза есімді бізге тегін қоймаған.
Мен қайтадан өмір сүрем қазақ боп,

Мен қайтадан ақын болып ойланам [126, б. 31], - деп қазақ боп туғанын мақтанышпен жеткізгенін көреміз.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында қиындықтың көбейіп кетуі, өзара ұлттар арасындағы қарым-қатынастың кейде араздықпен, кейде татулықпен жүзеге асуынан халқымыздың ұлт ретінде танылу деңгейі төмендеп кеткен болатын. Ақын осынау тұсты анық аңғарып, халқымыздың ешқандай да «арам шөп» еместігін, өзіне құқылы жерінде, елінде мекен етіп жатқанын түсіндіреді. Тарихы балбал тастарда қатталған халықтың ешқашан да тарихы

ұмытылмайтынын, халық ретіндегі идентификациясының жоғалмайтынын түсіндіреді.

Ақын «Ғұмыр» өлеңінде Абайдың мұңын, қазір тірі болғанда халықтың ақын сұрақтарына не деп жауап берерін ойланады. Ақындар арасында Абайға арнау жазып, халық жағдайын бейнелеуде риторикалық сұрақ арқылы көкейінде жүрген ойының жауабын табуға тырысады.

Бөрісі болып бөспе елдің,

Ұлыды ол жиі орманда.

Не дер ең, айтшы, есті елім?

Сол Абай тірі болғанда [126, б. 32], - деп бөспе елдің бөрісі болған Абайға сөз арнай отыра, халықтың тәуелсіздік кезеңіндегі жағдайын бейнелейді.

«Қарт жауынгер» өлеңінде ақын Күлтегін сынды батырларға арнауын жеткізеді:

Жалғыз сәт, маған жауға ұран салар қуат бер,

Тек сосын ғана сұрақ бер.

Түркінің күллі Күлтегін тектес ұлдары-ей,

Тірімісіндер?

Мен өліп барам,

Жұбат,

Кел!... [126, б. 33], - деп найзасының ұшы намыс үшін қайралғанын, жорықта найсабтардың жанын алғанын, бұның бәрі де көкбөрі ұрпағы болғаны үшін екенін жеткізеді. Көк түркінің бытыраған уағында бірлікте жинаған Білге қағанның қолбасшысы болған Күлтегінді жырлауы қазақ үшін батырлардың формасы өзгергенін жеткізеді. Ендігі батырлардың бір сипаты ақындардың бейнесі арқылы танылатынын аңғарамыз.

Ақын «Қилы заман» өлеңінде таудай болған елдің тарыдай болғанын, ел басынан небір оқиғалардың өткенін Ұзақ батыр монолога арқылы жеткізеді.

Бабамнан әсте аумайтын,

Далам-ау, сенде мал өрсін.

Күн келер шалам лаулайтын,

Өлмесін балам, шал өлсін... [126, 34], - деп ұрпақ қамын атап өтеді.

Ақын «Шерменде» өлеңінде Хан Кененің шындығын көрсетіп, халық үшін жасаған әрекеттерінің мәнісін түсіндіреді.

Жорықта өсіп,

Жорықта өлген бабамның

Аманатына десем де бұл кез адалмын,

Сатылмас,

Сатпас,

Сарбазға жүрмін зәру боп,

Сандалып соны саралап жүрген адаммын [126, б. 36], - деп Кенесары ханның болмысын таныта отырып, ақын өзінің нық уәдесін көрсетеді.

Жалпы, ақын шығармашылығын қарастыра отырып, халық үшін үлкен маңызға ие тұлғалардың аталуы ұлттың этномәдени сипатын тереңдете түскенін көреміз. Халқымыз үшін Абай да, Кенесары да – биік мұзарт шың. Екеуі де XIX

ғасырда мекен етсе де, атқарған миссиясы екі бөлек. Бірі кітаппен, әдебиетпен халықты тәрбиелесе, екіншісі қылышпен, қаруымен халықты қорғаудың қамын қылды. Халықтың этномәдени бейнесі де осынау қарама-қарсы екі болмыстан анық ажыратылады. Ақын шығармашылығы жайында А. Кәріпжан орынды әрі нақты пікір білдіреді: «Жарас – тыңнан жол тауып, тылсымға құлаш ұрған ізденісі мол, лирик ақын. Өзінен басқа ортаның бәрі оның жүрегіне сезім күдіретімен тамыр жайған. Ол – жарытылыс пен бірге ауырып, бірге сауығатын жүректің жыршысы» [127], - деп сөзбен сурет салудағы ой кеңістігінің ауқымы ұлан-ғайыр екенін айтады. Осылайша, ақын халықтың этномәдени дүниетанымын жеткізуде ой кеңістігінің кеңдігін, сана таразының биіктігін көреміз.

Ақынның «Малайсары тархан зираты» өлеңінде қазақта батыр көптігін, ерлігі болса да, ізі қалмағанын айтады.

Керек дерек берердей
не ұлы жоқ, қызы жоқ.

Жады қайда, жазған-ау,

Жаны қайда бұл елдің?! [128] – деп қаншама батырлардың аты аталса да, ерлігі халық аузында тараса да, бірде-бір ізі қалмағанына қапаланады ақын. Өмір бар жерде өлім бары ақиқат. Ақын мына бір өлең жолдарында халықты бір сынап өтеді:

«Жатқан жері бар еді,
Бір жағы оның жар еді...»

Болжамқұмар ел едік,

Әлі болжап келеміз [128, б. 14], - деп халқымыздың сипатын болжампаздық қасиетін атап көрсетеді. Қазақтың батырларының өнген жерін білсе де, өлген жерін білмейтінін айтады. Солай, ақын батыр бабаның басына қойылған тасы қайда екені анықталмағанын сынап өтеді. Ақын халқымыздың тарихтағы болжампаздығын сынап, қазақ батырларын түгендеп, жатқан жерлерін анықтап, тастарын қарайту керектігін жеткізеді. Ақынның бұлайша сынауын «Ол» деген өлеңіндегі мына жолдардан көреміз:

Тәттілігін өмірдің
қаттысынан кем көрген,

Өзге еңсесін тіктесе,

Өз басына ем көрген [128, б. 15], - деп ақынның болмысын Махамбеттің «Ереуіл атқа ер салмай» өлеңіндегі ермен бірдей қарастырады.

Қараулыққа қаны қас,

Қарымында ызғары,

Құлжа сақа секілді

шиырылар мұздағы,

Оққа сүйеп тұрар ол,

Отқа қақтап болмысын,

Арқардайын аяулы –

Құлап өлер құздағы [128, б. 16], - деп «Ол» - ақын екенін, халықты бірде сынап, енді бірде кемтігін толтыратынын атап өтеді. Осы қарқынмен «Шекара» өлеңінде:

Сырт жағында сызықтың,
Жылмыңы бар,
Мықты бар,
Ұйықтап кетсең болғаны,
Улы инесін сұққылар.
Өзің – кәрі,
Ұлың – жас,
Бірің – мақау,
Бірің – мас,
Ал, соларды кімің бар,

Ұран салып ықтырар [128, б. 17], - деп ақын еліміздің жас екенін аңғарып, шекараға бекем болу керектігін ескертеді. Шекарадағы әр көршінің мықты екенін, тәуелсіз елдің өзге елдермен терезесі тең араласуы жөн екенін айтады.

Құрышпын деп жүргенің
құрып кетсе – қайтесің?
Қылышпын деп жүргенің
сынып кетсе – қайтесің?
Көзге ілмесең көп болып,
Көкжал болып кенеттен

ұлып кетсе – қайтесің? [128, 18] – деп дөңгеленген дүниеде ата-баба жерленген жер қорғалуы керектігін, бұрынғы ғұн, сақ одан кейінгі түркілердің сенімін алға шығарады. Олардың танымында ата-баба мәңгі тыныштық тапқан жер атамекен саналып, қандай жағдай болса да қорғалған. Сол секілді ақын да сол ұстанымды алға шығарып, ата-бабаның мекені болған атамекенді қорғай алу керектігін айтады. Бұл орайда ақын сынау мақсатында риторикалық сұрақты қолданбаған, керісінше, ойланту, ескерту мақсатында қолданылған. «Жалбарыну» өлеңінде ақын ел мен жердің ертеңін, тадырын ойлайды.

Қайранда қазақ даласы,
Кеңдігің – сәрі, кемдігің,
Ендігі жерде езге тән,
Есеппен қылған ерлігің.
Жан-жағың толы аларман,
Аларман көзі аларған,
Не болмақ ертең елдігің,

Не болмақ – сұрақ, ендігің? [128, б. 22] – деп бұрынғы кеңес заманындағы бастан бұлт ауған кезеңді еске алып, тіл, дін, ділден айырған заманның ендігі келмеске кеткенін, ата-бабадан қалған ұстанымдарды сақтау керектігін айтады.

Өткеннен алған сабағым –
Ілгері басқан ісім бол,
Тартылмай қалған садағым –
Ақылға қашқан күшім бол!

Төбемде бұлтым бар болсын,
Төменде жұртым нар болсын,
Жақсының бәрі – өңім бол,
Жаманның бәрі – түсім бол! [128, б. 23] – деп төбеден бұлттың аумауын,
халықтың Махамбет айтқандай, «қара нардай» болғанын қалайды. Ақынның
«Сұлтанмахмұт» монологінде мынадай жол ақынның тұтастай болмысын ашып
көрсетеді:

Қағазым – қамбам болғанда,
Қаламым еді кетпенім [128, б. 25], - дейді.
Ендігі бір өлеңінде ақын:
«Бұқар жоқ,
Жоқ-жоқ», - деп кеттік,
«Табылса,
Соқ-соқ», - деп кеттік.
Жан-жақтан атын шулатып,
Бәріміз «Бұқар» боп кеттік.

Абылай қайда? [128, б. 26] – деп төтесінен қояды. Бұқар халықтың сөзін,
жағдайын ханға жеткізді. Барлығы да Бұқар болғанда, Абылай бар ма, ол сол
сөзді қабылдай алар ма? Осындай сұрақтарымен алаң болған ақынның Абылай
сынды билеушінің болуын күтетіндей.

Ақын жүйрікті тану қасиет екенін айта келіп, Ақан мен Құлагердің
оқиғасында Күреңбай сыншы болмағанда тұлпарына ештеңе болмайтынын айта
кетеді. Десе де, ақынның айтпақ басты идеясы мына жолдардан көрінеді:

Қашанғы мынау далада
қара көзіме жас бүркіп,
Құлагер құлай береді,

Ақандар жылай береді?!... [128, б. 28]. Осылай, ақын халқымыздың
бойына сіңген мінезінің бірі қызғаншақтық кесірінен Ақандардың жүйрігінен,
өзіне қымбатынан айырылғанын жеткізеді. Бұл оқиға арқылы ақын
халқымыздың асыл перзенттерінен айырылғанын да аңғартып отыр.
Қызғанышты лаң, сүрең деп, жүйріктің жүйріктігін мойындау керектігін,
қызғанышты қасірет деп танып, қасіреттен алшақ болуға үндейді.

Ақын ендігі бір өлеңінде:

Бұл өңірде қанша тарих
жатыр екен көміліп,
Анда-санда қалатыны
болмаса тек көрініп.
Аршып алар азаматын
заман желі илейді,
Ал ақыны өлең жазар

қара кеште егіліп [128, б. 31], - деп ақын өз өлеңдерінде қазақ жерінің
тарихқа тұнып тұрғанын сөз етеді. Бұдан анық аңғаратынымыз, тәуелсіздік
алған ұлт өз тарихын зерттеп, зерделеп, өткен-кеткен оқиғалардың жақсы-
жаманын айырып, үлгі алу керектігін меңзейді. Сондай-ақ, өткенін білмегеннің

болашаққа нақ қадам жасай алмайтынын жырларымен жеткізеді. Ақын Ж. Сәрсек халық тарихын жоғары бағалаған, тәуелсіздік алған жас халықтың өзге елдермен терезесі тең тұруы үшін өткен тарихты жетік білуі керектігін насихаттайды. Қазақ жерін мекендеген Ақан сері, Бұқар жырау, Сұлтанмахмұт, Жүсіпбекті мысал ете отырып, қазақ бойына сіңген қызғаншақтық, таршылық мінездерін сынап, пайда бермегенін, алдағы уақытта бұл мінездерден алыстау керектігін жеткізеді.

Сыншы А. Нұрғазы тәуелсіздік кезеңі үлкен қоғамдық бетбұрысқа әкелгенін, таным тұрғысынан үлкен өзгерістер болмағанын айтады. Десе де, зерттеуші тәуелсіздік алған жылдары ел болып кетудің өзі мұң болғанын айтады. Африка, Латын Америкасы сияқты тәуелсіздік алған соң он жылға созылған ішкі жанжал-қақтығыстардың орын алғаны сынды қазақ та іштей ыдырап кетпес пе екен деп зиялылар уайым қылғанын жеткізеді. Адам баласының коммунизмді жеңгеніне қарамастан, қан төгіс пен қақтығысты жоя алмайтынын да атап өтеді [129].

Халықтың этномәдени дүниетанымы Н.Қуантайұлы шығармашылығынан анық көрінеді. «Жауыр диалог» өлеңінде:

Заманымның сілекейі ағып тұр,

Сұрт, сұртпе – бәрібір.

Сен оны әпсанамен жалықтыр,

Әпсананың тәтті үмітпен жаны бір [130], - деп замана көрінісін сипаттайды.

Заман көрінісі қашанда ұлт пен халықтың бейнесімен тығыз байланысты. Заман шындығы ғана қоғамдағы халықтың басынан кешкендерін түсіндіріп, ұғындырып береді. Оның бір дәлелі ақынның «Жер дауы» өлеңінде көрінеді:

Замана шаңын көтерген тұяқтар қанша,

Зауалда абыз, әулие сияқтанғанша.

Ұлтарак жерді бермесең – ұлтыңның бағын,

Аз иман жүзге үйіріліп, ұяттар қалса... [130, б. 126], - деп халық басындағы жердің дауын қозғайды. Осы өлеңінде ақын Әмірсана билеушінің өз елін талауға бергенін де атап өтіп, біздің халықтың әмірлері де шолақ екенін жеткізеді.

Алқалы жиын, алалы топқа кіре алмай,

Емексіп көңіл егізден қалған сыңардай.

Қиыннан өсіп, қияға біткен шынардай,

Қағынан жеріп қиянға кеткен құландай,

Маза кеткенде майданға бастым өлеңді –

Абайдан қалған тұмардай [130, б. 128], - дегенінен-ақ ақынның басты ұстанымын анық көруімізге болады.

«Асыл сөз» өлеңінде ақын:

Бабамның даусы сонда күнгірледі,

Асыл сөз көкіректе күмбірледі.

Шамындай Алладының үңгірдегі,

Жарыққа алып шығар бір күні мені [130, б. 132], - деп зәмзәм тамшысындай болған асыл сөзді Доспамбеттің таптырмайтын қамшысындай көреді. Баба сөзінің табылмасын, қасиетті екенін жетер жеріне жеткізеді ақын.

«Көл жайқаған бидайық» өлеңінде:

Көл жайқаған бидайық!

Қиюын таптың қиыннан, шеңгелді алып шиырдан,

Ұша алмай тұрсың, бейшара,

Өлең құсап киелі топшысынан қиылған [130, б. 136], - деп Қазтуған жырауша жырлайды. Ақынның бұл қолданысы арқылы әлемді халық тұлғаларының болмысы арқылы тануға ұмтылысы анық көрінеді. Көлді жайқайтын тұрымтай тұрпатты құсты жырына арқау етуі арқылы халықтың болмысын суреттейді.

Ақынның тәуелсіздік кезеңінде жазылған өлеңінде:

Құрдымда қалған тынысым,

Құрақ та құрақ жүрісім,

Құралақан болған бір ісім...

Алапат сезім атам заманғы,

Құрысыншы енді, құрысын... [130, б. 290], - деп отаршылдық сезімінен арылу керектігін, енді қайтіп қазақтың басына орнамауын тілейді. Десе де ақын жүрегі баяғы кезендердің өтіп кеткенін, енді қайтіп келмейтінін айтады.

«Баяғы қала» өлеңінде:

Әбігер жұртым әйтеуір тағы отықты-ау,

Шулаған базар, кесілген тоғай, кетік тау,

Баянды болмай базына сөздер баяғы...

...Баяғы қала, базарың тарқап кетіпті-ау [130, б. 294], - деп баяғы қаланың өзгерісін, жаңа өзгеріс келгенін айтады. Тәуелсіздік алған жас мемлекеттің өзіндік қиындықтары болатыны да сөзсіз. Сондай бір қиындық тұсында ақын былай дейді:

...Жеті жұрт көрген дәреуке, желексіз қоғам,

Бақытты-ау мына дүниядан дерексіз бабам.

Кетігін тапшас кірпішке отыра беріп,

Кеткісі келді қоғамнан КЕРЕКСІЗ АДАМ [130, б. 297], - деп қоғамдағы қиыншылықтар жайын қозғайды. Социалистік қоғамнан нарықтық қоғамға өткен мемлекет экономикасы айтарлықтай қиындыққа ұрынғанда, қоғам үлкен көлемдегі шығынға ұшырап, адамдардың қиналғанын, қоғамға керексіз хәлге түскенін жеткізеді. Тәуелсіздік алған жас мемлекеттің ел болып, өз алдына түтінін түтетуі оңай емес. Барлық зиялы қауым уайымға салынып, алдағыны Асан қайғыдай болжауға тырысты. Алайда, қанша уақыт бабаларымыз аңсаған еншімізді алып, бөлек ел, тәуелсіз мемлекетке айналып, аталған қиындықтар да шешілді. Ақындарымыздың ел ертеңіне деген уайымнан шыққан жырлары қоғамдық өзгерістерге байланысты туындап отырса да, елдің ертеңіне деген сенімнен ажырамады.

Танакөз Толқынқызы ғашықтық лирикасымен танылса да, ақын ретінде ел мен халықтың жайын жырларында қозғайды.

Қыз баламын

Әлі есімде кетпеді мұздағаным [131], - деп ақын желтоқсан оқиғасын еске алады.

Сыз боламын

Таулық мінез болған соң қызба жаным [131, б. 182], - деп ақын нәзіктігіне қарамастан Мұқағали ақын сынды таулық екенін жеткізеді.

Атып тұрып,

Ащы көздің жасынан татып тұрып.

Ел айтпаған

Шындықты айту – ол үлкен бақыттылық [131, б. 182], - деген ақынның ұстанымын көреміз. Қашанда ақын өткен замандағы жыраулар сынды ешкім айтпаған, ескермеген нәрсені аңғарып, шындықты айтуды басты мақсат етіп қояды.

Қайтып кетем?

Бұйырсын, бұйырмасын ба құт мекен.

Әділетсіздікті

Бүкіл әлемнің бетіне айтып кетем [131, б. 182], - деп ақын өзінің басты міндетін анық көрсетеді. Ақын өзінің таулық екенін «Біз - таулықпыз» деген өлеңінде бекіте түседі. Сондай-ақ, ақын тек өзін ғана емес, барша халықтың тау мінезіне ие екенін жеткізеді:

Біз – таулықпыз, таудан үлгі аламыз.

Керек болса, тауда қорған саламыз.

Қандай қиын сәттерде де үгілмей

Тау мінезді таулық болып қаламыз [131, б. 193], - деп халықтың қиын сәттерде берік мінезге ие болатынын айтады.

Біз – таулықпыз, тек биікке барамыз,

Бауырмалмыз ажырамас арамыз.

Екі сөйлеу таулықтарға жат қылық,

Жан береміз таусылғанда шарамыз [131, б. 193], - деп халқымыздың екі сөйлемейтін, бауырмал мінездерінің ұлттық мінезі ретінде атап өтеді. Сондай-ақ, ақын:

Тепкілік көріп қалғансың өліп, тектілік,

Тектілік! Сені өлтіру қандай ептілік?

Сеп қылып сені шығатын едік мінбеге,

Арыстан көзге Алаштан қалған кек тұнып [132], - деп халықтың тектілік қасиеттен айырылып қалғанын айтады. Халқымыздың асыл қасиеттерінің бірі ретінде тектілік жоғары бағаланған. А. Кемелбаева қазақ ұғымындағы тек ұғымын халық дүниетанымындағы ең маңызды түсінік екенін айта келіп, тектіліктің ең басты нышаны ретінде адалдық және иман деп анықтайды [133]. Осы негізден қазақ халқының басты мінездері ретінде Т. Толқынқызы тектілік пен адалдық деп алады. Ақын «Бостандық» өлеңінде:

Құладық, жыладық, сұрадық, біз сені, Бостандық,

Жүректің жасымен құрадық біз сені, Бостандық!

Күнәсіз ұрпаққа келетін қазақтың жеріне,

Қалдыру үшін де мұра ғып біз сені, Бостандық.

Бағың нық байлаған тағдырға амалсыз бағындық,

Бостандық біз сені расында керемет сағындық [134], - деп ақын халқымыз үшін бостандықтың қадірлі екенін жеткізеді. Бостандық сөзіне қарама-қарсы «бодандық» ұғымы бар. А. Омаровтың айтуына қарағанда, бодан сөзі орыстың «подданный» ұғымынан қалыптасқан, халқымыздың бодан болуы үлкен ауыртпалық әкелгенін айтады. Сонымен бірге, халқымыздың патшалық Ресейдің құрамына Әбілқайыр хан заманында емес, 1862 жылдардан бастап енгенін анықтап көрсетеді. Жалпы алғанда қазақ халқы патшалық боданы болғанына 132 жыл болғанын айтады. Оның ішінде, XX ғасырдың 30-жылдарында орын алған оқиғалар Алаштың рухын сындырып жіберді. Десе де, сана үстемдігі тәуелсіздік алған уақыттан бастап жанданды. Тұтастай болмыста бостандық бар ма десек, ол тұрмысты санаға билету екенін ұғынамыз [135]. Солай, ар-ожданы биік боп ғұмыр кешкен ата-бабаларымыздың құндылығын сақтап қалу арқылы бостандықты бекіте түседі екенбіз. Сонымен қатар, тәуелсіз болу сан түрлі мәселелермен бетпе-бет келуге, бұрын ескермеген жайттардың орын алуына әкеледі. Бұл жақсы да, жаман да емес. Өз конституциясы, өз туы, елтаңбасы бар елде қиындық болуы заңды. Ақын осындай нәзік тұстарды аңғарып, бағамдап, халқына жеткізеді. Бостандықты сондай сағынғанын жеткізген ақынның бұлайша пайымдауы кеңес заманындағы халықтың көрген қиындықтарын тап басып білгендіктен екенін көреміз.

Ақын Т. Толқынқызының лирикасы қаншалықты нәзік болса, тәуелсіздік жыршысы ретінде сондай батыл. Ақын өз өлеңдерінде халқымыздың биік мінезі – тау мінезін сипаттап, тектілік мінезден айрыла бастағанына назар аударады. Тау мінезді халық ешқашан аласармайды, қиындықтар сындыра алмайды, биік қалпында қалады. Ақын сипаттауындағы халқымыздың сипаты да осыған саяды.

Тәуелсіздік кезеңінде жалынды жырларымен поэзия әлеміне келген ақын қыздардың бірі – Нәзира Бердалы.

Ғажайып шаттық, қуаныш болып келгенім,

Боз далам менің көйлегін киді ең керім.

«Қызым-ау, кел» деп құшағын жайып жатқандай

Мұнарға бөккен белдерім [136], - деп кең даланың еркін қызы ретінде боз даласын бейнелі жеткізеді.

Таныс тау, міне, таныс көл, өзен, таныс бақ,

Құмарым қанбай аралап келем қарыштап [136, б. 9], - деп туған жерді ерекше бағалайды. Ежелгі түркілерде атамекен, отан ұғымдары осы жер ұғымымен тікелей байланысты болған. Олардың түсінігіндегі жер ұлан-байтақ аумақтағы атамекенді, оны қорғау керектігін аңғартқан. Сол себепті ақындар шығармашылығындағы туған жер тақырыбы тек қана ақынның дүниеге келген, өскен жері емес тұтастай атамекен екенін анық ұғынамыз. Ақынның «Мәңгілік бала бейне» өлеңі қазақ жерінде болып жатқан оқиғаларға бей-жай қарамайтынын көрсетеді.

Уыңды ішіп дәміндей ән мен тұздың,

Жалыныңа күйіп,
айырылған әлден біз кім?!
Қарауылдың үстінен қарауытып,
Ләйланың лағнетіне куә болған
Лағыл түсті Ай,
Қарама!

Дәр-мен-сіз-бін... [136, б. 14], - деп халқымыздың дәрменсіздігін ашып көрсетеді. Қазақ жерінде орын алған атомдық сынақ жарылыстарының халыққа деген зардабы анық білінсе де, билік тараптан нақты әрекет жоқ. Тәуелсіз болғанында бұндай оқиғалардың орын алуы мүмкін бе еді? Халық бұлайша дәрменсіздік танытар ма деп ойлантады. Гүл сынды нәзік ақынның мына бір өлең жолдары ендігі кезекте бөлтіріктей батылға айналатынын көрсетеді:

Бөлтіріктей жалғыз қалған түздегі

Енді, міне, телміремін сары Айға [136, б. 15], - дейді. Ендігі кезекте ақын Асан қайғыдай Жерұйықты іздейтінін былай жеткізеді:

...Қолымда менің Алтын Күн!

Жерұйық іздеп, шарқ ұрдым,

Ұлтымның болған аңсары,

Арманы болған халқымның.

Жерұйық тапсам жаһаннан,

Дамылдар ма еді шыбын жан?

Тең болар ма еді құбылам? [136, б. 113]. Жырынан желмаяға мінген ақынның жерұйық жайын қозғауы ақынға тән мінез болса керек. Ендігі жолдарда ақын былай деп жырлайды:

...Қанша мәрте күл болып өртенді екен,

Күйіп кеткен жұртының ертеңінен

Қанша мәрте көктеп, бас көтерді екен

Бұл қазақ?

Мың өліп, мың тірілген,

Ұлт ретінде оянып қаншама рет,

Қаншама рет еріксіз кірпік ілген...

Бұл қазақ... [136, б. 115] – деп қазақтың басынан өткен небір оқиғаларын айтады. Ақынның бұл өлең жолдарынан халқымыздың сан мәрте тәуелсіздік үшін күрескенін, ұлт ретінде оянуға талпыныс жасағанын айтады. Халықтың басынан кешкен оқиғаларын саралағанда, өткен заманға оралып, талдау жасауымыз керек. XV ғасырда Әбілқайыр хандығынан бөлініп шыққан Қазақ Ордасы неліктен XVIII ғасырда әлсіреп қалды? Бұның бірнеше себептері бар. Біріншіден, Қазақ ордасы бөлініп, өз алдына шаңырақ құрған уақытында әлемде ұлы географиялық ашылу оқиғасы орын алды. Сауда-саттықты жеткізудің, өзге елдермен байланыс орнатудың жаңа жолы – теңіз жолы қалыптасты. Бұл кезеңге шейін батыс пен шығысты байланыстырған Ұлы Жібек жолы қолданыстан шығып қалды. Осы негізден, жаңадан құрылып жатқан хандық теңіз жолына тікелей шыға алмайтындықтан әрі географиялық орналасуынан әлемдік дамудан қалыс қалды. Екінші себеп ретінде халық

арасындағы алауыздықты атап айта аламыз. Халықтың билік үшін таласуы әрі Шыңғыс тұқымынан шыққан сұлтандардың хан болу мүмкіндігі де осыған алып келді. Шыңғыс хан тұқымынан шыққан сұлтандардың өзіне тиесілі халықты бөліп алып, өзін хан жариялау мүмкіндігі болды. Бұл да өз кезегінде бөлінушілікке, бөлінушілік әлсіреуге алып келді. Осындай маңызды екі фактор әсерінен қазақ халқы боданға айналды. Бұл жайында Қ. Жұбановтың маңызды пікірі бар. Зерттеушінің пікірінше, қазақтың әлсіреген жағдайында бәрібір басқа бір патшалық Ресей отарлайтын еді деген пікірін білдіреді [2, б. 221]. Осы негізден, қазақ жеріндегі орын алған өзгерістер халқымызға әсер еткен тарихи-географиялық себептермен қатар, ішкі себептер екенін көреміз. Десе де, халқымыз тәуелсіздік алуға талпыныс жасап отырды. XVIII ғасырда Көктемір бастаған көтеріліс, С. Датұлы, К. Қасымұлы, Махамбет пен Исатай, Е. Көтібарұлы, Ж. Тіленшіұлы сынды тарихи қайраткерлер бастаған көтерілістер тәуелсіздік үшін жүзеге асты. Сәтсіз аяқталғанына қарамастан, бұл әрекеттердің барлығы да халықтың тәуелсіз болуға деген талпынысын көрсетті. XX ғасырда қазақ жерін бір ғасырдан астам уақыт отарлаған империяның күлі көкке ұшты. Осы мезетте зиялылар қауымы тәуелсіздік алып, жеке мемлекет болуға талпынды. Халық тәуелсіздік жолында өзіне дейінгі қозғалыстарды қайта қозғап, халық танымына жақын атауларды қолданды. Сонда бұрынғы атаулар қайта түлеп, халықтың этномәдени дүниетанымы жаңарды. Қайта түлеп, жаңарған атау – «Алаш» ұраны еді. Батырларымыздың ұранына айналған «Алаш» жаңа ғасырдың басты ұстанымына айналды. Алаш туы астында тәуелсіздік үшін әрекет жасаған қайраткерлер ұлттың ертеңі үшін ұлы қадамдарға барды. Қарумен күрескен халықтың ұрпағы ендігі кезекте қаламымен қарсылық көрсетті. Бұл әрекет сәтсіз аяқталса да, халықтың рухын оятып, тәуелсіздік үшін күресте тоқтамай әрекет ету керектігін ұқтырып кетті.

Қыран боп сонда ұшқанмын.

Алматы – тұңғыш астанасы еді

Тәуелсіз Қазақстанның!

Алматы – менің аяулы қалам,

Мәңгілік жырлап өтермін

Уық боп көкке қадалдың дағы,

Биік қып шаңырақ көтердің!

Енді менің үйім бар,

Отаным бар!

От боп жанам, керек пе – от алыңдар!

Енді менің туым бар!

Ұлым да бар!

Елін сүйген ұл барда, азатпын мен!

Естимісің, беу, Дүние! [136, б. 118] – деп ақын асқақ рухпен тәуелсіз екенін жариялайды. Өз елін сондай сүйетін ақын азат екенін, ендігі де ешкімге тәуелділік жоқ екеніне сондай қуанады.

Қазақпын мен!

Қазақтайын халыққа

Дархан дала берген,
Жарқын сана берген,
Төрінен орын берген,
Өшпейтін өмір берген
Жаратқан, саған бас ием! [136, б. 118] – деп өзінің қазақ екеніне мақтанады.

Сарыарқаның кеудесінде
Бәйтерек боп бүр жарған
Осы Астана – біздің арман, нұрлы арман [136, б. 119], - деп тәуелсіз елдің астанасын жырға қосып, қанша уақыт арман болғанын жеткізеді.

Талай ғасыр Сені аңсаумен келгенмін,
Бабалардың тілегісің,
«Ел» деп соққан жүрегімсің, Астана!
Ақ Орда, Алтын Орда, Көк Орда емес,
Ел Орда, ең соңғы Орда, Күн елісің, Астана! [136, б. 119] – деп бабалардың тілегінен, аңсауынан қалыптасқан елорданы соңғы Орда деп бағалайды.

Азаттықты арман етіп егілген,
Дәл осындай тойды аңсаған базарлы
Ұлтыма Сен – дәру, Астана! [136, б. 119] – деп жаңа орданың азаттықтың, тәуелсіздіктің басты нәтижесі екенін айтады.

Есіл, Нұра – қос бұрымы төгілген
Он төртінде толған айдай ажарлы,
Ару-Астана!
Сені «Әлем қаласы» деп атады,
Арманыңа бас иген әлем!
Ақ бұлттарға жеткізетін шат әнім,
Астана, сәлем!
Бар тілегім – мәңгі-бақи жасағын!
Менің аңсар-байтағым!
Айбынына бас иген әлем,
Астана, сәлем!... [136, б. 119] – деп ақынның Астананың халық үшін ерекше маңызы барын, мәңгі болуын, «Мәңгілік елдің» астанасы болуын қалайтынын көреміз.

Осылайша, нәзіктік пен батылдықты үйлестіре білген ақын Назира Бердалының шығармашылығында халқымыздың этномәдени дүниетаным сипаты бөлтірік, астана, жерұйық ұғымдарын қолдануымен көрінеді. Бұл атаулар халқымыз үшін үлкен маңызға, мәнге ие. Елордасын жырға қосып, ата-бабаның аңсаған «Мәңгілік ел» ордасы болатынына да сенім білдіреді.

Тәуелсіздік кезеңінде өткір, жалынды жырларымен келген бір топ ақындар Ж. Сәрсек, Н. Қуантайұлы, Т. Толқынқызы, Н. Бердалы шығармашылығын қарастыра отырып, халқымыздың этномәдени дүниетанымының негізін құрайтын ұғымдар, атауларды қолданып, жаңа

заманға сай түлеп, жаңарғанын көреміз. Тәуелсіздікті аңсаған ата-бабаларымыздың жерұйық арманы азаттық алумен орындалғанын көреміз.

3.2 Дәуіраралық кезеңдердегі ұлттық мінез концептісі

Концепт – тіл біліміндегі антропоцентристік бағыттың негізінде қалыптасқан термин. Концепт ұлттың әлем жайындағы пікірін, әлемнің тілдік суретін өзін қоршаған ортаға байланысты қалыптасқан пікірлерінің жиынтығы ретінде көрінеді. Концепт менталды деңгейдегі ақпараттардың, идеялар мен ойлардың жиынтығы ретінде анықталады. Дегенмен тіл білімі тек лингвистиканың ғана емес, әдебиеттанудың да басты зерттеу нысаны екенін аңғарамыз. Бұл жайында В. Зусман концептті мәтіндегі ассоциация екенін, ұлттық ассоциативті-вербалды жүйенің бөлшегі ретінде анықтайды. Сондай-ақ көркемдік әлем мен ұлттық әлемді біртұтас қарау құралы ретінде көрсетеді [137]. Н. Сейбель концептті үш негізде анықтайды:

– концепт эмоционалды-психологиялық, онтологиялық, поэтикалық мазмұнды беретінін, философиядағы «мазмұн», лингвистикадағы «сөз», әдебиеттегі «мотив», «архетип» ұғымдарының негізінде анықталатынын айтады;

– тұлға санасындағы ұлттық мәдениеттің болмысы анықталады;

– концепт эволюциялық қатынаста анықталады: ішкі форма мен мәдени жадтың этимологиясы мен болашақ жайындағы ойларының қатынасы арқылы айқындалады [138].

Солай, концепт жайлы Н.Сейбель пікірін қорытындылай келе, концепттің түрлі мәдени, тілдік, менталдық өлшемдер арқылы ақпарат алмасудағы мағыналық қарсылықтар негізінде анықталатынын көреміз.

Ю. Тильман автордың көркем шығармада қолдануы концепт түсінігінің жаңа мағынасында қолданатынын, тарихи-мәдени факторларға қарамастан, авторлық қолданыс негізінде жүзеге асатынын айтады [139].

Когнитивтік лингвистиканың басты нысаны – концепт, ал әдебиеттануда көркем концепт деп аталады. Л. Миллер көркем концепттің мәдени кодта сақталған көркем тәжірибе екенін жеткізеді [140]. Осы орайда З. Астратян концепттің мынадай факторлар арқылы анықталатынын айтады:

– бірегей көркем тәжірибе, бұның негізінде мәдени-тарихи парадигма, дәуірдің менталды деңгейі факторларымен анықталады;

– субъективті – жеке-авторлық әлем суреті [141].

Қазақ тіл білімінде концепті ұғымын Е. Жанпейісов, Қ. Жаманбаева, Н. Аитова, Г. Смағұлова, Б. Нұрдәулетова, Б. Ақбердиева, К. Садирова, А. Ислам, А. Әмірбекова, М. Күштаева сынды ғалымдар зерттеп жүр. Концепт ұғымы лингвотанымдық және лингвомәдениеттану салалары негізінде екі бағытта қарастырылып жүр. Лингвомәдениеттану бағытындағы ғалымдар концепттің этномәдени санада сақталған ұлттық құндылықтардың құрылымы деп анықтаса, екінші топ зерттеушілері концептті ассоциациялық өрісте анықталатынын, мәдени құбылыстардың жиынтығы екенін айтады.

Осы негізден «ұлттық мінез» концептісін анықтауда аталған зерттеушілердің пікірін негізге ала отырып, көркем концептің авторлардың бірегей көркем тәжірибесі мәдени-тарихи парадигма аясында және автордың субъективті көзқарасы негізінде қалыптасатынын көреміз.

Қазақ менталитетін зерттеген ғалым Д. Кішібеков былай дейді: «Әлемде өзгермейтін, қозғалмайтын еш нәрсе жоқ. Бәрі өзгерісте, қозғалыста. Бірақ, тез өзгертін немесе тез өзгермейтін құбылыстар да бар» [142], - деп мінез-құлықты өте баяу өзгертін құбылыстардың қатарында анықтайды. Дегенмен, зерттеуші қазақ халқының мінезінің де өзгеріске ұшырап бара жатқанының себептері барын айтады. «Сол сияқты қазақ халқының мінез-құлқы да бірте-бірте өзгеріп келеді. Адамның баяу немесе шапшаң қозғалуы, мінезінің ашық немесе тұйық болуы оның тұрған жеріне, өскен ортасына, саяси құрылымға т.б. жағдайларға байланысты» [142, б. 81], - екенін айтады. Зерттеуші қазақ халқының мінезі мынадай факторлар негізінде қалыптасқанын көрсетеді:

- далалық кеңістік;
- географиялық жағдай;
- мал шаруашылығы.

Осылай, зерттеуші ең далада мал баққан қазақ халқының қалыптасқан мінездерін мынадай деп көрсетеді:

- біріншіден, байсалдылық, сабырлық.
- екіншіден, әңгімелескенде, сұхбаттасқанда әңгіменің түйінін іздеген;
- үшіншіден, қойылған сұраққа асықпай жауап берген. «Әр сөзді талдап, пайымдап барып жауап берген» [142, б. 85].

– төртіншіден, сауықшыл болған. Дегенмен, мал шаруашылығымен айналысса да, оған 4-5 адам жеткілікті. Қалғандары қыдырымпаз болғаны рас. Абайдың қолы бостық, уайым жоқтық деп сынауы да орынды екенін айтады.

- бесіншіден, ер серігі – ат. Жаяу жүру халық үшін кемістік саналған.
- алтыншыдан, қазақ әйелдері қоғамдық жиын, ойын-сауық, айтыстарға қатысқан. Бұл жағынан қазақ әйелдері еркін.
- жетіншіден, кешірімді, кең пейіл;
- сегізіншіден, бауырмал, дархан, қонақжай;
- тоғызыншыдан, қазақ арасында жетім-жесірлерін қаңғыртпаған;
- оныншыдан, көшпелі тұрмыс негізінде жүзге, руға бөлінген;
- он біріншіден, ХХ ғасырдың 30 жылдарынан бастап қазақ өміріне үлкен өзгеріс енеді. Жаңа қалыптасқан тұрмыс бос жүріс, селқостықты көтермейді.

Солай, зерттеуші Д. Кішібаев қазақ халқы жайында төрт түрлі шешім шығарады:

1. Қазақ халқы табиғатынан қарапайым. Киімі мол, етек-жеңі кең.
2. Кекшіл емес. Іштарлық та бәсең. «Көп ішінде біреу мінеп, мінезінің кемістіктерін, шыққан тегін кемсітіп, бетіне басып, өлеңге қосса, шамасы келсе, ол табанда жауап қайтарған» [142, б. 88].
3. Кімнің кім екенін сөз таптауынан аңғарған.
4. Қазақ халқы жайдары, түсі жылы болған [142, б. 89].

«Ұлттық психологияның барынша айқын бейнесін тауып, оның бейнеленуінің бар көркемдігі танылатын, ойлау бағытының өзіндік маңыздылығы аңғарылып, көп жылдар бойы қалыптасқан тәрбие көріністері мен әдемілікке деген пікір анық тайға таңба басқандай жазба әдебиеттің, сөз өнеріндегі орны ерекше» [143], - осы негізден ұлттық болмыс танылатын әдебиеттен, оның ішінде тәуелсіздік кезеңін қарастырудың маңыздылығын көреміз. Аталған кезеңде ұлттық болмыс [144] ұлттық мінез, ұлттық құндылықтар, этномәдени дүниетаным арқылы қалыптасты. Өлеңде ұлттық мінез тек халықтық мінезбен шектелмей, ұлт тарихынан нәр алып, ақын поэзиясының танымдық, дидактикалық, халықтық қырын даралайды [145]. Осылайша XX ғасырдың соңы мен XXI ғасыр басында қазақ әдебиетінде өзіндік орнын қалыптастырған ақындар шығармашылығына тоқталып, ұлттық мінез, ұлттық құндылықтар жан-жақты қарастырылады.

Қазақ әдебиетінде ақын Есенғали Раушановтың алар орны жоғары. Ақынның «Батырдың соңғы сөзі» өлеңінде қазақ батырының болмысын, ел мен жер үшін күрескен ерлігі суреттеледі.

Қатар ұста қайсарлық пен төзімді,
Кім кешірер шынтуайтта ер езін?
Құлпытасқа жазба ештеңе,
Өзімді

Жүрегіне жазған елдің мен – Өзім! [146] – деп автордың өзіндік көзқарасы көрінеді. Батыр есімінің халық есінде мәңгі сақталатынын айтады. «Біздің шалдардың өлеңі» туындысында Қарашағырда ноғаймен болған шайқасты еске алып, көнекөз қариялардың жас кезінде елдіктің бастауы болғанын айтады.

Батырлық қайда, батырлық,
О, қалай ұйықтап жатпақ ұл,
Ақындық қалып, әкімдік

Төбеге шыққан шақта бұл?! [146, б. 77], - деп әкімдіктің, қызметтің жоғары екенін жеткізеді. Және ақын былай дейді:

Шамшырақ-өлең сөнген деп
Жөгі жел билеп тұр, әні.
Махамбет – қыран өлгенмен,

Ықылас – жылан тірі әлі [146, б. 77], - деп Ықылас сияқты жыландар өздерінің «доспын» деп алдап, бас кескені үшін өлуі керек екенін айтады. «Адыраспан» өлеңінде ақын халық өмірінде, тұрмысында адыраспанның пайдасын айтып, адыраспанды қалай қолдану жайын атап айтып кетеді.

Қасиет пенен көктемнің
Мекенін сен боп білдірсем;
Далада өсіп-көктеудің
Не екенін сен боп білдірсем,

Адыраспаным – жан анам! [146, б. 80] – деп қазақ тұрмысындағы қасиетті шөптің пайдасын көшпелі халықтың ұрпағы ретінде терең сезінеді. «Маңқыстау ескерткіштері» өлеңінде бұрынғы кісілігі жоғары қарттардың

үлгісі керек екенін, өзімізде алтын болса да, жұрттың күмісіне қызықтық деп жас балада кездесетін аңғалдықты сөз етеді.

Жаттың ойын желкен ғып,
Қаншама рет өртендік.
Маңқыстаудың ойында
Қарайды бізге мүсіркеп

Мықтылық пенен көркемдік [146, б. 81], - деп халықтың мықтылық, көркемдік қасиеттерін жеткізеді. Ақынның «Биылғы қыс», «Өліара» өлеңдері желтоқсан оқиғасына негізделген. Қара көз қыздардың «сенбеймін қысқа енді» деген пікірлері желтоқсанның жылдағыдай суық, қатыгез болғанында екенін көреміз. «Бозаңға біткен боз жусан» өлеңінде:

Бозаңға біткен боз жусан,
Боқыраудың күні болғанда,
Бозарып барып солар ма,
Мен бозаңды құшып көз жұмсам,

Қара жер қойның толар ма?! [146, б. 168] – деген ақын қазақ танымындағы боз түсін жақсы қолдана білген. Бозаң дегеніміз – сортаң жер. Боз – ақшыл, қылаң түс. Ақын қара жердің қойны еш уақытта толмайтынын, ең жақсы деген адамдарды алып кететінін, жусанның да боқырау кезінде солатынын айтады. Ақынның «Сарыөзен» поэмасы – елдіктің, ерліктің, батырлық пен қайсарлықтың биігі. Сарыөзен – қайсар халықтың толқыған бір арнасы. Сарыөзен – көшпелі жұрттың соңғы арманы. Поэмада ақын патшалық Ресейдің қазаққа ұстанған саясатын былайша жеткізеді:

Қырып таста –
дініңе өтпеді ме?
Қуып таста –
Мешітке беттеді ме?
Зорла, алда –
қалай да тіліңді енгіз

Кеңсесіне, үйіне, мектебіне [146, б. 295], - дейді. Бұдан көретініміз ұлт болуының негізі халықтың дінінде, тілінде, ділінде екенін ақын кейіпкерлері арқылы жеткізуге тырысады.

Бірі мендей күтеді теңдік таңын,
Бірі жайпап келеді жер ғып бәрін.
Діннен, Тілден тумайды Достық деген,

Достық Ділден туады – енді ұққаным [146, б. 296], - деп діл, тіл, дін ұлттың негізі екені, достық мінезінің халқымызда үлкен маңызға ие екенін жеткізеді.

Әдебиет зерттеушісі Ж. Әскербекқызы Е. Раушановты «өлеңнің қара бауыр қасқалдағы» деп атап, ақын шығармашылығын жан-жақты талдайды. Зерттеуші өлеңге керегі мінез екенін, қайсарлық пен нәзіктік қатар сіңген жан болмысы тегеурінді, салмақты жыр қалыптастыратынын айтады. «Поэзия баяндаудан, әңгімелеуден іргесін аулақ салып, көрікті де астарлы сөзбен бейнелеуге бой ұрғанды ғана түйсікке әсер етіп, жүректі қозғайтыны хақ.

Ақынның ақындық тегеуріні мен дарын қуаты екшеп шығарған өлең жолдары заман шындығын айна-қатесіз көз алдымызға әкелген» [147], - деп ақынның халық басынан кешкен тарихын көркем бейнелегенін айтады. Сонымен бірге зерттеуші ақынның қара сөзбен жазылған туындыларына тоқталып өтеді. «Ымырт», «Тас балбал», «Сатқын» туындылары – қара сөзбен жазылған лирикалық туындылар. «Ымырт» шығармасы жайында Ж. Әскербекқызы: «Ымырт мезгілін алудың өзі туындының поэтикалық бояуын қалыңдата түскен. Күн батқан, тіршілік тыныштық қалып кешіп, қараңғылық түскен шақ. «Қара тастан қанаттарын дыбыссыз қағып ұшып шыққан» көне түркі әріптері өздерінің бастапқы қалыптарынан мүлде қашықтап, жаңа бейнені иемденген. Мифтік танымда табиғаттағы кез келген зат пен құбылыс саналы рух деп қабылданатыны белгілі. Діни мифологияда адам жаны шыбын немесе құс түрінде болады деп айтылады. Бұл екеуі де қанатты. Көне әріптерді қанатын қағып, ұшқан қалыпта бейнелеудің мифопоэтикалық астарына үңілсек, осы рух болмысын аңғарамыз» [147, б. 181], - дейді. Зерттеушінің рух деп отырғаны – «көк түрік рухы» екенін көреміз. Ақын ұлттық танымды көк түркілік таныммен байланыстыра қарастыратынын айқындай түсеміз. Ақын «Тас балбал» шығармасында өткенді тәрк ету тақырыбын көтереді. Осы орайда, Ж. Әскербекқызы түркі бабаларымыздың мұрасынан үркудің астарында өткеннен бас тарту әрекеті жатқанын айтады. «XX ғасырдың басындағы алмағайып заман, жаңа орнаған қоғамның ұлттық рухани құндылықтарды мансұқтау саясаты қаншалықты қасірет әкелгені тарихтан белгілі. Ақын ескі мен жаңаның қарама-қайшылықтарынан тас балбал жайындағы көзқарасы арқылы көрсете отырып, қалай болған күнде де бұл тастың біздің тарихымызға тікелей қатысты екенін риторикалық сауал тастау арқылы ескертіп өтеді» [147, б. 183], - деп ақынның түркілік танымды ұлттық танымның негізі екенін айтып өтеді. «Сатқын» шығармасы лирикалық иірімдерге толы. Дария, ақ толқын, қара түн, тас жол, тас қараңғы, тас жүрек тіркестері символизмге толы. Қаттылық, суықтық, мейірімсіздіктің белгісіне айналған тас ұғымы – «Ол» атауын иеленген өзін-өзі сатқан адамның бейнесі екенін аңғарамыз. Солай, ақынның сөз бен ой үйлесімін терең сезініп, меңгерген суреткер екеніне көз жеткіземіз.

Т. Медетбек «Алтынкөпірліктер» деп атаған ақындар шоғырының биік белесі – Б. Бабажанұлы. Ақынның «Сөз» өлеңіндегі басты идеясы – ең алғашқы сөз болса, соңыда сөз болатынын айтып, «ел анасы – сөз» екенін, сөз – уәде негізінде маңыздылығын көрсетеді.

Мақсат басқа, өзге арман,

Болмысым да... көнерді...

...Атамыздан сөз қалған,

Не қалдырам мен енді? [148] – деп ата-бабадан сөз сақталып, мұра болғанын, енді өзінің жүгі қандай боларын ойлайды. Ақынның «Ғасыр басындағы көңіл-күй» шығармасында XXI ғасырдың қандай боларын, халықтың әлі де үш жүзге бөлінетіні қатты алаңдатады.

Рухымның басы қалды Қаройда

Ықыластың қолыменен кесілген [148, б. 20], - деп ақын Махамбеттің оқиғасын өзінше өрбітеді. Махамбет тақырыбы – ұмтылмайтын, әр ақынның қайта айналып соғатын мәңгілік белесі. Оның себебі, Махамбет ұлт пен жер үшін таласта арамдықтан, қулықтан жеңілді. Бұл әр ақынның есінде мәңгі сақтала бермек.

Жапырақтар құшар кезде ажалын,

Қабағына мұң ілінер күздің де.

Үш жүз болып тайталасқан қазағым,

Енді тағы бөлінер ме жүз дінге? [148, б. 21] – деп ақын елдің болашағына, халқының ертеңіне уайым қылады. «Бүгінгінің ақыны» өлеңінде қазіргі заман ақынының қандай болатынына ой жүгіртеді. Ақынның атақ үшін емес, елдің, халықтың жағдайын жырлап, халықтың кім екенін еске салып отыруы керек дейді. Ақын «Уәде» өлеңінде рух пен тәннің байланысын сөз етіп, өзінің тәңіріне уәде бергенін айтады. Дегенмен уәде берген күннен бастап шайтанның соңынан қалмағанын да айтып өтеді. Адам бойында рухы да, азғырушысы да көрші орналасады. Сол аралықта өз уәденді орындау рухының мықтылығының көрінісі болмақ. Ердің сыны – уәдесінде тұра алуы. Ақын өлеңі арқылы бізге осы идеяны түсіндіреді. Әрі ақын үшін де уәдеде тұра алуы маңызды екенін жеткізеді. Ақынның уәдесі – сөзінде. Сөзі арқылы халықты қуаттап отыратыны, тарихы мен бүгінін, болашағын түгендеп отыратынын айтады. «Жанайқай» өлеңінде:

Кел, ендеше кеңесіп, төсеп бірге сорға иық,

Ата-баба қалдырған аманатты қорғайық.

Сөйтер, сірә, білген ел обал менен сауапты,

Анасы үшін әр пенде Алла алдында жауапты [148, б. 85], - деп ақын өзінің жанайқайын жеткізеді. Данышпаны көп елдің соры қалың екенін айтып, елдегі өзекті мәселелерді баяндайды.

М. Ақдәулетұлы нағыз өлеңнің өз қауымына қызмет ететінін айтып, ақын Бауыржанның қазақ өлеңіне өзіндік болмысымен, өзіндік үн-өрнегімен келгенін айтады [149]. Ақын «Желтоқсан» өлеңінде:

Мұңаятын шығар-ау жырақ барып,

Алысуға күші кем болса-дағы.

– «Күш атасын танымас. Тәуекел!» - деп,

Еменнің жағасына қол салады [149, б. 35], - деп желтоқсан оқиғасын еске алып, ақтүтек боран қайта соқпас па екен деген уайымы көрінеді.

«Запыран» өлеңінде ақын Ә. Балқыбектің қазасына қайғыра отырып, бүкіл «Алтынкөпірліктердің» болмысын танытады:

Ұмытпайықшы, біз – тарпаң жұртпыз,

Жаратқан Алла ақын ғып,

Қара өлеңдегі «спартаңдықпыз»,

Біріміз жүзге татырлық [149, б. 152], - дейді. Маралтай ақынға арналған «Қорқыт жыры» өлеңінде:

Сетінеген сеніммен,

Ішімізде жортып күз,

Қашып жүрген өлімнен,

Біз де бір-бір Қорқытпыз [149, б. 154], - деп өлең жазбай кетсек, Қорқыттың қобызындай қаламның қарғайтынын айтады. Солай, Қорқытта – қобыз, алынкөпірліктерде – қалам. Бұл тіркестің мәні «Ниетқабыл» поэмасында ашыла түседі:

...Ақынның жүрегіне малып алған,

Қаламнан әр заманнан із қалады [149, б. 252], - деп қаламның ақын үшін маңыздылығын көрсетеді. Және поэманың негізгі идеясы былайша көрінеді:

Бабадан мирас болып қалған өлең,

Сан ұрпақтың үмітін жалғаған ең.

Бойымда, баба, сенің қаның барда,

Қалай күмән келтірем Аллаға мен?! [149, б. 262] – деп ақын үшін өлеңнің маңызды екені, жай ғана маңызды емес, елдік мұраттың ұмытылмауы үшін, айқын мақсаттар естен шықпауы үшін ақынның ниет ететінін көреміз.

Солай, ақын Б. Бабажанұлы ақын болуға, ақын болғанда жай ақын емес, ел мен жер мәселесін көтеріп, халықтың ертеңіне деген сенімін арттыруды көздейтінін, ұлы іске ниет еткенін аңғарамыз. Ақын жүгі – ауыр жүк. Бұрынғы ата-бабаның дәстүрін бұзбай, өлең арқылы Бұқар, Дулат, Махамбет, Абай, Мағжан ізін жалғайды. Әр адамның ақын болар алдында жаратушы алдында рухы уәде беретінін өлеңдерінде жеткізіп, ақын мен адалдық мінезі ассоциация болу керектігін жеткізеді. Ендігі кезекте, алтынкөпірліктер қатарындағы М. Райымбекұлы, Ә. Балқыбек, Т. Медетбек, Б. Беделхан шығармаларын қарастырамыз.

Көркем әдебиетте концептің анықталуы когнитивтік, жалпыадамзаттық, лингвомәдени сипатта анықталып, өзіндік эмоция мен образға негізделген концептуалды әлемді құрады.

Қазақ әдебиетінде алтын көпірліктер атанған ақындар қатарында танылған Ә. Балқыбек пен М. Райымбекұлының өр жырлары – тәуелсіздік кезеңіндегі поэзияның алтын дінгегі. Ә. Балқыбектің поэзиясында көк бөріге табыну көрініс тапқан. Тәуелсіздік кезеңінде қазақы дүниетанымды қалыптастырудың негізі ертеде қалыптасқан түркілік сананы ояту еді. Ақын Ә. Балқыбек бұны жақсы түсініп, өз жырларында көк түркілік танымды, қасқырды бейнелеп, жырына қосты.

Жұтаңдаумын, демен бірақ жарлымын,

Баба ырымы, әлегі емес жарғының.

Қызыл тілді сөзге иілту үшін де,

Итаяқтан суды да ішкен бар күнім [150], - деп ақын өз жайынан хабар береді.

Мен туған шақ

Мезгіл сірә өліара,

Қасиетті қамайтындай қораға

Жалаңаяқ деп сөгеді, ал өзі

Жалаңаяқ бармайтындай молаға [150, б. 121], - деп ақын «Шамырқану» деген өлеңінде өзінің туылған уақытының өліара екенін жеткізеді.

Т. Медетбек ақынның ақын, сыншы ретінде, сондай-ақ, азамат ретінде биік екенін айта келіп, тәуелсіздік кезеңіндегі тегеурінді ақын деп бағалайды. «Біздің кезең» өлеңінде:

Құр ауаға қалды асылып қанша әнім,

Жер бетінде сенделем бе әлі көп.

Мен жарықты күте-күте шаршадым,

Ендігі өмір түс сияқты мәні жоқ [150, б. 122], - деп ақын өз кезеңін сипаттайды.

Уақытымды күте-күте бітті әлім,

Маңай тұман, жұлдыз біткен адасты.

Кім біледі кімдер не істеп жатқанын,

Кімдер қалай жұбатарын алашты? [150, б. 122] – деп жаңа дәуірдің басталатынын, жаңа дәуірде қазақтың ғұмыры қалай болатынына алаңдайды.

Қазақ әдебиетінде көк бөрі образын қолдану М. Әуезовтің шығармаларынан бастау алады. Десе де, ақын Ә. Балқыбек қасқыр образын түрлендіріп, бұрынғы халқымыздың қасқырға тотемдік табынуды жаңа деңгейге көтерді.

М. Райымбекұлы шығармашылығы сан қырлығымен ерекшеленеді. Ақынның «Асау» өлеңінде жүрек солқылының еркіндікті аңсайтынын, тегінен жұрдай болған адамның өткенін танып болмайтынын да айтып өтеді.

Еркіндік – арман, мұраты

Асауды көрсем кейде мен.

Еске сап Сізді тұрады

Бағзы бір асқақ бейнемен [151], - деп ақын халқымыздың асаулығын, басына бұғалық тимей еркіндікте жүргенін қозғайды. Осылайша, ақын қазақтың асаулық мінезін алға шығарады. Ақын «Адасқақ» өлеңінде Мөңке ақырдай Жайықтан ажырауы халықтың өзегін өртегенін айтады.

Өзегін өртеген ер аз тумаған,

Ақ моншақ толқынында саз тулаған.

Жайығым – жаһандағы жалғызым-ай,

Қай жерім артық менің Қазтуғаннан [151, б. 13], - деп өзін Еділімен қоштасқан Қазтуғанға теңейді. Сондай-ақ, ақын ұстанымы мына жолдардан көрінеді:

Жырым да, айбыным да сай тұлғама,

Менікі жан азабын айту ғана,

Орманға ұлымайды біздің жүрек,

Төменде Жер, төбемде Ай тұрғанда! [151, б. 13] – деп анықтай түседі. Ақын «Сұңқардың соры» өлеңінде Бауыржан Момышұлының болмысы тереңдетіп, сойқан сынды атап өтеді:

Бүтін елді бүлдіретін – бүрсіздер, -

Тілін жұтқан тілсіздер!

Мен сендерден қорқам жаман

Мінезі жоқ мінсіздер [151, б. 31], - деп ақын жырында батыр болмыс Бауыржан Момышұлын қоса отырып, халықтың сипатын жеткізеді.

«Кентавр» өлеңінде ақын өзінің тарпаң мінезді екенін, құйын екенін жеткізеді. Ш. Мұртаза ақынның «Кентавр» шығармасының ұлттық рухтың символы екенін айтып, адам мен тұлпардың тұтасуының символы деп анықтайды. Т. Молдағалиев болса, ақынның тегеурінді ойларын «Кентавр» жинағында көрінетінін айтады.

Тамырынан таратылып текті сөз,

Ал, арманшыл асыл халқым, кекті көз.

Көк байрақты қыран текті қазаққа,

Күн астында қанат жаяр жетті кез [152], - деген жолдардан ақынның тәуелсіздік кезеңінде жарық көрген отты жырлары халқымыздың болмысын нақтылай түседі. «У қайтару» өлеңінде:

Құдай – Көкте,

Мен – Жердемін,

Жердегі

Қаламында тағдырымның кермегі.

Маңдайыма тұрып қалған ағып кеп

Ғасырлардың айғыз-айғыз өрнегі [152, б. 37], - деп болашақтан үміт үзбеуге шақырады. Қыран текті қазақтың да күн астында еркін қанат жаятынын жеткізеді.

Ақын «Адасқақ» өлеңінде Жайықты көзінің қарашығы деп атап, өзінің Қазтуған жыраудан кем еместігін айтады:

Өзегін өртеген ер аз тумаған,

Ақ моншақ толқынында саз тулаған.

Жайығым – жаһандағы

жалғызым-ай,

Қай жерім артық менің Қазтуғаннан [152, б. 71], - деп ақын Жайықтың қазақ жеріндегі маңыздылығына тоқталады. Бқыластың қобызы мен Сүгірдің «Бозінгені» сияқты ақын үшін Жайығы қымбат. Бұл жер – Қасым ханның астанасы болған Сарайшық орналасқан, Махамбет пен Исатай бастаған көтерілістің темірқазығы. Патшалық Ресейдің шектеулері басталған жері де осында. Отаршылдықтың құрсауына түскен жерде Жайықтың жағасынан басталған. Аталған себептерден ақын үшін «Жайығы» қымбат. «Махамбеттің мүсіні» өлеңінде:

Ақынбыз өңкей, батырмыз,

Қидасын жілік атаңдай.

Біріміз мыңға татырмыз,

Өтемісұлы Махаңдай [152, б. 78], - деп алтынкөпірліктердің болмысын ақын өзінше бағалайды. Бұл ақындар тобы Махамбеттен кем болмауы да заңды. XX ғасырдың бұралаң уақытында қазақ әдебиетіне араласып, тәуелсіздікті жар сала дәріптеп бозбала уақытта жастар елдің болашағына алаңдап, жыр-кестесімен халықты демеді. Тәуелсіз ел болу деген барлық қиыншылықтармен бетпе-бет келу. Кезінде Махамбеттің аңсаған арманы алтынкөпірліктерге үлкен жүк әрі сынақ болып, өз кезегінде жоғары деңгейде алып шыға білді. Ф.

Оңғарсыноваға арнаған «Найзағай» өлеңінде ақынның болмысын биіктеп, найзағай құбылыс деп баға береді.

Қарағайға қитығып қарсы
біткен бұтақтай,
Ер сияқты қоймайтын егескенін
мұқатпай.
Күндей күліп кенеттен, бұзылатын нілдей боп,
Түсіне алмай қойдық қой

түсініксіз кітаптай [152, б. 103], - деп ақынның қабыландай қаһарлы болмысын суреттеп, қазақ қоғамындағы алар орнын жоғары бағалайды. Ақын «Кенесары» өлеңінде қазақ тарихындағы маңызды тұлғалардың бірі – Кенесары Қасымұлының бүкіл қозғалысын саралап келіп, былай дейді:

Аңыздың ақыры осы, сенесің бе-ей,
(Бұл аңыз – бар аңыздың төресіндей!)
Бүгін ғой басымды іздеп қаңғып жүрмін,

Кененің көрден шыққан денесіндей [152, б. 107], - деп қазақ тарихындағы аңыздың ақыры жеңіліс екенін аңғартса да, ақын нағыз жеңіліс деп танымайды. Кенесары қозғалысы түбімен жеңілсе, Ж. Тіленшіұлы, Е. Көтібарұлы қозғалыстары өрбімес еді, халық ер атын ұмытар еді. Дегенмен қозғалыс ақырында жеңіске жеткенін ұғынамыз. Кезінде Ә. Бөкейхан 1916 жылғы орын алған көтерілісті қазақ рухының көтерілгенінің көрінісі деп бағаласа, ақын да Кенесарының басы сияқты адасып жүрсек те, алдымыз тура жол екенін жеткізеді.

Ақын «Аруана» поэмасында Алтын Орда мен Бейбарыс сұлтан басқарған Мәмлүк патшалығының қарым-қатынасын бейнелеп, Жайық жанындағы қаланың сән-салтанатын асқақтата бейнелейді:

Батырған мұңға
Орыстың ойлы орманын,
Теңселткен сесі
Қытайдың қалың қорғанын.
Жүрегі сынды,
нұр-өңі сырлы Сарайшық –

Айбарлы Алтын Орданың! [153] – деп бейнелейді. Шығарманың негізінде ақын жай ғана Сарайшықты дәріштеп қоймайды, керісінше қазақтың тарихы тереңде екенін, тіптен Патшалық Ресейдің тәуелдігін суреттеп, халықтың абыройын өсіре түседі. Солай, ақынның «Сарайшығы» - тарихы терең қазақ халқының асқақ абыройы, даңқы екенін көреміз.

Қазақ поэзиясында көк түріктер сарынын көтерген ақын – Темірхан Медетбек. Ақынның «Бостандыққа жол» өлеңінде:

Асу-асу тауларда
Темір аяқ алдым.
Темір етік кидім.
Аязға тоңдым.
Аптапқа күйдім.

Жеті басты
Жалмауызға жолықтым.
Құлдай қиналдым,
Күндей торықтым.
От дариясын кештім.
Шындардың үстімен

Бұлт боп көштім [154], - деп ақын түркілік сарынмен еркіндік жолында түрлі оқиғаларын болғанын халықтың қанын төгіп, қабырғасы сөгілгенін айтады. «Біз кім едік» өлеңінде халықтың бұрынғы қуатын есіне алып, ақын былай дейді:

Желдей аңғылдап,
Сұңқардай саңқылдап сөйлейтін,
Даладай кең,
Таудай биік халық едік.

Алып едік [154, б. 100], - деп халықтың қуатты, елдік туы мығым болған уақытын еске алады. Солай бұрынғы күннің қайта ораларын, айы туып, күні қайта шығатынын айтады. Әлбетте, ақын айтқандай, ол күн де туды. Айымыз да, күніміз де жоғарыда. Десе де, ақын халықтың құқайды көп көргенін айтады. «Тозақты қазақ көп көрді» өлеңінде халқымыздың басынан кешпеген оқиғасы жоғын, неше түрлі жайттарды басынан кешкенін айтады. Небір зұлматтарды көргенін айта келіп, өзінің мынадай тілегін жеткізеді:

Уа, Жаратқан Ием!
Қасіретті
Көп көрген еліме
Мәртебе, мерей бер.
Мейірімінді төгіп,
Рахымыңды түсіріп
Желеп-жебей гөр!

Әумин [154, б. 132], - деген тілегін жеткізеді. «Көк түрік абызының тілегі» өлеңінде:

Айбынымыз асып тұрсын!
Кімнің болсын
Меселін қайтарып,

Мысын басып тұрсын [154, б. 133], - деп еліміздің мерейі жоғары болуын, төрт түлік малдың, байлығымыздың мол болуын тілейді. «Бодан заманы» туындысында ақын өзі таныған жайттарды айтады:

Зорлығы
Асқына түсті
Желкем үзіліп,
Мойным қайрылып
Астына түсті.
Қара балтасымен –
Тамырымды –
«Қарш» еткізіп шапты.

Қара мылтығын –

Өңменіме қадап

«Тарс» еткізіп атты [154, б. 235], - деп суреттейді. «Сарыарқа» өлеңінде:

Бойыңа – қайтадан! –

Қайрат құйылып жатыр

Жаныңа – қайтадан! –

Айбат жиылып жатыр.

Ұлы Сарырқам менің!

Тірлігің – ұласқан! –

Армандай болсын.

Бірлігің – тұтасқан! –

Армандай болсын [154, б. 241], - деп Сарыарқасына тәуелсіз күннің туғанын, қаны мен іріңі сорлаған жараның орны жазыла бастағанын айтып, абырой мен даңқының артатын күні туғанын қуана жеткізеді.

Алтынкөпірліктер қатарында ақын Бақыт Беделханның орны бөлек. Ақын өлеңдерінде туған жер, Отан тақырыптары көтеріліп, еркіндік, бостандық, тәуелсіздік жайындағы көзқарастары терең философиялық ой-пікірлері арқылы көрінеді. Ақын заманындағы жайттарға өзінше баға береді. Бағамдауы арқылы халық үшін еркіндіктің бағасы қымбат екенін де атап өтеді. Ақын Бақыт жырында:

Кіндік қаным тамған жердің рухымен

Жасымастай жалын едім, от едім.

Өйткені, ол – менің туған Отаным,

Өйткені, ол – менің туған мекенім,

Қымтап жатқан еркіндіктің етегін!... [155] – деп еркіндіктің негізі Отан мен туған жерде екенін жеткізеді. «Уа, Жасай бер, ұлы өлең» туындысында І. Жансүгіровтің шығармашылығына баға беріп, тәуелсіз елде ақынның мәртебесі өсе беретінін айтады:

Алашыңның ғұмыры еді – шын атың.

Арманыңмен құрдас еді мұратың,

Ұлықпандай мың жасасын, лұғатың! [155, б. 66] – деп ақын болмысын биіктете түседі. Жырын оқыған адамның Құлагердің маңдайынан ай көретінін, Молықбайдың қобызындай күңіреніп ақындар жүргенін айтады. Барша қазақтың бүтіндігін тілейтін өлеңнің жасай беруін, барша ақынның тілегі болғанын көреміз. «Жерұйығымның жұмағы» өлеңінде Асан қайғы іздеген Жерұйықтың Ақсу маңында екенін ақындық шеберлігімен жеткізеді.

Алаштың бойға арманы қуат,

Арман-мақсатсыз қалмады бірақ.

Жерұйық жердің жүрегі қандай

Жұрты да сондай, жандары-жұмақ [155, б. 69], - деп Жерұйық жұртының жаны жайсаң, дархандығын да атап өтеді. Ақын ендігі бір өлеңінде Алты Алаштың айқасуымен құрылған шаңырағы барын, түндігінен Тәңірдің нұры төгілетінін, керегесі кең даладай, төрінен жеті қазына табылатынын айтады. Және ақын былай дейді:

Құдайы қонағы ат байлайтұғын мамаға,
Адасқан адам түнеп қалмайтын далада.
Қазаны оттан түспеген қазақ едім ғой,

Тәңірім өзің қалдыра көрме табаға!... [155, б. 72] – деп ақын шаттығы шайқалған шаңырағы, жерұйығы бар, ер-жүрек ұлдары, қазанаттары бар қазақ елімен мақтанатыны, мақтан тұтатынын көреміз.

Ақын «Құдай қойған драма» шығармасында ұлт мәселесін көтеріп, халықтың ертеңін ойлайтынын аңғартады. Шығармада түркілік рух тақырыбы да қарастырылған:

Айға қарап ұлығанда азуым,
Ар-намысым айбатымды асырған.
Сызылғанда маңдайдағы жазуым,

Арман үшін бір Тәңірге бас ұрғам [155, б. 114], - деп халқымыздың түп төркіні қасқыр мінезді түркілікпен таныммен байланысты екенін аңғарамыз. Және ақын:

Ұмай-ана көкірегін иіткен,
текті ұрпақпын, тек, сөйлеген биіктен.

Азу тісім асылдан, ал, жүрегім жасыннан,
ашынғанда мәңгі рух боп тасынғам.

...Енді мені өлтіріп көр, күйіктен [155, б. 113], - деп өзінің уайымын, қайғысын жеткізеді.

Ақын «Махамбет монологы» шығармасында Махамбеттің образын биіктете сомдап, тарамыс жанның ел мен жердің шаруасына бейжай қарамағанын айтады. «Ауғанбай туралы арман жыр» өлеңінде «намыс» тақырыбын көтереді. Ақын танымында намыс азамат үшін, ата-бабаның ақ сауаты екенін, шаһиттердің жас табыты екенін, намыс ұл мен қыздың бақыты үшін екенін жеткізеді [155, б. 143]. «Оралған сәттер ырғағы» өлеңінде ақын жаңа заман болатынын, қадірлеп, қастерлегеннің бәрі де жоғалып, тоналатынын, дүниенің бірте-бірте бүлініп, бабалардың жорамалы орындалатынын жеткізеді. Бұл өлең арқылы ақын кезіндегі Асан қайғының жорамалының жүзеге асқаны сияқты халықтың бүгінгі күйіне қарап, жағымсыз жорамалдардың орындалуы мүмкін екендігін болжайды.

Көркем әдебиетте концепт автордың өзіндік таным, ойлау деңгейін, көзқарасын білдіреді. Ұлттық мінездің концепт ретінде қаралуының мәні әр автордың өзіндік көзқарасынан қалыптасуынан деп білеміз. Ұлттық мінез бір топ ақындарда қасқыр мінезбен байланысты анықталса, ендігі бір ақындарда мүлде басқа қырынан ашылады. Соның ішінде М. Шахановтың өлеңдерінде ұлттық мінез екінші бір жағынан бейнеленеді. Ақын өлеңдерінде қасқыр мінез халық немесе халықтың жағымды сипаты емес, кері жақтары анықталады. «Ұлттық нигилизм иірімдері» өлеңінде ақын тіл тақырыбын көтере отырып, ана тілінің жағдайына назар аудару керектігін жеткізеді. Тіл мәселесін көтеріп, нигилистік пиғылдан таймаған жандардың көптігін, халық орыс не ағылшын тілдерінде сөйлейтінін айтады. Басқа тілде көсіліп сөйлегенмен, өз тілінде, өз даңқына баба салтын тең көрмейтінін, қазақ рухын сүймейтінін айтады. Солай

ұлтымыздың нигилизм жеңгенін жеткізеді. Осылайша ақын өлеңінде тіл мен жер, қазақ рухы, ұлтсыздық мәселелері көрінеді.

Әлем прозасында Ә. Кекілбаев, Ш. Айтматов туындыларында «мәңгүрттенудің» физикалық сипаты айтылады. Жаңа шашы алынған жас баланың басына жаңа сойылған түйенің терісін бірден жабыстырып тастайды, өсіп келе жатқан шаш түйе терісінен өте алмай, бас терісіне қайта айналып өседі. Солай қайта айналып өскен шаш адамды есінен адастырып, тура мәніндегі мәңгүртке айналдырады. Поэзияда М. Шаханов рухани мәндегі мәңгүрттену процесінің қалай жүретінін айтады. Ақынның «Қоғамдық орта, жанұядағы тіл немесе Алжирлік мінез», «Желтоқсан көтерілісіндегі тіл мүддесі және «демократия», «Космополит қазақтар», «Мәңгүрттену марсельезасы», «Тоныкөк бабаның көрегендігі немесе бодандыққа құлшыныстың ақыры», «Бүкіл болмысымен орыстанғандар», «Намыссыз дарын сатқындығы» өлеңдерінде халық мынадай қасиеттерден айырылса, мәңгүрт болатынын жеткізеді:

- ана тілінде сөйлемеу, ұлттық танымды анық түсінбеу;
- жер мәселесі;
- ұлтсыздық деңгейіне жететінін айтады.

Ақын туындыларында қазақтың бойына сіңген мінездері ретінде мынадай қасиеттер көрінеді:

- салғырттық;
- бойкүйездік;
- намыссыздық;
- мәңгүрттік [156], - деп көрсетеді.

Және ақын былай дейді:

Сараптасақ ұлт пен ұлтсыз қырқысын,
Қандай іске бармады жұрт құлқы үшін?

Бірақ ана тілді сақтау басты міндет –

Тілден үлкен Отан болмас ұлт үшін [156, б. 201], - деп тілдің ұлт үшін маңызды екенін жеткізеді.

Және ақынның айтар тағы бір ойы – тамырсыздық. Тамырынан жеріген халықтың мәңгүрттену процесі жылдам жүретінін көруімізге болады. Ақын тіл жайындағы ойын тереңдете түседі:

Тіл – рухани күре тамыр, тілден үлкен ана жоқ,
Тіл шегінсе, ұлт мүдде жоқ, әрі ұлттық сана жоқ.

Өз анасын шетке тебу, рухсызға бақ па екен,

Бұл ғасырлық зұлымдықты қай қу ойлап тапты екен? [156, б. 206] – деп мәңгүрттіктену сақтанудың тілде жатқанын жеткізеді.

Ақынның «Құлдық сана зардабы» өлеңінде халықтың төрт түрлі топта ажыратылатынын көрсетеді:

Бірінші топ – тіл, рух, салт-дәстүрді сақтаған;

Екінші топ – орыстану ғасырының шынайы ұрпақтары;

Үшінші топ – мүлде ана тілсіз өсіп-өнгендер;

Төртінші топ – керек кезде ана тілінде сөйлесе де, орыстану ғасырының ұрпағы ретінде көрінеді [156, б. 240], - деп анықтайды.

Осылайша қазақ поэзиясындағы ұлттық мінез концептісінің екі негізі барын көреміз. Бірі түркілік таныммен байланысты болса, екіншісі ұлтсыздық, мәңгүрттенумен байланысты екенін анықтаймыз.

Ең бірінші ұлттық мінез концептісі жалпы сипаттама негізінде анықталады. Дәуіраралық кезеңде ұлттық мінез сабырлық, адалдық, қонақжайлылық, дархандық сияқты қасиеттер арқылы анықталады. Екінші құрылым – тарихи парадигма аясында анықталатын қасиеттер. Бұл қасиеттердің барлығы - М. Шахановтың шығармаларында келетін, аталатын, сыналатын қасиеттер. Дәуірдің менталды деңгейіне де байланысты патшалық Ресейдің отарлау барысында әрекеттері мен адамдардың оны қабылдауы еске алынып, аталған кезеңде негативті қасиеттер анықталды. Әр дәуірдің менталды деңгейіне сәйкес мінез қалыптасатындықтан, намыссыздық, бойкүйездік М. Шаханов дәуірінде емес, Абай кезеңінде де қалыптасқан болатын. Ол уақытта уайымы жоқтық, қарны тоқтық деп төрт аяқты малдан жаман деп сыналған болатын. Кейін келе, рухани мәңгүрттік деп қарастырдық. Үшінші құрылым – алтынкөпірлік ақындар қалыптастырған авторлық көзқарас негізінде анықталатын – көк түркілік сарын. Бұл ұлттық мінездің тереңде жатқан танымы. Әр қазақтың бастау негізі – түркілік таным. Осы негізден ұлттық мінез концептісі терең құрылым ретінде қарастырылып отыр. Қазақ поэзиясындағы ұлттық мінез концептісі үш негізде анықталады:

1. «Ұлттық мінез» жайындағы жалпы ұғым – қонақжайлылық, дархандық, сабырлық, кеңдік, адалдық.

2. «Ұлттық мінез» концептісі тарихи парадигма аясында отаршылдық себебінен қазақ халқы салғырт, бойкүйез, намыссыз, бос жүріс, уайым жоқтыққа салынды.

3. «Ұлттық мінез» концептісі авторлық көзқарас негізінде қасқыр мінез деп танылды.

3.3 Тәуелсіздіктен кейінгі кезеңдегі қазақ поэзиясындағы ұлттық мінез көріністері

Поэзия туралы зерттеуінде З. Ахметов адам өмірі, мінезі, іс-әрекеті поэзияда бейнеленгенде дербес ерекшеліктері толық сақталғанын, сол адамның өскен ортасы мен дәуір сырлары типтік қасиеттері бар тұлға қасиеттері жасалынатынын айтады. Сонымен бірге поэзиядағы өмір суретінде құбылыстар, заттар нақты бейнесін сақтап, тұтас қалпында суреттеледі деп, ақынның өмір шындығы эстетикалық талғаммен қалыптасатынын көреміз. Поэзиядағы өмір шындығы – өмірдегі оқиғалардың ішкі мәнін терең ашып, екінші жағынан саралап беретін шындық [157]. «Ақын-жазушылардың шығармаларындағы адам бейнесі бірде сұлу, бірде бәрін теңдей көрген, басқаша айтқанда, адамның болашағынан үміттену, барлық жақсылық ілімде, Құдайдан қорқу сияқты ұғымдардан «адам» образы туындайды» [158], - деп

С. Иманбердиева, Л. Дәуренбекова көркем әдебиеттегі адам бейнесінің маңыздылығына тоқталады.

Зерттеушілер А. Латыпова мен Ф. Сайфулина ХХ ғасырдың соңы мен ХХІ ғасыр басындағы башқұрт ақындардың шығармаларындағы әлемнің ұлттық бейнесінің географиялық ерекшеліктермен байланысты екенін айтады [159]. Сонымен бірге ұлттық ерекшеліктер М.Дыйқанбай зерттеуінде ерекше аталып, күнделікті тұрмыспен байланысына ерекше назар аударылған [160]. Шығармадағы ұлттық құндылықтар ретінде танылған ұлттық мінез адамның образы арқылы таныла түседі. Осы негізден көркем шығармадағы образдың контрастылық қызметі жоғары.

Қазақ поэзиясында ақ сұңқар жырдың иесі атанған Серік Ақсұңқарұлы шығармашылығында ұлттық болмыс, ұлттық рух тақырыптары көтеріледі. С. Мәмет ақын шығармашылығын талдай келе, Алаш арыстарының бүгінгі тұяғы деп бағалап, ақын шығармашылығында ұлттық болмыс өлеңде бірде қалың ойға батыратынын, енді бірде сергітетінін айтады [161].

Ақын С. Ақсұңқарұлы «Ұзан» өлеңінде:

Көкірек – шер де, кеудем – ыза менің,

Түркі-Оғыз заманында Ұзан едім.

Тәңірім алқап,

Жебеп аруағым,

Ноқат боп көз ұшымда ұзап едім.

Алаштың жүріп тағдыр-таланында,

Енді кеп табанында қаламын ба?!

Доспанбет,

Асан қайғы,

Шалкиіз ем,

Керей хан – Әз Жәнібек заманында [162], - деп түркі заманындағы ақын мағынасын беретін «ұзан» сөзін тиімді қолданып, қазақ поэзиясының дамуын көрсетеді. Ақынның «Мен һас сақпын» өлеңінде қазақ сөзінің шығу этимологиясы «һас сақ»-пен байланысты деген пікірдің негізінде, сонау арғы бабамыз сақтан басталатынын жеткізеді. Дінсіз бен ділсіздер алдында ақын Бұқардай жырлағанын, Алла алдына ел араб боп барса, өзінің һас сақ боп баратынын жеткізеді. «Көк түркінің арын сатпан» өлеңінде көк бөрінің ұрпағы, көк бөрінің жұрты – біздер деп анықтайды. «Мен - рухпын» өлеңінде рух тізбегі былайша көрінеді:

Анахарсис – Абай; Әл-Фараби – Әлихан Бөкейхан; Мағжан – Мұқағали.

Ақын өзінің рух екенін, тамырында қан ойнап, өзі болмаса күннің көңілі күпті, айдың ойы алаң екенін түркілік рухпен жеткізеді.

«Бөрілі – ұлттық байрағым» өлеңінде реминисценция құбылысы Сүйінбайдың бөрілі байрағы идеясын күшейте түсуде қолданыс тапқан. Көк бөрінің кейде батыр, кейде ақын боп оралатынын айтады:

Көк Бөрі – жасын от-демі,

Ашқанда аузын сапырды от.

...Келеді қайтып Көк бөрі –

Батыр боп!

Кейде – Ақын боп! [162, б. 125] – деп Көк бөрі рухының жалғасы екенін жеткізеді. «Қазақ тілі» өлеңінде ақын ана тілінің Алаштың көзі екені, бесік жырының айтылмайтынын, кешегі жайлаудағы хан екенін еске түсіріп, бұның бәрі де қазақ тілі арқылы екенін айтады. Ақын ендігі бір өлеңінде:

Қазаққа тән қайнаған кек,
Қара аспанмен қатар кеп,
Көзін ашса – Баймағамбет,

Көзін жұмса – Махамбет [162, б. 130], - деп қазақтай елге ақын керек екенін, Күлтегіннің ерлігі тасқа басылса, ақын жыры әр қазақтың санасында жатталуы керектігін жеткізеді. «Едіге жыры» туындысында ақын көкірегі кекке толы екенін, ақын жырларының барлығы да Көк түркідей қаралы деп таниды.

Көтерілсем – Көкке төбем тиеді,
Көзім түссе – сұмның беті күйеді.

...Едігем-ай, ешкім ойлап таппады-ау,

Екеумізге жағатын бір жүйені [162, б. 141], - дейді ақын.

Ақын «Менталитет» өлеңінде Көк бөрі заманы қайда екенін, түркі жұртының түпсіз әлемі жайлы тұңғыық ойға батқан ақын Шота Уәлиханов пен Шерхан Мұртазаның тектілердің тұяғы екенін айтады. Бұл негізден ақынның менталитеттік ұстанымы айқын аңғарылады. «Қазақ» өлеңінде көгінде Көк тәңірі, жерде көк түркі барын, ақынның өз тегінде кие барын, кеудесінде керім жырдың кернегенін жеткізеді. «Мен» өлеңінде:

Болмысы Түркі дейтін халық болған,
Шөже ақын Сарыарқада салыпты ойран.
Қасынан Жамантайдың мәңгілікке
Дамылдап жатар жерін алып қойған;
Манастың тұлпарының осындағы
Екеуіміз екі ізі едік – қалып қойған;
Кесілген Хан Кененің Өр басы үшін,

Өз басын құрбандыққа шалып қойған! [162, б. 283], - деп адамзат патшалығында Алаштың орны дара екенін айтады. Дәуірдің көшінде дәурені өткен жырдың сырты сұлу болғанмен, іші лас екенін айтып, қара өлеңнің десі жоғары деп белгілейді. Енді бірде ақын:

Ғаламда бөлек Қазтуған сынды данада – ой.

Көз тоқтар, шіркін, қара ғой,

Дана,

Дара ғой:

Абайдың ешкім қазақша оқи алмайды,

Оқитын оны –

Алла мен Алаш қана ғой [162, б. 303], - деп Абайдың тереңдігін, қазақтың дара тұлғасын түсініп оқу оқырманның ғана сыны екенін айтады. Ақынның «Алас! Алас!» өлеңінде қазақтың арғы түбі – түркі екенін жеткізіп:

О, Көк Тәңірі – Күн Ием!

Найза ұшында тұрсам да,

Қас жауымнан найза бойы биік ем!

Сүйінем-дағы, күйінем:

Аузын ашып, Тілінен бал сорғызған,

Ару сынды Асылзада екен дүнием [162, б. 355], - деп түркі ұрпағы қазақтың басынан кешпеген зұматы болмағанын жеткізеді. Феодализм, социализм енген жылдары қазақтың тарихи парадигмасының өзгерісі ұлт мінезінде үлкен із қалдырған болатын. Қазақ көк түркінің ұрпағы, мұрагері бола тұра намыссыздық, ұлтсыздық сынды қатыгез тіркестермен анықтала бастады. «Қазақстан» өлеңінде ақынның негізгі ұстанымы көрінеді:

Көкжиекте көзім-дүр:

Қазақстан, Сенен басқа түгім жоқ.

Гүл қылсаң да, күл қылсаң да – өзің біл,

Ұл қылсаң да, тұл қылсаң да – өзің біл [162, б. 392], - дейді. Ақын поэзиясында негізгі ұлттық мәндегі үш таған ұғымдар бар:

– ел;

– жер;

– ер деп көрсетеді. Және ақын былай дейді:

Көк Түркі,

Көк Бөрінің тұқылы бір, -

Үкілі Ұл,

Үкілі Қыз,

Үкілі Жыр, -

Иманы Яссауидің жан тербеген,

Исатай-Махамбеттің тұқымы

Бұл! [162, б. 404] – деп бекзат болмысты халық үш тағанына серт ететінін айтады. Солай, ақын шығармашылығы түркілік танымның көрінісі – ұлттық мінездің болмысын танытатыны көреміз.

Г. Орда зерттеуінде тәуелсіздік әдебиетінің ерекшелігі – ақындар шығармашылығындағы еркіндік деп айтқан болатын [163]. Кеңестік жүйедегі цензура еркін тақырыпта жазуға, тарихи тақырыптарды, ұлттық құндылықтарды жырлауға тыйым салынды.

Қазақ әдебиетіндегі өзіндік жазу үлгісі бар Т. Әбдікәкімұлы шығармашылығы ұлттық болмысты бейнелеуде ақындық даралығы анық көрінеді. «Қайран» өлеңінде ақын өзінің қазақ екенін, намысы – найза, тұңлігі – ту деп бейнелейді.

Тілім төресінің,

Көзім көсемсінің,

Құлағым құдайсынып;

дулығалы Басым үшке бөлініп!...

дуалы Аузым отыз рулы тіске бөлініп!.. [164] – деп ұлы атасының оғыз екенін айтып, жалын атқан қызыл тілден тарихын мақтаған қазақ екенін жеткізеді. Ақын келесі өлеңінде:

Уай, әділет, саған айтам,

Саған айтам, Қара өлең!

Сенің үшін от біткенге күйген ем;
Махамбеттей мәрттілікке иланам,
Абай сынды әулиеден именем... [164, б. 12] – деп қара өлеңнің өткенді қорытып, келер күнді сараптап, көне түркілік қасқыр ұғымын алдыңғы қатарға шығарады. Ақын келесі бір өлеңінде:

Білемін,
жұрт әуресі – пендешілік...
Өтінем,
осалдыққа бермеші ырық.

Мен сенсіз:
буынсыз тіл болсам да,
қаламын демде сынып... [164, б. 37] – деп заман өзгерісін, парқын бейнелеп, осалдыққа ырық бермеу керектігін жеткізеді. «Шемен шер» өлеңінде:

Мен қайтейін дүние – ішік-пұлды,
көре алмаспын ойлы түн, қызық күнді.
Ұлт ұйқысын ұятпен бұзам деп ем,
ұнжырғамның қылын тек үзіп тындым!
Ұрандарға үйтілген Ырық ісін
ұстам көрген, ағайын, тірімісің?

Бүгін жат Ой тіліңді құртып болып,
ертең әлі тепкілер түрің үшін! [164, б. 78] – деп ақын ұлт ісіне жырымен араласудың үлгісін жөн көріп, ақынның қоғамдағы беделі жоғары екенін пайдаланып, ұлтты ұйқыдан оятуға тырысады.

«Жылқы-дүние» өлеңінде ақын:
Қүдірет – Басыңдағы қызыр-Есің.
Қош Еспен бар тылсымды түсінесің.

Аяла Жылқы-әлемді,
Өзі келіп,

Шекеңнен иіскесін де, кісінесін [164, б. 105], - деп жылқы-әлем халқымыздың дүниетанымымен тығыз байланысты екенін көреміз. Жылқыға мінген қазақ таққа отырған ханмен бірдей. Тағы тіршілік кешкен халықтың серігі болған жылқы көшпелі жұрттың философиясының негізі екенін ұғынамыз. «Автопортрет» өлеңінде:

Ата Жолын алтын жақты, арбалы,
Ата Мекен – абыройын,
Арманын...
Бәрін – кешке тапап кетті ашкөздер...
Ауа ғана – қалғаны.
Ауа ғана...
Оның өзі сасыған.
Қайран дала!... Бал кезгі жасыл Ән!..
Отыр енді тікен шашып жан-жаққа

Тікірейген шашынан [164, б. 106], - деп аңғал жұртты өлең-сөзбен меңгерген ақын болмысы автопортрет арқылы анықтала түседі.

«Ақындар» өлеңінде ақындардың әмірлердің алдында айылын жимайтынын, адамдықтың негізі – ақындар екенін жеткізеді:

Қара жерге шертіп ұрып соңғы соқыр тиынын,

Ары таза қайыршыларға сәлем берер иіліп.

Тосады олар әр санаға Ө дүниенің де суретін.

Ең азабы – елірме елге Жұмақ Тілін үйрету [164, б. 109], - деп аталы сөздің қадірін ұқтырып, ессіздіктің майданында жүрген халықтың болмысы мынадай мінездерден көрінеді:

– есірік;

– ашкөзділік;

– кісәпірлік деп анықталады.

Ақын «Көк бөрі» өлеңінде шақырайған күнге кірпік қақпайтын, ажалдың қарасынан тоқтайтын, нысанаға дөп атылатын, көк тәңірінің өзі жақтайтын көк бөрінің ұрпағы екенін жеткізеді өлеңінде.

«Абайға мінәжат» өлеңінде ақынның ұстанған ғұрпының пайғамбарларға лайық сипат екенін айтып, өлеңінің пенделіктен алыс екенін жеткізеді:

Сіз тұтқан Ғұрып – пайғамбарларға тән ғұрып.

Сіз шеккен Қайғы заманның Басын даң қылып!...

Сіз айтқан Өсиет...

Оны біз туған Ел-Жұртқа

Хан сайлап қойдық, тағынан түспес мәңгілік [164, б. 120], - деп Абай сынды халық ұлының өсиеттерінің мәңгілік екенін жеткізеді. Енді бірде ақын «арман-ай» деп тұрмыстың деңгейінен өсіп, Абайды терең түсінуді мақсат тұтатынын аңғартады. «Тау басында көрген түс» туындысында:

Сұмдық түс, албасты да арбалатын,

Қайталап айта берем Қамбар атын...

Қан-жоса жатыр алда көк Дулыға,

Жығасы жығылмаған Шар Болатым!...

Басынан хан-төренің, қари-бектің

Бақ ұшқан белгісі ме, ғанибеттім?...

Құдай-ау, баяғыда Ер Махамбет

Майданға киген Тәж – бұл!

Тани кеттім [164, б. 123], - деп дулығада қаһарлы қара өлеңнің сақталғанын, десе де ақын қазақ тілінің мәселесін де атап өтеді. М. Шаханов сынды ақын қазақ тілінің жат тілдердің құлдығында екенін ерекше атап көрсетеді. «Перінің үйінде» өлеңінде қазіргі постмодернистік бағытта аталып жүрген симулякр тәсілі көрініс тапқан. Г. Сәулембек зерттеуінде симулякр ақиқатқа жуық, болмаған шындық бейнесін көрсететін ұғым ретінде анықталады [108, б. 5]. Туындыда ақынның қиялында қалыптасқан заман қоғамы бейнеленіп, болашақтың болжамы анықталады. Солай симулякр мынадай мағынаны беретінін көреміз:

– шындықты сезім мүшелері арқылы қабылдау фантастикалық елестер тудырады;

– фантастикалық елестер шындыққа жақын болғанымен, автордың өз жанынан қосқан ақпараты;

– көшірменің көшірмесі, яғни симулякр – жоқ нәрсенің көшірмесі [108, б. б].

Ақын туындысын симулякр деп тануымыздың себебі мына жолдарда жатыр:

Көріп тұрмын пенделердің қоғамын:

жөн-жосықсыз қозғалысы алапат

түлендердің

тірлігіне пара-пар...

Пері үйінің көлеңкесі ғана бар

масаң күйде

қалшылдайды қара қар [164, б. 140], - деп суреттеуде ақын мүлде болмаған құбылысты елестетіп, шынайы әсер қалдырады. Болашақ жайлы күңгірт ойлар ақынды симулякр әдісімен суреттеуге әкеліп, қаламгердің жаңашылдығын, шығармадағы жаңаша тәсілдің қолданылуына, поэзияның түрленуіне алып келеді.

«Ақ өлең» шығармасында ақын:

Өлең – Әлем!

Өз Күні бар, - мейірім төккен зор обал...

Онда, тіпті, бақбақтар да жылап өлсе ақ қайың,

Бүкіл топырақ күл боп ұшып жоғалуға бек дайын!

Ондағы тас екеш тастың өзі жәндік жаншып, қалар болса ұятқа

Өліп кетер, бауыздалып қияққа.

Онда – адалдық, онда – қайырым.

Жесір де жоқ, жетім де.

Әділеттің шуағы бар қарағайлар бетінде [164, б. 141], - деп өлеңнің әділеттің жаршысы болуы басты талап екенін жеткізеді. Шындық болмаса қандай да поэзияның мәні болмайды. Өлең-әлемнің басты талабы орындалса ғана, өнердің биік шыңына жетіп, ұрпақ ұмытпай, есінде сақтайды. Ақынның туған ел туралы өлеңінде ақын өзінің неден қорқатынын жіліктеп көрсетеді:

Жайбарақат есінеп жататын жандар;

Жайбарақат нан соғып отыратын жандар;

Жайбарақат аңырайып тұратын жандар;

Жайбарақат той тойлайтын жандар [164, б. 197], - деп көрсетеді.

Ақынның басты ұстанымы мына өлең жолдарынан көрінеді:

Өзің үшін өмір сүре беремін мен,

Өкпелеп Саған жатсам да.

Қайран, адасқақ-аңғал Қазағым [164, б. 203], - дейді.

Өңірлік әдебиетте Г. Әбішқызы өзіндік жыр құрылысының ерекшелігімен танылған ақынның туындылары ерекше ой-пікірлерге құрылған. Ақынның өлең жайындағы пікірі мына жолдардан көрінеді:

Тәңірінің құзырына сыйып,

жақұт тағымды да қиып,

ұжданымды да алқымыма түйіп,
жырдан қамыт киіп [165], - деп ақиқатты жырлайтынын жеткізеді. «Көк тәңірі» өлеңінде тәубесі ізділік, түпкі атасы ізгілік екенін айтады. Ақын еркіндіктің халыққа ұлттық құндылықтарды қайтарғанын айқындайды:

ошағымда өз қазаным,

өз шапаным жапты иық [165, б. 17], - дейді. Халқымыз үшін қазанның маңызы жоғары. Бір отбасының қазанында отбасы мүшелеріне арнап тамақ дайындалады. Шаңырағында ұл болмаған отбасы көшкенінде қазанын төңкеретін болған. Махамбеттің жырларында «қара қазан» қамы үшін деп, елдік деңгейдегі істер ретінде анықтайды. Шапан жабу халық үшін құрметтің жоғарғы үлгісі саналады. «Қазақи нала» өлеңінде:

Сыбырлатқан жарқын үнді,
жыбырлатқан алқымымды
өзім киген ноқтам ба?

Би-әкелер

тасқа қашап, таңба ұстатып,

Сүйекемдер жамбастатып

кеткен-тұғын Оқпанға! [165, б. 36] – деп қара халықтың қынапқа сыймас болмысын бейнелеп, ата-бабаның ноқтадан үзілуге әр қадамының құнды болғанын жеткізеді. «Әлихан Бөкейхановқа» өлеңінде:

Бұл қазақтың ары үшін
жұтып-жұтып уайымның сарысын,
сеуіп-сеуіп жүрекке у дәрісін,
Ұлы көштің оңғарып бет алысын...

Ұмытылмас жаққа кеткен АРЫСЫМ! [165, б. 39] – деп Ә. Бөкейханның ел үшін атқарған қызметін бағалап, қазақ руханиятына қосқан үлесінің әр қазақтың есінде екенін түсінеміз. «Асылдың сынығын тергем» туындысында ақын ғасырдың неше түрлі қылығында әліптің артын бағатын асылдың сынықтары керектігін жеткізеді. Ақынның түйінді ойы мына жолдардан көрінеді:

Шашылып жүре берсінші

Асылдың сынықтары көп,

Тегіне тартып қала ма

Ұқсайтын қылықтары боп [165, б. 62], - деп асылдың ұрпағы жайлы қозғайды. Ақын шығармасында Алаш тақырыбы жай ғана көтерілмеген, ақынның негізгі тірегі, ақындық негізінде Алаш зиялыларының үлгісі жатқанын аңғарамыз. «Алаштың ақ ордасы» шығармасында:

Туырлығым төзімнен, тоңбасым анық.

Босағам биік атырым болғасын алып.

Ақ бұлттан алқа асынды адалбақаным

Аспанға апарар жолда сыналып.

Арғымақ озды, жөнсіздің жорғасы қалып [165, б. 74], - деп ақын рухының мықтылығын Алаш идеясымен байланыстыра жырлайды. «Бата алған қазақ Қызырдан» өлеңінде ассонанс пен аллитерация құбылыстары алмаса

қолданылып, өлеңдегі ұлттық құндылықтар көрініс тапқан. Тәуелсіздіктен кейінгі халқымыздың жеткен жетістіктері даңқты суреттелген. Ақын:

Бұйырып байтақ-хұзырдан
Базарын күтіп қыз-ұлдан,
Бақытқа қолын созғанда

Бата алған қазақ Қызырдан [165, б. 112], - деп Қызырдан бата алған халқымыздың дамыған елдер қатарында екенін, тасы өрге домалауын бата алумен байланыстырады. «Ата салтпен әліп бақтым» өлеңінде ақын ана тілдің шарықтағанын, дана тілмен жыр шерткенін айтады:

Атамекен ала таңын
Алтын айдар балақанын
Аналардың алақанын
сүйемін.
Мәңгі өлмейтін өз тіліме,
Мәңгі өлмейтін өз тіліме!
Мәңгі өлмейтін өз тіліме!

иемін! [165, б. 154] – деп ақын ана тілдің қадірін дәріптеп, жоғары құрметтейтінін көреміз.

Өңірлік ақындар қатарында нәзік лирикамен танылған Жанар Нұрғали поэзиясында ұлттық құндылықтар, ұлттық мінез көріністері кездеседі. «Өліара заман бұл» өлеңінде ақындық болмыс заман болмысына үңіледі. Заманның өзгергенін, жазмыш жайлы шолақ ойлауға болмайтынын, адами күйбеңнен пендешіліктің басым екенін, ой-сана тартысының төңкерісін атап өтіп, өліара заманның адасқақ болмысын көрсетеді. «Көкте ме осы пенденің асқан бағы?», «Бұлбұлдың әні», «Не десем екен», «Жалғыздық» өлеңдерінде жалғыздық тақырыбы көтеріліп, ақын болмысы биіктей түседі [166]. Ақынның келесі бір өлеңдерінде ғашықтық, махаббат тақырыбы көтеріліп, асқақ сезімнің сергелдеңі бейнеленеді.

Өңірлік ақындар қатарында С. Дәрібайдың өмірдегі сан құбылысқа көзқарасы, сезім сырлары астарлы мәнде танылады. «Маңдай» өлеңінде:

Қайдан келдім?
Барар жерім – ол анық.
Жауап таппай сенделеді санам аш.
Екі құлаш шүберекке оранып,

Аттанармын қара жерге жалаңаш [167], - деп ақын ретінде өзіне-өзі басты риторикалық сұрақты қояды. «Әкім һәм періште» өлеңінде пендеден шарапат күткен ақын болмысы, әкімді періште көрген биліктің тұтастай тұрпаты бейнеленіп, қоғамдық құрылыс сынға алынады. Ақын рух тақырыбынан қалыс қалмайды:

Ұлы рух қайда ереуіл атқа ер салар?

Зар заман басты еңсені [167, б. 9], - дейді. «Күрең» өлеңінде Ақтанберді жыраудың «күлдір де күлдір кісінетіп» деген тіркесі реминисценция құбылысы арқылы қайта қолданып, автордың халықтың басынан кешкен уақиғаларын танытуда ерекше бояу береді. Бабаның күрең мінгенін, ананың аттандырғанын,

ата есімін аруақтап дұшпанға аттанатынын, ер азаматтың ел ісіне салмақты араласатынын, ерлердің күреңнің үстінде жауына жайдақтап шабатынын бейнелейді. Жортуылда сойылын қолына ұстаған бабаның тақымы күреңнен босамағанын айтады да ақын былай деп ой түйеді:

Атағын қазір қашырды
Тұяқтар салған сүрен жер...
Бабалар тақым басуды

Армандап кеткен күреңдер [167, б. 13], - деп өткен заманның қайта келмейтінін жеткізеді. Ақын тарих мәселесіне де алаңдайды. Шығармада ақын былай дейді:

Тарихсыз бір ел ме едік көктен келген,
Көрінер із жоқ па әлде өткендерден?!
Қандай ұрпақ боламыз, айтыңдаршы,

Тарихымен басқаның шектелгеннен [167, б. 14], - деп халық үшін қашанда өз тарихы қымбат екенін айтып, елдің тамыры терең тарихын еске алып отыру маңыздылығын көрсетеді. Енді бірде ақын былай дейді:

Қыр сабағы, өте алмас белес едің,
Желіңменен жайлауда тел есемін.

Ел қадірін түсінгің келсе егер,

Қыр қадірін біліп ал, келешегім [167, б. 15], - деп ақын тобықты ойын жеткізіп, поэзияда ауыл тақырыбын көтереді. Ақынның «Бірінші тілек» өлеңі Бұқар жыраудың туындысынан реминисценция құбылысы арқылы көрінеді. Ақын:

Бірінші тілек артыңда қара жамылып,
Жұртыңда қалған жоқтаусыз, жалғыз жабығын.

Бабадан мұра жерошақтарда қызарып,

Көрінер бүгін өшпеген әлі ақ үміт [167, б. 68], - деп Бұқар жыраудай тілек тілеп, жұрттың қамын ойлап, баба мұрасының мәңгі болуына ниет етеді. «Жалғыздық» өлеңінде:

Жаратқан – хақ,
Одан басқа тәңір жоқ!
Пайғамбарым – ең ақырғы елшісі.

Жалғыздыққа шыдар менің хәлім жоқ,

Ол – Алланың елшісі [167, б. 78], - деп ақын діні де, ділі де мұсылман халқымыздың сенімі маңызды екені өлеңнің өн бойынан көрінеді.

Қорытындылайтын болсақ, қазақ ақындарының шығармаларында ұлттық мінез дін мен діл, тіл мен мәдениет аясында анықталып, авторлық көзқарас негізінде бағаланады. Қазақ танымында қалыптасқан тұрақты таным үлгілерінен бөлек С. Ақсұңқарұлы, Т. Әбдікәкімұлы, Г. Әбішқызы, Ж. Нұрғали, С. Дәрібай шығармаларында авторлық таным негізінде танылады.

3-бөлім бойынша қорытынды

ІІІ бөлімде тәуелсіздік кезеңінен кейінгі ақындар шығармашылығы тереңінен қарастырылды. «Ұлттық мінез» концептісінің көркем әдебиеттегі

анықталуы, көркем концепт ұғымы қарастырыла отырып, ақындар шығармашылығындағы ұлттық мінез көрінісі талданды. Ұлттық мінез екі тарапта ажыратылып, көк түркілік таным мен мәңгірттену ұғымдары аясында анықталды. Осы негізден, М. Шаханов, Т. Медетбек, С. Ақсұңқарұлы, Т. Әбдікәкімов, Е. Раушанов, Ә. Балқыбек, М. Райымбекұлы, Ж. Сәрсек, Н. Қуантайұлы, Т. Толқынқызы, Н. Бердалы, Б. Бабажанұлы, С. Дәрібай, Г. Әбішқызы шығармалары қарастырылды.

ҚОРЫТЫНДЫ

Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ поэзиясының идеялық-тақырыптық ерекшеліктері ұлт болмысы, идентификациясы, ұлттық мінезі арқылы анықталды. Кеңес дәуірінің цензурасына симаған тарихи тақырыптар мен тарихи тұлғалар бейнесі тәуелсіздік кезеңінде қайта қозғалып, шабытты жырлар дүниеге келді. Қаламгердің авторлық көзқарасы еркін идеяларға, этномәдени дүниетанымға негізделді.

Қазақ елінің соңғы кезеңдердегі тағдыры – ақындар шығармашылығының негізгі тақырыптарының бірі. Ел тағдырын қазақ ұлтының келешегі, өркениетті елдермен қатар дамуын қалайтын ойлар ақындар өлеңдерінің басты идеясына айналып отырғаны шындық. Әрине, халқымыздың бүгінгі даму тарихына осындай көзқарастар аса қажет. Тіл мен дәстүрдің өркендеуі туралы идеялардың да ұлттық мүддесіне өрбігені анық. Ал ұлттық мүдде дегеніміз – ұлттың дамуын, өсіп өркендеуіне бағытталған ойлар мен іс-әрекеттердің жиынтығы. Ұлттық мүддені ойлау ұлтжандылық ұғымы, ұлттық мінез мәселесімен тікелей байланысты екені даусыз. Ұлттық даму барысында кез келген халықтың әлемдік өркениеттегі орнын анықтауға пәрменді әсер ететін өзіндік болмысына, психологиялық тұрпатына жиі үңіліп отыруы сол халықтың болашағының кепілдігі болмақ. Қазақ халқының ұлттық мінезінің сипаттарын көркем сөз арқылы айқындау жазба әдебиетте Абайдан басталып, бүкіл әдеби үдеріс бойында жалғасып, бүгінгі күнге дейін жетіп отыр. Қазіргі қазақ ақындарының шығармашылығында ұлттық мінез проблемасының өзектілікке ие болуы осының дәлелі. Ақындар ұлттық мүдде тұрғысынан ой қорытқан өлеңдерінде әдет-ғұрып, тіл, мәселелеріне зор көңіл бөледі.

Зерттеу жұмысында қазақ жеріндегі патшалық Ресейдің баспасөз қызметін өз пайдасына қолданып, пропаганда мен цензураның талаптары кеңес билігі тұсында жалғасқаны қарастырыла отырып, кеңес әдебиетінің цензураның ықпалынан шыға алмағанын көреміз. Б.Ердембеков пен Г.Орда зерттеулерінде еліміздің тәуелсіздік алуымен ғана, қазақ әдебиетінде өзгерістер орын алды. Тарихи, мәдени себептер негізінде көркемдік әлем қаламгерлердің еркін ойлары мен көзқарастарының қалыптасуына ықпал етті. Этномәдени дүниетаным негізінде халқымыздың танымына жақын, ұлттық идентификацияны танытатын ұғымдар – ақындар шығармаларының негізі.

Диссертациялық жұмыста этникалық жад, сана ұғымдары ұлттық ерекшелікті айқындаудың негізі екені анықталды. Тарихи оқиғалардың барлығы дерлік ұлт санасында терең із қалдырады. Бейсаналы түрде тұлғаға әсер ететін қоғамдық архетиптің идеологияның негізгі құралы екенін анықтадық. Мәдени стереотиптер мен менталитет ұғымдарын бірлікте қарастыра отырып, ұлттық мінез ұғымын анықтауда негізгі дефиниция екенін көреміз.

Диссертациялық жұмыстың негізгі нысаны – XX ғасырдың соңы мен XXI ғасыр басындағы қазақ поэзиясы өкілдерінің шығармаларын қарастыра отырып, қазақ халқының ұлттық мінезін зерттеп, зерделеу. Осы негізден бір топ қазақ

ақындарының шығармалары талқыланып, этномәдени дүниетаным аясында қарастырылды. Ақынның өзі өмір сүрген қоғамның бір бөлшегі болғандықтан, қазақ әдебиеті дәуірлерін жеке қарастырдық. Зар заман әдебиетінің өкілдері заманның өзгерісін анық байқап, өз жырларында бейнелі жеткізді. Осы негізден тәуелсіздік кезеңіндегі ақындардың шығармашылығы арқылы ұлттық құндылық, ұлттық мінез, этномәдени дүниетанымды зерттеудің маңыздылығы жоғары.

XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басында қазақ жерінде болған оқиғалар легі мынадай:

1. Марксистік-лениндік, кеңестік жүйенің ықпалының жойылуы;
2. Ұлттық тарихқа деген пікірлердің өзгеруі.
3. Алыс-жақын елдердегі қандастардың оралуы.
4. Тарихқа қатысты жаңа деректердің анықталуы.
5. Әдеби мұралардың жинақталып, зерттелуі.

6. Руханият ісіне, қоғамдық мәселелерге назар аударып, ұлттық тұтастық деңгейінде бағалануы.

7. Голощекин мен Сталин режимдерінен зардап шеккен, аты аталуға тыйым салынған тұлғалар ақталып, саяси қуғын-сүргін құрбандарының ғұмырбаяны зерттеле бастауы.

8. Ұлттық тарих, руханият әлемі, ақыл-парасатқа еркіндік беріліп, жаңаша көзқарастың қалыптасуы.

Қ. Мырза-Әлінің шығармаларында қазақ халқының болмысы қонақжайлық, дархандық, кең пейілділік сипатында анықталады. Дегенмен халықтың болмысы тек жағымды сипатта емес, жағымсыз сипатта да суреттеледі. Жағымды сипаттар қатарында кең даланы қасық қаны қалғанша қорғағаны, тілдің майын тамызып сөйлейтінін, найзагер, мерген, төгілте тартатын күйлері, сүйгенін алып қашып, жесірін қаңғыртпай, абақты салмаған деген халқымыздың қасиеттерін тізбектейді. Жағымсыз сипатта халықтың көшпелі тұрмыс-тіршілігі сыналады. Жел сөзге еріп, отырықшылық салттан алыс екенін, оқу-білімнің кеш жүзеге асқанын, қыздарын малға сатып, шаруасын тиянақтап жүргізбегенін, киіз үйден бөлек үй салмағанын басты айыбы ретінде көрсетеді. Ақынның «Қазақ осы» шығармасын Р. Барттың бес нарративті коды арқылы интерпретациялағанда қазақ халқының ұлттық мінезі қонақжайлылық екенін көреміз.

Х. Ерғалиев, Ж. Молдағалиев, Қ. Шаңғытбаев, Ж. Нәжімеденов, Ф. Оңғарсынова поэзиясында ұлттық таным салт-дәстүр негізінде танылады. Ұлттық мінездің ішкі және сыртқы факторлары арқылы анықталады, соның ішінде сыртқы фактор салт пен дәстүр негізінде көрінеді. Осылайша, ақын өз халқының болмысын ғасырлар бойы қалыптасқан салт, дәстүрі арқылы танытады.

Ұлттық психологияның ұлттық мінез, ұлттық темперамент, ұлттық менталитет, ұлттық көңіл-күй компоненттері арқылы анықталады. Ұлттық мінезді анықтауда мәдени стереотиптер де қарастырылды. Мәдени стереотиптер өз кезегінде үстірт және түбегейлі деп ажыратылады. Халықтың

тарихы, саяси жағдайы, уақытша факторлар арқылы үстірт стереотип қалыптасса, халықтың өмірі, тұрмыс-тіршілігі негізінде түбегейлі стереотиптер анықталады. Ю. Бромлей, Э. Багров, К. Касьянов ұлттық мінезді мәдени тұтастықпен, мәдениетпен, ұлт психикасымен байланыста анықтайды. Осы негізден, ұлттық мінездің тұтастай халықтың ғана емес, жекелеген тұлғалардың қасиеті екенін анықтадық. Осы негізден белгілі бір ұлттық сипаттағы қасиеттердің тасымалдаушысы жеке адамның өзі екенін ұғынамыз. Жеке адамның басты қасиеті – еркіндігі. Осы негізден тұлғалық ерекшеліктер былайша көрінеді:

– кең дала тұлғалардың тынымсыздығын арттырып, үнемі қимыл-қозғалыста жүруге, күресте қайратын көрсетуге үйретті;

– сыртқы ағым, қарым-қатынасты тәуелділіктен ажыратуға, тұлғаның әлеуметтік-экономикалық, экологиялық, мәдени-рухани қарым-қатынасты іріктеп таңдауда адамгершілік таныта білді;

– ішкі және сыртқы бітім тәуелділігі бекем болып, қоғамдық негізде адамдық ресурсты дұрыс қолдана білді;

– туралық, кісілік қасиеттеріне мұқият қаралды, - деп Ж. Молдабеков анықтағандай жеке тұлғалық сипат – ұлт мінезінің негізі.

Ақын Ө. Нұрғали шығармаларында әлем әдебиетінің кейіпкерлері қолданылып, терең философиямен Платон, Аристотель, Абай образдары сомдалады. Сонымен бірге И. Сапарбай «рух» мәселесін көтеріп, ақын тақырыбын Махамбетпен байланыстыра суреттейді. С. Баймолдин өлеңдерінде ақын мен батыр арасындағы көркем сұхбаттастығы көрінеді. Өткен тарихты ақтара отырып, халық болмысын көркем бейнелейді. С. Жиенбаев поэтикасы сыршыл психологизм мен адами құндылықтардан құралған. Ақын шығармасында ашаршылық жылдарын бейнелеп, халықтың бір таба нанға зар болғанын көркем түрде жеткізеді. Сонымен бірге ақынның бір ерекшелігі «әйел» тақырыбын көтеріп, қазақ әйелдерінің мықтылығын, даналығын, батылдығын, халықтың тұтасуы аналардың арқасында екенін жеткізеді. Н. Айтұлы шығармаларында елдік, ерлік, батырлық тақырыптары көтеріліп, халық тарихында орын алған оқиғалардан сыр шертеді. Ж. Әскербекқызы Н. Айтұлы рух азаттығының жыршысы деп атайды. Ақынның поэмаларында да көтерілетін басты тақырып – елдік пен ерлік.

Тәуелсіздік кезеңінде образдар жүйесі бір сарындылықтан ажырап, кеңестік цензураға сәйкес келетін реалистік образдар мен кеңес саясатын жақтайтын, мадақтайтын шығармалар дәурені келмеске кетті. Орнына тарихи тұлғалар бейнесі сомдалды. Қ. Бекхожин, Х. Ерғалиев, Ж. Молдағалиев, С. Жиенбаев, Ж. Нәжімеденов, Қ. Мырза-Әлі, Т. Молдағалиев, О. Сүлейменов, М. Шаханов, Ф. Оңғарсынова А. Бақтыгереева, Т. Медетбек, Н. Оразалин, Ж. Әбдіраш, М. Ақдәулетұлы, С. Адай, Н. Ораз шығармаларында Махамбет образы еркіндік пен азаттықтың, ерлік пен батырлықтың, достықтың, әрі ақынның биік белесі ретінде көрінеді. Ж. Молдағалиев, Ф. Оңғарсынова, С. Адай шығармаларында Махамбет бейнесін беруде постмодерндік реминисценция құбылысы арқылы сомдалған.

Қ. Бекхожин, К. Салықов, Н. Айтұлы, С. Адай, Н. Ораз шығармаларында тарихи тұлғалар сомдалып, тарихи оқиғалар бейнеленген. С. Адай «Ер Жалау» поэмасында тарихта аты беймәлім, Алаш арыстарының қатарласы, замандасы Жалау бейнесі сомдалған. Жалау образы арқылы ақын қазақ жерінде орын алған тарихи оқиғаларды, Тоныкөк пен Білтеден бастап тарихи тұлғалардың образын авторлық көзқараспен сомдап шығады. Н. Айтұлының «Ақмола шайқасы» поэмасының жанашылдығы Кенесары хан мен Қоңырқұлжа арасындағы конфликтке құрылған. Бұрынғы қазақ хандығын қалпына келтіруді ойлаған Кенесары мен Қоңырқұлжаның қарама-қарсы көзқарастары келтірілген. К. Салықов қазақ тарихының трилогиясын жазған, Махамбет пен Мағжанның жалғасы деп І. Есенберлиннің еңбегін көркем бейнелейді. Н. Ораз шығармаларында тәуелсіздік тақырыбы көтеріліп, сонау ежелгі дәуірден бастап қазақ тарихын түгендеп, бағалап, еркіндігімізді бағалауымыз керектігін айтады.

М. Айтхожа, А. Бақтыгереева, К. Ахметова, Б. Райсова, М. Ершу шығармаларында қазақ қыздарының образы батылдық пен ерліктің, даналық пен еркіндіктің символы ретінде сомдалады. Ақын Сара, Бопай ханым, Қ. Бітібаева, Мәншүк, К. Байсейітова бейнелері сомдалды. Осылайша, қазақ қыздарының образы отбасы мен шаңырақтың ұйытқысы, ұлттың негізі, ақыл, даналық, ерлік символы, азаматтың намысы, еркіндіктің, махаббаттың белгісі екенін көреміз.

Е. Жақыпбек пен Ж. Әбдіраш шығармаларын қарастыра отырып, ер жігіт образы жан-жақты анықталды. Туған даласының еркін ұлдары азаттық үшін күресте қалыс қалмағаны ақындардың шығармаларында айтылған. Ер жігіттің образы арқылы сертіне тұра алатын, достыққа адал, елдің қорғаны, арудың серігі, намыс, батырлық, ерлік символы екені, дархан даланың иесі екені анықталады.

Тәуелсіздік әдебиетінің өкілдері Ж. Сәрсек, Н. Қуантайұлы, Т. Толқынқызы, Н. Бердалы шығармаларын талдай келе, бұрынғы кеңес заманындағы бастан бұлт ауған кезеңді еске ала отырып, тіл, дін, ділден айырған заманның ендігі келмеске кеткенін, ата-бабадан қалған ұстанымдарды сақтау керектігін жеткізеді.

Ұлттық мінез концептісін анықтауда Н. Сейбель, Ю. Тильман, Л. Миллер, В. Зусман, З. Астратян зерттеулері негізінде анықталып, ұлттық мінездің халықтың тарихи-мәдени тәжірибесінің жиынтығы екеніне, этномәдени ақпараттардың қоры екенін анықтаймыз. Ұлттық мінез концептісі Т. Медетбек, Ә. Балқыбек, М. Райымбекұлы, Б. Беделхан шығармаларында қасқыр мінез, тағы мінез, түркілік таным идеясы арқылы танылады. М. Шаханов шығармаларында ұлттық мінез мәңгүрттену идеясымен қарастырылады. Екі топ ақындарының қарама-қарсы көзқарастары ұлттық мінез концептісінің негізін құрайды. Көркем концепт белгілі бір концепт жайындағы автордың өзіндік ойы мен көзқарасын бейнелейді. Осы негізден, ұлттық мінез қарама-қарсылық негізінде анықталды.

С. Ақсұңқарұлы мен Т. Әбдікәкімов шығармалары талданып, ұлттық рух пен ұлттық болмыс тақырыптары қарастырылады. Өңірлік ақындар

Б. Бабажанұлы, С. Дәрібай, Г. Әбішқызы, Ж. Нұрғали шығармашылығындағы ұлттық болмыс, ұлттық таным тақырыптары көтеріліп, ұлттық идентификация, діл мен дін мәселелері қамтылған.

Қорытындылай келе, тәуелсіздік кезеңінде ұлттық идентификация алдыға шығып, ақындар поэзиясы ұлттық рух, діл мен дін мәселелерін көтеріп, этникалық жад, тарихи сана негізінде тарихи оқиғалар, тарихи тұлғалар бейнесі қайта жаңғырды. Халықтың өз бастауы түркілік таным жырланып, тіл мен діл мәселесін ұмыт қалдырмау керектігі қозғалды. Осылайша, тәуелсіздік кезеңі халықтың өз тарихымен, өз болмысымен қайта қауышу кезеңі екені анықталды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Қирабаев С.С. Классикалық зерттеулер: көп томдық. – Алматы: Әдебиет әлемі, 2013. – Т. 21. – 416 б.
- 2 Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Бас. 3-і, өңд. – Алматы: Мемлекеттік тілді дайындау институты, 2010. – 608 б.
- 3 Ісімақова А. Тәуелсіздік кезеңіндегі әдебиеттану: монография. – Алматы, 2016. – 384 б.
- 4 Қабдолов З. Ахаң һәм әдебиеттің әліп-биі. Қазақ әдебиеті тарихының өзекті мәселелері: оқу құр. – Алматы, 1993. – 144 б.
- 5 Қабдолла З. Шығармалары. – Алматы, 2014. – Т. 6. – 314 б.
- 6 Нұрмұхаметұлы И. Ұлыстық әдебиеттен ұлттық әдебиетке дейін (б.з.б. Х ғ. – XVIII ғ. дейін): ғыл. зерт. – Астана: ЕҰУ, 2005. – 195 б.
- 7 Досмұхамедов Х. Шығармалары. – Алматы: Арыс, 2017. – Т. 1. – 496 б.
- 8 Ежелгі көшпенділер дүниетанымы: 20 т. / құраст. Т. Ғабитов, Д. Кенжетай. – Астана: Аударма, 2005. – Т. 1. – 496 б.
- 9 Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті. – Алматы: Атамұра, 2005. – 336 б.
- 10 Мырзахметұлы М. Абайтану. – Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2020. – Т. 10. – 340 б.
- 11 Мәдібай Қ. Хандық дәуір әдебиеті. – Алматы: Мектеп, 1996. – 61 б.
- 12 Кенжеғараев Н. Жыраулар поэзиясы поэтикасы: оқу құр. – Алматы, 2011. – 201 б.
- 13 Әуезов М. Таңдамалы. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1997. – 510 б.
- 14 Омар Б. Зар заман әдебиеті: монография. – Астана: Елорда, 2005. – 372 б.
- 15 Қошанова Ж. Қазақ тіліндегі «байлық - кедейлік» концептісі: танымдық сипаты мен қызметі: 10.02.02: филол. ғыл. канд. ... автореф. – Алматы, 2009. – 34 б.
- 16 Lewis B. The Middle East: 2000 years of history from the rise of Christianity to the present day. – London: Phoenix Giant, 1995. – 435 p.
- 17 Есім Ғ. Хәкім Абай. – Астана: Фолиант, 2012. – 400 б.
- 18 Кәкішев Т. Көптомдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2013. – Т. 6. – 384 б.
- 19 Коныс Л.Б. Казахская детская литература в период независимости (1991-2005): дис. ... канд. филол. наук. – Алматы, 2010. – 136 с.
- 20 Ердембеков Б., Аймұхамбет Ж., Тұрысбек Р. және т.б. Қазіргі қазақ әдебиеті: оқул. – Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2012. – 216 б.
- 21 Абдимомынов Е., Куттыбаев Ш. Қазіргі қазақ поэзиясындағы дәстүр мен жаңашылдық // Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршысы. – 2021. – №2(76). – Б. 118-128.
- 22 Неталиева Д.К. Образ национального характера в повестях Д. Исабекова: дис. ... канд. филол. наук. – Алматы: Қазақ университеті, 2007. – 147 с.

- 23 Сұлтанғалиева О.К. Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ поэзиясының тақырыптық арналары // Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің хабаршысы. – 2020. – №1(59). – Б. 4-10.
- 24 Нысанбаев Ә. Тәуелсіз Қазақстанның құндылықтар әлемі. – Алматы, 2011. – 271 б.
- 25 Туленова К. Соотношение национальных и общечеловеческих ценностей в процессе формирования личности // Science and innovation. – 2022. – Vol. 1, Issue 7. – P. 1610-1617.
- 26 Ержанова С. Проблемы художественной целостности казахской поэзии периода независимости: дис. ... док. филол. наук. – Алматы, 2009. – 284 с.
- 27 Есім Ғ. Тәуелсіздік философиясы // Егемен Қазақстан. – 2001, желтоқсан. – 13.
- 28 Есім Ғ. Бостандықтың бағасы // Кіт.: Тәуелсіз Қазақстан философиясы. – Астана: Аударма, 2006. – 544 б.
- 29 Бәкір Ә. Тәуелсіздік түйіндері: ұлттық мұрат, елдік мүдде. – Астана: «Сарыарқа» баспасы, 2013. – 440 б.
- 30 Төлепберген Б. Ұлттық идея – тәуелсіздік тұғыры: ғылыми-танымдық талдаулар мен публицистикалық толғаулар. – Алматы, 2016. – 240 б.
- 31 Калхун К. Национализм / пер. с англ. – М.: Территория будущего, 2006. – 289 с.
- 32 Айталы А. Ұлттану. – Алматы: Қазақ тілі, 2022. – 397 б.
- 33 Бжезинский З. Великая шахматная доска. – М.: Издательство АСТ, 2022. – 384 с.
- 34 Гелястанова Э. Теоретический анализ национального характера в художественной литературе // Известия КБГАУ. – 2014. – №13. – С. 160-164.
- 35 Ter-Minasova S. In Search of National Character // Procedia - Social and Behavioral Sciences. – 2015. – №200. – P. 20-25.
- 36 Sultangaliyeva O.K. National and universal values in modern kazakh poetry // Керуен. – 2023. – Т. 78, №1. – Б. 134-141.
- 37 Қалиева А., Ертай С. Национальные и общечеловеческие ценности в современных казахских романах // Мир науки, культуры, образования. – 2017. – №6. – С. 537-539.
- 38 Sen A. Democracy as a Universal Value. National Endowment for Democracy and the Johns Hopkins University Press // Journal of Democracy. – 1999. – №10.3. – P. 3-17.
- 39 Жүніс Е. Үміт жырлары. Өлеңдер. – Алматы, 2014. – 324 б.
- 40 Есдәулет Ұ. Киіз кітап. Өлеңдер. – Астана: Елорда, 2000. – 384 б.
- 41 Есдәулет Ұ. Қарғалдақ. Жырлар. Верлиблер. Дастандар. – Алматы: «Алматы-Болашақ» АҚ, 2022. – 464 б.
- 42 Ахметова К. Құт. Тәуелсіздік жырлары. – Алматы. ЖШС РПБК «Дәуір», 2005. – 144 б.
- 43 Абишева О. Земля моя, мой дом, мой сад... Национальная картина мира в современной поэзии Казахстана // Простор. – 2016. – №2. – С. 179-183.

- 44 Дайрова Г., Хасанаева Л. Қазақстандағы этномәдени құндылықтардың рухани маңызы (XIX ғ. Соңы мен XX ғ. басы) // Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті Хабаршы. – 2020. – №2(65). – С. 684-687.
- 45 Билялова Г. Социокультурные и мировоззренческие ценности в казахской духовной культуре // Альманах современной науки и образования. – 2017. – №2(2). – С. 111-115.
- 46 Кодар А., Кодар З. Культурные контексты Казахстана: история и современность. – Алматы: Ниса, 1998. – 280 с.
- 47 Нәжімеденов Ж. Екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 2005. – Т. 1. – 292 б.
- 48 Әмірова Б. Этнопсихология: оқу құр. – Қарағанды, 2012. – 260 б.
- 49 Жарықбаев Қ. Қазақ психологиясының тарихы. – Алматы, 1966. – 180 б.
- 50 Лиясова А., Өскенбай Ф., Алибаева Р., Жаканова Т. Рушылдық және ұлттық сана-сезім // ҚазҰУ Хабаршысы. – 2013. – Т. 45, №2. – Б. 34-44.
- 51 Көкебаева Ә. Ұлттық психология: оқу құр. – Көкшетау: Көкше академиясының баспасы, 2010. – 219 б.
- 52 Nurimanov, B., Kishkenbayeva, Z. An investigation of aitys and the poems on pandemic in kazakhstan during the pandemic (Covid-19). Küresel salgin (Covid-19) sürecinde kazakistan'da âşik atışmaları ve salginla ilgili şiirlerin incelenmesi // Milli Folklor. – 2021. – №17(129). – P. 98-110.
- 53 Бабажанұлы Б. Ниетқабыл. – Алматы: Хан Тәңірі, 2014. – 286 б.
- 54 Еңсегенұлы Т. Көне түркі ескерткіштерінің көркемдік жүйесі: 10.01.02: филол. ғыл. док. ... автореф. – Астана, 2007. – 51 б.
- 55 Сұлтанғалиева О. Бауыржан Бабажанұлы поэзиясындағы этномәдени дүниетаным сипаты // БҚМУ Хабаршысы. – 2020. – №1. – Б. 34-41.
- 56 Сұлтанғалиева О.К. Этнокультурные тенденции в казахской поэзии периода независимости // Современные проблемы преподавания башкирского языка в Республике Башкортостан и других регионах Российской Федерации: матер. 5-й всеросс. науч.-практ. конф. с междунар. уч., посв. Году башкирского языка в Республике Башкортостан 30-летию факультета башкирской филологии, востоковедения журналистики Башкирского государственного университета. – Уфа, 2020. – С. 423-428.
- 57 Пірәлиева Г. Көркем прозадағы психологизмнің кейбір мәселелері: монография. – Алматы: Алаш, 2003. – 327 б.
- 58 Сұлтанғалиева О.К. Тәуелсіздік дәуірі поэзиясындағы ұлттық-мәдени концептілер // IV Түркі әлемінің: халық. ғыл. конф. жин. – Анталия, 2022. – Б. 108-116.
- 59 Балтабаева Н., Панзабек Б., Қожекеева Б. «Абай жолы» роман-эпопеясындағы этномәдени ақпаратты оқытудың маңызы // Керуен. – 2021. – №4. – Б. 183-188.
- 60 Насырова А., Ермекова Ж. Этнокультурные особенности концепта «Дорога-жол» // Русский язык в поликультурном мире: сб. науч. ст. 2-го междунар. симпоз. – Ялта, 2018. – С. 278-284.

- 61 Мырза Әлі Қ. Өлеңдер / құраст. Ж. Әскербекқызы. – Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2019. – 219 б.
- 62 Қазақ әдебиетінің тарихы: 10 т. / ред. А.Қ. Егеубаев. – Алматы. ҚАЗАқпарат, 2006. – 546 б.
- 63 Тұрысбек Р. Тәуелсіздік тұсындағы қазақ әдебиеттану ғылымы: оқу-әдістем. құр. – Астана, 2008. – 135 б.
- 64 Қирабаев С.С. Классикалық зерттеулер: көп томдық. – Алматы: Әдебиет әлемі, 2013. – Т. 20. – 4206 б.
- 65 Barry P. Beginning theory: an introduction to literary and cultural theory. – Ed. 2nd. – Manchester: University Press, 2002. – 185 p.
- 66 Tarmila E., Erika C.S.H. The Five Narrative Codes of Roland Barthes in Aravind Adiga's The White Tiger // journal.trunojoyo.ac.id. 10.02.2022.
- 67 Райан М. Әдебиет теориясы: кіріспе. – Алматы, 2019. – 292 б.
- 68 Нұржанова А. Дүниенің тілдік бейнесінің соматикалық фрагментін бинарлық оппозициялық жұптар негізінде зерттеу // ҚазҰУ хабаршысы. – 2014. – №1. – Б. 27-32.
- 69 Базарбаев М. Замана тудырған әдебиет. – Алматы: Ғылым, 1997. – 504 б.
- 70 Елеукенов Ш. Қазақ әдебиеті тәуелсіздік кезеңінде: қазақ әдебиетінің тарихы: 10 т. – Алматы: ҚАЗАқпарат, 2006. – Т. 10. – 528 б.
- 71 Шәріп А. Қазақ поэзиясы және ұлттық идея. – Алматы: Білім, 2000. – 336 б.
- 72 Ыбырайым Б. XX ғасырдағы қазақ поэзиясы. – Алматы: Дәуір, 2022. – 384 б.
- 73 Молдағалиев Ж. Кісен ашқан: өлеңдер мен поэмалар. – Алматы: Жазушы, 1988. – 97 б.
- 74 Қалижанов У. Ойкөз: әдеби зерттеулер мен портреттер. – Алматы: «Тау-Самал» баспасы, 2012. – 424 б.
- 75 Шаңғытбаев Қ. Өлеңдер. – Ақтөбе: Шамшырақ-Ақтөбе, 2011. – 472 б.
- 76 Нәжімеденов Ж. Екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 2005. – Т. 2. – 312 б.
- 77 Ахметбекұлы А. Жұмекеннен 100 өлең: әдеби сын. – Алматы: «Сардар» баспа үйі, 2022. – 320 б.
- 78 Юсупов Қ. Жұмекен Нәжімеденовтің ақындығы. – Алматы, 1995. – 240 б.
- 79 Жәлелұлы О. Харекет. – Шымкент: BRK Group, 2021. – 552 б.
- 80 Ашықбаев Е. Өлең мен өмір: әдеби мақалалар. – Алматы, 2015. – 240 б.
- 81 Сұлтанғалиева О.К. Поэзияда этнопсихологиялық характердің бейнелену сипаты (Ертай Ашықбаев шығармалары негізінде) // Қазақстанның ғылымы мен өмірі. – 2019. – №8(2). – Б. 179-183.
- 82 Ерғалиев Х. Өлеңдер мен поэмалар. – Алматы: «Ан Арыс» б-сы, 2010. – 292 б.

- 83 Жүсіп Қ. Қазақ поэзиясының ақиығы: халық жазушысы Х.Ерғалиевтің туғанына 100 жыл толуына орай // Атырау облыстық қоғамдық-саяси газеті. – 2016, қазан – 12.
- 84 Шамкенов А. Ойтолғам: мақалалар. – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2001. – 176
- 85 Оралбайұлы Ө. Серпер сезім: тұлға // Егемен Қазақстан. – 2013, наурыз. – 14.
- 86 Крысько В.Г. Этническая психология: учеб. пос. – М.: Академия, 2002. – 320 с.
- 87 Бактиярова А. Қазіргі медиадускурстағы «іскер әйел» концептісі: 6D021300: док. PhD. ... дис. – Алматы, 2022. – 150 б.
- 88 Четвертакова Ж. Методологические подходы к проблеме изучения национального характера // <https://cyberleninka.ru/article/n.10.05.2021>.
- 89 Кочетков В.В. Психология межкультурных различий. – М., 2002. – 413 с.
- 90 Бромлей Ю., Подольный Р. Человечество – это народы. – М.: Мысль, 1990. – 391 с.
- 91 Багромов Э. К вопросу о научном содержании понятия «национальный характер». – М.: Наука, 1973. – 14 с.
- 92 Касьянова К. О русском национальном характере. – М.: Ин-т нац. модели экономики, 1994. – 367 с.
- 93 Мантаева Т. Қазақтың көркемдік шығармашылығындағы тұлғалық кейіпкерлердің қалыптасу ерекшеліктері: мәдени-философиялық талдау: 6D020400: док. PhD. ... дис. – Алматы, 2018. – 134 б.
- 94 Молдабеков Ж. Қазақтану. – Алматы: Қазақ университеті, 2003. – 456 б.
- 95 Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы. – Алматы: Қайнар, 2012.– 461 б.
- 96 Молдабеков Ж. Қазақтану және жаңару философиясы. – Алматы: Қазақ университеті, 2009. – 282 б.
- 97 Құнанбайұлы А. Өлеңдер, аудармалар, поэмалар. – Алматы: Атамұра, 2020. – 288 б.
- 98 Әбжанов Х. Қазақстан: ұлттық тарих, идея, методология. – Алматы: Елтаным, 2014. – 240 б.
- 99 Нұрғалиев Ө. Афина мектебі: өлеңдер. – Алматы: Жазушы, 1996. – 360 б.
- 100 Сапарбай И. Рухнама: өлеңдер. – Алматы: Нұрлы әлем, 2009.–160 б.
- 101 Раев Д. Қазақ би-шешендері: әлеуметтік-саяси ойлар және дипломатия. – Алматы, 2015. – 544 с.
- 102 Баймолдин С. Тал кеме. Жыр кітабы. – Алматы: Жазушы, 1988. – 201 б.
- 103 Оралбайұлы Ө. Үндесім мен үйлесім // Егемен Қазақстан. – 2014. – №126.
- 104 Жиенбаев С. Өлеңдер. – Ақтөбе, 2013. – Т. 13. – 183 б.

- 105 Франкл В. Сказать жизни «да»!: психолог в концлагере. – М.: Смысл. АНФ, 2011. – 240 с.
- 106 Айтұлы Н. Дариға, дәурен: өлеңдер, аудармалар, поэмалар мен толғаулар. – Астана: Фолиант, 2018. – 240 б.
- 107 Әскербекқызы Ж. Рух азаттығының жыршысы // Кіт.: Бостандық жырының бозжорғасы: ақын, мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Н. Айтұлы туралы ой-толғамдар / құраст. С. Сабырбеков. – Астана: Фолиант, 2016. – 480 б.
- 108 Көпбаева М. Шерхан Мұртаза шығармашылығындағы көркемдік таным және авторлық концепция: 10.01.02: филол. ғыл. док. ... автореф. – Алматы, 2010. – 47 б.
- 109 Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Санат, 2002. – 360 б.
- 110 Сәулембек Г. Қазіргі прозадағы постмодернизм: 6D021400: док. PhD. ... дис. – Алматы, 2017. – 136 б.
- 111 Қоңыратбаев Ә., Бердібай Р. Классикалық зерттеулер: көп томдық. – Алматы: Әдебиет Әлемі, 2013. – Т. 16. – 432 б.
- 112 Адай С. Ер Жалау: өлеңдер, поэма. – Алматы, 2022. – 148 б.
- 113 Ақдәулетұлы М. Бейуақтағы мінәжат: өлеңдер мен поэма. – Алматы: Жазушы, 2006. – 216 б.
- 114 Балтымова М. Қазақ әдебиетіндегі тарихи романдар. Дәрістер курсы. Алматы: «Отан», 2015. – 120 б.
- 115 Айтұлы Н. Ерлікке ескерткіш: поэмалар. – Астана: Фолиант, 2008. – 96 б.
- 116 Салықов К. Күзгі сарын: өлеңдер, поэмалар. – Астана: 2015. – 296 б.
- 117 Ораз Н. Екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 2007. – Т. 1. – 448 б.
- 118 Бекхожин Қ. Шығармалар жинағы. – Алматы: 2013. – Т. 2. – 384 б.
- 119 Бақтыгереева А. Шығармалары. – Астана: Фолиант, 2014. – Т. 2. – 376 б.
- 120 Раисова Б. Шағылға біткен шынармын: поэма және өлеңдер. – Астана: Нұра-Астана, 2009. – 192 б.
- 121 Айтхожа М. Киік сезім: өлеңдер, поэмалар, балладалар. – Астана: Фолиант, 2022. – 312 б.
- 122 Айтхожа М. Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2012. – Т. 4. – 408 б.
- 123 Ершу М. Бопай ханым: поэма. – Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2021. – 40 б.
- 124 Жақыпбек Е. Тау басында кәрі қар. – Алматы: Өркениет, 2005. – 128 б.
- 125 Әбдірашев Ж. Көңіл көкпары. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 320 б.
- 126 Сәрсек Ж. Жан – арымның жарығы. – Алматы: Айғанымі, 2017. – 342 б.
- 127 Кәріпжан А. Қаламгер қағанаты: әдеби сын-мақалалар, қаламгерлер жайлы ой-толғамдар. – Алматы: ЖШС РПБК “Дәуір”, 2022. – 400 б.
- 128 Сәрсек Ж., Қарт М., Бесенбекұлы Д. Банауыл басында балалы құр. – Алматы: «Әдебиет» баспа үйі, 2020. – 272 б.

- 129 Нұрғазы А. Таным мен талғам: сын кітабы. – Астана: Фолиант, 2018. – 240 б.
- 130 Қуантайұлы Н. Асыл сөз. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2015. – 336 б.
- 131 Толқынқызы Т. Сүйемін: өлеңдер. – Алматы: Хан Тәңірі, 2014. – 216 б.
- 132 Толқынқызы Т. Айтқым келеді: өлеңдер жинағы. – Астана: Профи Медиа, 2011. – 144 б.
- 133 Кемелбаева А. Тек пен жад // Қазақ әдебиеті. – 2015, қаңтар – 1.
- 134 Толқынқызы Т. Біз – таулықпыз: өлеңдер жинағы. – Астана: Елорда, 2001. – 76 б.
- 135 Омаров А. Асқақ рух һәм тәуелсіздік мәселелері // Ақиқат. – 2022. №1. – Б. 4-6.
- 136 Бердалы Н. Ару – әлем: Өлеңдер. – Алматы: Хантәңірі, 2014. – 173 б.
- 137 Зусман В.Г. Концепт в системе гуманитарного знания // Вопросы литературы. – 2003. – №2. – С. 3-29.
- 138 Сейбель Н.Э. Австрийский роман Zwischenkriegszeit. – Челябинск: Изд-во ЧГПУ, 2006. – 414 с.
- 139 Тильман Ю.Д. «Душа» как базовый культурный концепт в поэзии Ф.И. Тютчева // В кн.: Фразеология в контексте культуры. – М.: Языки русской культуры, 1999. – С. 203-212.
- 140 Миллер Л.В. Концепт как смысловая и эстетическая категория // Мир русского слова. – 2000. – №4. – С. 39-45.
- 141 Асратян З. Концепт в художественном произведении // Культура и цивилизация. – 2017. – Т. 7, №3А. – С. 35-42.
- 142 Кішібеков Д. Қазақ менталитеті: кеше, бүгін, ертең. – Алматы: Ғылым, 1999. – 200 б.
- 143 Сұлтанғалиева О.К. Тәуелсіздік дәуіріндегі қазақ поэзиясының ұлттық-этнографиялық ерекшеліктері // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы – 2023. – №1(142). – Б. 154-162.
- 144 Сұлтанғалиева О.К. Қазіргі қазақ поэзиясындағы ұлттық болмыс // Ғылым мен технологияның, қоғам мен білімнің өзекті мәселелері: жағдайы мен даму болашағы: халық. ғыл.-тәжір. конф. мақал. жин. – Ақтөбе, 2019. – Б. 119-124.
- 145 Сұлтанғалиева О.К. Тәуелсіздіктен кейінгі кезеңдегі қазақ поэзиясындағы ұлттық мінез көрінісі // Жастар, ғылым және инновация: жас ғалым., PhD док., магистр. мен студ. 19-ші халық. ғыл. конф. жин. – Ақтөбе, 2023. – Б. 122-124.
- 146 Раушанов Е. Бозаңға біткен боз жусан: өлеңдер мен поэмалар. – Алматы: Раритет, 2006. – 384 б.
- 147 Әскербекқызы Ж. Даңғыл: ғылыми көпшілік басылым. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2007. – 192 б.
- 148 Бабажанұлы Б. Уәде: өлеңдер мен поэма. – Алматы: Жазушы, 2006. – 136 б.

- 149 Бабажанұлы Б. Ниетқабыл: өлеңдер, балладалар, поэмалар. – Алматы, 2014. – 287 б.
- 150 Балқыбек Ә. Ақын апологиясы: тарихи эсселер, әдеби мақалалар, аудармалар. – Алматы, 2015. – 400 б.
- 151 Райымбекұлы М. Асау: өлеңдер. – Алматы, 2014. – 176 б.
- 152 Маралтай. Тарпан: өлеңдер. – Алматы: Хантәңірі, 2014. – 286 б.
- 153 Райымбекұлы М. Аруана: поэма. – Алматы: «Сардар» б. ү., 2022. – 353 б.
- 154 Медетбек Т. Үш томдық таңдамалы. – Алматы: «Абди Компани» АҚ, 2011. – Т. 2. – 654 б.
- 155 Беделханұлы Б. Ауадағы жазу. – Астана: Фолиант, 2018. – 240 б.
- 156 Шаханов М. Өз ана тілінде сөйлемей мен ойламаудың залалы. – Алматы: 2016. – 296 б.
- 157 Ахметов З. Поэзия шыңы – даналық: зерттеу. – Астана: Фолиант, 2002. – 408 б.
- 158 Иманбердиева С.Қ., Дәуренбекова Л.Н. «Адам» концептісінің лингвоконцептологиялық көрінісі // ЕАГИ хабаршысы. – 2019. – №2. – Б. 124-129
- 159 Латыпова А., Сайфулина Ф. Национальная картина мира в творчестве поэтов башкортостана конца XX – начала XXI века // Филология и Культура. – 2019. – №2(56). – С. 161-169.
- 160 Diykanbay M. Hair, Headdress and Status in Kyrgyz Women // Milli Folklor. – 2021. – Vol. 17, Issue 132. – P. 198-207.
- 161 Мәмет, С. Ақсұңқар жыр – Ақсұңқарұлы // Егемен Қазақстан. – 2016. – №109.
- 162 Ақсұңқарұлы С. Ұзан: өлеңдер. – Алматы: ЖК «Нұрақынов», 2014. – 412 б.
- 163 Orda G., Khudaibergenov N., Sarsenbayeva Zh. et al. The December Revolt statement in Kazakh Literature // Opcion. – 2019. – Vol. 35, Issue 89. – P. 177-194.
- 164 Әбдікәкімов Т. Жұмақ күн. – Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2019. – 448 б.
- 165 Әбішқызы Г. Күрең мұң: өлеңдер. – Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2022. – 160 б.
- 166 Нұрғали Ж. Аппақ әлем: өлеңдер. – Ақтөбе, 2011. – 56 б.
- 167 Дәрібай С. Фәни мен бақи: Өлеңдер. – Алматы: Жазушы, 2009. – 80 б.